



**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ
ҒЫЛЫМИ ДАМУ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ
ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ФЕНОМЕНІ»**

**Аса көрнекті түркітанушы ғалым
Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына
100 жыл толуына арналған халықаралық
ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

**28 маусым 2021 жыл
Ақтау қаласы**

**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ДАМУ МИССИЯСЫ
ЖӘНЕ ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ФЕНОМЕНІ»**

Аса көрнекті түркітанушы ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына 100 жыл толуына
арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары

28 маусым 2021

Ақтау

**ӘОЖ 80/81
ББК 81.2
Қ 22**

Есенов университетінің президенті Б.Б. Ахметовтің
жалпы редакциялауымен

Редакциялық алқа:

Т.С. Иманкулов, А.М. Джанисенова, А.Н. Отарова, Н.С. Қамарова

Қ22 Аса көрнекті түркітанушы ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазіргі заманғы түркологияның ғылыми даму миссиясы және Ғұбайдолла Айдаров феномені» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2021. – 161 б.

ISBN 978-601-308-543-2

Жинаққа Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері, аса көрнекті түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Қазіргі заманғы түркологияның ғылыми даму миссиясы және Ғұбайдолла Айдаров феномені» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары енгізілді. Ғылыми мақалаларда Ғ.Айдаровтың түркітанудағы алар орны, ғалымның ғылыми мұралары бағаланып, бүгінгі түркологияның құндылықтары мен маңызды мәселелері бойынша жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлер мен жаңаша көзқарас, тұжырымдар сараланып, тіл, әдебиет, әлеуметтану, тарих ғылымдары бойынша өзекті мәселелер зерделенген. Бүгінгі тіл ғылымының теориясы мен практикасының өзекті мәселелері жайында әлемдік тәжірибе, заманауи әдістер туралы талқыланды.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

**ӘОЖ 80/81
ББК 81.2**

ISBN 978-601-308-543-2

© Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2021

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

КІРІСПЕ СӨЗ

Ахметов Берік Бақытжанұлы

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университетінің президенті, профессор,
Ақтау, Қазақстан*

Ардақты ағайын!

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Аса көрнекті түрколог ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Ғұбайдолла Айдаров – әлемдік түркология ғылымында өзіндік орны бар ғалым. Көне түркі жазу ескерткіштерін зерттеудегі ғалымның еңбегін қазіргі түркология саласының мамандары жақсы біледі. Оның әлемдік өркениетте өз орны бар түркі ескерткіштерін зерттеп, артында қалдырған еңбектері түркологияның дамуына елеулі үлес болып, әлемдік түркология үшін қымбат қазынаға айналды.

Ғ.Айдаров бұл салада отызға тарта монография мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазып, беделді ғылыми басылымдарда 300-ге жуық мақалаларын жариялады. Ол ғылыми еңбектерінде көне түркі ескерткіштерінің мәтіндерін қазіргі графика бойынша транскрипциялап, олардың тілін лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талдады, көне жазба ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліне жақындығын зерттеп, дәлелдеді.

Ғалымның «Білге қаған ескерткіштерінің тілі», «VIII ғасырдағы көне түркі жазулы орхон ескерткіштерінің тілі», «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбектері қазір сирек ғылыми кітаптар, құнды басылымдар болып табылады.

Түркология ғылымына алғашқы соқпақ салған ғалымның аса бағалы еңбектері ғасырлар бойы халқымен бірге жасай беретін, өскелең ұрпақ үшін қажетті мұралар екені сөзсіз. Осындай ғылыми еңбектерімен қазақ Елі ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне танымал тұлға Ғ.Айдаров есімін ұлықтау мақсатында университетімізде бірқатар шаралар атқарылып жатырғанын айта кеткеніміз жөн.

2018 жылы КезБИ ЖШС директоры Бітім Кезбаев демеушілігімен Ғ.Айдаров атындағы оқу аудиториясы ашылған болатын. Биылғы жылы бұл аудитория заманауи үлгіде қайта жаңғыртылды. Қазақ тілі мен әдебиеті, филология мамандығының білімалушылары дипломдық жоба, магистрлік диссертация, ғылыми жоба жұмыстарын жүргізіп келеді. Профессор-оқытушылар ғылыми мақала, еңбектерін зерттеу ісімен айналысуда.

Көрнекті ғалымның ғасырлық мерейтойын өзінің туған жерінде атап өтіп отырғанымыз – біз үшін зор мәртебе. Еліміздің әр түкпірінде, оның ішінде облысымыздың білім мекемелері мен мәдени ұйымдарында бұл мерейтойға арналған көптеген шаралар өтуде. Сайын елдімекеніндегі Ғ.Айдаров атындағы мектеп те бұл мерейтойға арналған аудандық конференция, басқа да іс-шараларын өткізді.

Ш.Есенов университетінде бүгін еліміздің, шетелдердің белгілі түрколог ғалымдарының қатысуымен халықаралық конференция ұйымдастырылып отыр.

Аса көрнекті жерлес ғалым атамыздың білім мен ғылым жолындағы ізденістері, азаматтық тұлғасы жастарымыз үшін қашан да үлгі болмақ. Атамыздың жолын қуып, ғылымға бой ұратын жастарымыз көбейе бермек.

Құрметті қауым! Тағы да қош келдіңіздер дейміз.

Бүгінгі конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін!

ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Отарова Ақмарал Нұрғожақызы

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті,
ф.ғ.к., доцент, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі,
Ақтау, Қазақстан*

Қазіргідей жаһандану, әлемдік өркениет кезеңінде адамзат баласы өзінің әу бастағы жаратылыстағы тарихи тамырына бойлап, ұлттық құндылықтары, рухани тегі, болмысына жіті зер салып, жоғалғанын түгендеп, барын бағамдайтын уақыт болып тұр. Халқымыздың бағзыдан келе жатқан мәдениетті, өркениетті елдігін танытатын оның жазу,сызу өнері, төл әліппесі, ата жазуы.

Біздің бабаларымыз көне түркілер бағзы заманда-ақ дала, көшпенділер тұрмысына сай түркілік-ұлттық дәстүрін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, әдебиетін, өнерін, жазуын, дінін, өзіндік кәсібін, күнтізбесін, философиясын, өмір сүру заңдылықтарын толық қалыптастырып, әлемдік мәдениетке елеулі үлестерін қосты. Мысалға, руна жазба шығармалары түсірілген әрбір қабырға тастардың жұрт көзіне түсетін қырына көне түркі елі, тайпаларының таңба, белгілері айқын етіп ойып ұрып салынған.

1893 жылы түркі халықтарының төл жазуы туралы дат ғалымы В. Томсеннің ашқан жаңалығы «мәдениеті жоқ» деп жүрген көшпелілердің өзінің осындай жазуы болса, онда «мәдениетсіз халық» деген ұғымның болуы мүмкін емес деген соны пікірдің тууына жол ашқан еді [1].

Енисей, Орхон, Турфан, Талас және Алтай аймағында шоғырланған көне түркі руна жазба ескерткіштерін тауып, жария етуге шетел ғалымдары ХІХ ғасыр ішінде үлкен белсенділікпен кірісті. П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов, И.А. Батманов, В.М. Насилов, Ю. Немед, В. Котвич, Т. Ремстедт, В. Банг, Х.Н. Оркун, А. Габен сияқты әлемдік атақ-абыройға ие ғалымдар мол үлес қосты. Олар бірқатар ескерткіштегі жазу текстерін зерттеп, көлемді текстологиялық жұмыстар жүргізді, жалпы текстер мазмұнына шолулар жазып, өздерінен бұрынғы зерттеулерге түзетулер, қосымшалар енгізді, өз пікірлерін ұсынды.

Табылғанына 300 жыл толған көктүрік күл (геометриялық фигуралар тектес) жазуы түркітанушы ғалымдар В. Томсен, В. Радлов, С. Маловтар арқылы өзінің төл ұрпағы қазақтарға келіп жетті. Қазақтар – түркі халықтарының атомы, ядросы. Өйткені, түркілер мекендеген территорияның кіндігі, орталығы – Қазақ жері. Бұл – түркі халықтары құраған барлық рулар осы кіндіктен тарады деген сөз. Түркі ескерткіштерін зерттеу ісінде шетелдік ғалымдармен қоса қазақ түркологтары А.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Құрышжанов т.б ғалымдар зор еңбектерін сіңірді. [2]

Адамзат тарихында түркі халықтарының қосқан үлесін айқындайтын көне түркі ескерткіштері біздің заманымызға жеткен бірден бір құжат болып отыр.Бүгінде еліміз тәуелсіздігін алып, тарихын түгендеген кезде түркі тайпаларының шығу тегіне аса мән берілуде.

Көрнекті ғалым Р.Бердібай: «Түрік халықтарының бұрынғы бұлдыр заманы мен бертінгі дәуірлерінің арасын «жалғастырып» тұрған дәнекер алтын тізбекті жоғалтпай, оның ұшын бүгінгі буынға ұстату жолында қажырлы еңбек етіп келе жатқан бірен-саран зерттеушілеріміздің бірі – Ғұбайдолла Айдаров – осы салада еңбек етіп, мол табысқа жетіп, атағы айдай әлемге, танымал», - деген болатын. [3]

Биылғы жыл «Қазақ түркологиясының атасы» аса көрнекті түрколог ғалым, филология ғылымының докторы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Ғұбайдолла Айдаровтың дүние есігін ашқанына 100 жыл толады. Киелі мекен Маңғыстаудың төл перзенті ғұлама ғалым қазіргі Маңғыстау түбегінің Шевченко қаласы түбегіндегі Ақшұқыр елді мекені маңында Тельман атындағы колхоздың

4-ауылында 1921 жылы 18-маусымында қарапайым шаруа Айдар мен Томанның отбасында болашақ ғалым Ғұбайдолла дүниеге келген еді.

Ғ. Айдаров ҚазПИ-де оқып жүргенде және ҚазМУ-дың аспирантурасында атағы айдай әлемге мәшһүр, совет әдебиетінің мақтынышына айналған Мұхтар Әуезов сияқты ғұламадан, Совет Одағының Батыры, әдебиетші Мәлік Ғабдуллинен дәріс тыңдап, тағлым алған. 32 жасында Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (ҚазМУ-дің) аспиранты атанады. 1952 жылдан 1955 жылға дейін ҚазМУ-дың аспирантурасында оқиды. Міне, осы кезден бастап Ғ.Айдаровтың ғылымдағы іздену жолы басталады. Ғ. Айдаровты Орхон-Енисей жазулары деп аталатын біздің заманымыздың V-VIII ғасырларында ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз – ежелгі түркі тайпаларының аса аумақты гранит жартастарға жазып кеткен жазулары қызықтырады.

Оның аспирант кезінен ежелгі түркі, моңғол жазба ескерткіштеріне қызығып, ден қоюына университет қабырғасында осы саладан дәріс берген, білікті ғалым Ц.Д.Номинхановтың әсер еткені де сөзсіз. Ғ.Айдаров әйгілі түркітанушы Сергей Ефимович Маловпен танысып, ақыл-кеңесін тыңдайды. Бірбеткей жігіттің С.Е.Маловпен жақындасқан сайын намысын қамшылап, ішкі жан-дүниесін алай-түлей толқытып, назаландырған «ата-бабаның қалдырған рухани қазынасын танымай, базбіреу арқылы зерделеуге мәжбүр еткен тағдырдың тәлкегінен өткен, сірә, қасірет болмас» деген ащы өкініш өзегін шоқ түскендей етіп өртегені сөзсіз. Намысшыл, елін сүйген жүректі жас ежелгі руна жазуын тез арада меңгеріп, бабалармен екі арадағы сабақтастық желіні жалғау миссиясын өзінің азаматтық болмысының мәні мен сәніне айналдырады. Түркі-моңғол ру-тайпаларының ара-жігін жіктеген, ата-тегін тектеген өлең-жырлармен аңыз-әпсаналар, тарихи шежірелерді жинауды да ол өзінің өмірлік дағдысына айналдырады.

Қадым заманның тірі шежіресі аса қымбат жәдігердің тілін тауып сөйлетіп, телегей-теңіз тарихтан сыр ұқтыру – қандай ғажап жасампаздық құдірет! Міне, осы жауапкершілігі өте жоғары, қиын да күрделі тақырыпты қазақ ғалымдары арасынан батылы барып, алғашқы болып түбегейлі зерттеген Ғұбайдолла Айдаров болатын.

Ғылымның қия шыңына қанат қаққан Ғ. Айдаров – көне түркі ұлысының серкелері жазып қалдырған балбал тастар бүккен ғажайып сырларды, ғасырлар қойнауында жатқан көне тарихымызды тірілтуді бүкіл ғұмырының мұраты санаған адам.

Ғалым осынау қиын да, қызықты қат-қабат құпиясы көп істі көз майын тауыса зерттеді. Түркі тайпаларынан қалған таңбалы тастарды іздестіріп, Батыс Сібір мен Алтай өңіріне, Моңғол жеріне ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Уфа мен Қазанда, Ленинградтың бай кітапханаларында айлап отырып, тынбай ізденген ғалым қазақтың түркітану ғылымына үлкен үлесін қосты.

Тіл – синкретті ғылым. Өркениеттің жемісі тілдің бейнелеуші құралы – графикалық жазу. Тілдегі ақпараттың бәрін қамтып, қаз-қалпында сақтаудың сенімді, әрі құдыретті тетігі жазу екеніне де ешкімнің дауы жоқ. Оған халқымыздың өткен тарихына қатысты графикалық жазба ескерткіштерін оқу арқылы көз жеткізіп отырмыз. Ол түркі тілінің оғыз, қыпшақ тобын қатар игергендігі сондай, әзербайжан, түркімен тілдеріне шешен, әрі жетік білген. Сондай-ақ, дыбыстық жүйесі мен конструкциялық сөйлем құрылысы, һәм бітімі түркі тілдерінен мүлдем бөлек орыс, армян, грузин тілдерінде қиналмай пікір алысып, жазба мұраларын қажетіне қарай түпнұсқадан тікелей пайдаланып, ғылыми жұмысына тұтынуы – лингвист ғалымның өзгеге ұқсай бермейтін ерекше таланты.

Институтты үздік бітіріп, Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына түседі. Орхон-Енисей мен Талас өңіріндегі тас жазулардың сыры қатты қызықтырған жас ғалым ғасырлар қойнауына, түркі ұлысының тарихына түлен салып, бұл жауыздарда қазақ халқының байырғы тілі, мәдениеті, түптеп келгенде, көне тарихы бар екендігін дәлелдеп берді.

Тіл және әдебиет ғылымдарының тосын тылсым сырлары жөнінде нелер тәжірибелі ұстаздардан, ғұлама ғалымдардан дәріс тыңдап, тағлым алған Ғұбайдолла Айдаров 1956 жылы аспирантураны бітіріп, ғылыми ізденістерге кіріседі.

Біраз жылдарға созылған ауыр да, азапты еңбегінің нәтижесінде 1959 жылы Ғұбайдолла Айдаров Қазақ ССР Ғылым академиясы жанындағы Тіл және әдебиет институтының Біріккен ғылыми кеңесінде «VIII ғасырдағы Тоникук ескерткіші және оның қазіргі кездегі кейбір түркі тілдеріне қатысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. Ғылыми жетекшісі – көне түркі ескерткіштерінің маманы, Қазақстанда айдауда жүрген қалмақтың біртуар азаматы, профессор Церен Доржыұлы Номинханов болатын.

Бұл кісі кітаптарында Тоныкөк, Мойын Чор, Білге қаған ескерткіштерінің мәтінін келтіріп, оның аудармасын береді. Түпнұсқа мен осы аудармадағы мысалдарды жай үстіртін шолып шығудың өзінен-ақ бұл жазбалардың қазіргі өзге түркі тілдерімен бірге біздің тілімізге де етене жақындығын кәміл аңғаруға болады.

«Талантты да, табанды ғалымның ғылым табалдырығын аттаған кезі – қазақтың біраз зиялылары «итжеккеннің» көжесін ішіп жүрген, енді біраздарының сот пен тергеуден көз ашпай тұрған дүрбелең уақыты болатын. Міне, осындай аласапыран кезеңде Ғұбекеңнің «ата жауымыздың» тілдік құпияларын ашуға ұмтылуы қауіпті талпыныс еді. Сондықтан, Ғұбекеңнің бұл ұмтылысының ерлікпен пара-пар екендігін ғалым Мекемтас Мырзахметов өзінің «Көрнекті түрколог ғалым» деген мақаласында атап көрсетеді [3].

Жас ғалымның бұл еңбегіне сол кезде ұстазы Мұхтар Әуезов, академик Қаныш Сәтбаев, Мәскеу мен Ленинград ғалымдары А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, Э.В. Севортьян, бірқатар шетелдік ғалымдар жоғары баға берді, ғылыми баяндамаларында атап өтеді. Ресми берілген ғылыми атақ Ғұбекеңе жаңадан жауапкершілік жүктеді. Бұл жағдай оның шығармашылық тынысының ашылып, кәсіби зерттеуші ретінде республикалық экспедициялар ұйымдастырып, туған өлкенің әр тарабынан тасқа бәдізделген ежелгі жазба деректер мен петроглифтерді іздеп тауып, ғылыми пайымдап, жариялау жұмыстарымен айналысуына жол ашты. Сонымен қатар Орхон-Енесай бойынан табылған Білге қаған, Күлтегін, Тоникук, Күлі Чор, Мойын Чор, т.т. ескерткіштердің тіл ерекшелігін жан-жақты тексеріп, ғылыми тұжырымдар жасады [4].

Ғұбайдолла Айдаров өзі зерттеп жүрген түркология ғылымы саласы бойынша түркі жазба ескерткіштерін сан қырынан талдаған бірнеше қызықты ғылыми-көпшілік кітаптар, мерзімді баспасөз, журнал беттерінде әлденеше ондаған мақалалар жариялады.

Ғұбайдолла Айдаров алғашқы мақалаларын жариялағанда көрнекті түркітанушы ғалым С.Е.Малов: «С востока один казачонок интересуется с древнетюркскими памятниками. Это – очень хорошо. От него можно много полезного ожидать», - деген болатын [4,45].

Біз қазір сол үлкен ғалымның дуалы аузынан шыққан сөздің шындыққа айналғанына, оның көрегендігіне куәгер болып отырмыз.

Білге қаған, Мойын Чор ескерткіштері бойынша жеке-жеке монографиялар жариялаған Ғұбекеңнің атағы 1971 жылы жарық көрген, баспа орны 24 деп кемітіп көрсеткенімен, ал шындығында 28 баспа табақтық «VIII ғасырдағы көне түркі жазуы Орхон ескерткіштерінің тілі» атты айтулы еңбегі арқылы шет елдерге де танымал болды.

Бұл кітапта ескерткіш тілінің грамматикалық құрылымы, графикалық құрамы кеңінен сөз болады. Зерттеудің сол кездері тіл тарихымен айналысқан тарихшылар мен филологтар үшін, филология факультеттерінің аспиранттары мен студенттері үшін құнды деректер көзі болғандығы даусыз. Тың еңбек тек кеңес ғалымдары ғана емес, шетелдік түркітанушылардың назарына тез ілікті. Еңбекке кезінде неміс ғалымы П.Цимме пікір жазды. Сол жылы «Көне түркі жазуларынан мағлұматтар» (VIII ғасырдағы Мойын-Чор ескерткішінің тіліне арналған) деп аталатын студенттерге арналған көмекші құралы да жарық көрді. Филология ғылымдарының докторлары Ә.Құрышжанов және Томановпен бірге ол «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты педагогтық институттар мен университеттердің студенттеріне арналған оқу құралын жазды (1978).

Бұл кітабында ғалым ежелгі түркі руникалық ескерткіштерін зерттеумен шұғылданғандар туралы толық мәлімет беріп, бағзы жазба үлгілерімен таныстырып, оның графикалық өзгешеліктері мен қолданыстағы ерекшеліктеріне тоқталады.

Жаңа туындысында Ғ.Айдаров орхон ескерткіштері қатарына жататын: Күлтегін, Білге қаған (Могилян), Тоныкөк, Құтлығ қаған, Күлі-Чор, Мойын-Чор сияқты тас мұраларды саралап алып, олардың бетіндегі жазбаларды қаз-қалпында өз қолымен көшіріп, мәтіні мен транскрипциясын және аудармасын беріп, дыбыстық заңдылығы мен лексикалық құрамы, сөздік қоры мен сөйлем жүйесі, морфологиялық құрылысы мен синтаксистік орын тәртібі, сөз таптары мен грамматикалық формаларға бөліну ерекшелігін жеке-жеке саралап, ғылыми түсініктері мен өз ой тұжырымдарын пайымдайды.

Рунолог аталған мұралардағы лексикалық атауларды тақырыптық топқа бөліп, сөйлемнің түрлі позициясындағы дыбыстық-тұлғалық таңбалануы мен мағыналық-семантикалық қызметіне, ұғымның сан алуан қолданыс ерекшелігіне сәйкес талдап, қазақ тілінің қазіргі ғылыми жүйесіне орай жіктейді. Бұлай ежелгі жәдігер тілін ғылыми мүшелеп, жіктеудің ғалымдар бойынша лингвистиканың сала-саласы бойынша тиянақты, қаузап зерттеуіне дайын дерек берді. Бабатүркі руна жазуының географиялық қолданыс ортасына байланысты графикалық таңбаларының аз-маз өзгеріс-ерекшеліктері бар.

Ең бастысы – автор бұл ескерткіштердегі сөздердің басым көпшілігі бүгінгі түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тіліне жақындығын, оларды қиналмай түсінуге болатындығын көптеген нақты мысалдармен дәлелдеді. Сонымен бірге оның осыншама қиын да күрделі міндеттерді жүзеге асыруына заманның беймәлім сырларын ашуға деген құштарлық қана емес, оның бірқатар түркі тілдерінде еркін сөйлей, жаза білу де өз септігін тигізгені хақ.

Кітаптағы лексикалық, грамматикалық талдаулармен қатар, жер-су, тайпа, тұрмыс-салт, табиғат құбылысы, хайуанаттар тіршілігі, қазба байлықтар туралы сөздерді саралап, жеке-жеке топқа бөліп зерттеуі терең білімділік, ғалымдық қуатты көрсетеді. Еңбекте жазулардың транскрипциясы мен орысша аудармалары салыстырыла берілген.

Ғұбайдолла Айдарұлының қаламы одан сайын өрлемесе, кейін қайтқан жоқ. Дана халқымыз «оқу инемен құдық қазғандай» дейді. Ғылыми ізденістердің қарапайым оқып-білуден де анағұрлым қиын да күрделі екенін айтпаса да түсінікті. Ғ.Айдаров орхон-енисей жазба ескерткіштерін одан әрі тереңірек зерттей түседі. Оның бұл саладағы қол жеткен табыстары сәтті болып шықты. Ғ.Айдаров кандидаттық диссертацияны қорғағаннан кейін 14 жылдан соң, яғни 1974 жылы советтік түркологияның астанасы есептеліп, халықаралық – «Түркология» журналы шығып тұратын Баку қаласында «Көне түркі Орхон-Енисей және Талас ескерткіштерінің лексикасы» деген тақырыпта эзирбайжан тілінде докторлық диссертациясын да аса зор абыроймен қорғап шықты. Туысқан эзирбайжан оқымыстылары қазақ ғалымының бұл еңбегіне аса жоғары баға берді. Диссертацияның қорғалу сәтіне еліміздің, одақтас республикалардың орталықтарынан, Ғылым академияларынан көптеген ғалымдар қатынасып, еңбектің құндылығын бірауыздан қуаттады.

Орхон-Енисей ескерткіштерін зерттеу мәселесінде алдан шыққан үлкен қиындық – ескерткіш мәтінін ғалымдардың өзі оқи алатын дәрежеге жетуі болса, оны ғалым Ғұбайдолла Айдаров ыждаһаттылықпен жеңіп шықты.

Ғалым көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеумен ғана айналысып қоймай, сонымен қатар осы ескі жәдігерліктердің зерттелу тарихын зерделеуді де ұмытпаған. Көне түркі жазбалары бойынша шет елдерде, өз елімізде жарияланған ғылыми еңбектерді үнемі қадағалап, бажайлап, сараптап отыратын Ғ.Айдаров 1979 жылы «Енисей, Орхон және Талас бойындағы көне түркі жазба ескерткіштері бойынша жарияланған әдебиеттің библиографиялық көрсеткіші» атты анықтамалық еңбегін жарыққа шығарды. Бұл еңбек көне түркі ескерткіштерін зерттеу бойынша жарияланымдардың тұңғыш библиографиялық көрсеткіші еді. Көрсеткішке XVII ғасырдың аяғынан 1978 жылға дейін көне түркі ескерткіштері бойынша жазылған зерттеулер енді. Бұл анықтамалық одақ көлемінде жоғары баға алған айтулы еңбек еді.

Ғалым осынау қиын да, қызықты қат-қабат құпиясы көп істі көз майын тауыса зерттеді. Түркі тайпаларынан қалған таңбалы тастарды іздестіріп, Батыс Сібір мен Алтай өңіріне, Моңғол жеріне ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Әр тараптан тасқа бәдізделген ежелгі жазба деректер мен петроглифтерді іздеп тауып, ғылыми пайымдап, жариялау жұмыстарымен айналысуына жол ашты. Уфа мен Қазанда, Ленинградтың бай кітапханаларында айлап отырып, тынбай ізденген ғалым қазақтың түркітану ғылымына үлкен үлесін қосты. Орхон-Енисей бойынан табылған Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күлі Чор, Мойын Чор, т.т. ескерткіштердің тіл ерекшелігін жан-жақты тексеріп, ғылыми тұжырымдар жасады. Орхон-Енисей мен Талас өңіріндегі тас жазулардың сыры қатты қызықтырған жас ғалым ғасырлар қойнауына, түркі ұлысының тарихына түлен салып, бұл жазбаларда қазақ халқының байырғы тілі, мәдениеті, түптеп келгенде, көне тарихы бар екендігін дәлелдеп берді.

Ғ.Айдаровтың еңбектеріне алыс-жақын шетелдік ғалымдар А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, Э.Р. Тенишев, А.Н. Баскаков, И.А. Батманов, Симма, Эмиль Боев, Немет жоғары баға берді.

Өзі аударған Күлтегін ескерткішіндегі «Айтар сөзім болса, мәңгі тасқа жаздым...» деген сөзді ұстанған ғалымның артында қыруар байлық зерттеу еңбектері қалды. Ғ.Айдаров отызға тарта кесек-кесек монография мен оқу құралдарын, 200-ден аса ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған мақалалар жазды.

Атап айтқанда, оның бұл салада «Язык Орхонского памятника Бильге кагана» (1966), «VIII ғасырдағы Орхон ескерткіштерінің тілі» (Алматы. «Ғылым» баспасы. 1971 жыл), «Енисей, Орхон және Талас бойындағы көне түркі жазба ескерткіштері бойынша жарияланған әдебиеттің библиографиялық көрсеткіші» (1979), «VIII ғасырдағы Білге қаған ескерткіші», «Мойын Чор», «Күлі Чор», «Көне түркі жазбаларының библиографиялық көрсеткіші», «Көне түркі ескерткіштерінің тілі» (1986), «VIII ғасырдағы Кутлыг қаған ескерткіші» (1989) «Орхон ескерткіштерінің тексі» (1990), «VIII ғасырдағы Күлтегін» (1992), «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштер тілі» (1992), «Күлтегін ескерткіші» (1995), «Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі» «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (1991), «Язык Кюль-Тегина» (1993-1994) атты еңбектері түркітану ғылымына қосқан сүбелі үлесін айқындайды.

Кирилл мен Мефодийдің әліпбиі жоқ уақытта біздің атажұртымыздың көне түркі жазуын қолданған «күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған» қағандарымыз бен қолбасшыларымыз болғанын айдай әлемге танытуға мол үлес қосты.

«Дүние жүзіндегі халықтар сияқты түркі халықтарының да өздеріне тән даму, қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, халық және ұлт тарихсыз болмайды. Әрбір халық ұлт болып қалыптасу үшін талай тарихи кезеңдерді басынан өткізеді» деп, бір қазақ емес, тұтас түркі жұртының тарихы мен мәдениетінің түп-төркінін V ғасырдан да әріге апарып, қазақ мемлекеттілігінің бастауын, қазақтың жазба әдеби тілінің қайнар көзін нақтылап беруге үлес қосқан ғалымның ұлттық мәдениетіміздің, ұлттық ғылымымыздың қалыптасу тарихындағы орны ерекше болып табылады.

Өз үлесінен кенжелеу қалып жүретін қазақ халқының Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінде еншісі бар екендігін сол кезеңдерде алғаш тиянақтаған да Ғұбайдолла Айдаров 30 жылдан көбірек уақыт ішінде Ғ.Айдаров отызға тарта кесек-кесек монография мен оқу құралдарын, 200-ден аса ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған мақалалар жазды. Автор өз еңбектерінде Орхон-Енисей ескерткіштерінің қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде қатысы жөнінде және жалпы түркі халықтарының көне тіл мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Көне замандағы тасқа қашалып жазылған жазбаларды сол дәуірдің туындылары ретінде тану, сөйтіп оларды тарихи тұрғыдан, тіл мәдениеті тұсынан зерттеу үлкен білімділік пен алымдылықты қажет ететіні мәлім. Әйгілі ғалым, үлкен жүректі азамат Ғұбайдолла Айдаровтың ұланғайыр еңбегі біртуар тұлғаны тек ұлтымыздың ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтардың ортақ қадір тұтатын, тұлғасына айналдырды.

(Ғ.Айдаров орхон ескерткіштері қатарына жататын: Күлтегін, Білге қаған (Могилян), Тоныкөк, Құтлығ қаған, Күлі-Чор, Мойын-Чор сияқты тас мұраларды саралап алып, олардың бетіндегі жазбаларды қаз-қалпында өз қолымен көшіріп, мәтіні мен транскрипциясын және аудармасын беріп, дыбыстық заңдылығы мен лексикалық құрамы, сөздік қоры мен сөйлем жүйесі, морфологиялық құрылысы мен синтаксистік орын тәртібі, сөз таптары мен грамматикалық формаларға бөліну ерекшелігін жеке-жеке саралап, ғылыми түсініктері мен өз ой тұжырымдарын пайымдайды.

Еңбекте көне түркі әліпбиі, ондағы дауысты дыбыстарды көрсететін таңбалар (Құтлығ қаған ескерткіштеріндегі жазу үлгілері, транслитерациясы мен транскрипциясымен қоса), дауыссыздар (жалаң, қос), дауыссыз дыбыстардың тіркестері, жазбалардың мәтіндерінде кездесетін буын түрлері кеңінен сөз болады. Автор Енисей, Орхон және Талас жазба ескерткіштеріндегі дыбыстардың жасалуы мен айтылуына байланысты қалыптасқан дыбыстық заңдарға тоқтала келіп, түркі тілдері фонетикасының өзекті мәселесі – сингармонизмді сөз етеді.

Рунолог аталған мұралардағы лексикалық атауларды тақырыптық топқа бөліп, сөйлемнің түрлі позициясындағы дыбыстық-тұлғалық таңбалануы мен мағыналық-семантикалық қызметіне, ұғымның сан алуан қолданыс ерекшелігіне сәйкес талдап, қазақ тілінің қазіргі ғылыми жүйесіне орай жіктейді. Бұлай ежелгі жәдігер тілін ғылыми мүшелеп, жіктеудің ғалымдар бойынша лингвистиканың сала-саласы бойынша тиянақты, қаузап зерттеуіне дайын дерек берді. Бабатүркі руна жазуының географиялық қолданыс ортасына байланысты графикалық таңбаларының аз-маз өзгеріс-ерекшеліктері бар.

Ең бастысы – автор бұл ескерткіштердегі сөздердің басым көпшілігі бүгінгі түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тіліне жақындығын, оларды қиналмай түсінуге болатындығын көптеген нақты мысалдармен дәлелдеді. Сонымен бірге оның осыншама қиын да күрделі міндеттерді жүзеге асыруына заманның беймәлім сырларын ашуға деген құштарлық қана емес, оның бірқатар түркі тілдерінде еркін сөйлей, жаза білу де өз септігін тигізгені хақ.

Кітаптағы лексикалық, грамматикалық талдаулармен қатар, жер-су, тайпа, тұрмыс-салт, табиғат құбылысы, хайуанаттар тіршілігі, қазба байлықтар туралы сөздерді саралап, жеке-жеке топқа бөліп зерттеуі терең білімділік, ғалымдық қуатты көрсетеді.

Еңбекте жазулардың транскрипциясы мен орысша аудармалары салыстырыла берілген.

Қазақ филологиясында кенжелеп дамып келе жатқан салаларының бірі – мәтінтану (текстология). Ғ.Айдаровтың 1990 жылы жарық көрген «Орхон ескерткіштерінің тексті» атты зерттеуі Қазақстандағы осы мәдениеттану ғылымына қосқан зор үлесі десек, артық болмас. Еңбекте VI – VIII ғасырлардағы орхон ескерткіштері Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Күлі-Чор, Құтлығ қаған, Мойын-Чор т.б. ұсақ ескерткіштер мәтіндерінің түпнұсқалары мен қазақ тіліндегі ғылыми аудармалары беріледі. Бұл аудармалар – орхон ескерткіштерінің қазақ тіліндегі тұңғыш толық аудармалары. Еңбектің мақсаты – жалпы түркі мәдениетіне ортақ осы мұралар тілінің сөздік құрамы, сөз саптау үлгілері қазақ тілінде қаншалықты сақталғандығын анықтау болып табылады.

Ғалымның пікірі бойынша, Орхон-енисей жазба ескерткіштері поэзия жанрының VI – VIII ғасырлардағы түрлеріне толық сәйкес келмесе де, өз дәуіріндегі фольклордың, ауызша поэзиясының сипаты қандай болды деген сұрауға жауап боларлықтай құнарлы материал береді. Орхон ескерткіштерінен ерте орта ғасырдағы түркі тайпаларының тарихы, мәдениеті, тілі мен әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде мол дерек табылады. Ескерткіштердің негізгі идеясы – түркі тайпаларының ғасырлар бойы аңсаған мақсаты, өз елінің тәуелсіздігін сақтау, өз жерлерін ішкі-сыртқы жаулардан қорғау.

Орхон-енисей жазуларының ірі маманы Ғ.Айдаровтың жазу өнерінің осы бір түрін ел-жұртқа насихаттаудағы еңбегі – өз алдына бір төбе.

Тіл зертеушілері де, әуесқой зиялылар да орхон-енисей жазуына келгенде, Айдаровтың еңбектеріне соқпай өте алмайды. Бұл жөнінде ғалым С.Омарбеков: «Орхон-

енисей жазуының ірі маманы Ғұбекең ескерткіш тілінің қазіргі түркі тілдеріне қатыстылығы жайлы мәселені толық айқындап берген ғалым. Тіл зерттеушілер де, әуесқой зиялылар да көне жазу ескерткіштерін зерттеуде Ғ.Айдаров еңбегіне соқпай кете алмайды», - деп жоғары баға береді [5].

Кейінгі уақыттағы қоғамдық өзгерістер кітап шығаруға да айтарлықтай кері әсерін тигізгені белгілі. Соған қарамастан, Ғ.Айдаров кітаптарын өз қаржысына шығарған. 1993 жылы «Ғылым» баспасынан орыс тілінде «Язык памятника Кюль-Тегина» атты кітабы басылып шығады. Содан кейін бұл еңбектің қазақшасын да шығарып үлгереді.

Көп жылдар бойы мұғалім болып қызмет атқарған Ғұбайдолла Айдарұлы 1994 жылы орта мектептің жоғары кластарына арналған «Орхон-Енисай және көне ұйғыр ескерткіштерінің тілі» пәніне арнап бағдарлама жазып шықты. Ал 1995 жылдың соңына қарай «Рауан» баспасынан осы пән оқулығының сүйінші данасы жарық көрді. Ғұбайдолла Айдарұлы көне жазбаларды зерттеу мақсатымен құрылған экспедиция құрамында жүріп, Қазақстанды түгел аралап шықты. Ғалым бұл көлемді еңбектеріне материалдарды Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер бола жүріп, ғылыми экспедицияларға сан рет қатынасып, айлап-апталап бел шешпей тер төге жүріп жинады. Экспедицияны алғашқыда Ғ. Мұсабаев басқарса, кейін Ғұбекеңнің өзі басқарды. Бұл экспедицияның мәліметтері «Қазақстан эпиграфикасы» атты кітапта жарық көрді.

Ғұбайдолла Айдарұлы «Ана тілі» апталығының алғаш жарық көрген сандарында Орхон-Енисей әліпбиін үйрететін көпшілікке арналған 25 сабақ ұйымдастырып өткізген. Бұдан басқа басылымдарда да мақалалары үзбей жарық көріп жатады.

Ғалым Түркіменстанның жоғары оқу орындарына арнап көне түркі ескерткіштерінің тілі бойынша оқулық жазады. Сол пәннің бағдарламасын да құрастырды. 1963 жылдан 1992 жылға дейін Түркіменстан университетінде Орхон-Енисей ескерткіштері тілінен дәріс оқиды. Бұған қоса Ғ. Айдаров бірнеше оқу-методикалық еңбектерін де жазды. Мәселен, 1968 жылы ол профессор М. Хыдыровпен бірге түркімен жоғарғы оқу орындарының студенттері үшін «Орхон-Енисей ескерткішінің тілі» атты оқу құралын жазды, бағдарлама құрастырады.

Ғұбайдолла Айдарұлы бұрынғы Кеңес Одағындағы А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, Э.Р. Тенишев, А.Н. Баскаков, И.А. Батманов сияқты атақты тіл білімпаздарымен кездесіп, пікір алысып, олардан тәлім-тәрбие, кеңестер алған. Ғ.Айдаровтың еңбектеріне шет ел ғалымдары Симма, Эмиль Боев, Немет тәрізді көптеген ғалымдар жоғары баға берді.

Ғұлама дарын 70 жылдығына берген сұхбатында былай деген екен: «Біздің қазақ жастары үшін қызықты тақырып тұнып тұр. Жасым ұлғайды, ғылымды үйреніп қалғысы келген жастар көбірек болса ғой. Менің зерттеген қиын салама келіп жатқан жастар аз. Мәселен, өзімді кейінгі кездері Маңғыстаудың ойының тарихи ескерткіштерінің тағдыры қатты ойландырып жүр. Оларды зерттеу керек. Тасқа жазылған жазулар өшіп барады. Осыларды өзім шығып, киноға түсірсем бе деп едім» - деп жастарға үлкен үміт артады [3].

Ол өмірінің соңына дейін ҚР Ұлттық Ғылым академиясы жанындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында абыройлы қызмет етті. Осы еңбектің нәтижесі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы Ғұбайдолла Айдаровқа өз қолымен «Қазақстан Республикасының ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» атағын табыс етті.

Кіндік қаны Маңғыстаудың Емір-Торты жерінде тамып, иісі түрік әлеміне танымал ғалым атанған Ғұбайдолла Айдаровтың ғибратты өмір жолы ұрпаққа үлгі, халқына мақтан.

Ғұбайдолла Айдаров ата-бабадан келе жатқан аңыз әңгімелерді, шешендік сөздерді, ата-тек шежіресін көңілінде көп сақтаған алтын сандық іспетті. Әсіресе, ата-тек шежіресін көп жинаған азамат. Әйгілі ғалым, үлкен жүректі азамат Ғұбайдолла Айдаровтың ұланғайыр еңбегі біртуар тұлғаны тек ұлтымыздың ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтардың ортақ қадір тұтатын, тұлғасына айналдырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 502 б.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. 12 томдық, 12-том.-том.–Алматы 1979.–596 б.
3. Ғ.Айдаров. Естеліктер. – Алматы., 2003. –176 б.
4. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы: Мектеп, 1986. – 170
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология –Алматы: Ғылым, 1987.–365 б.
6. С.Омарбеков.«Көне жазудың білгірі» // «Егемен Қазақстан»газеті, 1996 жыл, №12

шілде.

ТҮРКІЛІК РУХТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҒЫ

Манкеева Жамал Айтқалиқызы

А.Байтұрсынұлы атындағы

*Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының
докторы, профессор,
Алматы, Қазақстан*

Түркітану тарихының қай заманында да тектіл түркі тілін (протоязык) қалпына (реконструкция) және оның қазіргі түркі тілдеріндегі эволюциясы туралы мәселе өзекті болды. Осымен байланысты тектілтілдік бағдардың танымдықпен қатар ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық та мәні бар. Шын мәнінде, бұл жеке түркі тілдерінің тарихын зерттеуде бастау көзі болуы тиіс екені табиғи заңдылық. Бірақ бұл мәселенің осы күнге дейін түпкілікті шешімі табылмағаны, нақты айтқанда, оның тілдік фактілердің жинақталып, жеке тұжырымдар сипатында екені белгілі. Тілді зерттеудің қазіргі антропоөзектік парадигмасы да бұл мәселенің зерттелу үрдісінің қарқынына ықпал еткені шындық.

Дегенмен қазіргі жаһандану заманында өзектелген антропоөзектік үдеріс әрбір жеке түркі тілінің тамырына тереңдеу бағытын жетілдіріп, интегративтік әдісті «тіл мен ұлт», «тіл мен құрал», «тіл мен сана», «тіл мен мәдениет» сияқты тұтастықтармен толықтыруда. Осымен байланысты «түркі әлемі», «түркілік рух» ұғымдарын дәйектеп тарататын жеке түркі тілдері фактілерінің көне түркі жазба ескерткіштердегі тарихи іздерін табу жұмыстары жаңа сапалық деңгейге көтерілуді қажет етеді. Осы мәселенің, мысалы, қазақ тіліне қатыстылығы қазіргі қазақ руханиятының «рухани жаңғыру» бағдарымен байланысты айқын көрініп, өзектелуде.

Осы орайда көне түркі жазбаларының мұрасы ежелгі заманнан бүгінге дейін ұласқан рухани-дүнияуи даму барысының желісі іспетті бүгінгі күнмен қалай сабақтасатынын айқындау аса маңызды.

Егер ең алғаш түркі дүниесін танытқан көне түркі ескерткіштері десек, бүгінде іштей қайта түлеп жатқан түркі халықтарының бірі қазақ халқының жаңа астанасының төрінде түркілердің тарихнамасы іспетті «Күлтегін» ескерткіштерінің тұғырлануы түркі рухының жаңғыруының жарқын үлгісіндей.

Соған сәйкес бағзы заманнан бастау алып, тасқа қашалған, түркі жұртының санасына сіңіп, бүгінге жалғасқан көне сөздердің тарихи даму, өзгеру сырын ашып, төл мәдениетпен сабақтас зерттеу нәтижелері тіл тарихының ұлт тарихынан ұзақ екенін негіздесе, Ғ.Айдаров сынды ғалымдардың нақты зерттеу мұрасы қазақ тілінің «жаңа» топқа жатпайтынын дәлелдейді.

Бірнеше дәуірдің тарихы, мәдениеті мен психологиялық, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық т.б. даму көрінісі этнографиялық, археологиялық, мифологиялық т.б. зерттеулермен қатар ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы сақталып жететіні дәлелденіп, осы ретте сенімді қағидаға айналып отыр.

Осымен байланысты көне түркі мұраларын жан-жақты зерттеп, танытқан көрнекті түркітанушы-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, олардың қазақ тіліне қатысы мен

сабақтастығын айқындауды мақсат еткен қазақ ғалымдарының еңбектеріне де жеткілікті мән беретін кез келді. Сайып келгенде, қазіргі тілдің өзінде түркілік архетиптік үлгілерді реликтілік сипатта сақтап қалған мұрагерлер іспетті түркі тілдерінің өкілдері ретіндегі қазақ ғалымдарының ізденістеріндегі ерекше сезіну мен ішкі түйсік, қанға сіңген түркілік рух айқындалады. Бұл біздің ойымызша, ғалымға қажет ғылыми-ақпараттық танымға жалғасқан тіл иесінің тілдік санасында құрылымдалған когнитивтік тетікпен байланысты.

Олар аз емес, (Ғ.Айдаров, А.Махмұтов, А.Есенғұлов, М.Томанов, А.Аманжолов, Ә.Құрышжанов т.б.). Соның басында тұрған филология ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Айдаровқа 18 маусым күні бас газетіміз «Егемен Қазақстанда» Түркі академиясының президенті Д.Қыдырәлінің «Түркологияға түрен салған тарланбыз» атты мақаласында берілген бағадан артық айту мүмкін емес: «Отандық түркология тарихында соқтықпалы соқпақсыз заманда тыңға түрен салған, жасқанып, мұқалып қалмай, өз беімен өрге ұмтылып, табанды ізденістерге барған. Орхон мұраларының қазақ тіліне қатысын зерделеп, *ізашар* еңбек жазған көрнекті ғалым...»

Тағдырдың тауқыметін ел басына түскен зұлмат зобалаңның барлық азабын тартқан жас бала, балалар үйінде тәрбиеленіп, жетілгендігіне қарамай, жетілем деп, білім алуға ұмтылып, маман болуды мақсат етеді, құлшынып еңбек етеді.

Одан бұғанасы қатпаған бозбала жігіт соғыстың қан майданында от кешіп, отбасынан аман қалған жалғыз інісінен де айырылып, елге оралады. Осындай өмірінің тарихына ашынбай, жыланбай баяндаған жүрекжарды жан сырын шерткен ағамыздың тәлім-тәрбиелік әңгімесін өз аузынан талай естігенбіз. Жастайынан жетім қалып, ата-ана тәрбиесіне қанбаса да, құймақұлақ, санасы ояу, қанында елдік рух сақталған жас жігіттің «Мен әулеттің отын өшірмеуім керек» деген тұлғалық өресі таң қалдырады.

Міне, болмысындағы осы өршіл рух оны қиын да күрделі ғылым жолына түсірді. Әйтпесе еңбек жолын бастаған мұғалімдік мамандығы да асыл ағамыздың оң жамбасына келер еді. Бір кісінің бойынан ғаламат педагогтік қабілет байқалатыны соншалық қиыншылықтарды басынан кешсе де, жүрегі қатуланбаған, аса мейірбан, ашулануды білмейтін, кеңпейіл, қазақы мінез, ең бастысы, сөзсаптамы ерекше, әсіресе, ауызша әңгіменің шебері, кез келген адаммен сөзі жарасатын коммуникативтік тұлға болатын. Бірақ соған қарамастан нағыз инемен құдық қазғандай еңбекті талап ететін, сол замандағы тіл ғылымының, шын мәніндегі тыңына түрен салып, Білге қағанның, Тоныкөктің, Күлтегіннің тілін ерінбей, талмай зерттеді. Себебі бойын ғасырлар қойнауындағы ата-бабаларымыздың тылсым әлемінен тарап, қазақы танымға ұласқан түркілік рух билеген жас Ғ.Айдаров болмысы «Орыс тілінен енген сөздердің қазақ тілінде игерілуі» деген оңтайлы тақырыпты місе тұтпай, түркілік тылсым әлемнің сырына үңілуге жетеледі.

Бұл қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы кеңестік кеңістіктегі, жалпы түркітанудағы да мәселенің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, ғылыми-әдістемелік негізі нақты айқындала қоймаған соғыстан кейінгі қиын кезең болатын.

Өмірінің мұраты, ғылыми-шығармашылық қызметінің темірқазығы іспетті осы мәселеден айнамай, тапжылмай зерттеуінің нәтижесінде он шақты монография, жоғары оқу орындарына арналған бірнеше оқулықтардың, 250-ден астам зерттеу мақалаларының жарық көруі соның айғағы. Мысалы, профессор Ғ.Айдаров түркі мәдениетінің даму тарихында өзінің игілікті әсерін тигізген соғды жазуы негізінде қалыптасқан әйгілі Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» атты дидактикалық еңбегіне және басқа да ортақ түркілік мұралар жазылған жазба ескерткіштерінің тіліне ерекше назар аударады.

Әрине, бұл еңбектерге соңғы жарты ғасырдағы түркологияның жетістіктері тұрғысынан талап қою қисынсыз. Дегенмен сол замандағы ғылыми өзектілік, танымдық-ақпараттық деңгей тұрғысынан ғалым еңбегі лайықты бағасын алды деп айта алмаймыз. Кеңестік түркітанушы ғалымдардың қатарында да көбінесе аталмай, назардан тыс қалатын. Еуроцентристік кеудемсоқтықтың пиғылдағы зерттеушілер ғалымның еңбектерін өз деңгейіне сай объективті көрсетпеді. Ғалым зерттеулері өзінің туған елінде де қолдау таппай, 1974 жылы Бакуде азербайжан тілінде сәтті қорғап шығады.

Шын мәнінде, профессор Ғ.Айдаровты көне түркі жазу сиқырына бойлатқан оның Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазуларының белгі-таңбаларын толық игеріп оқып қана қоймай, түркі дүниесінің қазіргі мұрагерлері ретіндегі түркі тілдерінің көбін (қыпшақ тобын былай қойғанда, оғыз тобындағы түркімен, азербайжан т.б.) еркін меңгеруі.

Профессор Ғ.Айдаровтың көне түркі жазба ескерткіштері тілінің қазіргі қазақ тіліндегі тарихи іздерін дәйектеген монографиялары, оқулықтары мен мақалаларында түркітануда қалыптасқан мынадай тұжырымдар нақты тарихи-салыстырмалы деректер арқылы көрсетеді. Мысалы, дыбыстық деңгейдегі дыбыстардың алмасуы *анта (онда), алтун (алтын), бен (мен), йол (жол), бод (бой), тағ (тау)* т.б. Сол сияқты морфологиялық, синтаксистік, лексикалық деңгейлердің салыстырмалы жүйесі деректеледі.

Мысалы, профессор Ғ.Айдаров көне түркі ескерткіштерінің өзінде тек бірбуынды емес, екі я одан да көпбуынды сөздердің белсенді қолданылғанын көрсетеді. Оны тарихи морфология маманы профессор М.Томанов былайынша түсіндіреді: «Қазіргі қазақ тілінде екі топ параллельдер (әрине, тарихи) ұшырасады». Мысалы, *биі ~ бек, сөз ~ сап (сөз саптау), тағ ~ тау, сау ~ сақ (сақаю), жай ~ жад ~ жаз (жайылу, жадырау, жазылу)* т.б.

Дыбыстардың осындай тарихи ауысулары арқылы морфологиялық тұрғыдан өзгерге түбірлер қазіргі тілде дербес күйінде емес, тарихи туынды түбірлердің құрамында кездеседі. Мысалы: *бауызда (бағуз ~ тамақ), құрға, айрал, ажыра (ай ~ ад ~ аж), жыла (иығы ~ иыгла), бағла (бағ)* т.б. Байырғы түбірлердің тарихи іздерін сақтаған мұндай туынды түбірлерді, ең алдымен Ғ.Айдаров сынды ғалымдардың көне түркілік ескерткіштер тілінің деректерін көрсеткен мұраларына сүйеніп, «өлі» түбірлерді жаңғырту, қазақ тілінің тарихи даму үрдісімен сабақтастыру ісі қазіргі заманға тән кейінгі кешенді зерттеулерде жалғасын табуда.

Осымен байланысты «жалпытүркілік тектілден (протоязык) өрбіп, өзара тоғысу, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын, сан ғасырлық дербес даму жолынан өтсе де, жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан, қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін анықтауға арқау болып отырған құнды тілдік дерек VII-IX ғасырлардан жеткен көне түркі ескерткіштерінің тілі»¹ деген бағаның қазіргі тілде көбіне түбір болып саналатын, бірақ тарихи туынды екібуынды түбірлерге де тікелей қатысы бар.

Тілдің осындай даму сатыларынан өткенін ескере отырып, түбір теориясына динамикалық тұрғыдан зерттеу жасауға болатыны байқалады. Осындай көзқарасқа сәйкес, түбір онтологиялық деңгейдегі бірлік ретінде үнемі өзгерістерге ұшырап отырады, соның нәтижесінде белгілі бір хронологиялық деңгейдегі түбірдің жалғыз ғана моделінің ататілде қолданылу мүмкіндігін жояды. Бұдан шығатын қорытынды, түркітануда анықталған түбір құрылымдарының (CV, VC, CVC және т.б.) әртүрлі хронологиялық деңгейі тек бір ғана модельге негізделмейді деген сөз.

Қазіргі түркітануда қалыптасқан тіл онтологиясының күрделілігі тілдік құрылымның аясында кейбір қайшылықтардың із қалдыруымен сипатталады. Мұндай белгілер бір буынды түбірлердің тарихи эволюциясына да қатысты. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тіліндегі бір буынды түбір-негіздердің құрылымын бейнелейтін V CV, VC, CVC, CVCC, VCC модельдерінің қазіргі қазақ тіліндегі тұрақтылық сапасы мен өзгермелі сапасының деңгейі әр түрлі. Бұл модельдердің тұлғалық-мағыналық белгілерін сол күйінде сақтаса, енді бір тұлғасын сақтап, мағыналық өзгерістерге ұшыраған, мағынасын өзгертпей, тұлғалық ауытқуларға ұшыраған. Мұндай құбылыстардың қалыптасуының лингвистикалық экстралингвистикалық жүйелі себептерін қазіргі тіл ғылымындағы заңдылықтың аясында анықтауға келмейді. Алғашқы моносиллабтардың CV моделінің бірнеше нұсқалары болғанмен, лингвоэволюциялық процесте ортақ идеямен дефинициялық белгілердің негізінде морфо-семантикалық қалыптасады. Сондықтан V және CV модельді түбрлес моносиллабтарды бір ғана тұлғада реконструкциялау нәтиже бермейді, олардың архитұлғасы

мен архисемасы кешенді сипатты бейнелейді. Ал, келесі тарихи даму кезеңінде моносиллабтардың VC, VCC, SVC, CVCC модельдерінде нақтылау үрдісі байқалады.

Ғалым мұрасын зерделеу нәтижесі бүгінгі қазақтану ілімінің кеңістігімен ұйымдастырсақ, көне түркі ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліндегі тарихи іздерін мынадай көздердің деректері арқылы айғақтауға болады. Олар кейінгі профессор М.Томанов, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов т.б. көрнекті тіл тарихын зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген. Біріншіден, бүгінгі тіл құрамындағы диалектілік айырмашылықтар көбіне тілдің көне дәуірінің біртұтас халық тілі қалыптасқанға дейінгі сипаты болып келеді.

Екіншіден, академик Р.Сыздық көрсеткен ауызша әдеби тілдің поэтикалық сипаты арқылы көптеген көне дәуірлерге тән тұлғалар, дыбыстық қолданыстар, көнерген сөздер сақталған. Үшіншіден, ономастика жүйесі (жер-су, тайпа, ру, халық, кісі аттары т.б.). Олардың көбі тілдің даму барысында жоғалып кеткен сөз өзгерту модельдері бойынша жасалған боп келеді немесе ұмытылған мағынаны мәдениет өз бойында сақтауы мүмкін.

Түркі халықтарының тарихи мұраларын шын мәнінде бағалай білу, олардың тарих, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда баға жетпес қазына екендігін көпшілікке, жас ұрпаққа жеткізуді сол заманның өзінде кезек күттірмейтін міндет деп санап, монографиялар мен оқулықтар жазған профессор Ғ.Айдаровтың өнегелі ісі қазіргі заманға жалғасып, таныла түсуі қажет. «Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым» деп сипатталған Күлтегіннің түркілік рухын қазақ жұртына жеткізем деп өмір кешкен ғұламаның еңбегі ұрпақтарға асыл қазына, жырқын үлгі бола бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Л., 1982
2. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі (оқу құрал). – Алматы, 1971.
3. Айдаров Ғ. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в.
4. Айдаров Ғ. Көне жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.
5. Айдаров Ғ. Язык орхонского памятника Бильге кагана. – Алма-Ата, 1966.
6. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы, 1995.
7. Айдаров Ғ. Тоныкөк ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 2000.
8. Айдаров Ғ. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1991.
9. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.
10. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы, 2010.

КӨРНЕКТІ ТІЛШІ-ҒАЛЫМ ҺӘМ ТҮРКІТАНУШЫ (Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының белгісіз қыры)

Ғарифолла Әнес

*филология ғылымдарының докторы,
«Арыс» қорының (баспасының) директоры
Алматы, Қазақстан*

Екі ғасыр тоғысында, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Алаш жұртында «қазақ оқығандары» атты жаңа әлеуметтік ағартушы топ пайда болды. Олар қазақ қоғамында насихат жұмысын жолға қойды, ұлт-азаттық қозғалыс құруға, саяси партия ұйымдастыруға ұмтылды; газет-журнал шығарып, елшілдік ұранды әдебиеттер таратты. Осы бір кезең туралы кейіннен Мұхтар Әуезов: «Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады. ...Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік», – деп тебірене жазады [1].

Соқпағы соны, жолы ақ ұлы көштің бастаушылары арасынан Ө.Бөкейхан мен Ж.Досмұхамедұлындай кәсіби саясаткерлер, Шәкәрім, Міржақып, Ғ.Қараш, С.Торайғырұлындай ақындар және көптеген дәрігер, заңгер, экономист, теміржолшы, саудасаттық мамандары, алғашқы төл оқулық авторлары, педагог-ғалымдар мен журналистер тасқа біткен шынардай жарқырап шықты. Олардың арасында тыңға түрен салған тұңғыш ғалымдар деген тұста, екі адамның аты-жөні, ерен еңбектері қашанда көкейде жаңғырып тұрады. Бірі – ұлттың ұлы ұстазы һәм рухани көсемі, ғұлама тілші-ғалым, күллі қазақ қоғамдық ғылымдарының бастау-көзінде тұрған түркітанушы (қазақтанушы) Ахмет Байтұрсынұлы болса, екіншісі – жаратылыстанудың сан саласынан қазақ тілінде тұңғыш оқулықтар жазған оқымысты дәрігер, энциклопедист ғалым **Халел Досмұхамедұлы** (1983 – 1939).

Астана Санкт-Петербургтағы Императорлық Әскери-медициналық академияны үздік бітірген ол тек адамның тән жарасына шипа іздейтін дәрігер болып ғана қоймай, өз замандастары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы сынды халқының жан дертіне үңілген қайраткер, ескінің көзі, жаңаның басы бола білді. Аумалы-төкпелі аласапыран заманда олар азаттық туын көтерген саяси көшбасшылар, «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің негізін қалаған, ісін болашаққа жеткізген серкелеріне де айналды.

Бар-жоғы 55-56 жыл өмір сүріп, өксікті ғұмыры коммунист жендеттерінің қолымен қиылған Х.Досмұхамедұлының ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен айналысуына 1921-1928 жылдар аралығындағы негізінен Ташкент, азғана уақыт Алматы қалаларындағы тұрған кезеңіне тұстас келді. Заманынан озып туған өресі биік Ағартушының әлі толық жиналып бітпеген мол мұра-қазынасы арасында оның тіл біліміне қатысты еңбектері ерекше орын алады.

Осы тұста Алаштың көсемдері санатында, айрықша білімдар ретінде теміржолшы-инженер Мұхамеджан Тынышбайұлының да атын атап кеткен орынды. Өз соңына қазақ тарихы мен шежіресі туралы классикалық зерттеулер жазып қалдырған ғалымның ғұмырнамасы Халекенмен тағдырлас, егіздің сыңарындай ұқсас: ол да осы жылдары Петерборда, Императорлық Жол қатынастары институтында оқыды, кейіннен қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз атылды. Бірі дәрігер, екіншісі инженер бола тұра оларды ұқсастыратын басты ерекшелік – астаналық білім берудің шындалған әмбебаптық дәстүрі, өздерінің оқу-білімге деген ерекше құштарлығы. Ол кезде атақты ғалым-ұстаздар талапты жастарды жеке-дара баулып, қанаттандырып отырған, ғылымға бейім, білмекке құмар студенттердің өз бетімен ізденуіне, өзге де жоғары оқу орындарында дәріс оқитын ғұламалардың алдын көруіне мүмкіндік жасалған. Міне, осылайша Нобель сыйлығының иегері, әлемге мәшһүр академик И.П.Павловтың шәкірті Халел зейінді де зерделі Мұхамеджанмен бірге В.В.Бартольд, В.В.Радлов, Бодуэн де Куртенье сияқты атақ-даңқы айшылық жерге жайылған бірегей ғұламалардың дәрісін тыңдады, қырағы көздеріне шалынды. Астанадағы инемен құдық қазған жылдары білікті маман болуларымен қатар ресейлік және әлемдік ғылымдағы жаңашыл техникалық табыстармен, адамзат пен қоғам дамуының тың теория-тұжырымдарымен таныс болды. Түрлі ашық лекциялар мен диспуттарда әлі оқулыққа еңбеген ілім-қағидаттарды талдады, олардың авторларымен көрісіп, тілдесті.

Реті келгенде энциклопедист Халелдің көп тіл білген полиглот екенін де айта кеткен орынды. Оның жеті жұрттың тілін меңгеруге күш салғаны, оған мұрша-мүмкіндігі болғаны да осы Петерборда оқыған кезі еді. Ол алдымен ана тілін сүйді, қадірледі. «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші. ... Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» дейді ғалым-дәрігер [2, 49]. Ал оның мына бір тарихи жазбасы тура бүгінгінің жастарына бағышталған манифестей әсерге бөлейді: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Ана тілін білмей тұрып, жат тілді еліктей беру зор қате. Бұл – оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпау керек» [3, 3]. Ана тілінің асқан білгірі Х.Досмұхамедұлы орыс тілін жастайынан, әскери училище

қабырғасында-ақ жан-жақты меңгеріп алды. Неміс тіліне оның өте жетіктігін, мамандығы бойынша тілші, өзі де бірнеше тіл меңгерген филология ғылымдарының кандидаты Қарашаш Халелқызы қашанда айтып отыратын. Халекең проф. Ю.Вагнердің танымдық кітаптарын қазақ тіліне аударды. Ал үш томдық «Жануарлар» кітабын жазу тәжірибесі туралы өзі былай дейді: «Жануарлар» көбінесе орыстың Алуев деген профессорының және немістің атақты Брем деген білгішінің кітаптарына қарап жазылды» [4, 265]. Оралдағы реальды училищеде оқып жүргенде неміс және француз тілдерінен үнемі жақсы баға алғаны, ал Академия қабырғасында латын тілін оқып-үйренгені мәлім. Латын тілі туралы ғұламаның мына бір ойлары бүгінде де өз мәнін жоғалтқан жоқ: «Осы заманғы ғылым – Еуропа ғылымы, барлық Еуропа ғылымында қолданылатын тіл – латын тілі. Сондықтан латын тілі жұртқа ортақ ғылым тілі болып саналады. Ғылым атауын латынша айтса, француз да, неміс те, жапон да, ағылшын да түсінеді. Латын тілі, латын сөзі бізге жат болса да, қашуға болмайды. Бұл заманда ғылым іздеп, қатарға кірем деген халық латын сөздерінен қаша алмайды» [4, 264]. Сондай-ақ білімпаздың көне түркі мен ортаазиялық шағатай тілі, араб және парсы тілдері жүйесімен таныстығына, одан бір адамдай хабардар болғандығына оның бізге жетіп отырған мол мұрасы куәгер.

1920 жылдың соңына таман Х.Досмұхамедұлы көптеген «алашшыл» қазақ оқығандары қатарында Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы Ташкент қаласына келеді. Осы жылы тамыздың 21-і күні Түркеспубликасының Халық ағарту комиссариаты жанынан туыстас түркі халықтарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін арнайы Білім комиссиясы құрылады. Ол алдымен осы комиссияның мүшесі (төрағасы – И.Тоқтыбайұлы), кешікпей төрағасы (1921-23) болады. Оның органы есепті «Сана» журналын шығарады, «Талап» атты әдеби-мәдени бірлестік ұйымдастырады... 1923 жылдың қыркүйегінде Түркеспубликасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Мемлекеттік Ғылыми кеңестің төрағасы. 1923 жылы сәуірде ТуркЦИК пен ТуркСовнаркомның арнайы тапсырмасы бойынша Жетісу облысын кешенді зерттеген ғылыми экспедицияға қатысады. 1924 жылдың 15 қаңтарында Ресей Ғылым академиясы жанындағы Орталық Өлкетану бюросының мүше-корреспонденті болып сайланады, оның сессияларына шақырылады. Осы жылдың маусымында Түркістандағы ғылым саласын ұйымдастырушы ретінде Орынборда тұңғыш өткен Қазақ білімпаздарының сиезіне арнайы қатысады. 1924-25 жылдары Қазақ ғылым-баспа комиссиясы төрағасының орынбасары. Осы жылдардағы архив деректеріндегі Х.Досмұхамедұлының өз қолымен жазылған ғылыми есептер [5] қазақ мектептері үшін алғашқы оқулықтардың жазылу тарихы мен баспа ісінің жолға қойылуы, жалпы Түркістан Республикасы мен Қазақ өлкесіндегі оқу-ағарту мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жай-күйі туралы көп мағлұмат береді.

Біздің айтпағымыз: осы жылдардағы Х.Досмұхамедұлының ұйымдастырушылық жұмысының арқасында кейін сан салаға жіктеліп өрістеген қазақ ғылымының іргетасы қаланды, ол ғылым-білімнің, оның ішінде түркітанудың (қазақтанудың) алғашқы дәнін себуші, көшетін көктетуші ретінде бағалануы қажет. Ғалым алдымен мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды. А.Байтұрсынұлының қазақ тіліне қатысты жазғандарын түгел жарыққа шығарумен бірге барша алашшыл зиялыларға сала-сала бойынша оқулық дайындауға тапсырмалар береді, олқылықтың орнын толтыру үшін өзі де қолына қалам алады. М.Дулатов – есеп құралы мен әдебиет хрестоматиясын, И.Тоқтыбаев – Түркістан және жалпы географияны, Дисаленов – физика мен арифметиканың II бөлімін, Табынбаев – педагогика мен психологияны, С.Қожанов – есеп құралының I бөлімін, Ғалымжанов – математика бойынша есептер жинағын, Жәленов – математиканың II бөлімін, Оспанов – қазақ тілінің сөздігін, М.Жұмабаев – қазақ әдебиетінің теориясын тездетіп жазып шығуы тиіс болды. Ал оларды жарыққа шығаруға қаржы көзін табу, қолжазбалардың сапасын көтеріп, редакциялау ісімен әрі басшы, әрі бірден-бір ғылыми қызметкер ретінде Х.Досмұхамедұлының өзі айналысты. Оқулық жазуды ғылым-білімнің алғашқы сатысы деп есептеген ғұлама жоспарлы түрде әр саланы, бірінші кезекте қоғамдық ғылымдарды дамытуға күш салды. Әсіресе Ә.Диваевтың ел арасынан 35 жыл жинаған ауыз

әдебиеті үлгілеріне ерекше назар аударып, экономикалық жағдайдың ауырлығына қарамай, оны сатып алуға қаржы тапты. Сырдырия мен Жетісу облыстарына тұрақты түрде кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Қазақ тілінің (түсіндірме) сөздігін түзуге мұрындық болды («Для всяких научных работ необходим прежде всего словарь слов, употреб. в живом киргиз. языке, а также хорошие рус.-киргиз. и кирг.-рус. словари... » [5]).

Бұл аталғандарды ағартушы-ғалымның мемлекеттік қызметтегі атқарған жанқиярлық істері деп бағаласақ, оның сыртында ол осы жылдары қазақ тілінде – «Сана», орыс тілінде – «Наука и просвещение», өзбек тілінде – «Білім ошағы» журналдарын ұйымдастырды, өзі шығарушы редактор да болды. 1923 жылы қазан айында Мәскеудегі Әдебиет институтының директоры Д.Я.Брюсовқа Мағжан ақын туралы «Біздің болашақ Пушкин» деп хат жазып, жолдама берді. Осы жылы қоғамдық жұмысқа да уақыт тауып, «Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы» – «Талап» атты қоғамдық бірлестік құрады, оның бағдарламасын жазып, өзі басқарады.

Осы орайда «Х.Досмұхамедұлы – түркітанушы» деген тақырып аясында бұған дейін қазақ халқын заманында орыс тілінде «киргиз», «казак-киргиз» деп бұрмалап айтты деген инерциямен Халекең жиі қолданатын «қазақ-қырғыз» атауына арнайы көңіл бөлінбей келгендігін көрсете кеткіміз келеді. Түркістан Республикасының ұлттық құрамын ескере отырып және Қ.Тыныстанұлы, И.Арабаев сынды қырғыз ағартушыларының сол кезде Алаш қайраткерлерімен қолтықтаса жұмыс істегендерін есте ұстасақ, Ташкентте 1920-жылдардың басында қызмет атқарған қазақ зиялыларының барша туыстас түркі халқының бірлігін ту көтеріп, қамын жегені (мәселен, Мағжанның жырлаған «Тұтас Түркістан» тақырыбын еске алыңыз) болашақта үңгі зерттейтін мәселелердің бірі деп білеміз. Х.Досмұхамедұлы, С.Қожанов, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов сынды қайраткерлеріміздің барша түркі жұртын бірдей көріп, бір шаңырақ астына жинастыру саласындағы күрескерлік еңбектері, орталықтың сол жылдары тездетіп ұлттық шекаралық межелеу саясатын жүзеге асыруы, әліпби ауыстыру науқанының қолға алынуы, бір сөзбен айтқанда, қайтадан патша заманынан келе жатқан «Бөлшекте де, билей бер» саясатының алға шығуы – күрмеулі, күрделі тақырып. Біз осы орайда түркі тілдестер туыстығына тікелей қатысты, бүгінгі күні де өзекті бір шағын құжаттың мәтінін толық келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз [5]:

В Государственный Ученый Совет

Рассмотрев европейский (латинский) алфавит, введенный в Азербайджане, Кир. Научная Комиссия нашла: 1) введение латинского алфавита и замену им арабского алфавита в принципе считать желательным, но немедленное введение, в особенности администр(ативном) порядке, вредным для дела культуры и целесообразным по политическим соображениям; 2) алфавит, принятой в Азербайджане не совсем соответствует киргизскому языку, а потому требует переработки для применения к киргизскому (казакскому) языку. Киргизская (казакская) Научная Комиссия считает необходимым выработать алфавит применительно к звукам киргизского (казакского) языка. Когда искомой будет готов, о нем будет дана статья в журнале «Наука и Просвещение».

Киргизский (казахский) алфавит в настоящее время нужно считать установленным и более или менее соответствующим киргизским (казакским) звукам языка. Дальнейший этап усовершенствования киргизского (казакского) алфавита по мнению Комиссии должен состоят следующим: 1) дальнейшее усовершенствование изменения арабских букв; 2) в замене 3-4 значков арабских одним начальном значком. Пробы эти в настоящее время делаются в Казани. Нам нужно это начинание поддерживать.

Председатель Киргизский (Казакской)

Научной Комиссии Х.Досмұхамедов.

7 февраля 1923 г.

Әмбебаб ғалымның өте қажеттіліктен туған «Табиғаттану» оқулығынан [6] басқа сүбелі еңбектері өз мамандығына тікелей қатысы бар, яки медицина-биология ілімі аясынан туындайтын шығармалар. «Адамның тән тірлігі» [7], денсаулық сақтау мен гигиена [8] және үш бөлімнен тұратын «Жануарлар» оқулығы [9] ол кезде Орталық Азияда жаңа құрылыс

құрып жатқан халықтардың ешбірінің тілінде жазылмаған, жалпы Түркістандағы түркі ұлттары тілінде оқулықтар жазу ісі енді-енді қолға алына бастаған кез еді. Сол себепті де Түркесубликасындағы барша жұртшылық, олардың алғашқы оқығандары мен ұстаздар қауымы бұл оқулықтарды үлгі тұтып, тұтынды деуге толық құқымыз бар. Ана тілінде тұңғыш оқулықтар жазудың қиындығы туралы ғалымның өзі былай дейді: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің «Тіл – құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиын болды... Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе; сондықтан алғашқы жазылған кітаптарды әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан көрі, ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керектірек дейміз» [10].

Х.Досмұхамедұлының биология мен зоология, медицина мен жаратылыс-тану саласындағы алғашқы оқулықтарының тілі, осы салалар бойынша оның қазақ терминологиясына қосқан үлесі әлі күнге арнайы зерттеу объектісі болған емес. Оған бір жағынан біздің де «кінәміз» бар. Өйткені кезінде Халекеннің мұрасын жинастырып, оны араб хәрпінен қазіргі жазу үлгісіне көшірген жылдары біз аталған оқулықтардың алғашқы 10-15 бетін ғана қайталап жариялаған болатынбыз [4]. Кезінде уақыт жетімсіздігі мен кітап көлемін белгілеген баспа талабына құлақ асқанымыздың үстіне, ол оқулықтар заманауилық тұрғыдан ескірді, мәнін жоғалтты деген ой-пікірде болғанымыз да жасырын емес. Әйтседе соңғы жылдары қазақ ғылыми терминологиясына ерекше сұраныс туған кезеңде ғалымның еңбектерін тұтастай оқып-көргісі келушілер, оның төл терминдік жүйесіне қызығушылар көбейді. Бірақ, өкінішке орай, оны қазіргі жазу үлгісіне көшірем деп ешкім белсеніп суырылып шыға қоймады. Сондықтан ғалымның биология мен зоология, медицина мен жаратылыстану саласындағы ғылыми терминологиясын зерделеу, талқылап талдау ісі де біз оның көптомдығын құрастырып шығарғанға дейін түпнұсқалары айналысқа түспегендіктен тоқталып тұрды.

Ал ағартушы-ғалымның қазақ ғылыми терминологиясына қосқан үлесін арнайы сөз студия әбден қажеттілігінің тағы бір басты себебі бар. Өйткені Х.Досмұхамедұлы – білгір түркітанушы, тілші-ғалым. Сондықтан да оның термин түзушілік қызметін жай сала маманының ділгірлігінен ғана туған құбылыс деп емес, ерекше жауапкершілік жүктеген, тіл қамы мен қамытын қоса сүйреген лингвист еңбегі деп бағалаған орынды.

Х.Досмұхамедұлы – түркітанушы дегенде біз алдымен оның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы [11] мен «Диуани лұғат ат-түрк» мақаласын [12] ауызға аламыз. Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған мақала [4; «Библиографиялық көрсеткіш» бөлімін қараңыз] және әліпби ауыстыру мен термин (пән) атауларын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де [4] назардан тыс қалдыруға болмайды. Мамандығы дәрігер ғалым ең алдымен қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, оның фонетикасы мен грамматикасын терең меңгеруімен таңғалдырады.

«Түрік тілі – жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ-қырғыз тілі – түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ-қырғыз сөздері де түбірін өзгертпей, аяғына қосылған жалғаумен өзгереді, – дейді де, бұл тілдік заңдылыққа анықтама береді. – Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстар бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағанада » [11]. Оның өзге де түрік тілдерінің жүйе-құрылымымен таныстығына мына жолдар дәлел: «Сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Ыстамбұл түріктері, Қазан ноғайы, сарт-өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр» [11]. Одан әрі тілімізге

ертректе араб-парсыдан, орыс тілінен енген кірме сөздердің (ғұлама ғалым оларды «жат сөздер» дейді) үндестік заңына бағынғандығын дәлелдей келіп, «Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгеруге жол басшы болады», – деген оқшау ой тастайды. Ол ойын тілдің дамуымен, әдеби тілдің қалыптасуымен байланыстыра отырып, тілдік құбылыстарды дене құрылысымен салыстырып, тілші әрі дәрігер ретінде өзіндік пікірін білдіреді: «Оқығандар өзіне ылайық әдебиет тілі деген тіл түзеді. Түзеген жаңа тілін ел ішінде жая бастайды, көбінесе зорлап кіргізеді»; «Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сіңбейді»; «Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп... Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды»; «Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды. Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негізге алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады»; «Бір тілге кірген жат сөз – бейне адамның қарнына түскен тағам... Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз» [11].

Одан әрі ғалым түрлі-түрлі тілдердің жіктеліс, классификациясына тоқталады. «...Әр топтың бір-бірінен айырмасы түрік тілінің маңғұл иә фин тілінен айырмасындай», – деген полиглот-ғалымның пікірі оның өз дәуірінің барша ғылыми жаңалығымен таныстығын, әсіресе түркітанудың заманауи білім-біліктерін, ақпарат-мәліметтерін игергендігін танытады. «Сингармо- низм заңы – жаңғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы; тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы, – дейді ғұлама бұдан аттай бір ғасырдай уақыт бұрын. – Орал-алтай тобы мынадай тілдерге бөлінеді: 1) фин тілі, мадиар-оңғар, фин (суами), есті, мордба, тағы талайлар; 2) самоейт (қасуами); 3) түрік; 4) маңғұл (қалмақ, бурлат); 5) тоңғыз. Түріктің бұрынғы тарихы қытай, араб, парсы тілдерінде жазылған. Бұлар түрік-маңғұл сөздерін орасан өзгертіп жіберген». Кітапшаның соңында ғалым әрбір жастың ана тілінде сауат ашып, ұлттық білім алуының маңыздылығына ерекше назар аударады. «Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды... Әксент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмастай болып сөйлеу бұларға өте қиын болады»; «Орыс мектептеріне кіргендердің есі-дерті орыс тілін жақсы білу, орысша жақсы сөйлеу болатын еді. Орыс мектептеріндегі оқытулардың да бар тілегі жас өспірімге орыс тілін жақсы білдіріп, орыс тілін ана тіліндей қылып жіберу еді», – деген ескертпесін 70 жыл білмей, бойымызға сіңірмей келгеніміз қандай өкінішті!?. «Біздің айтайын дегеніміз мынау: бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаңқырау керек», – деген ғалым ой-тұжырымы да [12] соңғы 20-25 жылда қайталап жарық көргенімен азат өмірдің ұранына айналмай, көп көбік сөзге көміліп қалғаны өкініш үстіне өкініш....

Ғалымның «Диуани лұғат ат-түрк» мақаласы да дәл осындай заманауи өзектілігімен, ғылыми тереңдігімен және тарихи-рухани мұраға деген үлкен жанашырлығымен ерекшеленеді. Түркияда А.Рифат әфәнді бастырған үш томдық М.Қашқари сөздігін жаһандық соғысқа байланысты алдырта алмағандығын, енді ғана қолына тигеніне риза бола отырып: «Түрік азамат- тарының білімге, түрік ұлтының тілі мен әдебиетіне мынадай назар салған- дықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр», – дейді ғалым [12]. Одан әрі: «Бірақ сонда-дағы бұл кітаптың басылуы өзінің жақсылығымен осы күнге дейін Түркияда басылған бұрынғы кітаптардан айырылып тұр. Қатасын түзетуге артықша назар салғандық, жете қарап бастырғандық, қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға ыждаһат қылғандық ... Түркияда кітап басуға осындай артық назар салуды көріп, біздің қуанышымыз екі есе болып отыр», – деген жолдардан оның мұраға деген махаббат-ыждағаты, баспагер-редакторлық тәжірибесінің молдығы сезіліп тұрады. Осы сын-рецензия есепті көрінетін, ал шындығында толымды зерттеу еңбегінде Х.Досмұхамедұлы түркі тілінің тарихын сөз ете отырып, өзін диапозоны кең тарихшы ғалым ретінде көрсетеді. Шағын шолуында біз оның Йусуф Хас Хажиб жазған «Құдатқу білікпен» де жан-жақты таныстығын аңғарамыз. Сонымен бірге ол арабша «Түрк-мағол-парсы тәржіманы» (Хоутсма һәм

Мелиоранский нәшрі), Абу Хайан әл-Гарнатидің «Китаб әл-идрақы», Мысырдан табылған «Гүлстан» тәржімесі, «Құман нежесі – Кодекс Куманикус» сияқты түркологияның әлемдік жауһарларының тек атын емес, сын-сипаттарын да ерекшелеп атап, бүгінгі жоғарғы білімді филологтардың өзін таңғалдырады. Тіптен ол осы мақаласында әл-Фараби есімін де ауызға алып (мүмкін қазақ баспасөзінде тұңғыш рет!), кемел білімдарлығымен бізді айрықша қайран қалдырды: «Ислам дүниесінде иктисадий ғылымдарды Сырдария жағасынан барған бір түрік ғалымы (Фараби) бастап жазған болса, Махмұт Қашқаридың да таза бір диуани (светский) ғалым, дүнияуи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қойды» [12]. Одан әрі 1923 жылы Тәшкенде жарық көріп, кейін тыйым салынған мақаламен танысқан жан 1970-80 жылдары ҚазМУ-дің филология факультетінің аудиториясында отырып, проф. Б.Кенжебаев сынды жаңашыл ғалымның енді-енді жария бола бастаған тың да даулы ой-пікірлерімен танысқандай әсерде болады: «Түрік қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889-ыншы жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің фікірін алыстырған ескі түрік, Орхон «бітіктастары» қандай аһамиаты болса, Махмуд Қашғари кітабының да аһамиаты сондай. Махмуд Қашғаридің түрік қауымына, өз ұлтына мунасабаты Күл-тегін, Білге хандардың мунасабатындай һәм түрік руларын, түрік тілін білуі, әсіресе, білімі олардан артық болған».

Біз проф. Халел Досмұхамедұлының тілші, тіл тарихшысы ғана емес, сонымен бірге шежірелі тарихшы, болжампаз саясаткер, ойшыл философ, жалпы әмбебап қоғамтанушы ғалым болғандығын ғана атап өтіп, сөзімізді түйіндемеіміз. Ал аталған ғылым салалары бойынша жіктеп-жіліктеп тарқату, біртуар ғалымның феномен қырларын аша түсу болашақтың еншісі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Аханның елу жылдық тойы. – «Ақ жол» газеті, 1923, 4 февраль.
2. «Аламан» жинағы. Алматы, 1991.
3. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы. Ташкент, 1924.
4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Избранное. Алматы: «Ана тілі», 1998.
5. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Р-34 қор, 1-тізбе, 1188-іс; 2119-іс; 1593-іс.
6. Досмұхамедұлы Х. Табиғаттану. I бөлім. Ташкент, 1922. – 112 бет (суреттер беттелмеген, оның саны 96).
7. Досмұхамедұлы Х. Адамның тән тірлігі. Қызылорда, 1927. – 303 бет.
8. Досмұхамедұлы Х. Шәкірттер саулығын сақтау. Ташкент, 1923. – 20 бет; Досмұхамедұлы Х. Оқушының саулығын сақтау. Ташкент, 1925. – 23 бет; Қызылорда-Мәскеу, 1928. – 229 бет.
9. а) Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. I бөлім. Сүйектілер хақында. Ташкент, 1922. – 200 бет; Қызылорда-Мәскеу, 1928. – 229 бет.
ә) Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. II бөлім. Ташкент, 1922. – 130 бет; Қызылорда, 1926. – 111 бет; Қызылорда, 1928. – 112 бет.
- б) Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. III бөлім. Ташкент, 1926. – 256 бет; 2-басылуы. Қызылорда, 1927. – 176 бет.
10. Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. III бөлім. Ташкент, 1926. IV бет.
11. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. Ташкент, 1924. – 53 бет. Бұл еңбек алғашында «Шолпан» журналында, оның №№1, 2-3, 6-8 сандарында жарияланды.
12. Досмұхамедұлы Х. Диуани луғат ат-түрк. – «Шолпан» журналы, 1923, №6-8, 19-29-бб.

ПРОФЕССОР ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Фазылжан Анар

*филол.ғ.к., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры
Алматы, Қазақстан*

Отандық қана емес, әлемдік түркітануда ойып орын алған қазақ ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Ғұбайдолла Айдаровтың ғылыми мұрасы дегенде ерекше атап өтетін іргелі еңбектері мынадай:

- «Язык Орхонского памятника Бильге-кагана» (1966),
- «VIII ғасырдағы көне түркі жазулы Орхон ескерткіштерінің тілі» (1971),
- «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1986),
- «Орхон ескерткіштерінің тексті» (1990),
- «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (1991),
- «Күлтегін ескерткішінің тілі» (1995)
- «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (1991),
- «Күлтегін ескерткішінің тілі» (1995),
- «Білге қаған ескерткішінің тілі» (1996).

Э.Н. Наджип: «Мы особое внимание уделяем исследованиям Г. Айдарова потому, что он является фактически первым казахским ученым, который проложил путь в Казахстане к этой отрасли филологической науки» деп, Ғ.Айдаровтың елімізде Орхон-Енисей жазба мұраларын зерттеуде тыңнан түрен салған ерен еңбегін жоғары бағалайды. Аталған еңбегінің қайсысы болса да, өзі туған кезеңнің ғана емес, болашақ ұрпақтың талайының өз мәдениетін, терең тарихын тануына септігін тигізетін құнды дүниелік. Оның сыртында түркітанушылық зерттеу жүргізем деген кез келген маман үшін бастапқы сауатын ашатын, түркілік руна жазуының қыр-сырымен қоса, ататүркілік сөздік қордың мағынасынан да мазмұнды дерек беретін құнды зерттеулер.

Профессор Ғ.Айдаровтың ғылыми шығармашылығы дәуірінде, яғни Кеңестік тоталитарлық жүйенің дәурені жүріп тұрған кезде бұл еңбектер қазақ қоғамында, зиялы қауым ортасында, керек десеңіз жалпытүркілік ғылыми қауымдастықта ұлттық рухтың, жалпытүркілік бірегейліктің сақталуына, күшеюіне әсер еткен зор зияткерлік өнімдер болды.

Ал бүгінгі күні отандық және түркітілдес зияткерлер арасында ғалымның мұрасына деген сұраныс артпаса кеміп отырған жоқ. Бірақ оларға деген мұқтаждық қазіргі жаһанданған қоғамның жаңаша ізденістерінен туындап отыр.

Жаһандану бар жерде ұлттану болады, олай болса, Кеңестік жүйе құлағаннан кейін тәуелсіздігін алған түркітілдес елдер өз ұлттық бірегейлігін күшейтуді ойластыруы, соған күш жұмсауы заңды. Осы мәселеде ұлттық бірегейлік өркениеттік бірегейлік бесігінде дамитынына көз жеткізген зиялы қауым ортақ түркілік дүниеліктерге ұлттық тамырын іздеп барлау жасауды жаңғыртты. Әр тұстан көне түркілік жазба ескерткіштеріне қазіргі түркітілдес ұлттың бірі ғана мұрагер болу құқығы бар деген жалаң пікірлер де аз естілмеді.

Түркі дүниесіне ортақ ұлы мұралардың заңды мұрагерін анықтау тек қана ғылыми жолмен, жан-жақты эмпирикалық материал жинаумен, оны жүйелеп, зерттеп, қорытумен, бұлтартпас аргументтер келтірумен ғана жүзеге асырылуы керек. Міне, осы аспектіде профессор Ғ.Айдаровтың еңбектері бүгінде жаңа мақсатта қайта қаралып, тың мәселеде қолданыс табуы керек деп санаймыз.

Осы тұрғыдан алғанда ғалымның ізденістері мынадай арналарда көптеген мәселеге сәуле түсірері анық:

- қазақ тілінің тарихы;
- қазақ тілінің тарихындағы кезеңдердің ерекшелігі;

- қазақ жазуының тарихы;
- көне түркі ескерткіштерінің тіліндегі қыпшақтекті элементтер;
- көне түркі ескерткіштері тілінің ұлттық тілдерге қатысы;
- қазақ тілінің тарихи фонетикасы;
- қазақ тілінің тарихи грамматикасы;
- қазақ тілінің тарихи лексикасы;
- қазіргі қазақ тіліндегі түркі-монғол параллельдері;
- көне түркі ескерткіштері жазуының графикалық (фонологиялық) талданымы;
- қазақ жазуының тарихы;
- қазақтілді санадағы «жазу» концептісі;
- ұлттық жазба тілдің қалыптасы тарихы.

Ғалымның ғылыми мұрасымен қоса қазіргі кезде кез келген тілтанушыға қажет тұлғалық қасиетіне де ерекше мән беріп, ұқсап бағу керек. Ол Ғ.Айдаровтың көптілді тұлға болуы. Ғалым өз ана тілінен бөлек, әзербайжан, түркімен, түрік, өзбек, орыс тілдерінде шешен сөйлеген. Қатарластары Ғ.Айдаровтың он тілді жетік меңгерген деп көрсетеді. Ғ.Айдаровтың осы қасиеті болашақ отандық түркітанушы үшін эталон болу керек деп санаймыз. Ол үшін Түркі Академиясы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан құрылған Түркологиялық орталық, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Түркология кафедрасы және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Тіл тарихы және түркітану бөліміне, сол сияқты еліміздің ЖОО, ғылыми орталықтарында түркітанушылық ізденістермен айналысатын мамандарға күш біріктіріп, бірнеше түркі тілін меңгерген, әрі осы тілдік білімдерін түркітанушылық зерттеулерінде тиімді қолдана алатын жас түркітанушылар даярлау ісін кешіктірмей қолға алу керек.

ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Нұрдәулетова Бибайша Ильясқызы

ф.ғ.д., профессор,

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан*

Құрметті конференцияға қатысушылар! Зиялы қауым! Біз бүгін қазақтың тарихи тіл білімінің ғана емес, күллі түркілік мәдениеттің, түркілік тұтастығымыздың тұғыры болып табылатын түркітану ғылымының қазақ топырағындағы алғашқы қайраткерлерінің бірі, Орхон-Енисей ескерткіштері тілін шығыс ғалымдары қатарында тұңғыш зерттеген ғұлама ғалымның мерейтойын атап өткелі отырмыз.

Осы орайда жайсаңдары мен жампоздарын көп туғызып қойғандықтан, бас-аяғын жиып үлгермей жататын, марапатқа марғаулау болса да, марғасқалығынан таймайтын Маңғыстау жұртының есіне осынау игілікті істі салғаны үшін қазақ тіл білімінің қара шаңырағы, қазақ тілінің бірден-бір тірегі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымына алғысымыз шексіз.

Аса маңызды қарым-қатынас құралы болған тіл мен мәдениет өзінің қызметін түрлі тәсілдермен атқарып келді. Солардың бірегейі көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейін қолданыстағы таңбалар жүйесі екені белгілі. Таңба – жаратылыс туралы танымды, мақсат-мүддені, қилы тарих пен тағдырды жеткізуде маңызды міндет атқарған адамзаттық білім жүйесінің негізгі кілті.

Біздің дәуірімізге дейінгі есте жоқ ескі замандарда өмір сүрген адамдар таңбалап жазып қалдырған мұраны ғылым көне жазба ескерткіштер деп қарастырады.

Жазба мәтіндердің қайнар көздері ретінде тасқа, темірге, теріге, матаға, ағашқа бедерленген таңба-жазуларды айтамыз. Ғылыми болжамдарға сүйенсек, көне жазудың пайда болуы бес жарым мыңжылдықтың арғы жағына кетеді. Сол көне дәуір қойнауынан жеткен

жазба мәтіндер Тигр мен Ефрат өзенінің жағалауын мекендеген Шумерлерге және Нил-дариямен тағыдыры тығыз байланысты Ежелгі Мысыр еліне тән.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, Қосөзен мен Мысыр жазуы шамамен бір дәуірге орайлас келеді. Бұл көне жазбалардан тылсым жаратылыс сырларына үңілу, оны тануға талпыну айрықша аңғарылады. Әлемнің құпиясына үңілу, түрлі жолдармен табиғат құбылыстарына әсер етуге ұмтылу, жаратылыс заңдылықтарын, заттар мен құбылыстарды құрмет тұтып, тағзым ету, дүниенің жаратылуын өз танымынша пайымдау «көне дүниенің көнесі» іспетті бұл мәтіндерге сакральды сипат дарытады.

«Руна жазулары» деген атпен әлемдік жазу тарихынан ойып орын алған көне түркі жазулары шумер жазуларының заңды «мұрагері» екендігін қазіргі түркітану ғылымы дәлелдеді. Алайда ғылым әлеміндегі европоцентристік идеяның құрсауын қақыратып, түркілік өркениеттің бағзы бастауын мойындатқан «құпия жазулардың» төркінін тану батыс пен шығыстың үш жүз жылға созылған пікірталасына азық болды.

Қазіргі таңда көне түркі әліпбиі ретінде мойындалып, әлемдік жазу тарихынан орын алған бұл жазулардың шығу төркінін бірқатар ғалымдар арамей жазуымен байланыстырса, енді біраз зерттеушілер Сібір татарларының ру таңбаларына қатысты қарастырды [1, 16]. Сондай-ақ, бұл ескерткіштер тіліне бірнеше дәуірлік тарихы бар жасанды жазба тіл, VI-VIII ғасырдағы түркі поэзиясының үлгісі деп баға берушілер де болды [2, 40].

Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілін лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жақтан зерттеп, түркі тілдерінің тарихи бастау көзі ретінде қарастырған түркітанушы ғалымдар: В.Радлов, П.М.Мелиоранский, кейінгі кезеңдерде С.Малов, И.А.Батманов, В.Котвич, Г.Рамстедт, А.Габендердің қатарында қазақ түркітанушыларынан Ғ.Айдаровты бірінші атауға болады. Ғ.Айдаровтың зерттеулерінен кейін қазақ ғалымдары – А.Аманжолов, Ә.Құрышжанов, М.Томанов т.б. ескерткіш тілін қазақ тілінің тарихы тұрғысынан қарастырып, жан-жақты зерттеу еңбектер жариялағаны белгілі.

Ғ.Айдаров Орхон-енисей жазуларын жатқа біліп қана қоймай, көне әліпбимен өте еркін жаза да білген. Ол көне түркі жазуларының грамматикалық құрылысын, тілдік ерекшеліктерін фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан терең талдау жасаған және Күлтегін, Білге, Құтылық қаған, Мойын-Чор ескерткіштерінің мәтіндерін қазақшаға тұңғыш рет толық аударған.

Ғалым «Білге қаған ескерткішінің тілі», «Көне түркі жазуларынан мағлұматтар», «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», «Орхон ескерткіштеріндегі көне түркі жазбалары», «Енисей, Орхон, Талас бойындағы көне түркі жазба ескерткіштері бойынша жарияланған әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші», «Орхон ескерткіштерінің мәтіні», «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі», «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілі» атты еңбектерінде өзіне дейінгі зерттеушілердің пікіріне талдау жасай келіп, Орхон, Енисей, Талас жазуларының табылған орындары мен жазылу мерзімдерінің әр кезеңге тән екендігіне қарамастан бір-бірімен байланысты бір тұтас жүйемен жасалған жазу түрі деген қорытындыға келеді.

Қазақтың тұңғыш түркітанушысы көне түркі жазба ескерткіштерінің дыбыстық жүйесін қазақ тілінің фонетикалық жүйесімен салыстыра сипаттайды. Көне түркілік дауыстыларды білдіретін төрт таңбаның қазақ тіліндегі үндестік заңына орай жуан/жіңішке сегіз дауыстыға сәйкес келуі, сөздердің буын үндестігіне бағынып құралуы, дауыссыздардың жалаң, яғни бір таңбамен келуі, қос, яғни бірнеше таңбамен (сөздің жуан/жіңішкелігіне орай) және тіркес түрінде келуі, әрбір дауыссыздың сөз ішіндегі орын тәртібі, сонор және қатаң дауыссыздардың тіркесімі, дыбыс үндестігі – сингармонизм және дыбыстардың үндеспеуі диссимиляция, дыбыстардың түсіп қалу құбылыстары, буын түрлері қазіргі түркі, соның ішінде қазақ тілі заңдылықтарымен салыстырыла талданады. Соның ішінде қазақ тілінде кездеспейтін кейбір құбылыстар: үнді дыбыспен қатаң дыбыстың тіркесімі, түбір мен қосымша аралығындағы үндеспейтін дыбыстардың қатар тұру құбылысы (*болты, сақынтым, йолта, йуртда, үгүзке*) тілдің тарихи қалыптасуындағы архаикалық белгілер ретінде түсіндіріледі. (Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі диссимиляцияның мысалы *жоңқа*,

шідерті сөздерінің дыбыстық құрылымының көнелік қалдық ретінде қарастырылатыны сияқты).

Фонетикалық құрылымдағы бұндай жүйелілік түркі графикасының сан ғасырлар бойы қалыпқа түсіп, жазу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы әріптік жазуға дейін қаншалықты дамығандығын, сол арқылы түркі өркениетінің тамырының тереңге кететінін танытады.

Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикалық қорын зерттеу барысында ғалым көне түркілік ескерткіштерге ортақ сөздік құрамның бар екендігін, оның бірнеше қабаттардан тұратындығын, соның негізгі қабаты түркі халықтарына ортақ байырғы сөздік қор екендігін айта келіп: «Ескерткіштердегі көптеген сөздердің қазіргі түркі тілдерінде кездесетіндігі, ұқсастығы жай, кездейсоқ құбылыс емес, ол тайпалар мен халықтардың генетикалық жақтан тығыз байланысты болуының нәтижесі. Ескерткіштер тілін қолданған ру, тайпа және халықтардың қазіргі түркі тілдерімен туыстығын көрсететін дерек болып саналады» деген қазірдің өзінде маңызын жоймаған келелі пікір айтады.

Мысалы, зерттеушілер Ә.Құрышжанов пен М.Томанов орхон-енисей ескерткіштері тіліндегі қазақ тілімен тұлғалық та, мағыналық та бірдей 130 сөз, кейбір фонетикалық ерекшеліктерімен келетін (йегін – жиен, оғул – ұл, қатун – қатын тәрізді) 397 сөз, мүлде сәйкеспейтін 311 сөз бар деп анықтаған [3, 45]. Сонда көне тілдік қорымыздағы қазақ тілімен үндес келетін сөздердің саны қазақ тіліне мүлде сәйкеспейтін сөздерден әлдеқайда көп екенін байқаймыз. Мұның өзі түркі тілінің тарихи тұтастығын, ғасырлар сынына төтеп бере алатын беріктігін көрсетсе керек.

Ғ.Айдаровтың зерттеулерінің бір ерекшелігі олар жалаң тілдік талдаулардан құралмайды. «Ерте заман жазба ескерткіштерінің тілін зерттегенде оның жазуының ерекшеліктері мен тарихын назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл ретте, алдымен жазу қолтума ма немесе өзге жұрттық па, белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін бере ала ма, қандай тілдік өзгерістерге ұшыраған дегендей мәселелерге ереше көңіл бөлінеді» [1, 16] деп өзі көрсеткендей, ғалым тілдік талдау барысында осы сауалдарға жауап табуға тырысады. Көне түркілік жазудың графикалық ерекшелігі, әріптерінің таңбалануы, таңбалардың дыбыстық мәні, мәтіннің дыбыстық жүйесі, дыбыстардың тіркесімділік заңдылықтары түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі арқылы талданып, түсіндіріледі. Зерттеу барысында мәтін мазмұны түркі мемлекеттерінің тарихи қалыптасуындағы белгілі оқиғалармен байланысты түсіндіріліп, баяндалады. Мәтіндегі топонимикалық атауларға, этнонимдерге, антропонимдерге түсінік беріледі, кейбір сөздерге этимологиялық талдау жасалынады, диалект және көне тайпалық, кірме сөздердің төркіні анықталады, қалыптасу уәжі сөз болады.

Ғалым осы саладағы өзге де зерттеушілердің пікіріне тоқталып, өзіндік байламдарын білдіріп отыруды ұмытпайды. Кейбір басы ашылмаған мәселеге қатысты бірнеше пікірлерді келтіріп, кейінгі зерттеушілерге ой тастап отырады.

Мәселен, орхон-енисей ескерткіштеріндегі жазудың түпкі төркіні туралы түрлі пікірлерге талдау жасай келіп: П.Мелиоранский болса, керісінше, Енисей, Орхон және Талас әліпбиін сол кездегі «түркі тайпаларының талабы мен қажетін өтей білген, түркі тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алған» деп бағалады. Түркі халықтары қолданған ұйғыр, араб жазумен салыстыра отырып, В.В.Бартольд түркі тайпаларының Орхон-Енисей әліпбиін кең түрде пайдаланғанын, оның үндестік жағынан ұйғыр, араб әліпбиінен әлдеқайда тиімді екендігін атап өтеді.

Ғалымның зерттеулерінен оның тарихи танымы, этнографиялық білімі, жазу тарихы мен табиғаты туралы, тілдің құрылымы, тарихы, сөз төркіні туралы ғылыми пайымдаушылық қабілеті анық байқалады.

Қазіргі таңда түркі халықтарының ортақ мұрасы – Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінің зерттелуі жүз жылдан аса уақытты қамтитын тарихы, өзіндік дәстүрі бар, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері қалыптасқан сала болып табылады. Орхон-Енисей ескерткіштері бір филологияның емес, тарих және философияның,

этномәдениеттанудың, өнертанудың, этнопедагогиканың, этнопсихологияның т.б. іліктес ғылымдардың зерттеу нысанына айналып отыр.

«VIII ғасырдағы Тоныкөк ескерткішінің тілі және оның қазіргі кейбір түркі тілдеріне қатысы» тақырыбында кандидаттық, «VI-VIII ғасырлардағы орхон-енисей және талас көне түркі ескерткіштерінің лексикасы» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы 40 жылға жуық өнімді еңбек еткен жылдарында түркітану, көне жазбалар тақырыбында 20-ға тарта кітап, 200-ден аса ғылыми мақалалар жазып қалдырған Ғұбайдулла Айдаровтың өмірінің ең маңызды кезеңдері қазақ түркітану ғылымының алғаш қалыптасуымен тығыз байланысты болғаны анық. «Дүние жүзіндегі халықтар сияқты түркі халықтарының да өздеріне тән даму, қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, халық және ұлт тарихсыз болмайды. Әрбір халық ұлт болып қалыптасу үшін талай тарихи кезеңдерді басынан өткізеді» деп, бір қазақ емес, тұтас түркі жұртының тарихы мен мәдениетінің түп-төркінін V ғасырдан да әріге апарып, қазақ мемлекеттілігінің бастауын, қазақтың жазба әдеби тілінің қайнар көзін нақтылап беруге үлес қосқан ғалымның ұлттық мәдениетіміздің, ұлттық ғылымымыздың қалыптасу тарихындағы орнын айрықша атап айтуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. - А.: Ана тілі, 1995. – 232 б.
2. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). А.: Арыс, 2004. – 288 б.
3. Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей ескерткішінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. - Алматы, 1964. — 45–57-б.

GUBAYDULLA AYDAROV JANE TYURKOLOGIYA

Prof. Dr. Mustafa Öner
Ege Üniversitesi, İzmir, TÜRKİYE

1921 жылы дүниеге келіп, кеңес дәуірінде дүлей апаттардан зардап шеккен қазақ халқының аса құрметті ұлы; Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, жаудың отында өртеніп, жарақат алған, содан кейін өз халқының ежелгі өркениеттік мұрасын зерттеп және соңында Ғұбайдолла Айдаров degen esimi Мәңгілік ғылыми таста әлемдік түркологияда аян болған ғалым туралы kurmet sözi айту әрбір түркологтың парызы.

XIX. ғасыр бойы түркология ғылым саласы ретінде Еуропа мен Ресейде дами бастаған кезде түріктерден шыққан ғалымдар жоқ sıyaktı edі.

Buringi түркі otanında, Байкал көлінің бассейнінде otırgan және әлі жазбаша әдебиеті жоқ якуттардың алғашқы grammatikasın jazgan Отто Бехтлинг (1815-1904) ["Über die Sprache der Jakuten. Grammatik, Text und Wörterbuch", I-II, St. 1848-1851] және V.V. Радлов (1837-1918), ол тірі түрік диалектілерінен орхун жазуларына, Кутадгу Билигтен түрік халық әдебиетіне дейін таралған жұмысының арқасында түркологияда жеке академия ретінде өз ізін қалдырды, осы заманауи ғылымның танымал есімдері ретінде ғылыми түркі зерттеулеріне үлкен үлес қосты.

Бала кезінен тілдерді жақсы көретін орыс араб, фин, санскриттей көптеген tilder ғалымы Вильхельм Томсен (1842-1927) салыстырмалы тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі jane en aldingi ökilі болды, Орхун мен Енисей аймағында табылған ежелгі түріктерден қалған тастардың белгісіз (Runik) емлесін ашты; oсі 1893 жылы сөзсіз түркологияның маңызды өнертабыстарының бірі болды. Осылайша, жазбаша түрік тілінің unikal jadgeri Кутадгу Билиг jazılған 1069 жылдан бастап Тунюкук eskertkişi salınған 716-726 жылдарға дейін үлкен тереңдікке ие болды.. oсі Thomsen tabısı Türkologiya tarıyında revolusya goy.

Ежелгі түрік филологиясын құру арқылы қол жеткізілген бұл тарихи тереңдік барлық тірі түрік диалектілері үшін үлкен салыстырмалы негіз болып табылады.

Берлиннен Хельсинкиге, Будапешттен Санкт-Петербургке дейінгі бірінші буын түркологтарының өнертабыстары мен жарияланымдарымен Санкт-Петербургке дейін Халықаралық назар аударған Түркология көптеген танымал зерттеу тақырыптарында дами бастады, мысалы түрік жазбалары, Алтун Ярук, Кутадгу Билиг, Codex Cumanicus, Dede Korkud Kitabı, Babürname, Эвлия Челеби Seyahatnamesi және соңында Divanü Lugatı't-Türk.

XX. ғасырлар бойы кейбір түрік асыл түркологтары да бүкіл әлемге танылды, және олардың жұмыстары белгілі болды: Fuat Köprülü (1890-1966); Zeki Velidi Togan (1890-1970); Reşit Rahmeti Arat (1900-1964); Edhem Tenişev (1921-2004); Üzbek Bayçura (1923-1996)...

Түркі әлемінен шыққан түркітанушылар арасында казактар ерекше орын алады: Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) Құдайберген Жұбанов (1899-1938)... бұл екеуі тек қана қазақ халқы емес түркітанудың да repressiya шәһидтері. Олардың қасиетті естеліктері кеңестік repressiyasında joyılған; Александр Николаевич Самойлович (1880-1938); Евгений Дмитриевич Поливанов (1891-1938), Бекир Сидки Çobanzade (1893-1937); Ғазиз Губайдуллин (1887-1937), Халид Саид Ходжаев (1888-1937) sıyaktı түркология құрбандары arasında jatır (kar. F. Aşnin, D. M. Nasilov, V. M. Alpatov "Mahvedilmiş Türkoloji" Ankara, 2016: Türk Tarih Kurumu Yayınları).

Бүгін жүз jıllığında eske alingan Ғұбайдолла Айдаров, өз халқына да, әлемдік түркологияға да қызмет еткен ұлы ғалымдардың бірі.

Кеңес тарихының алғашқы жылдарында балалық шағын өте қиын жағдайда өткізген, 1934-1935'de Türkmén-Taşavız педагогикалық мектебінде және 1935-37'de Қызылсувада және 1937-38'de Майкаласы'нда оқыған, содан кейін әскерге аттанған, Солтүстік Кавказ бен Украинадағы Отан соғысына қатысқан қазақ жасөспірімі, аман есен kaytıp 1948'de Şimkent Ped-institutın okıp şıgadı.


Айдаров 1952 жылы Қазақ педагогикалық институтын (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) бітірген. Аспирантурада көне түрік жазбалары бойынша оқып бастайды. Jas ғалım көне түркі, көне ұйғыр, моңғол жазуларымен жұмыс істей бастайды. ол Малов мектебінен Орхун-Енисей жазбаларын оңай оқи алады. 1959 жылдан Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл білімі институтында жұмыс істейді. (Akjarkın Abuova "G. Aydarov" Türk Dünyası Türkologları 2. C., 329.s.)

Kazak zıyalısı **Есберген ІПІРБАЙҰЛЫ Ana Tili gazetasında jazğanşa:** "XX. ғасырдың 50-жылдарында сталиндік озбырлықтың беті қайтқан тұста Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Е.Бекмаханов, Ә.Марғұлан сынды қазақ зиялылары тарихи жадымызды қалпына келтіруге ден қойды. Ұлтжанды арыстарымыздың осы бір ұлы шоғырынан дәріс алып, халқымыздың исі түркілік тарихының тамырына тереңдей бойлауға ұмтылған жас ғалымдардың алғы шебінде Ғұбайдолла Айдаров та болды."

<http://anatili.kazgazeta.kz/news/16627>

G. Айдаровтың 1960 жылы kandidatlık dissertatsiyası da (VIII Ғасырдағы Tonyukuk Eskertkişiniң Tili және Onıң Qazirgi Keybir Türki Tilderine Qatısı"); 1974 жылы қорғаған doktordık dissertatsiyası da (VI-VIII Ғасырлардағы Орхон-Енисей және Талас Көне Түркі Eskertkişteriniң Leksikası) осы көне түрік жазбаларына арналған.

Осыдан кейін Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 40 жыл бойы түркология, көне жазулар тақырыбы бойынша өз зерттеулерін жалғастырып келеді: "Bilge Qağan Eskertkişiniң Tili", "Köne Türki Jazuwlarıнан Mağlumattar", "Köne Türki Jazba Eskertkişteriniң Tili", "Orhon Eskertkişterindegi Köne Türki Jazbaları", "Yenisey, Orhon, Talas Boyındaғы Köne Türki Jazba Eskertkişteri Boyınша Jariyalanğan Ėdebiyetterdiң Bibliyografiyalıq Körsetkişi", "Orhon Eskertkişteriniң Teks", "Köne Uyğır Jazba Eskertkişteriniң Tili", "Armyan Jazuwlı Qıpşaq Eskertkişteriniң Tili", "VIII Ғасырдағы Köne Türki Jazuwlı Orhon Eskertkişteriniң Tili", "Tonıkök", "Qulşora", "Qutluğ-Qağan", "Moyın Çor" degen köptegen monografiyaları бұл құнарлы ғылыми қызметтің жемісі...



18.07.1889'da Моғолстан'ın başkası Ulanbaatar'ga 400 şakırım alısta, batısta Höşöö Tsaydam'da Rusya Akademiyası etnografdarınan Nikolay Yadrintsev tapkan eskertkiş, 1890'da Sankt Peterburgda "Anciens caracteres trouvés sur des pierres et des ornements au bord de l'Orkhon" degen embeginde tanıtıldı jane tagın Helsingfors'da 1892'de köne türük jadgerderi jıyılğan Fin Atlasında tekti basıldı. Ataktı türkolog Radloff ta osı 1892'de St. Peterburg'da osı eskertkişterdin fotografdarın bastırdı. Wilhelm Thomsen aşkan osı köne türük jazuvı anın 1896'dağı akademik baspasınan beri bilinetin. 1899'da Melioransky St. Peterburg'da jarıyalagan "Pamyatnik v čest Kyul Tegin" İstanbul'da 1924 jılında Necib Asım avdarması men jarık körse, Orıs Sovyet galımı S. E. Malov Moskva'da 1951'de bastırğan embekte tagın teksti jane analizi Orıs tilina basılıp şıqtı. Kazak galımı Aydarov arkasında osı Kül Tegin eskertkişi Kazak tilinde söyley bastadı. 13 asırdık terendigi bolğan Türük jazba tilin Kazak halkının tildik murası dep original transkripsiyası men paralel koskan osı embekter tek kana tyurkologiyalık emes Kazak ultık sanasına da ülken ülis sinirgen boldı.

Galımdın "Көне уйғыр жазба ескерткіштерінің тілі" degen embegine nazar avdarayık:



Embek birinşi betinde "Филология ғылымының докторы F. Айдаров бұл еңбегінде казак тілінің тарихына тікелей қатысы бар көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінің дыбыстық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне, оның тарихына, дамуына тоқталып, айтылған ғылыми пікірлерге қысқаша талдау жасайды."

انتا	анта — онда
الدى	алды — алды
التۇن	алтун — алтын
اشتى	ашты — ашты
الغىس	алғыс — алғыс
Сөз ортасында:	
قادی	қадын — қатун — қатын
باي	бай — бай
خان	қан — хан
جارتى	жарым — жарты
باغلىق	бағлығ — баулы, бақша-лы
Сөз соңында:	
بۇقا	бука — бұқа
قارا	қара — қара
انتا	анта — онда
ماقا	мақа — маған

Musılmandıktan evvel Budizm medeniyetiniñ koljazbaları XX. Berlin, Parij, London, St. saktalatın öte bay mura. Aydarov boyınşa Orıs kolı astında basılğan, men halık sanı kemitilgen, etilmegen Kazak halkının balalarına, jastarına mın jıldık Türki murasın tanıtkan bir eser..

Uzak Türük tarihında Köne Türük kaganatınan keyin VIII asırdan bastap Köne Uygır Kaganatı akim bolğanı belgili. Ol tek kana Ötüken dalasında emes kazırgı Şıgıs Türkistandıñ mın jıldık Türük kalalarında, Turpan'da, Koço jane Kançu Uygur kagandıktarında ömir sürgen, ıkalındağı kala asır basında tabıldı. Kazır da Peterburg, Kyoto arhivderinde jazğan osı embek de tarih Sovyet kezeninde aşırsılık medeniyetine kurmet

Ғұбайдолла Айдаров Қазақ түркітану ғылымының өкілі ретінде V. Thomsen мен Радлов'дан бастап келген бүкіл әлемнің көне түркі филологиясында п. м. Мелиоранский, X. N. Оркун, С. Е. Малов, Е. Тенишев, Б. Арпад, Т. Текин, М. Эргин, О. серткая арасында өз орнын алды. Оның ғылыми жетістігі тек осы ортақ Түркологиямен ғана шектелмейді, ол қазақ халқына өзінің туған тіліне негізделген Орхун Енисей жазуларына дейін өзінің шығу тегін берді.

ESKİ TÜRK YAZITLARININ ÂLİMİ / BİLGESİ GUBEYDULLA AYDAROV

Prof. Dr. Cengiz ALYILMAZ

Bursa Uludağ Üniversitesi

Fen-Edebiyat Fakültesi

Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü

Nilüfer, Bursa, TÜRKİYE

Özet

Türkoloji alanında eski Türk yazıtları ve eski Türk diliyle ilgili araştırma ve incelemeleri yapanların kimler olduğuna bakıldığında genelde Rus ve Alman Türkologların adlarının ön plânda tutulduğu dikkati çeker. Son derece başarılı çalışmalar yapmalarına ve eserler (kitaplar, makaleler ve bildiriler) yazmalarına rağmen Türkiye'deki ve Türk dünyasındaki bilim adamlarının adlarına ve çalışmalarına ise literatürde çok fazla yer verilmediği görülür.

Türk dünyasında eski Türk yazıtlarıyla ve eski Türk diliyle ilgili araştırma ve inceleme yapan bilim insanlarının sayılarının da çok az olduğu ne yazık ki acı bir gerçektir. Bunun elbette farklı sebepleri vardır. Sovyetler Birliği Dönemi'nde, eski Türk yazıtlarıyla ve eski Türk diliyle ilgili çalışma yapmak bilim insanları tarafından riskli görüldüğünden bu alanda çalışmayı çok az kişi tercih etmiştir.

Sovyetler Birliği Dönemi'nde eski Türk yazıtlarıyla ve eski Türk diliyle ilgili bilimsel-akademik çalışmalar yapan, kitaplar yazan, korkusuz ve cesaretli bilim adamlarından biri de Gubeydulla AYDAROV olmuştur.

AYDAROV, hem Sovyetler Birliği Dönemi'nde hem de bağımsız ve özgür Kazakistan Cumhuriyeti Dönemi'nde birbirinden değerli eserler yazarak, öğrenciler ve akademisyenler yetiştirerek Türkoloji çalışmalarına çok önemli katkılarda bulunmuştur.

AYDAROV, Türkoloji alanında yaptığı bilimsel-akademik çalışmalar ve yazdığı eserler sayesinde “büyük âlim” ve “bilge” sıfatlarını sonuna kadar hak etmektedir.

Anahtar kelimeler: Gubeydulla AYDAROV, Türkoloji, eski Türk yazıtları, eski Türk dili, Kazakistan

(Kök)türk harfli eski Türk yazıtlarıyla ilgili araştırma ve inceleme yapanların adları anıldığında genelde Rus ve Alman ekolünün temsilcisi bilim insanların adlarından ve çalışmalarından söz edilir. Türkiye'de ve Türk dünyasında yapılan çalışmalardan ya hiç bahsedilmez ya da çok az olarak bazı bilinen isimler tekrar edilir.

(Kök)türk harfli eski Türk yazıtlarıyla ve eski Türk diliyle ilgili araştırma ve inceleme yapanlardan bahsedilirken Türkiye'deki, Türk dünyasındaki ve diğer ülkelerdeki bilim insanlarını birlikte anmak ve belirtmek gerekir. Çünkü her dinde, her inançta ve her ideolojide “emek” kutsaldır. Hangi inançtan ve hangi milletten olduğuna bakmadan eski Türk yazıtlarıyla, eski Türk diliyle, tarihiyle ve kültürüyle ilgili araştırma ve inceleme yapanları, eserler (kitaplar, makaleler, bildiriler) yayımlayanları anmak, onlara vefa gösterip saygı duymak, hem iyi bir insan olmanın hem de gerçek bilim adamı olmanın gereğidir.

Farklı ülkelerden, farklı milletlerden ve farklı inançlardan bilim insanlarının eski tür dili ve eski Türk yazıtlarıyla ilgili eserleri aslında birbirlerini tamamlayan ve her biri alana ayrı ayrı değer katan eserlerdir. Bu sebeple de eski Türk yazıtları ve eski Türk diliyle ilgili araştırma ve inceleme yapan bilim insanlarını aynı kovanda bal yapmaya çalışan arılara benzetmek yanlış olmasa gerektir.

Eski Türk yazıtlarıyla ve eski Türk diliyle ilgili araştırma ve inceleme yapan ve birbirinden değerli eserler yazıp adını Türklük Bilimi (Türkoloji) tarihe altın harflerle yazdıran bilim insanlarından biri de seçkin ve saygın Kazak bilim adamı Gubeydulla AYDAROV'dur.

• **Gubeydulla AYDAROV'un hayatı ve eserleri:**

AYDAROV, 18 Haziran 1921 tarihinde Kazakistan'da Mangıstav İli'nin Şapagatov Kasabası'nın Emir-Tortı Köyü'nde dünyaya gelir. Yoksulluk ve hastalıklar yüzünden erken yaşta babasını kaybeder; Türkmenistan'ın Taşavuz (Taşoğuz / Daşoğuz) şehrinde çocuk yetiştirme yuvasına alınır. 1934-1938 yılları arasında Taşavuz'daki okullarda pedagoji eğitimi alır. Bir süre öğretmenlik yapar. 1940-1944 yılları arasında askere alınır ve II. Dünya Savaşı'na katılır. Savaş sonrasında bir süre öğretmenlik ve yöneticilik yapan AYDAROV, 1948 yılında Çimkent Öğretmen Enstitüsünü; 1952 yılında Kazak Millî Pedagoji Enstitüsünü tamamlar. AYDAROV, bu yıllarda eski Türk yazıtlarıyla bilimsel-akademik seviyede ilgilenmeye başlar. Bu alana olan ilgisi ve gayreti sayesinde 1960 yılında yüksek lisansını; 1974 yılında da doktorasını tamamlar. (Abuova, 2019: 329-332; Ayagan vd., 2002: 122). Eski Türk yazıtları ve eski Türk diliyle ilgili pek çok esere imza atan AYDAROV, ardında onlarca kitap ve yüzlerce makale bırakarak 01 Mart 2001 tarihinde vefat eder.

Gubeydulla AYDAROV'un bireysel ve ortak olarak yazmış olduğu eserlerin en önemli olanları şunlardır:

AYDAROV, G. (1966). *Yazık Orhonskogo Pamyatnika Bilge-Kagana*. Almatı,

AYDAROV, G. (1970). *Yazık Pamyatnika Kuli Çora VIII. Veka*. Almatı.

AYDAROV, G. (1971). *Yazık Orhonskih Pamyatnikov Drevnetyurkskoy Pis'mennosti VIII Veka*. Almatı.

AYDAROV, G. (1979). *Bibliografiçeskiy Ukazatel Literaturı po Yeniseysko-Orhonskim i Talasskim Pamyatnikam Drevnetyurkskoy Pis'mennosti*. Almatı.

AYDAROV, G. (1986). *Köne Türki Jazba Eskertkişteriniñ Tili*. Almatı.

AYDAROV, G. (1990). *Orhon Eskertkişteriniñ Teksi*. Almatı.

AYDAROV, G. (1991). *Köne Uyğır Jazba Eskertkişteriniñ Tili*. Almatı.

AYDAROV, G. (1995). *Kültegin Eskertkişi*. Almatı.

AYDAROV, G. (1995). *Orhon-Yenisey Jene Köne Uyğır Jazba Eskertkişteriniñ Tili*. Almatı.

AYDAROV, G. (1995). *Orhun Jazba Eskertkişteri*. Almatı.

AYDAROV, G. (2000). *Tonikuk Eskertkişinin Tili*. Almatı.

AYDAROV, G. (2003). *Estelikter*. Almatı.

AYDAROV, G.ve KHIDIROV M. N. (1968). *Orkhon-Yenisey Yadigerliklerinin Dili*. Aşabat.

AYDAROV, G., KURIŞJANOV, E. ve TOMANOV, M. (1971). *Eski Türki Jazba Eskertkişterinin Tili*. Almatı.

MUSABAYEV, G., MAHMUDOV, A. ve AYDAROV, G. (1971). *Epigrafika Kazahstana*, Almatı.

• **Gubeydulla AYDAROV'un âlimliği ve bilgeliği:**

Gubeydulla AYDAROV neden “büyük âlim”dir ve “bilge”dir? Onun çalışmaları niçin önemlidir? Bu soruları şöyle cevaplandırmak mümkündür:

Öncelikle şunu belirtmek gerekir ki, AYDAROV'un eski Türk yazıtlarıyla ilgili ilk çalışmaları Rusya Türkolojisi'nin içinde değerlendirilecek niteliktedir. Çünkü AYDAROV'un çalışmalarında esas aldığı, kullandığı (Kök)türk harfli metinler W. RADLOFF, S. Ye. MALOV vd. bilim insanlarının yayımladıkları metinlere dayanmaktadır. AYDAROV, ne yazık ki (Kök)türk harfli yazıtları yerinde görme, inceleme ve belgeleme imkânını bulamamıştır. AYDAROV, yazıtlara ait (Kök)türk harfli metinleri her ne kadar kendisi yazıtların bulundukları yerlere gidip epigrafik belgelemelerini yaparak oluşturmamış olsa da o, bu metinlerin çözümlemeleri, açıklamalarının yapılması, anlamlarının verilmesi, metinlerin dil ve üslup özelliklerinin belirlenmesi, yazıtların Kazaklarla ve diğer Türk boy ve topluluklarıyla ilgisinin ortaya konulması hususlarında son derece özgün / orijinal bilgiler sunmuş ve bunda başarılı olmuştur.

Sovyetler Birliği Dönemi'nde Türk asıllı bilim insanlarının Türk boy ve topluluklarıyla, eski Türk yazıtlarıyla, Türklerin ve Türk dilinin geçmişiyle... ilgili araştırma ve incelemeler yapmaları, eserler yazmaları "Pantürkizm" propagandası çerçevesinde değerlendirildiğinden bilim insanlarının çoğu söz konusu alanlardan uzak durmuş; eski Türk dili alanı daha ziyade Türk olmayan bilim insanlarına bırakılmıştır. Birçok Türk aydının ve bilim adamının yazdıkları eserler, katıldıkları toplantılar yüzünden Azerbaycan'da, Kazakistan'da, Kırgızistan'da, Özbekistan'da, Türkmenistan'da, Tataristan'da, Kırım'da... ya öldürüldüğü veya sürgüne gönderildiği bilinen bir gerçektir. (26 Şubat - 06 Mart 1926 tarihleri arasında gerçekleştirilen; katılımcıları ve sunulan bildiriler bakımından "Türkoloji Kurultayları"nın en görkemlilerinden biri olarak kabul edilen Bakü Türkoloji Kurultayı'na katılan pek çok bilim adamının "Pantürkis"t, "Panturanist", "Panislamist", "sistem karşıtı" ve "halk düşmanı"... suçlamalarıyla suçlanıp öldürülmüş olmaları da bunun en büyük ispatıdır. bk. Buran, 2009: 430-444; Buran, 2016; Gökdağ, 2015). AYDAROV, bütün bu acı gerçeklere, geçmişte yaşanan çok büyük sıkıntılara, zorluklara ve engellemelere rağmen korkmadan, çekinmeden ve yılmadan Sovyetler Birliği Dönemi'nde çalışma alanı olarak eski Türk dilini ve eski Türk yazıtlarını seçmiş; hiçbir yerden ve hiçbir kimseden maddi destek almadan birbirinden değerli eserler (kitaplar, makaleler ve bildiriler) yazarak hem büyük başarılarla imza atmış hem de kendi adını ölümsüzleştirmiştir.

AYDAROV'un kitaplarının eski Türk yazıtlarıyla ilgili olarak yayımlanan eserlerden birçok bakımdan üstün yanlarının olduğunu da açık yüreklilikle ifade etmek gerekir. Çünkü eski Türk yazıtlarının metinlerini iyi anlayabilmek ve yorumlayabilmek için öncelikle yazıtların sahiplerinin etnik ve kültürel değerlerini, dillerini, tarihlerini, kültürlerini, yaşayışlarını, inanışlarını çok iyi bilmek gerekir. AYDAROV'un bir Kazak (Türk) olması, Türk boy ve topluluklarına ait değerleri bilmesi, bu değerlerin yaşandığı ve yaşatıldığı coğrafyada doğup büyümesi onun başarılı eserler yazmasını ve farkındalık oluşturmalarını sağlamıştır.

Eski Türk yazıtlarıyla ilgili araştırma ve inceleme yapanların, kitaplar, albümler ve kataloglar hazırlayanların büyük bölümü tarih, arkeoloji, epigrafi vd. alanlarda çalışan bilim insanları olmuştur. Söz konusu alanlarda çalışan bilim insanlarının büyük bölümünün tarihî ve çağdaş Türk lehçelerini bilmedikleri, Türkçenin dil bilgisi kurallarına vakıf olmadıkları bu sebeple de yazıtlarda geçen bazı sözcükleri, sözcük guruplarını yanlış okuyup yorumladıkları inkâr edilemez bir gerçektir. AYDAROV, ana dili Kazakça (Kazak Türkçesi) olan, Oğuz, Kıpçak ve Karluk gruplarına ait farklı Türk lehçelerini ve farklı dilleri de bilen bir dilcidir. Ana dilinin Türkçe, kendisinin de dilci olması, onun yazıtlara ait metinleri doğru anlayıp doğru yorumlamasında ve başarılı eserler ortaya koymasında önemli rol oynamıştır.

AYDAROV, Eski Türkçe Dönemi'nin her alanıyla ([Kök]türk, Uygur, Karahanlı) ve hemen hemen her eseriyle ilgilenmiş; makaleler ve bildiriler yazmış; bu döneme ait eserlerin tarihî ve çağdaş Türk lehçeleriyle ilgisini kurmaya çalışmıştır.

AYDAROV, yalnızca araştırma ve incelemeler yapan bir bilim adamı değil; lise ve üniversite yıllarında pedagoji eğitimi de almış, farklı eğitim kurumlarında "öğretmen" ve "eğitim üyesi" olarak görev yapmış başarılı bir "eğitimci"dir. Onun pedagoji eğitimi almış olması, eğitimci kimliği taşıması eserlerinin yöntemini ve içeriğini sistematik ve akılcı bir şekilde hazırlamasını sağlamış; eserlerini diğerlerinden farklı ve daha başarılı kılmıştır.

AYDAROV'un en önemli özelliklerinden biri de lisans, yüksek lisans ve doktora seviyelerinde dersler verip öğrenciler yetiştirmiş olmasıdır.

• Sonuç ve öneriler:

Gubeydulla AYDAROV, yazmış olduğu eserlerle eski Türk dili ve Türk yazıt bilimi alanına önemli katkılar sağlamış; çok zor dönemlerde ve şartlarda çok büyük işler başarmış, son derece bilgili, birikimli, kültürlü bir bilim adamıdır.

AYDAROV'un çileli, özverili ve başarılı hayatıyla ilgili kitaplar, albümler ve belgeseller hazırlanmalı; örnek ve başarılı bir bilim adamı olarak adı okullara ve önemli eğitim öğretim kurumlarına verilmelidir.

AYDAROV'un yazdığı kitaplar (içlerindeki bazı bilgiler ve görüntüler güncellenerek) çok dilli olarak (Türkçe, Rusça, İngilizce vd.) yeniden basılmalıdır.

01 Mart 2001 tarihinde vefat eden Gubeydulla AYDAROV'dan kalan kitaplar ve arşivindeki belgeler mutlaka merkezî bir bölgedeki (kolay ulaşılabilir bir şehirdeki) kütüphanede toplanmalı; bu kütüphaneye de AYDAROV'un adı verilmelidir.

KAYNAKLAR

1. ABUOVA, A. (2019). Gubeydulla Aydarov. *Türkiye Dışındaki Türk Dünyası Türkologları*, (Editör: A. BURAN), Ankara, 329-332.
2. ALYILMAZ, C. (2005). *Orhun Yazıtlarının Bugünkü Durumu*. Ankara.
3. ALYILMAZ, C. (2007). *(Kök)türk Harfli Yazıtların İzinde*. Ankara.
4. AYAGA, B. vd. (2004). Aydarov Gubeydolla. *Kazakhstan Natsional'naya Entsiklopediya*, 1, Almatı, 122.
5. BURAN, A. (2009). Sovyet Türkolojisi ve Birinci Türkoloji Kurultayı. *International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic*, 4/3, 430-444.
6. BURAN, A. (2016). *Kurşunlanan Türkoloji*. Ankara.
7. ERCİLASUN, A. B. (2005). *Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi*. Ankara
8. GASIMOV, C. (1997). *Esrin Gıyamet Çağı*. Bakü.
9. GASIMOV, C. (1998). *Repressiyadan Deportasiyaya Doğru*. Bakü.
10. GÖKDAĞ, B. A. (2015). *Türklerin Dünyası Dil Kimlik Siyaset*. İstanbul.
11. KARAKAŞ, Ş (1998). *Türkistan'da Kızıl Kırgın Kurbanları*. *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, 5, 24-36.
12. KONONOV, A. N. (2009). *Rusya'da Türk Dillerinin Araştırılması Tarihi*. çev. K. V. NERİMANOĞLU, N. MURADOV ve Y. SEVİMLİ, Ankara.
13. KOÇ, K. (2010). Kazak Dil Bilimi Araştırmaları Tarihi. *Kültür Evreni*, 8, 211-239.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАСТАУЛАРЫ НЕМЕСЕ ПРОФЕССОР ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Исаева Жанат Аманжолқызы

«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ

«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының аға менеджері,

филология ғылымдарының кандидаты,

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Тарихи санамыз бен ұлттық ділімізді сауықтырып, түлету мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы уақыт көшінде қалып, жадымыздан шыға бастаған құндылықтарға қайта назар аударуға мүмкіндік берді. Аталмыш бағдарлама қабылданғалы көптеген іс-шаралар қолға алынып, игілікті істер атқарылып келе жатыр, алайда әлі де назар аударатын дүниелер аз емес. Солардың қатарында жазба мәдениет жәдігерлерінің маңызы ерекше. Түркі жұртының ілкі тарихы мен өмір салтын айғақтайтын жазба ескерткіштері – ұлы Тұран ұрпақтары ақыл-ойының үздік үлгісі. Осындай әлемдік деңгейдегі түркілік құндылықты зерттеу жұмысын алғаш қолға алған отандық ғалымдардың қатарында филология ғылымдарының докторы, профессор Ғұбайдолла Айдаровтың есімі айрықша аталады. Ол бар саналы ғұмыры мен мен еңбек жолын тіл ғылымына арнап, оның ішінде қазақ ғалымдарынан бұрын-соңды ешкім бармаған жұмбағы көп түркология саласына түрен салды. Тағдыр тәлкегін көп көрген азамат үздіксіз ізденіс жолына түсіп, өмірдегі есесін ғылымнан қайтарды. Балалық шағы зобалаң аштық жылдарына, жастық шағы соғыс сұрапылына сәйкес келген қатқылдау өмір соқпақтары бар ынты-шынтысымен ғылым жолына түскен табанды жастың жігерін жасыта алмады.

Ғұбайдолла Айдаров аспирантурада білім ала жүріп, белгілі түрколог ғалым Ц.Д. Номинханов пен көне түркі жазуларының білгірі, әйгілі С.Е. Маловтан беймәлім жазудың

қыр-сырын ұғынады. Сол арқылы елге келгеннен кейін Орхон-Енисей және Талас жазбаларын оқып, қазақ тіл ғылымында алғашқылардың бірі болып, түркология саласына түрен салады. Кейін осы салаға бірыңғай бетбұрып, өмірінің соңына дейін іргелі ғылыми зерттеулермен айналысады. 1960 жылы «VIII ғасырдағы Тоныкөк ескерткіші және оның қазіргі кездегі кейбір түркі тілдеріне қатысы» атты кандидаттық диссертациясын, 1974 жылы «Орхон-Енисей және Талас жазба ескерткіштерінің лексикасы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Осындай жан-жақты әрі тыңғылықты жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде «Язык орхонского памятника Бильге кагана» (1966), «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в.», «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1991), «Орхон ескерткіштерінің тексі» (1990), «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (1991), «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштер тілі» (1992) атты монографиялары жарық көріп, ғылыми көпшілік назарына ұсынылады. Ең алғаш осы салада жарық көрген ғылыми зерттеулердің «Библиографиялық көрсеткішін» құрастырды.

Профессор Ғұбайдолла Айдаровтың тағы бір атап айтар еңбегі – ғылыми зерттеулер жүргізумен қатар білім беру саласына арнап оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу жұмыстарын қатар жүргізіп отыруы. Ғылымда мойындалған жаңалықтар артынша болашақ тіл мамандарын даярлайтын филология факультеттеріне арналған оқулықтар мазмұнына арқау болып, жоғары білім беру саласында үлкен сұранысқа ие болды. Олардың қатарында ғалымның «Көне түркі жазуларынан мағлұматтар» (VIII ғ. Мойын-Чор ескерткішінің тіліне арналған) атты көмекші құралы (1966), түрікмен тілінде профессор М. Хыдыровпен бірлесіп жазған «Орхон-Енисей ядигерликлериниң дили» (1968) атты оқу құралы, ф.ғ.д., профессор Ә.Құрышжанов және М. Томановпен бірге дайындаған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1978) атты оқу құралдары бар.

Ғалымның ұзақ жылдарға созылған табанды еңбегінің арқасында түркі жұртының мәңгілік мұралары Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Құтлығ қаған, Мойын-Чор ескерткіштерінің бетіндегі бәдіз жазуларының сыры ашылып, әлемдік түркология қанжығасына олжа салынды. Ғұбайдолла Айдарұлы дала кезіп, тау аралап, су кеше жүріп, тасқа қашалған ескерткіштер мәтіндерінің тілдік құрылымын, сөздік құрамын, дыбыстық ерекшеліктерін хатқа түсіріп, ғылыми айналымға енгізді. Сөздік құрамына лексика-семантикалық талдау жасап, ұғымдық аппаратын анықтады. Мағынасы көмескі тарихи сөздердің этимологиясын айқындады. Жазулардың транскрипциялары мен аудармаларына салыстырмалы талдау жасап, ілкі мағыналары мен қолданыс ерекшеліктерін анықтады. Жан-жақты жасалған типологиялық талдау негізінде ғалым түркі тілдеріне ортақ сөздерді жіктеп, оларды деректі (туыстық атаулар, дене мүшелеріне байланысты атаулар, жан-жануар, аң-құс, мал атаулары, баспана, құрылыс атаулары, қазба байлық, кен атаулары, соғыс ісіне қатысты атаулар) және дерексіз (абстрактілі) атауларға топтастырады. Деректі ұғымдарды одан әрі заттық ұғымды, сандық шаманы, түр-түсті және қимыл-әрекетті білдіретін сөздер қатарына жіктеп, ескерткіштер тілінің морфологиялық қабаттарын ажыратты. Ал дыбыстық ерекшеліктерінен түркі тілдерінде ілгеріден келе жатқан ортақ құбылыс – дауысты дыбыстардың үндесім (сингармонизм) заңына айрықша тоқталады. Ескерткіштер мәтіндерін бұлай тілдік құрылым жағынан жан-жақты зерттеу аталмыш саланың текстологиясын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ғалымның сан жылдарға созылған іргелі әрі кешенді еңбегіне белгілі орыс түркітанушы ғалымы Э.Наджип былай баға береді: ««История тюркских племен, на языке которых написаны древние памятники, сама письменность в достаточной степени были изучены у нас и за рубежом многими учеными. Но все эти разноразличные материалы разбросаны по всему миру и не доступны не только студентам вузов, но и сотрудникам многих научно-исследовательских институтов страны. Заслуга Г. Айдарова заключается в том, что он все это собрал воедино, подверг все эти материалы критическому изучению, по мере возможности внес некоторые поправки в чтение, транскрипцию и перевод отдельных лексических единиц и грамматических форм. Мы особое внимание уделяли исследованиям Г. Айдарова потому, что он является фактически первым

казахским ученым, который проложил путь в Казахстане к этой отрасли филологической науки».

Ұзақ жылдарға созылған осынша еңбегінің нәтижесінде елімізде түркология мектебінің қалыптасуына тікелей мұрындық болған аса көрнекті ғалым Ғұбайдолла Айдаров ізін түркология тарландары, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Алтай Аманжолов, Әбжан Құрышжанов, Мархабат Томанов, Құлмат Өмірәлиев, Қаржаубай Сартқожаұлы, Жамал Манкеева, Ерден Қажыбеков, Гүлбану Қосымова т.б. көрнекті ғалымдар жалғастырды. Бүгінде өз алдына бөлек зерттеу салаларын қамтитын, бірнеше мектеп басын қосатын, әлемдік түркологияда өзіндік орны бар отандық түркітану өткеннен тағылым алып, болашаққа бағдар түзеуге септігі тиер іргелі зерттеулер саласына айналып отыр. Қай кезде тыңнан түрен салу, сыры жұмбақ істі қолға алып, тәуекелге бару оңай шаруа емес. Қазақ ғалымдарының арасынан алғаш рет қиын да қызықты түркология саласына қадам басып, тұтас дәуірлер мен мыңжылдықтардың куәсі, халқымыздың баға жетпес тарихи жәдігері – түркі жазба ескерткіштерін кешенді түрде зерттеуге ғұмырын арнаған ғалым еңбегі мен мол ғылыми мұрасы әлі де жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Кезінде солақай саясат ықпалымен халқымызға қасақана тағылған «ұлттық мәдениеті қалыптаспаған, сауатсыз, болашағы бұлдыр жұрт» деген жалған пікірлерді жоққа шығарып, тарихын тереңнен тартатын халқымыздың әлемдік өркениет көшіне сан ғасырлар бұрын қосқан үлесін паш еткен дегдар ғалым еңбегі бүгінгі таңда тарихи тамырларымызға жан бітіріп, ділімізді оятуға, рухани бастауларымызға қайта бет бұрғызып, жаңғыруымызға қатысты талай ізденістерге тікелей мұрындық бола алады. Ғалымның «Қолыңнан келетін тірлікпен ғана айналыс» деген ұлағатты сөзі өз табиғаты мен ғылымға шын берілген болмысын, ұлағатты өмірі мен ғибратты ғылым жолын айғақтағандай. Уақыт көшінде ұлт биігін аласартпауға, рухын шыңдап, ділінен ажырамауға қызмет еткен Ғалым-азамат еңбегі Мәңгілік ел болуға ұмтылған мемлекеттің елдік мұраттарына жетуде әлі де талай ғасырлар қызмет ете беретініне кәміл сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғұбайдолла Айдаров (Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар). Алматы: «Арыс», 2002 ж.
2. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971.
3. Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998. – 509 б.
4. Айдаров Ғ. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1991.

ПРОФЕССОР ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ МӘСЕЛЕСІ

*Аталған мақала
АР 08855980 «Қазақ тілінің тарихи сөздігі»
атты ҚР БҒМ бекіткен гранттық ғылыми
жобасының аясында жазылды.*

*Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Тіл қай дәуірде болмасын, сол қоғамның қал-жағдайынан, қоғамдық қарым-қатынасынан, әлеуметтік танымынан хабардар беретіні ақиқат. Өйткені тіл – қоғаммен қатар өсіп-өнетін, көнеріп, қайта жаңаратын немесе өлетін жанды организм. Әлемдегі барлық тілдер секілді, қазақ тілі де жаралғаннан бері бірнеше ғасырда көптеген өзгерістерге ұшырап,

мындаған сөздеріміз көнеленсе, сандаған жаңа сөздер (неологизм) пайда болып, түрлі өзгерістерді басынан кешуде. Және сонау көне заманнан бері базалық лексиканы құрайтын көптеген түркі тілдеріне ортақ негізгі сөздердің де тілімізде алар орны ерекше.

Тарихи тұрғыдан келгенде, V-IX ғасырларды қамтитын Көне түркі дәуірі тұрғысынан алғанда, қазақ тілінің қалыптасу тарихының бұл кезеңі түркі әлемінің өркендеу дәуірімен, яғни Түркі қағанатының құрылуымен және сына жазулы Орхон, Енисей және Талас жазба ескерткіштерінің жасалуымен сәйкес келетіні белгілі. Ал бұл дәуірдің басты ерекшелігі ретінде ғалымдар түркілердің өз тарихын, өздері жайлы мәліметтерді өздері жазып қалдырғанын, өзара жақындық белгілеріне қарай түркі тілдерінің қыпшақ, оғыз, ұйғыр (қарлұқ) тайпалық тілдік бірлестіктерге жіктеле бастағанын, тіптен қырғыз, ұйғыр тәрізді жеке тілдердің қалыптасу процесі бой көрсеткенін айтады. Мұны С.Е.Малов, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Қ.Сартқожаұлының зерттеулері бойынша сол дәуірден бізге жеткен Орхон-Енисей руникалық жазба мұралары мен көне ұйғыр тіліндегі ескерткіштері айғақтайды. Соның бірі – Ғ.Айдаровтың Ә.Құрышжанов және М. Томановпен бірге дайындаған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) атты оқу құралы [1]. Бұл еңбектің «Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің тілі», «Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі» деген бөлімдерін Ғ.Айдаров жазған.

Осы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуде қазақ тіл білімі үшін Ғұбайдолла Айдаровтың ғылыми еңбектері өте маңызды орын алады. Осы жерде «Отандық түркология тарихында соқтықпалы соқпақсыз заманда тыңға түрен салған, жасқанып мұқалып қалмай, өз бетімен өрге ұмтылып, табанды ізденістерге барған, Орхон мұраларының қазақ тіліне қатысын зерделеп ізашар еңбек жазған, көрнекті ғалым, тіл білімінің алдыңғы алыптар буыны өкілдерінің бірі – бүгіндері 100 жылдық мерейтойы аталып отырған, Қазақстанның ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғұбайдолла Айдаров. Ол отандық түркологияда көне түркі бітік жазбаларын алғаш зерттеп, мезгіл өзгерісінің хабаршысы болған қарлығаштардың бірі еді [2], деп айтылған «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан Д.Қыдырәлінің «Түркологияға түрен салған тарланбоз» деген мақаласында.

Ғ.Айдаров «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбегінде, ең алдымен, онда қолданылған алфавитті анықтап алу керектігіне тоқталып, өзіне дейінгі Г.И.Спасский, М.А.Кастрен және Г.Вамбери, Н.А.Аристов, Н.Г.Малницкий, В.Радлов, С.В.Киселев, И.А.Батманов, С.Г.Кляшторный, П.А.Мелиоранский, В.В.Бартольдтің пікірлерін саралай отырып, олардың айтқан пікір-болжамдарын әлі де болса зерттеп, анықтай түсу керек екендігін айтып, өзі Орхон жазуының сол кездегі түркі тілінің дыбыстарын бейнелеуге қолайлы жазу болған деп қорытындылайды.

Фонетикалық жағынан дауысты, дауыссыз дыбыстарды қарастырады. Дауысты дыбыстардың бойынша ескерткіштерде төрт таңба сегіз дауысты дыбысты өрнектеуге қолданылғанын мысалдар арқылы көрсетсе, дауыссыз дыбыстарды – жалаң дауыссыздар, қос дауыссыздар, дыбыс тіркестері – деп топтастырып қарастырады. Ал дыбыстардың алмасуы бойынша дауысты дыбыстардың алмасуына – 8, дауыссыз дыбыстардың алмасуының – 12 түрін келтіреді. Сондай-ақ буын және сингармонизм мен ассимиляцияға да ескерткіштер бойынша талдаулар жасайды.

Морфология бөлімі бойынша, ең алдымен, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі сөздерді құрамына қарай түбір сөздер, туынды сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер және күрделі сөздер деп бөліп, сөз тұлғаларын анықтап береді де, тек содан кейін сөз таптары әрқайсына жеке тоқталады. Зат есімдерді де, алдымен, бір буынды және көп буынды негізгі зат есім мен туынды зат есімдерді ажыратып береді. Туынды зат есімдер бойынша, зат есім тудыратын өнімді жұрнақтарды мысалдармен келтіреді. Одан кейін зат есімнің көптік жалғауларына, зат есімнің тәуелдену ерекшеліктеріне және септік жалғаулары айқындалады. Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде жеті түрлі септік бар. Қазіргі кездегі түркі тілдерімен салыстырғанда, көне түркі жазбаларының тіліндегі септік жалғаулардың тұлғалық және мағыналық кейбір айырмашылықтары бар екенін көрсетеді, әйтсе де Ескерткіштердің орнатылғанына мың

жылдан астам уақыт өткеніне қарамай, ондағы септіктер осы заманғы түркі тілдеріндегі септіктерден көп ерекшеленбейді деп қорытындылайды.

Сын есім бойынша сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдерді бөліп көрсетеді. Сапалық сын есімді үш топқа – заттың түр-түсін білдіретін, заттың көлемі мен аумағын білдіретін, заттың сапасын, сыр-сипатын білдіретін – деп топтастырады, ал қатыстық сын есімдерге қатысты сөз тудыратын алты түрлі жұрнақтарды көрсетеді. Одан кейін ескерткіштердегі сын есімнің шырай түрлері мен сын есімнің қандай сөйлем мүшесі болатындығы туралы анықталады.

Сан есім бойынша ескерткіштерде мағынасына қарай бес түрлі – есептік, реттік, жинақтау, болжалды, аралас – сан есімдер қолданылатынын анықтап, оның ішінде аралас сан есімдер (жеті иегірмі (он жеті), үш отыз (жиырма үш)), В.В.Бартольдтың пікірінше, XI ғасырдағы «Құтадғу білігтен» кейінгі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді деп тұжырымдалса, Орхон-Енисей жазуларына ерекше мән берген С.Е.Малов мұндай санау тәртібінің сары ұйғырлар тілінде әлі де қолданылатындығын айтады деп қорытындылайды.

Есімдіктер бойынша, ескерткіштер тілінде мағынасына қарай алты түрлі – жіктеу, сұрау, сілтеу, өздік, болымсыздық, жалпылау – есімдіктері қолданылғаны айқындалған.

Етістіктер бойынша, алдымен, негізгі етістік пен туынды етістіктерді, оның ішінде есім негізді туынды етістік пен етістік негізді туынды етістіктерді ажыратып, олардың негізгі жұрнақтарын көрсетеді. Одан кейін болымды және болымсыз етістікті, етістіктің жіктелуін, көсемше (төрт түрлі қосымша), есімше (осы шақ, келер шақ, өткен шақ), етістер (өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс), етістіктің райлары (ашық рай (осы шақ, келер шақ, өткен шақ), шартты рай, бұйрық рай, қалау рай) және күрделі етістіктер көрсетіледі.

Үстеулер бойынша, олардың басқа сөз таптарымен салыстырғанға, көп емес екенін анықтап, негізгі және туынды үстеулерді көрсетеді де, мағыналық жағынан қазіргі қазақ тіліндегідей мезгіл үстеу, мекен үстеу және амал үстеулерінің кездесетініне аздаған мысалдар келтіріледі.

Шылаулар бойынша, Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде шылаудың сегіз түрі қолданылғаны анықталған. Олар: тегі (дейін, шейін), үчүн (үшін), өтрү (соң, үшін, сондықтан), бірле (-менен), кісре (соң), сайу (сайын), йеме (және), да (де, та, те) шылаулары.

Одағай бойынша, ескерткіштер тілінде одағайлардың кездеспейтінін көрсетеді.

Синтаксис бойынша, Орхон-Енисей жазба нұсқаларында қазіргі түркі тілдерінде бар сөйлемдердің барлық түрі кездеседі. Олар мағынасына және айтылу ерекшеліктеріне қарай хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдер екені көрсетіледі. Сөз тіркесі бойынша, салаласа және сабақтаса байланысқан, сабақтаса байланысқан сөз тіркестерінің қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, жанасу секілді байланысу түрлері түгел кездесетінін мысалдар арқылы көрсетеді. Одан кейін сөйлем мүшелеріне жеке-жеке тоқталады да, олардың орын тәртібін де ескерткіштер тілі бойынша түсіндіріп береді. Сонымен қатар сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің де кездесетіні анықталады. Ескерткіштерде жай сөйлемдер мағыналық және тұлғалық жағынан бірімен-бірі байланысып, аяқталған күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдер де, оның салаласа және сабақтаса байланысқан түрлері бар екенін де мысалдар арқылы дәлелдеп береді. Және төл сөз бен төлеу сөздер және Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінің тыныс белгілері ретінде қос нүктенің қолданылғанын ғалым анықтап береді.

Ал енді профессор Ғ.Айдаров Көне түркі жазба ескерткіштерінің, оның ішінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілінің лексикалық ерекшеліктері бойынша, сөздерді мағынасы жағынан бірнеше топқа топтастырады: 1. Адам және семьялық қатынастарға байланысты сөздер: (ата – ата; ечү – әже, үлкен туыс; катун – қатын, қыз – қыз, іні – іні, сіңлі – сіңлі, келін – келін, йеген – жиен, оғул – ұл т.б. 2. Табиғат құбылыстарымен байланысты сөздер: йер – жер, тағ – тау, қар – қар, таш – тас, ай – ай, күн – күн т.б. 3. Қоғамдық-әлеуметтік атаулар: ел – ел, қан – қан, қаған – қаған, бег – бек, тарқан – дәреже, бай – бай, кул – құл, күң – күң, чығай – кедей т.б. 4. Шаруашылық атауларымен байланысты сөздер: бедіз – ою, өрнек, ағыл – қора, қорған – қорған, барк – жай, алтун – алтын, күмүс – күміс,

темір – темір т.б. 5. Әскери лексика: сү – әскер, сүңсүс – соғыс, уруш – ұрыс, қылыч – қылыш, сүңгү – сүңгі т.б. 6. Жан-жануардың аттары: ат – ат, айғыр – айғыр, тай – тай, інгек – сиыр, буқа – бұқа, барс – барыс, бөрі – бөрі, қасқыр, қой – қой, учуқ – құс, қаз – қаз, тақығ – тауық т.б. 7. Анатомиялық атаулар: баш – бас, адағ – аяқ, көз – көз, боғуз – тамақ, құлғақ – құлақ, йүрек – жүрек, сач – шаш, тыл – тіл, өд – өт т.б. 8. Белгілі бір кеңістік ұғымымен байланысты сөздер: ара – ара, арт – арт, шег – шек, узе – үстіне, коды – төмен т.б. 9. Ескі діни нанымдармен байланысты сөздер: теңрі – тәңрі, умай – әйелдердің құдайы, ыдук – қасиетті т.б. 10. Этникалық атаулар: басмыл (Балық қаласы маңын мекендеген халық), аз (Енисей өзені маңын жайлаған халық), оғуз – оғыздар, қарлуқ – қарлықтар, қыбчақ – қыпшақтар, соғдақ – соғдылар, тардуш – тардұш, табғач – табғаш, татар – татар, татабы – татабы, төліс – төліс, түрк – түріктер, түргес – түргештер, үйғур – ұйғыр, чігіл – чигілдер, чік – чиктер, тезік – тәжіктер, токры – тоқарлар, усун – үйсін т.б. 11. Топонимикалық атаулар: Байбалық – қала аты, Болчу – өзеннің аты, Ертис – Ертис, Кем – Енисей өзені, Көгмен – Саян таулары, Қара құм – Қара құм, Оркун – Орхон өзені, Селеңе – Селенга өзені, Тоғла – өзеннің аты, Алтун йыс – Алтай таулары, Йенчү – Сырдария өзені, Өтүкен – жер аты, Темір қапығ – Темір қақпа т.б.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің лексикасын мұндай тақырыптарға бөліп қарау тарихи лексикология аспектісінен қарағанда, өте ыңғайлы. Себебі тарихи лексикологияның зерттеу объектісі – лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтары. Тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың, ұлттың) бастан кешірген қоғамдық формациялары мен этникалық қалыптасу, дамуының ұзақ жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстылығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді. Демек, тарихи лексикологияның жалпы лексикологиядан айырмашылығы – ол тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйенуінде [3].

Түркі тілдерінің тарихи лексикологиясын жүйелі зерттеу, зерделеу жайы бүгінгі түркологияның ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Түркі ішілік интеграцияда жалпы түркі тіліндегі ақпарат кеңістігін қалыптастыру аса маңызды. Мәселен, татар тілінің тарихи қырларын түркі лексикологиясы тұрғысынан зерттеп жүрген ғалым А.Р. Рахимова нақты бір түркі тілі лексикасының қалыптасу көздері мен генетикалық қабаттары мәселесін шешу үшін, мынадай тақырыптар бойынша лексиканы салыстыра зерделеу керектігін айтады: I. «Табиғат»; II. «Адам»; III. «Қоғам»; IV. «Таным». Олардың әрқайсысын лексикалық-тақырыптық топтарға бөлуге болатынын көрсетеді. Мысалы: I. Табиғат. 1. Жансыз табиғат: 1) Жер және күн жүйесі; жер бетінің құрылымы; 2) Су: су субъектілерінің түрлері; 3) Жер климаты: ауа; жаңбыр мен қар; бұлт және тұман; жел, дауыл және су тасқыны; 4) Жарық және энергия: күн сәулесі мен жылу; от. 2. Жануарлар дүниесі: 1) Өсімдіктер; өсімдіктер анатомиясы; 2) Жануарлар: жануарлардың, құстардың, балықтардың анатомиясы. II. Адам. 1. Адам денесінің құрылымы. 2. Адам өмірі: 1) Баланың дүниеге келуі; 2) Адамның өсуі және жетілуі; 3) Ауру; емдеу; дене жаттығулары; 4) Қартаю және өлім. 3. Адамның сырт бейнесі: 1) Дене құрылымы, сымбаты, сырт келбеті т.б. [4]. Осылайша, тақырыпқа топтау оған дейін де Э.Р.Тенишев жауапты редактор болған «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» деген еңбекте жүзеге асырылған болатын [5]. Біз ғалым А.Р. Рахимованың көзқарасын құптай отырып, осы мәселеге түркітанушы-ғалым Ғ.Айдаровтың Көне түркі жазба ескерткіштерінің лексикасы тұрғысынан талдау жасасақ. Мұның өзі көне түркі тілінен жеткен сөздер қандай лексикалық тақырыптарды қамтыды, олар тұлғалық не сөзжасамдық қалпы қандай болды деген мәселелерді қозғайтыны анық. Әрине, ескерткіштер көне түркілердің лексикасын толық ескермегені белгілі, оны ғалым Ғ.Айдаровтың өзі де: «ескерткішті жазушылар тек өздеріне керекті сөздерді ғана пайдалануы, тілдің өзге көп элементтерінің ескерткіштерге енбей қалуы әбден мүмкін нәрсе» деп ескертеді [1]. Дегенмен бұл ескерткіштердегі деректер қазіргі тілдермен ортақ болған лексикалық бірліктерді анықтауға, лексикалық параллельдердің тұрақтылығын анықтауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Бұр ретте, Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі мен Көне ұйғыр жазу

ескерткіштерінің тілін қазіргі қазақ тілінде қаншалықты жалғасын тауып, сақталды, тарихи тұрғыдан лексикалық параллельдер қандай сипатта өрбіді деген мәселені қазақ тілі мысалында қарастырып көреміз.

Лексика – тілдің даму дәрежесін аңғартатын басты белгілердің бірі десек, лексиканың негізі болып есептелетін негізгі сөздік қор әлденешеленген замандар бойы жасалып, қалыптасқан тілдің ең көне белгілерін көрсетеді.

Көне ұйғыр жазуының қолданыла бастағанынан бері мың жылдан көбірек уақыт өтті, алайда жазу нұсқаларында кездесетін сөздердің күні бүгін көптеген түркі тектес тілдерде кездеседі. Біз оларды төмендегі топтардан анық байқаймыз: 1. Адамға байланысты атаулар: ақа (аға, үлкен ер туыс); апа (апа, шеше, үлкен туыс), іні (іні), қыз (қыз), оғул (ұл), баш (бас), адағ (аяқ), көңүл (көңіл, жүрек). 2. Табиғатқа байланысты атаулар: йір (жер), темүр (темір), сув (су), таш (тас), тағ (тау). 3. Қоғамдық өмірге байланысты атаулар: бай (бай), бег (бек, бастық), іл (ел, халық), кул (құл), күн (күн). 4. Мал және басқа айуанаттарға байланысты атаулар: ат (ат), буқа (бұқа), йонт (жылқы), есек (есек), уд (сиыр), ыт (ит). 5. Егіншілікке байланысты атаулар: екін (егін), еңіз (жыртылған жер), бағ (бақ, сад), борлық (үзім), күнчід (күнжі), уруғ (ұрық), тарығ (тары). 6. Заттардың сапасы мен сынын көрсететін атаулар: ағыр (ауыр), йаңы (жаңа), қара (қара), кічіг (кіші), улуғ (үлкен). 7. Есімдіктер: мен (мен), біз (біз), ол (ол), олур (олар), нече (неше, қанша), мунча (мұнша), барча (барша), бу (бұ, бұл), өзүм (өзім). 8. Заттың саны және сан ретін көрсететін сөздер: бір (бір), ікі (екі), үч (үш), йіті (жеті), секіз (сегіз), отуз (отыз). 9. Әрекет пен қимылды көрсететін сөздер: ал (ал), бір (бер), біті (жаз), кел (кел), тоғ (ту), йоры (жүр), сөк (сөк). 10. Бұлармен қатар ерте заманнан келе жатқан төмендегідей сөздер де кездеседі: імді (енді), тақы (тағы), йана (және), кідін (кейін), соң (соң), бурун (бұрын).

Бұл айтылғандардан байқайтынымыз, Көне түркі жазба ескерткіштері мен Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің лексикасы бірдей емес екен. Әрине ұқсастықтар көбірек. Себебі уақыт айырмашылығы көп емес, десе де профессор Ғ.Айдаровтың топтастыруы бойынша Көне түркі жазба ескерткіштерінің лексикасы тақырыптық топтар бойынша жіктелсе, Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің лексикасын топтау тақырып бойынша басталады да, одан кейін сөз таптары бойынша топтастырылады. Лексикалық ерекшеліктер, негізінен, дыбыстардың алмасуынан ғана байқалады.

Ал, жалпы лексика бойынша Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі лексиканың семантикалық топтары да көрсетіледі, яғни ескерткіштер тіліндегі синонимдер, омонимдер мен антонимдерге және аздап болса да тұрақты тіркестер кездесетініне мысалдар келтірілсе, Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің лексикасы бойынша, кірме элементтер ұшырасатыны айтылып, оларға да мысалдар келтіріледі: «Яғни көне ұйғыр ескерткіштері тілінің Орхон-Енисей жазба нұсқаларының тіліне қарағанда, біраз жетілгені байқалады. Сондай-ақ мұнда басқа тілдерден енген сөздер де кездеседі.

Бақсы (будда тілінде монах), нысан (парсы тілінде белгі), ном (грек тілінде қасиетті кітап, заң), үнер (парсы тілінде шеберлік, өнер), шатранч (парсы тілінде шахмат) т.б.» [1].

Қорыта айтқанда, Орхон мұраларының қазақ тіліне қатысын зерделеп ізашар еңбек жазған, көрнекті ғалым, Қазақстанның ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғұбайдолла Айдаров Көне түркі жазба ескерткіштері мен Көне ұйғыр ескерткіштерін қазақ тілінде сөйлетіп қана қоймай, олардың грамматикасымен қатар лексикасына да терең талдаулар жасау арқылы, қазіргі қазақ тілі де өзге туыстас түркі тілдері сияқты алтай, хун, көне түркі дәуірлерінен бастау алып, бірнеше тайпалық одақтардың тілдік дәстүрлерінің бірігуінен қалыптасқан, базистік лексикасында жалпытүркілік баба тілдің, көне түркі тілінің элементтерін молынан сақтағанын ғылыми-теориялық аспектіде нақты тілдік деректер арқылы негіздеп берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
2. Қыдырәлі Д. Түркологияға түрен салған тарланбоз // Егемен Қазақстан. – 2021. 17 маусым. <https://egemen.kz/article/278816-turkologiyagha-turen-salghan-tarlanboz-%E2%80%93-ghubaydolla-aydarovtynh-tughany-na-100>
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы проблемалары мен міндеттері. // Ғылымдағы ғұмыр. 7 томдық. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – т. 1. – Б. 437-463.
4. Рахимова А.Р. Сравнительная тюркская лексикология и татарский язык // Ученые записки Казанского государственного университета. – Том 148, кн. 2. Гуманитарные науки. – Казань, 2006.
5. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика. 2-е изд., доп. – М.: Наука, 2001. – 822 с.

ТҮРКІТАНУШЫ ҒАЛЫМ ҒҰБАЙДУЛЛА АЙДАРОВ: КӨНЕ ТҮРКІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ

Сейітбекова Айнұр Аташбекқызы

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы, Тіл білімі институтының
Тіл тарихы бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты,
Алматы, Қазақстан*

Отандық түркология іліміне, әсіресе құпиясы мен сыры мол көне жазулардың табылуы мен танылуына, зерттелуіне үлес қосқан отандық көрнекті түркітанушы Ә. Марғұлан, Ш. Уәлиханов, Қ. Жұбанов, Ғ. Айдаров, С. Аманжолов, А. Ағыманов, М. Жолдасбеков, Ғ. Мұсабаев, Қ. Өміралиев, Б. Нұрмұғамбетов, Н. Сауранбаев, Т. Томанов, т.б. ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Әсіресе көне жазуларды зерттеуде, оның сырына терең бойлаған **Ғұбайдолла Айдаровтың** орны ерекше. Ғалымның өмірі мен қызметі жайлы мәлімет берген ғалым Б. Әбілқасымовтың айтуынша, Ғұбайдолла Айдаров С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып жүргенде көне түркі, ескі ұйғыр және моңғол жазуларына қызығады. Осы жазуларды оқып, үйренуге бел байлайды. Санкт-Петербург университетінің түлегі, көне түркі жазуларының білгір мамандарының бірі – ғалым Ц.Д. Номинханов Ғұбайдолла Айдаровқа VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпаларының өздеріне тән жазуы болғанын айтып, жас жігітке құпия жазудың сыр-сипатын үйрете бастайды. Ол кез Ц.Д. Номинханов ҚазМУ-дің Қазақ тілі кафедрасының доценті еді. Сонымен қатар Ғ. Айдаров С.Е. Маловпен тығыз байланыс жасай жүріп, орхон-енисей жазуларын еркін оқи алатын дәрежеге жетеді [1].

Түркітанушының тілтанымдық шеңбері өте кең болуы аса маңызды. Себебі сөз тарихын зерттеудің аса бір қиындығы – көне жазба ескерткіштерді, тасқа қашалған жазудың түр-түрін танып-талдау керектігінде. Ескіліктегі көне түркі, көне ұйғыр, армян, ескі гот, латын, араб т.б. жазулардың барын ескерсек, ғалымның осы аталған жазуларды жетік меңгергендігін ғылыми еңбектерінен байқаймыз. Ғалымның белгілі бір жазба ескерткіштің жазуын талдағанда ескі кельт пе, соғды жазуы ма, ескі гот па, ескі славян жазуы ма, индогот жазуы ма, грек жазуы ма, фин халықтарының ерте кездегі жазуы ма? Осы сияқты жазулардың ара-жігін ажыратып, өзінің ғылыми топшылауларын келтіріп отырады. Мәселен, ғалым Кошо-қайдам алқабындағы Орхон өзенінің бойынан табылған Білге қаған ескерткішінің екі тілде жазылғандығын (түркіше, қытайша) анықтайды. Сондай-ақ, ғалым Орхон жазуымен жазылған ұсақ-түйек бірсыпыра ескерткіштердің барын айта келіп, олардың таңбалары, ұйғыр, араб жазуырамен аралас келгендігін де айта кетеді. Ғалымның Тоныкөк ескерткішіндегі *йабыз* (жауыз), *бад* (жаман), *баз*

(бейбітшілік), *шад* (шат), *чынтан* (ағаш түрі), *барқ* (жай, сарай) сөздерін соғды тілінен, *кунчуй* (бикеш), *сенуң* (әскери), *табғаш* (қытай) сөздерін қытай тілінен, *мар* (ұстаз) сөзін санскрит тілінен енген деп көрсетеді. Ғалымның осындай ғылыми ізденістеріндегі *графикатанушылық қасиеті, көп тілді білуі* шетел ғалымдарын да тамсандырған.

Ғалымның көне жазуды өте жетік меңгергенінің және жеңіл оқуының арқасында әр ескерткіштің мерзімі, көлемі, құрылымы, тілі, жанры, стилі деген сияқты тағы басқа ерекшеліктері тұрғысынан талдап қана қоймай, ескі ме, жаңа ма? Қай өзеннің бойындағы жазу жақсы сақталған? Жақсы сақталуының себебі неде? деген мәселелерге де назарын аударып, ғылыми тұрғыдан негіздеп отырады. Мәселен, ғалым туған жері Маңғыстаудың тарихын бейнелейтін ескерткіштерге экспедиция жасап, зерттеулер жүргізеді. Маңғыстау түбегінде кездесетін ескерткіштердің бірі – ескі мен құлпытастар туралы ғалым: «Құлпытастар ерте заманда түркі тайпалары қолданған балбалдардың өзгерген түрі. Балбалдарды ескерткіштер ретінде VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпалары да, қарлұқтар да, қыпшақ-половцылар да кеңінен қолданды. Орта Азияға мұсылман дінінің бірте-бірте еніп, кең өріс алуына байланысты жанды нәрселердің суреттерін бейнелеуге тыйым салынды. Сөйтіп, балабалдардың орнына құлпытастар пайда болды. Кейбір жазулар түркі тілінде жазылса, кейбір жазулар қазақ тілінде жазылған», – дейді [2]. Сөйтіп ғалым құлпытастың бетіндегі жазуды оқиды:



Ұшбу қобди құтлығ болғай Қырымқұл, Қыдырша-огылына

Ғұбайдолла Айдаров Талас, Енисей, Орхон өзендерінің бойынан табылған жазуларды лингвотекстологиялық талдау жасай отырып, тұңғыш рет қазақ тіліне аударады. Аударма 1990 жылы «**Орхон ескерткіштерінің тексі**» еңбегінде жарияланады. Бұл отандық түркологияның басты жаңалығы болады. Ғалым осы жұмыстың аудармасы жайында былай дейді: «Бұл дәуірге дейін орхон ескерткіштері қазақ тіліне аударылып, зерттелмей келген еді. Жасалып отырған аударма көркем аударма емес, ғылыми аударма, текстегі сөздер сол мағыналары бойынша тура жасалып отыр» [2]. Ғалымның ғылыми аудармамен беруі мәтінді тілдік тұрғыдан талдау үшін ұсынып отыр деп түсінеміз. Көне жазудың қазақша аудармасы көптеген кейінгі зерттеушілердің ғылыми жұмыстарына арқау болды. Аталмыш еңбектің тағы бір артықшылығы – соңында көне ескерткіштер бойынша *сөздік* ұсынуы. Ғалымның сөздік түзудегі мақсаты – біріншіден, көне дәуірдегі жазба мұраның лексикалық құрамының картинасын көрсету, екіншіден, сол дәуірдегі сөздердің мағыналық ерекшеліктерін анықтау болса керек. Сөздіктегі кейбір көне лексикалық тілдік бірліктердің ортағасыр, ескі қазақ жазба ескерткіштерімен лексикалық сабақтастығын анықтауға тырыстық. Осы тұрғыдан мағыналық өзгерістеріне қарай екіге бөліп қарастырдық: мағыналары сақталған сөздер; мағыналық өзгерістерге түскен сөздер.

➤ **Мағыналары сақталған сөздер:**

Айғучысы – *кеңесші*. Мұңар меңзету айды шер *айғучы* оқығыл мұны сен айа білгүчі. *Мұны меңзеп өлең-дағы жазылған, оқып, біліп, шығармағын жадыңнан* (ҚБ).

Азун (ажун) – *дүние*. Мұнұңтек йар ашеқында болұб зар *ажун* ләззәтлеріндін болды бизар. *Осылай жарға деген ғашықтықтан болып зар, дүние ләзаттарынан болды безер* (ХШ).

Барқ – үй. Евін **барқын** өрте сігіл бұрханын аның орны мәсжид жамаат қылын. *Бұрханын шақ, өрте үйін, мал-жанын, жән орнына жұртқа мешіт салғаның* (ҚБ).

Бітіг – хат, жазу. Тетіглік нешаны тұрұр бұ **бітіг бітіг** білгучі ер болұр кед тетіг. *Жазу-сызу білім-білік белгісі, жазу білген түйсікті, есті ер кісі* (ҚБ).

Бор – шарап, ішімдік. **Бор** ішме фесадақа қатылма иыра зина қылма фасық атанма қара. *Шарап іште, арамнан бой тасала, насық болма, зинақорлық жасама* (ҚБ).

Бедіз – өрнекте, өрнек. Ай сырқа йақын ау көңүлке едіз танұқ ол саңа барча сурет **бедіз**. *Сыры жақын, ай, ділі әзіз, жаны адал, сенің барша сурет, ізің танымал* (ҚБ).

Қамұғ – барша. **Қамұғ** еллерге қылды даават-и ам. *Барлық елдерге жалпы шақыру жіберді* (ХІІІ).

Қазған – тапқан. Халал дүние болса иісе **қазғанып** чығайқа үлесе аныңдын алып. *Адал дүние, адал асың табылса, кедейге үлес, жұртпен бөліс барынша* (ҚБ).

Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі көне лексикалық бірліктер кейінгі қарахандықтар дәуірінде жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» мәтіндерінде көбірек сақталуы заңды. Себебі бұл мәтіндер жазба мәдениетіміздің бастапқы үлгісі болып есептеледі. Уақыт өте әр дәуірдің лексикалық құрамы өзінің табиғи жолымен экстралингвистикалық және интралингвистикалық жолмен толығып, өзгерістерге түсіп отыратыны белгілі. Дегенмен де кейбір көне лексикалық қолданыстардың сол кездегі мағынасы кейінгі дәуірлердегі ескі қазақ жазба мұраларында, қазақ жыраулар тілінде өзіндік ізін қалдырып отырғанын көрсетеді. Мәселен, «атақ-дәреже» мағынасындағы *бойла* сөзі ХVІ ғасырдағы Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарих» жазба ескерткішінде сол мағынада сақталған.

Бойла – дәреже, атақ. Тәңрі азалдын сенге *бойла* берді тахты Сүлейменні сенге рузи қылды әділ қылды зұлым көтерілді. *Тәңірі ежелден саған атақ берді, Сүлейменнің тағын саған нәсіп қылды, әділдік орнатты, зұлымдық жойылды* (ЖТ).

➤ **Мағыналық өзгерістерге түскен сөздер:**

Көпмағыналық мәнге ие болған сөздердің бірі – «даңқ» мағынасындағы *ердем* сөзі.

Ердем – өнер. Мың **ердем** керек бұ жаһан тұтғуқа көр арслан керек бұ құлан басғуқа. *Өнер керек жаһанды ұстап, ұғуға, гүр арыстан керек құлан қууға* (ҚБ).

Ердем – қасиет. Ажунжиқа **ердем** керек мың түмен. *Жиһангерге қасиет керек мың, түмән* (ҚБ).

Ердем – құрмет. Бірікміш көрк-у **ердем** ізз-у хұрмет. *Бірікті көрік, іззет пен құрмет* (ХІІІ).

Ердем – білім. **Ердем** иесі қайда барса алтұн берұрлер дағы йоқары кечұрлер уа ликан ердәмсізлер лұкме лұкме тіленіб міндет йүгін көтеріб йұрұрлар. *Білім иесі қайда барса құрметтеп, төрден орын берер де, білімсіздер бір түйір тамақ үшін тіленіп, міндетті болып жүрер* (ГІ).

«Әйгілі, белгілі» мағынасында қолданылатын *едгу* сөзі кейінгі жазба ескерткіштер мәтіндерінде өзге мағыналарға ие болған:

Едгу – жақсылық. Едгу Есіз қылған ерге сән *едгу* қыла кәрәмның башы бұ ерұр кет білә. *Жамандық жасаған кісіге сен жақсылық жаса, мұны жақсылап ұғып ал, адамгершіліктің басы осы* (АС).

Едгу – жақсы. Тіріл *едгу* фелін көңүлләр алыб. *Жақсы ісіңмен (елдің) көңілін алып, өмір кеш* (АС).

Сақын – ойлан. Айлә кім фасахатның тілінің көрікті сифатларындан ажез еді *сағынғайсын* кім қараңғұ кечеде толун ай тұғды иа зұлмат ічінден аб-е хайат чықты. *Басқаша айтқанда, оның көркін сипаттауға тілі жетпес еді, «Қараңғы түнде толған ай туды ма, әлде жер астынан өмір суы шықты ма?», - деп ойлайсың* (ГІ).

Сақын – сақтан. Асығсыз жадал һәм фаррахдін **сақын**. *Пайдасыз егес, орынсыз ойын-күлкіден сақтан* (АС).

Сақыну – сақтық ойлау. Ол хатун әгер ашқара қылсам, худайға табунмақны, аны оғлы бірлә бірге өлтүргәй теб **сақынды** (ЖТ).

Бұндай мағыналық өзгешеліктердің болуы XV-XVIII ғғ. жыраулар тілінде де кездесуі заңды. Академик Р. Сыздық: «...қазақ тілінде «мүлік» мағынасындағы көне түркілік *барым* сөзі, «шақыру» мағынасындағы оқу, «сөйлеу, сөз» мағынасындағы саб (сөз саптау «сөз сөйлеу»), «кедей» мағынасындағы шығай (Шықбермес бермес Шығайбай) деген сөздер тұрақты тіркестердің құрамында немесе жалқы есімдерді аталуында сақталған, – дейді [4].

Осылайша Ғұбайдолла Айдаровтың еңбектеріндегі сөзтізбеге алған лексикалық бірліктерді қарахандықтар, Алтын Орда дәуіріндегі жазба мұралармен, ескі қазақ жазба ескерткіштерімен, XV-XVIII ғғ. қазақ жыраулары тілімен семантикалық байланысын салыстыра-сабақтастыра талдауды қажет етеді. Себебі ғалымның көне сөздер бойынша жасаған тілдік талдауларын «Қазақ тілінің тарихи сөздігін» әзірлеуде болсын, «Қазақ тілінің ұлттық қорпусының» базасын толықтыруда болсын **сенімді дереккөз** ретінде пайдаланамыз. Бұл өз кезегінде әр дәуірдің лексикалық құрамының даму, өзгеру динамикасын, эволюциясын, қолданыс жиілігін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Сонымен Ғұбайдұлла Айдаровтың қаламынан туған ғылыми көкжиегі кең, танымдық салмағы зор әр еңбегіне терең үңілген сайын көне жазудың білгірі, сарапшысы, аудармашысы, полиглот, шебер педагог-ғалым сияқты ерекше тұлғалық қасиеттері ашыла бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымов Б. Ғұбайдолла Айдаров. – Алматы: Арыс, 2002.
2. Мұсабаев Ғ., Махмұтов А., Айдаров Ғ. Қазақстан эпиграфикасы. – Алматы, 1971.
3. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990.
4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТАРЛАНБОЗЫ

Исаева Жанар Аманжолқызы

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты*

*Әдіснама және педагогикалық инновация кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қызылорда, Қазақстан

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы – ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан ажырап қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіре отырып, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мүдделер туралы өзекті мәселе қоғам назарын аударады [1]. Онда автор Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басу және бұқаралық сананы қалай өзгерту жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім беру мен ұрпақ тәрбиесінің рөлі зор. Ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып, әлемдік даму тенденциялары мен бағыт-бағдарын қабылдай білуіміз – аса маңызды фактор. «Ел болам десек, бесігіңді түзе», – дейді ұлы Мұхтар Әуезов.

Ұлтымыздың басқа ешқандай ұлтқа ұқсамайтын бірегей бейнесін танытатын, басқа ұлт пен ұлыстан ажыратып тұратын өзіндік табиғаты оның тілі мен әдебиетінде, өнері мен мәдениетінде екені даусыз.

Мәңгілік Ел. Мәңгілік Ел болудың қамы неде?!...

Мәңгілік елдің жасампаз рухы қандай болмақ керек?

Күн санап емес, сәт сайын өзгеріп, құбылып тұрған алмағайып заманда жаһандану деп аталатын алпауыт-қауіптің уысында жұтылып, жоғалып кетпей, керісінше өзгермелі уақыт белесінде ешкімге ұқсасмас, ешкімді қайталамас бітім-болмысын сақтай отырып, алға ұмтылу мен өрлеудің бір ғана жолы бар. Ол – әр ұлттың ӨЗІН тануы, мойындауы, бағалауы, қадірлеп-қастерлеуі. ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗДАН бастау алатын ҰЛТТЫҚ ДІЛДІң алтын дінгегін иман-ибамыз, салт-санамыз, тарих-тағылымымыз құраса керек-ті. Осы қасиетті ұғымның барлығы ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗІ деген қастерлі ұғымға келіп саяды.

ҰЛТТЫҚ РУХ – ҰЛТТЫҚ ДІЛ – ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ.

Қасиетті бұл үш ұғымды Елбасы Н.Ә.Назарбаев жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында ұлттық генетикалық код ретінде тани отырып, баянды болашаққа бастайтын бағдар ретінде атайды. Өткен тарихи жолымызды бағамдай отырып, кемел келешекке нық қадам басудың өлшемі ХХІ ғасырда бәсекеге қарсы тұра алатын ғылым мен білім, инновациялық технологияда екені даусыз.

Еліміздегі барлық деңгейде жүргізіліп жатқан жаңартылған білім беру бағдарламасында «**білім – ғылым – инновация**» үштігіне басымдық берілген. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат – жан-жақты біліммен қаруланған тұлға ғана емес, өз бойына ұлттық қадір-қасиетті дарытқан, ұлттық салт-сананы меңгерген, өмір сүруге бейім, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Осы тұрғыдан келгенде ұлт тілінің тарихи бастау негіздерін ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделеген, тіл тарихын зерттеудің соны үлгісін қалыптастырған ізашар ғалым, филология ғылымдарының докторы, түркітанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері Ғұбайдолла Айдаровтың алар орны ерекше.

Маңғыстау облысының Түпқараған түбегінде туып-өскен қазақтың қарапайым қара домалақ баласының отандық түркология, қала берді тұтас түркі әлеміне қосқан үлесі мен ғалым, азамат, тұлға ретінде бағындырған биігін бағамдау, қадірі мен қасиетін бағалау, кейінгі ұрпаққа саф қалпында жеткізу – бүгінгі қоғамның міндеті.

Түбі бір түркінің түп мекені қазіргі қазақ жері, ал қазақтың түбі ежелден түркі жұрты екендігі күллі әлемге мәшһүр болса да, елімізде түркітану саласын зерттеу кенже қалғаны мәлім. Профессор Ғұбайдолла Айдаров – Орхон-Енисей жазбаларын қазақ тілінде бірінші болып «сөйлеткен», қызыл империяның «қылышынан қан тамып тұрған» уақытта еш тайсалмастан көне түркі жазба ескерткіштерін ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеген білікті ғалым. Жастайынан тағдырдың теперішін молынан көрсе де, адамдық пен адалдықтың ақ жолынан таймаған азамат өмір жолында кездескен сан түрлі кедергілерге еш мойымастан, ұлтқа қызмет етудің бірегей үлгісін көрсетті. Қайраткер тұлға артында өшпес мол мұра қалдырды [2].

Ғ.Айдаров еңбек жолын Түрікмен ССР-інің Қарабоғаз-Гол ауданындағы жетіжылдық мектептің оқытушысы болып бастады. 1940 жылы әскер қатарына алынып, 1944 жылға дейін Ұлы отан соғысына қатысады. Майданнан кейінгі өмірін ұрпақ білімі мен тәрбиесіне арнап, Красноводскідегі мектепте оқытушы, аудандық газет редакторы, Шымкенттегі мұғалімдер институтының студенті, Жамбыл облысының Свердлов ауданында мектеп директоры, балалар үйінің директоры, кейінірек ҚазПИ-дің студенті атанып, мұғалімдік білім алады. С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранты болады. Аспирантура қабырғасында жүріп көне түркі, ескі ұйғыр, моңғол жазуларына ден қойып, жан-жақты зерттей бастайды. Зерек те алғыр жас көне түркі жазуларының білгір маманы, ғалым Ц.Номинханов пен академик С.Маловтан Орхон-Енисей жазуларын еркін оқи алатын дәрежеге жетеді. Көне түркі жазуларының тарихын зерттеп-зерделей жүріп, саналы түрде өзінің өмірлік миссиясын айқындайды. Кейінірек ҚазССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының кіші, аға ғылыми қызметкері ретінде қызмет атқара жүріп, 1960 жылы «VIII ғасырдағы Тоныкөк ескерткішінің тілі және оның қазіргі кейбір түркі тілдеріне қатысы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, 1974 жылы «VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей

және Талас көне түркі ескерткіштерінің лексикасы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғайды. Бұдан кейінгі А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтындағы ұзақ та өнімді еңбек жылдарында да осы түркітану, көне жазбалар тақырыбында ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізді [3].

«Білге қаған ескерткішінің тілі», «Көне түркі жазуларынан мағлұматтар», «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», «Орхон ескерткіштеріндегі көне түркі жазбалары», «Енисей, Орхон, Талас бойындағы көне түркі жазба ескерткіштері бойынша жарияланған әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші», «Орхон ескерткіштерінің тексі», «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі», «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілі» атты еңбектері табан аудармастан осы бағытта жасаған қажырлы еңбегінің дәлелі деуге болады.

Профессор Ғ.Айдаров 20-ға тарта зерттеу еңбектері мен 250-ден аса ғылыми-зерттеу мақалалар жазып қалдырды. Орхон-Енисей жазуларын өз ана тіліндей жатқа оқыған ғалым бұл еңбектерінде көне түркі жазуларының грамматикалық құрылысын, тілдік ерекшеліктерін фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан терең талдау жасайды. Күлтегін, Білге, Құтылық қаған, Мойын-Чор ескерткіштерінің мәтіндерін қазақшаға тұңғыш рет толық аударады. Қазір күллі қазақ бабамыз деп тағзым ететін Күлтегіннің жеті жасында жетім қалып, он алтыда қару асынып, ел қорғайтын, қырғыз, түркеш, қарлұқ, аздар мен оғыздармен шайқасатын, қырық жасында қайтыс болғаны туралы тастағы жазулар да Ғ.Айдаровтың ерен еңбегінің арқасында кешегі күнгі қазақ әдебиетіндей болып осы күнге жетті. Артында бай мұра қалдырған, Төныкөк пен Білге қағанның үнін бүгінге жеткізген ғалым, Қазақ ССР және Түрікмен ССР-інің Халық ағарту ісінің үздігі, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Тарих белестерінде небір тар жол, тайғақ кешуден өтіп, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың ұлттық тарихи жадын қайта жаңғыртуға, тіліміздің түп-тұқиянын зерделеуге орасан зор еңбек сіңірген дегдар ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың артында қалған мол мұрасын ғылыми-әдіснамалық, ғылыми-теориялық және оқу-практикалық тұрғыдан кешенді түрде қайта зерделей отырып, ұлттық бірегейлігіміз бен тарихи жадымызы қалыптастыруымыз қажет. Жан-жағымыздан анталаған толассыз ақпараттар ағынында жұтылып кетпеу үшін, бүгінгі өркениет мен мәдениеттер көшінде өзіндік ұлттық орнымызды шегелей түсу үшін де осындай ұлт зиялыларының тұлғалық болмысын, артындағы мол мұрасын келешек ұрпаққа жеткізіп, санасына бекіту – азаматтық борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, «Егемен Қазақстан» газеті, 12.04.2017 ж.
2. Ғ.Айдаров. Орхон ескерткіштерінің тексі. [Мәтін] / Айдаров, Ғұбайдолла,; жауапты ред. Ш.С Сәтбаева. – Алматы : «Ғылым», 1990.
3. Ғ.Айдаров. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі (оқулық), А., 1986.
4. Ғ.Айдаров. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі, А., 1991.
5. Іңірбайұлы Есберген. «Түркі тілінің түпқиянына түрен салған ...» «Ана тілі газеті», 31.10.20213 ж.
6. Қыдырәлі Дархан. «Түркологияға түрен салған тарланбоз». Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына – 100 жыл. «Егемен Қазақстан» газеті, 17.06.2021 ж.
6. https://www.inform.kz/kz/turkitanushy-galym-g-aydarovtyn-tuganyna-90-zhyl-toldy_a2387424

1-СЕКЦИЯ. БҮГІНГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘЛЕМДІК ТҮРКОЛОГИЯ АРЕНАСЫНАН ОРЫН АЛҒАН ТҮРКОЛОГ- ҒАЛЫМ

Қаржаубай Сартқожаұлы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

XXI ғасырда бір тамшы сұйықтықпен бүкіл әлемді төңкеріп тастауға болады. Бір тамшы сұйықтықпен бүкіл әлемді гүлдендіруге болады. Сол сұйықтықты жасаушы адам атты пенде тууы керек. Екіншісі бірінен ондай пенде туа бермейді. Ол үшін ұлтын, халқын әлемді сүйюші ұлы жүрек керек. Ондай жүректі болу үшін тектілік қажет. Солардың бірі ұлтын сүйген, ұлты үшін жаны күйген текті әулеттің текті ұлдың бірі Ғұбайдолла Айдаров ағамыз болды.

Неге текті әулет деп отырмын. Оның сүйегі Адай. Қытай деректерінде «Аде» деп ж.с. VII ғ-нан бері тарихи түпнұсқаларда аты сақталған (Маявкин А.Г. 1981 с. 82-88; Бичурин Н.Я. 1951). Ж.с. 795-805 жж аралығында Ұйғұр қағанатының қаған тағына отырып « Ай Тәңірде үлік болмыш Алп Құтлұғ Ұлық Білге қаған» деген атақпен ұлықталды. Оның ұрпақтары қаған тағына 824 жылға дейін отырды. (Бичурин Н.Я. 1951. С. 330-333; Ошан Ж. 2006.-355-361 бб). Мәне сол әулеттің 1200 жылдан кейін өмірге келген бір ұлы Ғұба-екең. Атом жоғалмайды деген қағиданың бір дәлелі осы-ау деймін.

Оның өмір сүрген дәуірі қаны тамшылап тұрған жартылай фашистік коммуно-социализм заманы еді.

Билік басындағы коммуно-фашистлер билеуші ұлттың күйін күйттеп, қоластына күшпен енгізген басқа ұлттарды «бұратана» деп көріп, олардың мәдениетін, адами құқығын шектеп ұлттық құндылықтарын насихаттауға, тұтынуға, келешекпен сабақтастыруға мүмкіндік бермей-шектеумен келді. Қия басқанын қоғамда кәдірсіз ету, шетке қағу, адами құқынан айырып түрмеге тоғыту, қинау, қауіпті деп көрсе атып тастап тұрды.

Ұлтының тарихи құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру мақсаты осы қиыншылықтардан қорықпай ойға алған ісіп алға жылжитты.

Ол Қазақстан Республикасында, қазақ халқының ортасынан жарып шыққан алғашқы медиавист-түрколог болды.

Ғұба-екең дейін ондай ғалым болған жоқ па? Деген сұрақ туындайды.

Ол үшін мына мәселеге көңіл аударуымыз қажет. Ежелгі дәуірден бастап ж.с. XV-XVI ғасырдан дейін түркі текті халықтар әр қайсысы өз мемлекеттерін құрып, рухани және материалдық құндылықтарны дамытып бір неше мемлекеттікке, ұлтқа бөлініп кетті. Рухани мұраларын ұлттық ерекшеліктеріне сай дамытып алып кетті. Сондықтан, ғылымда оларды ұлт атауымен татартанушы, башқұрттанушы, қырғызтанушы, қазақтанушы, азербайжантанушы, түркиялық түркі танушы болып аталады.

Өкініштісі, біздің қазақ құндылығын зерттеушілер өздерін «түрколог» деп атап жүр. Олар түрколог емес қазақтанушылар.

Өйтсе, Ғұба-екең дейін ертеорта ғасыр, орта ғасыр мұраларымен арнайы айналысқан ғалымдар болған жоқ. Олар әрине байырғы түрік құндылықтарды жақсы білді. Заман қаһарынан қорқып бұл саламен айналыса алмады. Тек қана уақытын күтіп, тәтті қиялмен армандаумен өмірден өтті. Ал Ғұба –екең оның бәрін ысырып қойып, белшеше ат салысып, қазақ топырағына түркологияның ұрығын шашты. Соның нәтижесі Сіздер мен біздер.

Ғұба-екең осы батырлығының зардабын да тартты. Ескіге еліктеуші, қияли адам, коммунизмге жаны қас адам аталды. Көзінің тірісінде Ғұба-екең бірде бір шәкірт дайындатпады. Керісінше, шекараның арғы жағында Өтүкен мен Алтайда жатқан біздерді оның байырғы түрік әліпбиіне байланысты бір ғана мақаласы орнымыздан тік тұрғызды.

Ғұба –екең бүкіл саналы ғұмырын Көк түріктердің тілін зерттеуге арнады. Делсұл идеологияға көңіл бөлместен ерінбей еңбек еткенінің нәтижесіне әлемдік түркология аренасынан ойып, өз орынын иеленді. Бүгінгі күні әлемнің қай елінде де байырғы түрік тілі қақында сөз қозғалса Ғұбайдолла Айдаров деген ғалымды ешкім аттап өте алмайды.

Ғұба-екеңнің түркология бойынша алғашқы іргелі еңбегі «Тоньюкук ескерткіші және басқа түркі тілдермен байланысы» атты монографиясын 1959 жылы жазып, осы еңбегімен ғылым кандидаты атаған алды.

Осы еңбегінде Тұй-ұқұқ (Тоньюкук) мәтінінің зерттелу тарихы, фонетикасы, морфологиясы, лексикасы, синтаксисін шемішкедей шағып сараптап берген. Онымен қатар морфологиялық тұлғаларын жіктеп көрсеткен Тұй-ұқұқ түпнұсқа мәтінін , оның транскрипциясын және сөздігін қамтыған (Айдаров Ғ. 1959. Автореферат). Көп кешікпей «Қазақстан ҒА-ның хабаршысы» журналына «Морфологическая характеристика именных основ в языке памятника Тоньюкука» мақаласы жарық көрді (Айдаров Ғ.1960. Вып. 3).

Осыдан кейін Орхон мәтіндерін жеке-жеке зерттеп , ғылыми цикл мақаларын шығара бастады.

1963 жылы Онгин мәтінінің тілі және оның түпнұсқа, аудармасымен қоса берілген « О языке Кутлуг кагана VII в. « мақаласы (Известия АН КазССР. 1963. Вып. 6) жарық көрді. 1963 жылы «VII ғасырдағы Могилян ескерткіші жөніндегі» атты мақаласы (Қазақ ССР ҒА хабаршысы . 1963 . №5) қазақ оқырмандарын әсіресе ізденуші жастарды дүр сілкіндірді. Бұл мақаласын кеңейтіп , тереңдете зерттеп 1966 жылы «Язык Орхонского памятника Бильге – кагана» деген атпен жеке монография етіп шығарды. 1964 жылы « Күүли-чор мәтінінің тілі» атты ғылыми мақаласы КазССР хабаршысы (1964. №11) журналында жарық көрді.

Ғұба-екең жоғардағы мақалаларында осыдан 1200-1300 жыл бұрынғы байырғы түрік тілінің ерекшелігін ғылыми тұрғыда сараптаумен қатар қазіргі қазақ, түркімен тілімен салыстыра сабақтастыра зертеді.

Ғұба-екеңнің біраз жылғы өмірі түркімендер ішінде өтті. Сонда өмір сүрді. Дос тапты, дәмін татты. Онымен қатар керейдің қарқын тайпасы кейін түркімендердің белді тайпасына айналған. Олар қазір «Гаркин» деп аталады (Сартқожаұлы Қ. 2021-17 бет). Солардың тілінің ерекшелігін Ғұба-екең сезген болар.

Сондай бір мақаласының бірі « Некоторые сходные слова памятника Тоньюкука и современного туркменского языка» атты мақаласы (Известия АН ТуркССР. 1961. вып. 4) жарық көрді. Қазақ тілімен салыстыра зерттеген еңбектерді: 1965 жылы «Тоньюкук ескерткішінің қазақ тілімен қатысты материалдар (1965), «Орхон ескерткіштеріндегі сөз тіркестері» (1962.№3 (22)), «Имя прилагательное в языке Орхонской письменности» (1965), «Орхон –Енисей жазу нұсқаларының фонетикасынан мағлұмат» (1965), «Талас жазба ескерткіштері» («Білім және еңбек». 1963.№10), «Орхон ескерткіштері және оның алфавиті» («Білім және еңбек» 1965. №3) мақалалары мен қатар көпшілікке арналған 1960-1980 жылдар аралығында танымдық мақалалары үнемі жарық көріп тұрды.

Орхон құндылықтарына оннан астам жылын арнап қыр-сырына қаныққаннан кейін «Язык Орхонских памятников древнетюркской письменности VIII» атты іргелі еңбегін жазып 1966-жылы аяқтады. Ғұбадолла Айдаровтың осы еңбегінің деңгейінде бұған дейін әлемде, және Кеңестер Одағының түркітанушыларының бірде бірі байырғы түрік тілінің құпиясын жайып салған іргелі еңбек шықпаған еді. Сондықтан да Республикада да, Москва, Ленинградта да көреалмаушылық күшті болды. Сөйтіп 1966 жылы аяқтаған еңбекті бақандай бес жыл күттіріп барып 1971 жылы Алматыдағы ғылым баспасынан шығарды. Соның өзінде Американың Индиана университетінде жұмыс жасап жүрген Түркиялық ғалым Талат Текіннің «А Grammar at Orkhon Turkic» (Орхон түріктерінің грамматикасы) атты еңбегі 1969 жылы жарық көргеннен кейін ғана Москва Ғұба-екеңе рұқсатын берді.

Сөйткен Москва, Ленинградтың ғалымдары жабыла бірігіп бұрын Орхон-енисей руникалық мәтіндермен шұғылданып көрмеген академик А.Н. Кононовтың атымен «Грамматика языка тюркских рунических памятников (XII-IX вв.)» еңбекті 1980 жылы Ленинградтың ғылым баспасынан шығарды.

Ғ. Айдаров пен А.Н. Кононовтың бұл «грамматикасы» салыстырып қарасыңыз көп айырмашылық жоқ. Мұндағы басқаның қытығына тиіп тұрған мәселенің бірі қазақ та, екінші орыс. Бірі олардың түсінігі бойынша провинцияда өмір сүрсе , екіншісі ұлы Петрдің қаласында биіктеп қарап тұр.

Зерттеу нысаны байырғы түрік тілінің грамматикасы, алфавиттің шығу тегінен бастап, фонетика, морфология, лексика, синтаксис.

Байырғы түрік тілі қақында оған дейін қай елдің кім деген ғалымы не деді, қандай қортындыға келді?

Басқаларға кезінде ұнамаған бір мәселе қазақ топырағына көне түрік рухани ұрыған сепкізбеу мәселесі тұрды.

Қанша қысса да, Ғұбайдолла Айдаров деген қазақ ғалымы байырғы түрік тілінің құпиясын ұлттық дүниетаным арқылы ашқан ұлы ғалым болып түркология тарихына аты алтын әріппен жазылып қала берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Г. О языке памятника Тоньюкука и его отношение к некоторым тюркским языкам. Автореф. Канд. Дисс. , Алма-Ата, 1959.
2. Айдаров Г. Күлтегін ескерткіші , А. 1996.
3. Айдаров Г. Язык Орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в. А-Л. Наука. 1971
4. Айдаров Г. Көне түркі ескерткіштерінің тілі, А. 1986.
5. Айдаров Г. Тоникук ескерткішінің тілі. А. 1980.
6. Айдаров Г. Морфологическая характеристика именных основ в языке памятника Тоньюкука. – Известия АН КазССР, серия филология и искусствоведения, 1960, вып.3
7. Айдаров Г. О языке памятника Кутлуг-кагана VII в. Известия АН КазССР , серия общественных наук, 1963, вып.6
8. Айдаров Г. О языке памятника Кули-чор. «Вестник АН КазССР, 1964. Вып.11
9. Айдаров Г. Некоторые сходные слова памятника Тоньюкука и современного туркменского языка. Известия АН ТуркССР. 1961. вып. 4
10. Айдаров Г.. VIII ғасырдағы Могилян ескерткіші жөнінде. Қазақ ССР ҒА Хабаршысы, 1963, №5.
11. Айдаров Г. Талас жазба ескерткіштері. Білім және еңбек. 1963.№10
12. Г. Айдаров. Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселері. Мақалалар жинағы. Алматы. 1965, шығуы 5
13. Айдаров Г. Орхон ескерткіштеріндегі сөз тіркестері. Қазақ ССР ҒА хабарлары, филология мен өнер тану сериясы, 1962.№3 (22)
14. Айдаров Г. Имя прилагательное в языке Орхонской письменности. Известия АН КазССР» , серия общественных наук , 1965, вып. 1
15. Айдаров Г. Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. Мақалалар жинағы . Алматы. 1965
16. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена.Т. I. М-Л.1951.
17. Малявкин А.Г. Историческая география Центральной Азии. Новосибирск. Наука. 1981.
18. Talat Tekin. A Grammar of Orkhon Turkic. Indiana University, Bloomington, 1969.
19. Сартқожаұлы Қ. Күйіс –толғой мәтінінің байырғы түрікше оқылымы. Нұр-Сұлтан, 2021.

«ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Балтабай Досжан Әмірұлы

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Түркі-монғол тіл бірлестігінің табиғатын зерттеу, яғни түркі және монғол тілдерінің генетикалық туыстығын, өзара қарым-қатынасын, бір-біріне тигізген ықпал-әсерін айқындау проблемасы алтайтану бағытындағы зерттеулердің негізін құрайды. Алтай тілдерінің фонологиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ортақтықтар мен ұқсастықтардың табиғатын айқындау мәселесінде түркі және монғол тілдері бойынша жинақталған аса мол эмпирикалық материалдарды алтайтанушы лингвистер өздерінің ғылыми көзқарастарын дәйектеудің өзегіне айналдырды. Оның басты себебін түркі және монғол халықтарының этномәдени және тілдік байланыстарының тарихы Орталық Азияны мекендеген көптеген халықтардың этногенезімен, этникалық мәдениетінің тарихымен тығыз байланыста болғандығымен, түркі және монғол халықтарының сан ғасырлық тарихы, этномәдени, тілдік байланысы мен қарым-қатынасының маңыздылығымен түсіндіруге болады.

Түркі тілдері мен монғол тілдері арасындағы ортақтықтар мен ұқсастықтарды сол тілдегі әдеби мұралар тілінен де, тарихи шығармалар тілінен де, қазіргі және көне лексикалық қабатындағы тілдік бірліктерді салыстыру арқылы да анық көруімізге болады. Соның негізінде зерттеу мақаламыздың нысаны ретінде орта ғасырлық тарихи шығарма – Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре-и теракиме» еңбегі алынды. «Шежіре-и теракиме» – түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, жер-су атауларына қатысты мол деректерді қамтитын орта ғасырлық еңбек. Тарихи шығарма XVII ғасырда шағатай тілінде жазылған. Аталған шығарма түркі халықтары үшін мәні мен мазмұны жоғары құнды дерек болып табылады. «Шежіре-и теракиме» шағатай тілінде жазылған орта ғасырлық еңбек болғандықтан лексикалық қабатынан көне түркі элементтерімен қоса араб, парсы, моңғол сөздерін де жиі кездестіреміз.

Ғалым И.Н.Щербацидзе түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздерді мынадай үш категорияға бөледі: 1) төркіндес түбірлер; 2) түркі тілінен монғол тіліне енген көне және орта ғасырлық кірме сөздер; 3) түркі тілдеріндегі монғолизмдер [1: 60]. Осындай тілдік категорияларды негізінде «Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі монғолизмдерге этимологиялық талдаулар жасалып, тіл бірліктерінің тарихи тұрғыдан фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістеріне назар аударылды. Түркі-монғол тіліне ортақ элементтердің қалыптасу тарихын зерттеуде алтай, түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур тілдік бірлестіктеріне, олардың тілдік диалектілеріне қатысты материалдар негізге алынды.

Монғолдар мен түркілердің ұзақ уақытқа созылған тарихи қарым-қатынасы түркі және монғол тілдерінде, сонымен қатар олардың диалектілерінде екі жақты (түркіден монғол тілдеріне немесе керісінше) кірме элементтердің пайда болуына алып келді. Кірме сөздердің белгілі бір тобы түркі, монғол тілдерінің әрқайсысының сөздік қорында мықтап орнығып қалғандықтан, оларды анықтау және олардың хронологиялық ену мерзімін нақтылы айқындау біршама қиындық тудырады.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің бірі – *аумақ/аймақ*. Мысалы: *Bu yigirmi törtün tuğganlarğa aumak tidiler. Aşlı omak turur. Omakning ma'nāsı uruğ timek bolur* (Жиырма төртінен туғандарға аймақ деп ат қойды. Аймақ, омак дегеннің мағынасы – ру, тайпа [2: 158]).

Монғол тілінде *аймақ* сөзі *аймаг* формасында қолданылады. *Аймаг* сөзінің мынадай заттық мағыналары бар: 1. тайпа; *монгол, түрэг* ≈ *ууд* монғол, түркі тайпалары; *нүүдэлчин* ≈ *ууд* көшпелі тайпалар; 2. аймақ (әкімшілік бөлісі); *Баян-Өлгий, Увс, Ховд* ≈ *ууд* *Баян-Өлгий, Увс, Ховда* аймақтары; 3. (табиғатта, өмірде) түр, дүние, тарау; *амьтны* ≈ айуанаттар

дүниесі; *ургамлын* ≈ өсімдіктер дүниесі; *ац туурайтын* ≈ аша тұяқтылар түрі; *үет хөлтний* ≈ буын аяқтылар дүниесі; 4. (тіл) жүйе, тап, түлік; *үгсийн* ≈ сөз табы. Моңғол тілінде *аймақ* сөзі *аймаглал*, *аймагла-х*, *аймаглуула-х* формалары да қолданылады. Сонымен бірге, монғол тілінде қимыл атауы –х арқылы жасалады. Мысалы, *аймаглал* сөзі монғол тілінде: 1. «тайпалану, тайпаға бөлу»; 2. «аймаққа бөлу»; 3. «(табиғатта) түрге бөлу, дүниеге жіктеу, тарау ету»; 4. «(тілде) сөз таптастыру» деген семантикалық мағыналарды білдіреді. *Аймагла-х* сөзі: 1. аймақ ету, аймаққа бөлу; 2. (табиғат құбылысын) түрлеу, түрге бөлу, дүниеге бөлу, тарауға бөлу. *Аймаглуула-х*: 1. аймаққа бөлдіру (әкімшілік); 2. (табиғат дүниесін) түрге бөлдіру, дүниеге бөлдіру, тарауға бөлдіру [3: 27].

Г. Дёрфер «Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen» [4: 182] зерттеуінде *аймақ* сөзін монғол тілінен енгендігін және *аумақ*, *оумақ* формасында қолданылғандығын көрсетеді [2: 332]. Ғалым Л. Будагов өзінің «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» еңбегінде аталған сөзге қатысты бірнеше мағыналарын көрсетеді: «Слово *аймак*, монг. *аймаг*, ‘собрание, соединение близких видов чего-либо’ встречается в двух значениях: 1) а) средневековых монголов под этим термином понимался союз, объединение родственных семей, ‘подплемя или, вернее, фратрия’ [5: 136-137]; б) у тюркских народов это слово чаще в форме *уймак* ~ *оймак* встречается в несколько ином значении: «По турецкому словарю Вефик-паши ... улус делится на или, иль – на уймаки, уймак – на бойи, бой – на уруки (роды)» 2) Термином *аймак* обозначаются также кочевые племена смешанного происхождения. В тюркских языках это слово встречается в формах: *омақ*, *омак*, *умақ*, *обак*, *оба*; в монгольском языке: *умук*, *обог*, *обох* ‘род’, ‘своеобразный союз кровных родственников’. По мнению Л. Будагова [6: 162], слово *ايماق*, *اويماق*, *ايماق* ‘сборище’, ‘небольшое племя (قبيله)’, ‘колono’, ‘род’ происходят от корня *اويومق* ‘сообразоваться’, ‘подражать’, ‘походить’, ‘последовать (примеру)’, ‘пристать’, ‘присоединиться’ [7: 94].

Қазіргі қазақ тілінде *аймақ* сөзі актив қолданыстағы сөздердің бірі болып табылады: *аймақ* – 1. геогр. Физикалық-географиялық аудандастырудың жоғарғы өлшемдерінің бірі; 2. Әкімшілік-аумақтық бөлініс, өлке, өңір, атырап; 3. Айнала, маңай, төңірек. Қазақ тілінде *аймақ* сөзі сөзжасамдық процестегі өнімді бірліктердің бірі болып табылады. Оған аймақаралық, аймақкөл, аймақтану т.б. біріккен сөздер мысал бола алады. Қазақ тілінде *аймақ* сөзіне – *ты* жұрнағы жалғану арқылы сын есім мағынасындағы *аймақты* сөзі жасалады. *Аймақты* «көлемді, аумақты, көп» деген мағынаны білдіреді [8: 158-159].

Қазақ тілінде *аймақ* сөзі *атырап*, *атырау*, *алап*, *өлке*, *өңір*, *дуан*, *уәлаят* сөздерімен синонимдік қатар құрайды. Сонымен қатар, қазақ говорларында *аймақы* сөзі «көлемді, үлкен» деген мағыналарда қолданылады [9: 20]. Қазіргі түркі тілдерінде *аймаг* сөзі бастапқы «ру, тайпа, ел» деген семантикасына қарағанда «әкімшілік бөлініс, белгілі бір территориялық аймақ» мағынасында жиі қолданылады.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің бірі – *қуралтай/құрылмай*. Тарихи жырда аталған сөз былайша кездеседі: *Siz altı oğulning her biringizdin tört oğul bolup, barçası yigirmi tört padişāhzāde bolup siz altingızdın başka men andın qorka turur men dūnyelik üçün ağızlaringız ala bolur tip Kün Hān Irkıl Hācening sözini qabul kılıp uluğ kuraltay kıldı* («Алты ұлдың әр қайсынан туған төрт ұл, жиырма төрт падишахзаде болып, дүние үшін таласып араз бола ма деп қорқамын» деген Ыркыл Қажының сөзін Күн Хан қабыл қылып үлкен құрылтай жасайды) [2: 151].

Қуралтай / құрылмай моңғол және түрік халықтарына тән атау. Ол қазіргі қазақ тілінде “ұлы жиын” (съезд) деген мағынада қолданылады. Моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі де “құрылтай” мағынасын береді. “Құру”, “құрау” тұйық етістіктерінің түбірі де - “құр” сөзі. “Мәжіліс құру”, “дүние құрау” т.б. тіркестердегі “құру”, “құрау” етістіктері әлденені жиюды, жинауды, топтандыруды білдіреді. Моңғол тіліндегі *хураак* етістігінің мағынасы «құрау» етістігіне сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі *құрыл* мен моңғол тіліндегі *хуралдың* мағыналарында өзгешелік бар; бірі - етістік, бірі - зат есім. *Хурал* сөзіне -*даан* қосымшасы жалғану арқылы моңғол тіліне “құрылтай”, “мәжіліс”, “кеңес” деген мағына беретін

хурадаан сөзі жасалған. Осы мысалдарға қарап монғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі тілімізге аз ғана өзгеріспен *құрылтай* сөзі болып енгендігін көреміз [10: 142].

Монғол тілінде *хурал* сөзі екі түрлі түбір тұлғасында қолданылады: *хурал* 1) құрылыс, жиналыс; \approx *хийх* құрыл істеу, жиналыс істеу; \approx *аар хэлэлцэх* жиналыста сөйлесу, жиналыста талқылау; \approx *ын тэргүүлэгчид* жиналыс басқармалары; \approx *хуй* мәслихат, мәжіліс, кеңес; *намын* партия жиналысы; *их* \approx ұлы құрыл, жоғарғы жиналыс, съезд; *бага* \approx кіші құрыл, құрылтай, конференция, өкілдер құрылтайы; *бугд* \approx пленум; \approx *нээх* құрыл ашу, жиналыс ашу; \approx *хээх* құрыл жабу, жиналыс жабу; \approx *тарах* жиналыс тарау.; 2) (діни) жұма намаз жиыны, жұман намаз оқу. Ал, *хуралдаан* сөзі монғол тілінде «құрытай, жиналыс, мәжіліс, кеңес» деген мағынада жұмсалады [3: 629]. Сол секілді *хурал* сөзімен түбірлес сөздерді монғол тіліндегі мақал- мәтелдерден де көруімізге боады: *Зүү хураавал сүх болдог, сүх хураавал сүм болдог* (посл.). Если собрать иглы — составится топор, если собрать топоры, то получится храм. Бұл жерде 'собрать' мағынасында *хураавал* сөзі қолданылып тұр [11: 117].

Г. Дёрфер өз зерттеулерінде: «*қура*- интенсивной формой от *қур*- 'собирать', но он же [12: 544-545] оспаривает связь монг. *quri* - 'собирать', тюрк. *қура*- с тюрк *қур*- 'строить' натягивать (лук)'. Монг. (и другие) параллели к *қура*» деген анықтама берсе, Г.Рамстедт: «кир., сарт., шор *qura*- заимствованием из монг. языков *quri* - *ja*- > *qura* -, а монг. *quri* -, *qura* - 'собираться' сравнивает с тюрк. *qur* - 'устанавливать'» деген ғылыми гипотезаны ұсынады [13: 198]. Последнее сравнение из-за семантических расхождений глаголов кажется не совсем надежным (*қур*- 'строить') [14: 158-159].

Г. Дёрфер құрылтай сөзін *қуралтай* < мо. 'meclis' «мәжіліс», *uluğ қурилтай* «үлкен құрылтай, жиын» мағынасындағы монғол элементі деп көрсетеді [4: 435]. «Көне түркі сөздігінен» құрылтай сөзінің *қурилтай* 'народное собрание' деген мағынада жұмсалғандығын көреміз: *Оғыз қаған улуғ қурилтай қағирді* [15: 468].

Құрылтай сөзіне қатысты «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» төрт түрлі семантикалық мағынасы көрсетілген: 1. тар. Түркі-монғол аксүйектерінің ресми кеңесі; 2. XV-XVIII ғасырларда түркі мемлекеттерінде, соның ішінде қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін шақырылған жиын; 3. ресми. Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан секілді Орта Азия елдерінде мемлекеттік биліктің жоғары органы; 4. саяси. <орысша.съезд> партиялардың, қозғалыстардың т.б. өзге де қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты бастапқы бас қосу жиылысы [16: 433]. *Қуралтай* / *құрылтай* / *хурадаан* формаларына қарап олардың семантикалық мағынасы бір екендігін, түбірі – *қур* / - *қура* / - *хурал* өрбитіндігін көруімізге болады.

«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің бірі – *шеңен/шешен*. Тарихи шығармада *шеңен* сөзінің қолданысы: *Ol aqıllı ve toğuşlı ve mirgen шеңен hünەرli her taqātğa ve her yolğa yörümekni bile turğan ve hanğa inaq boldu* (Ол ақылды мерген, дана, шешен, сөзшен, қай жерге баратынын да жақсы білетін ақылды адам болды) [2: 191].

Монғол тілінде осы мағынада *цэцэн* сөзі қолданылады. Б. Базылхан «Монгол-казах толь» *цэцэн* сөзінің төмендегідей мағыналарын көрсетеді: 1. Сөзге шешен, тілмар, ұста, шебер; \approx *хун* шешен адам; \approx *цэлмэн* \approx мерген шешен, тақуа, шешен сөзуар; \approx *үг* шешендік сөз, мақал сөз, нақыл сөз; \approx *үг цээжсінд, цэцэг навч ууланд* шешендік сөзі басында, гүл-бәйшешек тауында (мақал); 2. ауыс. тиетін, тигіш, түзу (мылтық) [3: 700].

Көне монғол тілі мен қазіргі монғол тілінің лексикалық қабатында қанша өзгерістер болса да көне формасындағы *цэцэн* сөзі еш өзгеріссіз лексика-фонетикалық ерекшелігін сақтаған. Сонымен қатар, *цэцэн* сөзі аз ғана дыбыстық өзгеріске ұшырап алтай тобынан тараған түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде кездеседі. Ал аталған сөздің семантикалық мағынасы қоғам дамуына қарай белгілі бір деңгейде түрлі мәнге ие болып отырған. *Цэцэн* сөзі «умный, мудрый» мағынасында монғол мақал-мәтелдерінде де көп ұшырасады. Мысалы:

Их инээд эцэстээ нулимстай цэцэн (Сильный смех приводит в конце к мудрым слезам) (эквивалент: Хорошо смеется тот, кто смеется последним) [11: 58].

Г. Дёрфер *çeçep* сөзіне 'ақылды, данышпан' мағынасын беретін монғолизм ретінде қарастырады. Ғалым *çeçep* = *seçep* деген формасы да бар екенін көрсетеді [4: 332].

Қазақ тілінде *цэцэн* сөзі *шешен* формасында қолданылады. Қазақ тіліндегі *шешен* сөзінің семантикалық мағыналары: 1. Сөзге ағып тұрған, қызыл тілді, тілге жүйрік адам; 2. Шаршы топ алдында тапқырлық танытып, нанымды, шебер сөйлеуші адам; 3. Би, ділмар; Қазақтар сөзді қиыннан қиыстырып тауып сөйлейтін, ойын шебер жеткізетін адамды *сөзге, тілге шешен* деп атайды. Сөзге жүйріктік, шебер сөйлеушілікті *шешендік* деп атайды. *Шешендік сөз* – қазақ ауыз әдебиетіндегі көркем, әрі шағын дидактикалық жанр; ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз [17: 356].

Түркі тілдерінде *шешен* сөзімен байланысты *шешенсу*, *шешенсіну* деген етістік тұлғасындағы сөздер бар. Өзбек тілінде «неге болса да ұста, шебер» дегенді мағынаны білдіруде *чечан* сөзі қолданылса, тува тілінде «әдемі, көркем» мағынасында *чечен* сөзі қолданылады. Монғол, бурят, қалмақ тілдерінде *цэцэн*, *сэсэ(н)*, *цэцэ* сөздері «данышпан, ақылгөй, дана, тапқыр» деген мағыналарымен қоса «мерген, дәл тигізетін, дәл басатын» деген де мағынаны білдіреді. *Чечен* // *сасан* сөзі «дәл тигізетін мерген» мәнінде алтай, якут, тува тілдерінде де кездеседі. Монғол тілдерінде *сэсэрхүү*, *сэсэрхэхэ* сөзі «ақылымен, тапқырлығымен мақтану» және «шешенсу, данышпансу» деген мәнде жұмсалады. Осындай мағынада қырғыз, алтай, якут тілдерінде *чечерке*, *сасаарга* (*чечээр* + *гээр*) формасы кездеседі. Ал басқа түркі тілдерінде *шешенсу* формасы қолданылады [18: 222].

Б. Ә. Орузбаева қырғыз тіліндегі *чечерке* сөзін талдай келе, бұл форма монғол тілінен ауысқан болу керек деген пікірін айтады [19: 126]. *Шешен* сөзі – *шеш* (*чеч*, *сэс*, *цэс*, *цэц*) түбірі мен қосымшасынан тұратын түрік, монғол тілдеріне ортақ сөз болуы мүмкін. Якут тілінде *сасанна* 'әңгіме айту', *сасаннас* 'әңгімелесу, сөйлесу' деген мәнде қолданылады [20: 2177].

Шешен сөзінің түркі тілдерінде қолданыста болуы, мағынасының тұрақталуы Шыңғысхан жорықтары кезіндегі араласудың нәтижесі болуы да мүмкін. Себебі XI ғасырда түркі тілдерінің сөздік қорын қамтыған М. Қашғаридің «Диван Лугат ат-Турк» сөздігінде *шешен*, *цэцэн*, *сэсэн*, *сосон* нұсқасындағы сөздер кездеспейді. М. Қашғаридің сөздігінде шешендікке, ділмарлыққа, сөйлеу өнеріне қатысты түркі халықтарында «силик ер» сөзі қолданылғандығы жазылған. *Силик ер* «өткір тілді», «ділмар» деген мағыналарды білдіреді. Аталған сөздікте «оқымысты, ақылды» мағынасында *билик* сөзі көрсетілген [21: 369-402]. Түркі тілдерінде *цэцэн*, *сэсэн* сөздерінен өзге *сеч* формасындағы түбір сөз бар. Бұл *сеч* сөзі мен *цэцэн* сөзінің түбірінде семантикалық байланыс болуы мүмкін. *Сеч* – түрік, гагауз, әзірбайжан тілдерінде «различать» мағынасын білдіреді [22: 268].

Бурят тілінде «ақылды, данышпан» мағынасында *сэсэн* сөзі бар. *Сэсэн* (*бүридэмэл үгэнүүдые биш болголсодок*) 1. мудрый, умный, разумный, меткий: *сэсэн убгэн* – мудрый старик, *сэсэн бэрхэ* – разумный, мудрый; *сэсэн хүнэй тархи*, *уран хүнэй хурган* – у мудреца – голова, у портного-пальцы (мақал) ; *сэсэ мэргэн* – мудрый, гениальный; *сэсэн үгэ сээжэдэ*, *сэсэг набша уулада* – мудрое слово – в груди, цветы и зелень – в горах (мақал). Сондай-ақ, моңғолдардың титулдық лауазым атауы болған: *Сэсэн хаан*. Сол секілді *цэцэн* сөзімен байланысты Моңғолияда *Цэцэн-хан* аймағы бар [23: 221]. *Çeçep* / *цэцэн* / *чэчэн* / *сэчэн* / *сэсэ(н)* / *шешен* / *шечан* / *сэсэн* / *чечан* / *сосон* формаларынан *с//ш*, *ч//ш*, *ш//ц* фонетикалық айырмашылықтарды байқаймыз. Талданып отырған *цэцэн* сөзінің түпкі түбірі *шеш* (*чеч*, *сэс*, *цэс*, *цэц*) болуы мүмкін және барлығының да мағынасы «тану, білу, дәл айту, таңдау, іріктеу» деген семантикалық мағыналарды аңғартады.

Қорыта келе, зерттеу барысында «Шежіре-и теракима» еңбегіндегі *аймақ*, *құрылтай*, *шешен* сөздеріне этимологиялық талдау жасалды. Олардың ауыспалы не тура мағынадағы қолданысы, түркі тілдері арасындағы, монғол тілдері арасындағы фонетикалық өзгешеліктері мен морфологиялық ерекшеліктеріне назар аударылды. Фонетикалық талдау кезінде дыбыстық сәйкестіктерге (варианттылық), морфологиялық талдау барысында түбір, қосымшалардың жасалуына тоқталдық. Монғолизм ретінде алынған элементтерге

лексикалық талдау кезінде олардың актив не пассив қолданысына да мән берілді. «Шежіре-и теракиме» Орта Азияда жерінде, түркілер арасында дүниеге келген тарихи шығарма болғандықтан оның лексикалық қабатында түркілік элементтерден өзге араб, парсы сөздері де мол кездеседі. Ал, монғолизмдердің қолданысы аса көп емес. Одан өзге, шығармадағы монғолизм ретінде қарастырылып отырған сөздердің түркі тілдеріне енуі, тарихи қалыптасуына байланысты ғылыми пікірлер әлі де болса гипотезалық деңгейде қарастырылып келеді. Түркі тілдері мен монғол тілдері арасындағы ортақ түбірлер мен тіл бірліктерінің алмасуына қатысты нақтылы ғылыми-тұжырымдар әлі де болса ұзақ зерттеулерді қажет етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Щербашидзе И. Н. Фрагмент общетюркской лексики (заимствованный фонда) // Вопросы языкознания. – Москва, 1983. – С. 60.
2. Zuhul Kargı Ölmez. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terākime (Türkmenlerin Soykütüğü). Ankara, 1996. – 559 б.
3. Базылхан Б. Монгол-казах толь. Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 б.
4. Doerfer, Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. I. Wiesbaden, 1963. – 255 б.
5. Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград, 1934. – 224 б.
6. Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том I. Санкт-Петербург, 1869. – 813 б.
7. Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази-хана Хивинского. – Москва – Ленинград, 1958. – 285 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том / Құраст. Жанұзақ Т., Омарбеков С., Жүнісбек Ә. және т.б. – А – А. Алматы, 2011. – 752 б.
9. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
10. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Том 6. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. Алматы, 2014. – 239 б.
11. Кульганек И. В. Монгольские пословицы и поговорки. Исследование, перевод, комментарий. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2017. – 184 б.
12. Doerfer, Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. III. Wiesbaden, 1967. – 255 б.
13. Ramstedt G. J. Kalmückisches Wörterbuch. Helsinki, 1935. – 560 б.
14. Левитская Л. С., Дыбо А. В., Рассадин В. И. [Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву 'К'](#). М., 2000. – 261 б.
15. Древнетюркский словарь / Ред. Наделяев В. М., Насилов Д. М., Тенишев Э. Р., Щербак А. М., Боровкова Т. А., Дмитриева Л. В., Зырин А. А., Кормушин И. В., Летягина Н. И., Тугушева Л. Ю. Л., 1969. – 715 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст. Малбақов М., Оңғарбаева Н., Үдербаев А. және т.б. – Қ – М. Алматы, 2011. – 752 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст. Жаңабекова А., Жанұзақ Т., Әбілқасымов Б. және т.б. – Ү – Я. Алматы, 2011. – 828 б.
18. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966. – 240 б.
19. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964. – 200 б.
20. Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. т. II. 2-е изд., М., 1959. – 2508 б.
21. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы, 2005. – 1288 б.

22. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С» / Авт. сл. статей Благова Г. Ф., Левитская Л. С., Дыбо А. В., Насилов Д. М., Поцелуевский Е. А. М., 2003. – 474 б.

23. Шагдаров Л. Д., Черемисов К. М. Бурятско-русский словарь. Т. 2: О-Я. Улан-Удэ, 2008. – 708 б.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ РУ-РУНА ТАҢБАЛАРЫ

Ақмырзаев Мұрат Мұрзағалиұлы

Зейнеткер-педагог, таңбатанушы, Серікболтанушы

Ақбердыева Балкенже Қондыбайқызы



















ф.ғ.к., доцент, Ақтау, Қазақстан

Біз негізінен, руналық әліпбилер негізіндегі, Ғұбайдолла Айдаров атамyzдың: «І. Ескі түркі тілі (орхон-енесей жазу ескерткіштерінің тілі) және Батыс түркі тілдері – 1) каспий группасы, Орталық түркі тілдері – арал-каспий группасы» [1/10], - деген классификациясына сәйкес, олардың әліпбилеріндегі символдар мен таңбалардың дыбысталу (оқылу) ерекшеліктерін қарастырамыз.

Әліпбилердің хронологиялық кезеңдеріне сай – шумер-мысыр, майя, орхон-енесей, скандинавия-англосаксон нұсқаларын арғықазақтан келе жатырған ру таңбаларымен салыстыруды шумер сына жазуынан бастаймыз.

І. Екі жүз жылдан астам уақыт бойы ғалымдар шешуін таба алмаған үш тілді (Шумер, Элам және ежелгі парсы) Персеполис жартасындағы сына жазуы таңбаларын неміс филологы, латын және грек тілдерінің мұғалімі, ребустар шешудің шебері Георг Фридрих Гротенфенд (*нем. Georg Friedrich Grotefend; 9 маусым 1775, Ганноверш-Мюнден — 15 желтоқсан 1853, Ганновер*), жол бойындағы сына ізінің ұшы төмен және оңға бағытталатындығын негізге алып, жазбаны солдан оқу қажеттігін ашып, оның 36 дыбысты жеткізетін әліпбиін ұсынды. 1869 жылдың 17 қаңтарында герман-француз шығыс танушысы, лингвист Юлиус Опперт (*нем. Julius Oppert*), кейін Жюль Опперт (*фр. Jules Oppert*) (9 шілде 1825, Гамбург — 21 тамыз 1905, Париж) - жазба ежелгі шумер халқы тілінде жазылған деп жариялап, ғылыми айналымға «Шумер» терминін енгізді. 1871 жылы британ шығыстанушысы, ассириология негізін салушы лингвист Арчибальд Генри Сейс (*ағылш. Archibald Henry Sayce; 25 қыркүйек 1845 жыл, Ширхэмптон, Бристоль — 4 ақпан 1933 жылы*) - алғашқы шумер мәтінін көпшілікке ұсынды. Одан екі жылдан кейін француз ассириологы, антропологы, археологы, тарихшысы, өнертанушысы, нумизматы және кітапханашысы Франсуа де Ленорманд (*фр. François Lenormant; 1837—1883*) - шумер грамматикасы туралы еңбегін шумер жазбалары мәтіндер аудармасымен жарыққа шығарды. Осылайша 1889 жылы әлемдік ғылыми орта Шумер өркениетін мойындады және «Шумер» ұғымы шумер тілі мен шумер өркениетін сипаттаушы ретінде тұрақты қолданыла бастады.

И.М. Дьяконов «Гетерография және оның жазу дамуы тарихындағы орны» туралы мақаласында Шумер жазуының ойлап табылған уақыты және көп тілділігі туралы: «Б.з.б. III мыңжылдықтың ортасында жалпыға белгілі және жақсы түсінілетін сына жазулы жазбалар жүйеленген Ежелгі Шумердің суретті жазуы, шамамен, сол мыңжылдықтың бас жағында шумерлер үшін және шумер тілі үшін ыңғайластырылды. Озалғы ерте кездегі ойлауға қажетті барлық логикалық, дедуктивтік абстракциялау құралдары жеткілікті жасақталмаған кезде, жинақтап қорытындылаудың метонимикалық немесе метафоралық ассоциациялау жолымен жүргенін әлденеше рет көрсетуге тура келген еді. Ол жазбалар екі тілді және үш тілді жазу мамандарымен жасалды» [2/18], – деп түйіндеген еді. Біз Гротенфенд әліпбиінің 36 символынан айқын тектестігі көрінетін 9 таңбаның, яғни 5000 жылдан кейін де сол күйінде сақталған (25%) қазақ ру-руналарына сәйкестігін назарларыңа қарауға ұсынамыз. (*Сурет. 1*).

Шумер сына таңбалары және оларды дыбыстау мәні									
Сыналардың тік сызықты нұсқасы Ру атаулары -									
Таңба атаулары	Тарақ	Тарақ	Қақпа	Босаға	Ақсақал	Қақпа	Жебе-Аса	Аса-Оқ	Сәуле

Сурет 1 - Шумер сына жазуы символдары және түрік ру-руналары тектестігі



















II. салыстыру артефактісі «Ежелгі Мысырдағы тірлік» кітабы [3] авторы, неміс мысыртанушысы және лексикографы, Берлин мысыр тіліне оқыту мектебінің негізін салушы Иоганн Петер Адольф Эрманның (нем. *Johann Peter Adolf Erman*; 31 қазан 1854, Берлин.-26 маусым 1937) суретті әліппесі. Пайда болуы б.з.б. III мыңжылдық басы, қолданыста болуы б.з. - IV ғ. дейін (Сурет. 2).

				
Қыз	пана	бұр, биік, бұрыш	шығыр	түн
				
уш	ф.ф.фу	Бұрым	шек	түйін
				
сес	мен	бұлт	қиық	дам
				
уыз	ін	батпан	қазан	жылан
				
бар!	ерін	сызық	көңшек	

Сурет 2 - А.Эрманның Мысыр тілінде оқыту мектебінің суретті әліпбиі

Бұл әліпбиде, бір дауыссыз дыбысты белгілеу үшін бір дауыссыз (әріптік) белгілер қолданылған. Алфавиттік белгілердің нақты атаулары белгісіз, әліпбиде орналасу тәртібін мысыртанушылар ұсынған. әзірледі. Транслитерациялау үшін латын әріптері қолданылған. Мысыр иероглифтерін түсіндіру үшін таңдалған суреттер мен олардың аталуының табиғи үйлесімінің қазақша аудармаға 100% сәйкестігі, ежелгі мысыр дара консонантты жазбаларының түрікше ойлау мен пайымдау стиліне құрылған пратектестігінің тамаша айғағы. «Әлемдік ғылымда, шумер сына жазуынан мүлдем өзгеше Мысыр иероглифтерінің дербес пайда болуы туралы пікірталас, негізінен, мысырлықтар өзара ұзақ уақыт тығыз қарым-қаты- наста болған көршісі, шумерлердің идеясы мен үлгісін алды деп қорытындыланған» [4].

III. Майя жазуы (майя иероглифтері) - Колумбияға дейінгі Мезоамериканың ең ірі мәдениеттерінің бірі - майялар қолданатын ауызша-силлабикалық жазу жүйесі. Ең алғашқы жазба ескерткіштер б.з.б. III ғ. пайда болған [5/755]. Майя иероглифтері атауы бейненің психологиялық портрет ретінде түркілік мағына береді (Сурет. 3).

Майя нұсқасы						
Түркілік мәні	баба мола	үй ую	себу сүйеу	сүс есе	шек шекара	шөл шу-су
Майя нұсқасы						
Түркілік мәні	жас-күн	мол	шек ішек	жас	сак	кек көк
Майя нұсқасы						
Түркілік мәні	мақұл	Хан-күн	малу	бас	Кайжақ	көму

Сурет 3 - Майя иероглифтері мен олардың атауының түркілік негізі

IV. Футарк – герман-скандинавиялық руна алфавиттерінің жалпы атауы. Бұл атау, б.з. III -.- VIII ғғ. Пайда болды деп саналатын үлкен руна алфавитінің алғашқы: f, u, þ, a, r, k - алты әрпін жалғастыра оқудан алынған. Әдетте, «футарка» ұғымы, қолдану тілі мен уақытына қарамастан барша руникалық алфавитті білдіреді.

Жеке таңбаларды бір жүйеге келтірудің мысалдары аз емес. Көпшілікке кең танымал соңғы амал, пошта индексі цифрларын жазу трафареті. Ол негізінен, компьютерлік сканерлеп, корреспонденцияларды адрестік бөлу талабына сай жасалса да, символдарды бір жүйеге келтіру ниетінің қажеттігін іске асырған амал. Осы сияқты футаркадағы 24 таңбаның 16-сында арқықазақтық баба ізі бар, яғни оның 66,7%-ында түркі танымынан үлгі алу үдерісі бар дей аламыз. (Сурет. 4)

Руна	ƒ	u	th	a	r	k	g	w
Латын әріпі	f	u	th	a	r	k	g	w
Кирилл әліпбиі	ф	у	th	а	р	к	(ң)	у
Руна аты	Феу	Уруз	Турисаз	Ансуз	Райдо	Кано	Гебо	вунье
Түркілік мәні	Белгі	Өріс	Төр	Жалау-уран	Айдау жол	Қау	Кеп	Уану
Таңбалық атауы	Сірге	Босаға	Тұмар	Байрақ	*	Аша, Бұрыш	Ашамай	Құрық
Иелік ететін рулар	Сіргелі, Алаша	Қонырат	Шапырашты Ошақты	Жағалбайлы	*	Жаныс, Төле Қарсақал, Алшын Төртқара, Таиа	Сары-Үйсін, Кете	*

Руна	h	n	i	j	e	p	R	s
Латын әріпі	h	n	i	j	e	p	R	s
Кирилл әліпбиі	һ	н	і	й	е	п	Р	с
Руна аты	Хагалаз	Наутиз	Иса	Йер	Эйваз	Перт	Альгиз	Соулу
Түркілік мәні	Хай-хат	Нлет, Қажет ету	Із, Аса	Жер, жылу	Айбас, емен	Пана, тау	Елік, аса	Сәуле Нұр
Таңбалық атауы	Ергелек	Ашамай	Өлің, Көсеу	Қос таңба	Түйе-мойын	Қазан	Құс аяқ	Ботамойын
Иелік ететін рулар	Сары-жомарт	Уак, Шекті, Керей, Керейт	Тана, Табын, Ысты, Сыйқыр	*	Бура	Қаракесек, Қаракете	Адай	Жаппас

Руна	t	b	e	m	l	ng	o	d
Латын әріпі	t	b	e	m	l	ng	o	d
Кирилл әліпбиі	т	б	е	м	л	ң (ң)	о	д
Руна аты	Тейуаз	Беркана	Эуаз	Манназ	Лагуз	Ингуз	Отал	Дагаз
Түркілік мәні	Төр, Тура	Бөрік, Байырқа	Ер	Мен, АС ұлы	Ілмек	Ин, Үнгір	Отан, енші	Күн мен тун
Таңбалық атауы	Жебе	Көз	Жүген, ауыздық, делбе	Қос, Жаппа, босаға	Шек, ілмек	Қос айқыш	Жаппа, айқыш, ашамай	Қаппа, жаппа, ашамай
Иелік ететін рулар	Адай		Әлім		Шеркеш, Масқар			

Сурет 4 - Футарк символдарының салыну бейнесі мен атауы және оның қазақ руналарына сәйкестігі

Түркі ру таңбаларының, яғни қазақ ру-рунасының осындай тектестік мысалдарын барша ежелгі әліпбилерден кездестіреміз. Олай болса ілкі жазу пайда болуының прагматиктерінің бірі – Ұлы дала ареалы, көшпелілер мәдениеті үлгілері деп танылуға тиісті (**Қара. Қосымша – 1. Қазақ руларының нақты руына қатысты таңбалары**).

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Серікбол ҚОНДЫБАЙ тұжырымы [6/275]: «Осындай салыстыру барысында біз қазақ (жалпы түрік) танымының бір кездері басқа, бүгінде дамыған дәстүрлерден әсте кем түспеген абстрактылы ой машығына ие болғандығын көре аламыз, бір ұғымға қатысты басқаларда бар қисын мен келтірімнің арғықазақта да болғандығы – осыған куә. Ең бастысы – барлық қисын мен мағынаның, келтірімнің іс жүзінде бір таңбадан және таңбадан бастау

алған праформалардан өрбіп шығуы болып тұр. Бұл жағдай, яғни жай ғана кескін-символдар мен сөз тіркестеріне қарап пайым жасау емес, нақты сөз түбірі арқылы ғана ауқымды пайым жасау – арғықазақтардың (дей-түркілердің) арғысы – үндіевропалықтарсыз да, қытайларсыз да, бергісі – араб-парсысыз да, өз алдына дербес, өз сөзі мен өз таңбасы негізінде арнайы нақтылы да, абстрактылы да ұғымдар жасай алатын матрицаға немесе жүйеге иелік еткендігін көрсетеді»

2. Егер ру таңбалары ұғымы мен түрлерінің кіндік Отаны түркі әлемі деп танып, талдау ір- гетасы ретінде түркілік ұғымды қойсақ, жазулар арасында ғылыми айналысқа Еуропаның өркендеуі кезінде кең танылған финикия, арамей, көне греотия, ежелгі араб әліпбилерінің өз бастауын дәл руналық таңбалар сияқты дей-түрік рунасынан алатындығы дәлелденеді. Шындығында, тіпті «Футөркі» атауының өзінде, түркі сөздерінің дыбысталуының өзара өте жақындығы, еуропалық руна түркі рунасы элементтерін қолданып, кіші түркі рунасы ретінде дамыған деген байлам жасауға негіз бола алады;

3. Ежелгі жазба үлгілері атауларының шығуындағы түркі тілі басымдығына орай, олардың терминдік ерекшеліктерін айқын жеткізу үшін таза қазақ тілі ерекшеліктерін көрсететін халықаралық фонетикалық әліпби жасақтап, қолданысқа енгізу шаралары алынуға тиісті

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» Университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. «Мектеп» баспасы. Алматы – 1971. 272 бет.

2. Переднеазиатский сборник IV древняя и средневековая история и филология стран переднего и среднего востока. 8. Издательство «НДУКЛ» Главная редакция восточной литературы. Москва, 1986 //И.М. Дьяконов. О гетереграфии и ее месте в истории развития письма (Месопотамия и Иран). 1 – 18 беттерде

3. Эрман А. Жизнь в Древнем Египте. «Центрполиграф».

4. Хрестоматия по истории Древнего Востока. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. – 400 с.: ил., карты.













5. Советский энциклопедический словарь. Главный ред. А.М. Прохоров. Изд. Четвертое, исправленное и дополненное. – М.: Советская энциклопедия, 1989. 1628 с. 755-бетте.

6. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 9-том. Арғықазақ мифологиясы. 1-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 528 бет.

Қосымша 1 - Эпитафиялық төлқұжаттары бойынша алын ру бірлестігі құрамының нақты ру таңбалары

№	Тайпа-Ру аты	Таңба	Эпитафиясынан үзінді	Қорым
1	Төре	Მ	<i>(Жәңгірхан Бөкейханұлы (1803 – 1845.VII.11), ММА.</i>	Құлпытас кітабынан
2	Төре	Მ	Сатан төре Жанғалисұлтанұлы (1791 – 1835. ММА)	Құлпытас кітабынан
3	Төре	Მ	Ғатан ханым (Бөкей Нұралыханұлы сүйіктісі)(1772 – 1824. Қаңтар).	Құлпытас кітабынан
4	Төре	Მ	Шадхан Айбас баласы (1866)	Суретен
5	Қожа (Маңғыстау)	Მ	Есімі: Жакып/Иахуб/ хожа ибн Сәдір хожа. (** – 1861)	Назаралы қорымы

6	Қожа		Назар қожа ибн баба қожа	Сарықора
7	Әлім, Шекті-Шүрен	Кх	Қонтай баласы Рысханмырза. 67 жаста	Ұшқан-ата
8	Әлім, Назар-Бәйбіше	К	Кежек баласы Лесқан. (1796 – 1864).	Есет батыр
9	Әлім, Шекті-Шүрен	У	Ожырбай Әнетбай баласы (1798 – 1861).	Есет батыр
10	Әлім, Қаракесек. Жаналы- Қонақбай	^	Нұрсұлу Емен қызы (Жаб-ағы Атбас зайыбы), 31-де	Абат-Байтақ
11	Әлім, Кете-Байқошқар	Х	Бекбай баласы Тоқтарбай, (1789 – 1866),	Ұшқан-ата ¹
12	Әлім, Кете-Әлмембет	+	Қара баласы. (** – 1910)	Ұшқан-ата.
13	Әлім, Кете-Алтай	Х	Балбан баласы Ғиса (1794 – 1846)	Қиыл қонасы
14	Әлім, Кете-Байқошқар	Х	Жалмыс Айтқұлұлы, офат 62 жас	Абат-Байтақ
15	Әлім, Кете-Құттығай- Кетебике	Х	Ырғызбай баласы Тұрым-бай. (1800 – 1862) шахид.	Ұшқан-ата
16	Әлім, Қаракесек	^	Жыға батыр баласы Жолбарыс батыр. 42 жаста	Есет батыр
17	Әлім, Қаракесек-Жылқышы	ХΛ	Жылқышы бай ахырысы Қатақұрман (1785 – 1833)	Ұшқан-ата
18	Әлім, Төртқара	√	Сейтман Бұзорбай баласы, офат (** – 1796)	Есет батыр
19	Әлім, Қаракесек-Жаналы- Қонақбай	^	Жабәк халалы Нұрсұлу Еменқызы. 1824	Абат-Байтақ
20	Әлім, Шекті-Назар-Бекқайыр	У	Хожа Ізбайұлы (1659 – 1733) х – 1146 ж. 74 жаста қайтты	Қандағаш, Жаңажол
21	Әлім, Шекті-Шүрен- Майлы	У	Салман бай Доспан баласы (1673 – 175)	Ұшқан-ата
22	Әлім- Ожырай-Айтқұл	К	Өтеқан Нұржау баласы (1786 – 1835)	Ортақ аулы, Қарамола
23	Әлім- Ожырай-Қоршы	И	Бейсеубай Қожағали баласы, (1812 – 1882)	Ортақ аулы, Қарамола
24	Әлім-Шүрен-Аман	Л	Сман мырза.	Құлшаната
25	Байұлы, Шеркеш-Қосым	Л	Қалдыбек, Бекет софы жиені. (1819-1861)	Ескі Бейнеу
26	Байұлы, Адай-Қосқұлақ	↑	Мұрзағұл бин Мендікұлбатыр (Һафиз)	Ескі Бейнеу
27	Байұлы, беріш Қаратоқай-Итемген	И	Үміт Сарыұлы (1818 – 1881)	Қарабау-Қаракөл

28	Байұлы, Беріш-Айтболат		Бекенжан халалы Нәсен (1873 – 1899), Тауық ж	Қарабау-Қаракөл
29	Байұлы, Ысық-Сары		Ыхлас би Алмабай ұлы (1781– 1844)	Махамбет ауданы
30	Жетіру, Табын-Жылқышы-Құл		Тілеубай Собалақұлы-Қайып-бай немересі (1790 – 1848)	Ортақ аулы, Қарамола
31	Жетіру, Тама-Кенжебайтаз		Қадма...Гимадұлы (** – 1849)	Есет батыр
32	Жетіру, Тама-Таз		Төлеш Жайық қызы, Қашқын-бай халалы (1792 – 1851)	Есет батыр
33	Жетіру, Тама-Дәулеткелді		Мыңжан Дианбайұлы, 64-те	Сарысубойы
34	Жетіру, Табын		Кестен Қонайбайұлы... жазуөте көмескі	Абат-Байтақ
35	Жетіру, Шөмішті-Жалпақтіл		Ес Жан баласы. Офат 80-де	Құлпытас кітабынан
36	Жетіру- Табын, Қарақойлы-Сағыр		Бек Ақбалық баласы (1799 – 1882)	Ортақ аулы, Қарамола
37	Жетіру- Табын, Қаспақ-Құл		Сұлтан Тілеу баласы (1813 – 1869)	Ортақ аулы, Қарамола
38	Жетіру- Табын, Жылқышы-Құл		Сүлеймен хазірет Мұсылманұлы (1830 – 1907)	Сүлеке
39	Табын, Жылқышы		Байтоқ Жарас (1777 – 1861)	Абат-Байтақ

МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕТҮРКІЛІК ЭЛЕМЕНТТЕР

Көшімова Бибатпа Әмірханқызы

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан*

Географиялық атаулардың жасалуы – үздіксіз тіл шығармашылығының процесі. Топонимдер ғасырлар бойы пайда болып жатады. Кез келген елдің картасында әр дәуірде, адам әрекетінің әртүрлі саласымен байланысты пайда болған, әртүрлі тілден жасалған жер атаулары кездеседі. Географ Э.М. Мурзаев: «географиялық атаулар халықтың қоғамдық өмірімен, сол жерді мекендеген халықтың тілімен тығыз байланысты жасалады. Тарихи жағдай, тіл, халық, сонымен бірге географиялық орта да өзгерді. Сондықтан да ешбір елде бірыңғай географиялық номенклатура жоқ. Ол бірінің үстіне бірі жинала беретін қабат құсап көбейгендіктен, топонимдерде әр уақыттағы әр түрлі тілдердің элементтері көп кездесетінін» айтады [1, 323 б.]. Тарихи дамудың процесі көрсеткендей, соңғы топонимдік толқын алдыңғысын басып қалады да, топонимдердің тарихи қабаты қалыптасады.

Маңғыстау өңірі топонимиялық жүйесі де мындаған жылдар ағымында қалыптасты. Маңғыстау топонимдерінің социолінгвистикалық табиғатын анықтау үшін, алдымен Маңғыстаудың бай тарихына соқпай өтпеуге болмайды. Біздің жыл санауымызға дейінгі замандарда, дәстүрлі тарих, тілтану ғылымдарында «иран тілді» делініп жүрген массагеттер мен дайлар» олардан кейін аландар мен каспилер, пешенек-қаңлылар, IX-X ғасырларда

оғыздардың Маңғыстауды қоныстануы, XIII ғ. моңғол үстемдігі, XI-XIII ғасырлардағы «орта түрікмен», XV-XVI ғасырларда қалыптасқан «жаңа түрікмен» этносы, ноғайлардың XVI-XVII ғасырдың басында Маңғыстауда болуы, XVII ғ. Жоңғар қалмақтарының әсері, патшалы Ресейдің отаршылық саясаты т.б. өлке топонимдерінде өз іздерін қалдырған.

Маңғыстау өңірі топонимиясындағы үлкен бір бөлікті көне түркілік қабатты оғыз-қыпшақ тілдеріне тән атаулар құрайды. Бұл қабаттағы атауларға ру-тайпа атауларынан, географиялық терминдерден және түрлі жалпы есім мәнді сөздерден жасалған атаулар жатады.

Бүгінгі түркі тілдес халықтардың тарихында өзіндік із қалдырған ортағасырлық тайпалық одақтардың бірі – Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген оғыз тайпалары болып табылады.

Оғыздар жайында жүйелі мағлұмат беретін С.Г. Агаджанов «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX- XIII вв.» деп аталатын еңбегінде оғуздар және олардың таралу аймағы туралы былай деп жазады: «Оғыз» атауы IX-X ғ.ғ. бастап Орта Азияда кең жайыла бастады. Бұл оғыздардың печенегтерді жеңіп, Сырдария ябгаларының одағы құрылғанына байланысты болса керек. IX ғ. аяғында оғыздар хазарлардың қолдауымен печенегтерді ойсырата жеңіп, олардың Орал мен Еділ арасындағы жерін иемденген еді. Осыдан бастап XI ғ. ортасына дейін Орта Азияның кең жерін оғыз көсемдері басқарды. Орта Азиядағы, әсіресе Сырдарияның төменгі бойы мен Каспий, Арал маңын қоныстанған оғыздар түркі тілін иемденді» [2, 6 б.]. Оғыздардың көпшілігінің басты кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. Оғыз тайпаларының бір бөлігі Сырдарияның төменгі бойын қыстап, жайлауға Каспий маңындағы далаға көшкен [3, 57 б.].

Оғыздар Үстіртті IX ғасырдың аяғында иемдене бастап, Маңғыстаудың ойын X ғасырда қоныстанып болған [4, 15 б.].

XVII ғасырдың ескерткіші Әбілхазының «Түркмен шежіресінде» Әли ханның баласы Шаһ Мәлікті Тоғрұл өлтіргеннен кейін, Сыр бойындағы оғуз жұрты арасында араздық туып, олардың *игдір, чәуілдір, абдал* деген және басқа да біраз руларының Маңғыстауға көшіп кеткендігі туралы сөз болады [5, 68 б.]. «Мұндағы Шаһ Мәлік пен Тоғрұл – тарихта XI ғасырда өмір сүрген адамдар».

Маңғыстаудан, осы дәуірге тән, ортағасырлық оғыз тайпа, ру атауларынан қалған жер-су атауларын көптеп кездестіруге болады. «Маңғыстауда көптеген зираттар әлі күнге дейін *Шопан-ата, Масат-ата, Есен-ата* тәрізді оғыз көсемдері мен әулиелерінің атымен аталады» (Ә.Кекілбаұлы).

Ру-тайпа атауларынан пайда болған топонимдерге: *Алаторпа, Егдір, Емір, Көгалы, Қарқын, Қызан, Құшишыата, Қызық, Уа, Шәудір* т.б. жатады.

Бозашы – Каспий теңізінің солтүстік-шығысындағы түбек. *Бозашы* атауының этимологиясы туралы қазақ тіл білімінде Т.Жанұзақов, Е.Қойшыбаев, С.Әбдірахманов т.б. жазды. Географ С.Әбдірахманов түбек атауының екі түрлі мағынасын көрсетеді: бірінші, боза – тарыдан ашылатын ішімдік. Бозашы – қолсыраның осы түрін дайындайтын адам. Кейінірек бұл термин осы өлкеде қазақ тұрғындарының арасында өмір сүрген түрікмендердің бір руының атына айналды. Қазақтың Әлімұлының бір бұтағы осыған ұқсас «бозаншы» аталады. Түбек аты осы этнонимге байланысты қалыптасқан деген жорамал бар. Екінші, түбектің аты қазақтың «бозашы» – «бозғылт», «татырлы жер» немесе «ащы немесе тұзды жерге бейімделген жусан көп жер дегеннен шығуы ықтимал [6, 257 б.]. Е.Қойшыбаев: «бозды сортаң жер», – дейді [7, 68 б.]. Ал тарихи деректерге сүйенсек, бозашы – өлкені мекен еткен оғыздық шәудір тайпасының бір руы. Атаудың «Біздің ойымызша, атау екі бөлімнен тұрады: *боза және -жы*. Боза, буза қазақ, қырғыз, тобыл және түрік тілінде «тарыдан ашытылған ішімдік» деген мағына береді. Этнонимдегі -жы аффиксі -чы, -чі (-шы, -ші) жұрнағымен қатар қолданылып, мамандық атауларын тудырады. Сонымен, бозажы «боза ішімдігін дайындаушы адам» [8, 33 б.]. Атау осы ру атына байланысты қалыптасқан.

Егдір – Маңғыстау ауданындағы құдық, қоныс атауы. *Егдір* (игдир) – «ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасы. Этноним әртүрлі варианттармен (игдер, йигдер, икдур, икдир) түрлі

дереккөздерде кездеседі. Егдір Оғызханның немересі, Теңізханның ұлы және «жаксы», «ұлы» деген мағынаны береді. Қазіргі зерттеушілер этнонимді «ег» – «негіз», «өзек» деген, *тазақанды* деген мағынаға және өткен шақ етістіктің *-дир* аффиксіне апарып тіреді» [8, 72 б.]. *Егдір* – «егдір руының мекен еткен жұрты, құдығы» деп білеміз.

Емір – Маңғыстау ауданындағы ауыл, жер аты. *Емір* – ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасы – *имир* атынан пайда болған. «М.Қашқари және Рашид-ад-Диннің еңбектерінде этноним *эймюр* формасында кездессе, Абылғазыда – *имир*. Барлық осы ғалымдар (М.Қашқариден басқасы) этнонимнің шығу тегін Тау-ханның екінші ұлы, Оғыз ханның немересінің есімімен байланыстырады және оның мәнін былай деп түсіндіреді: Рашид-ад-Дин: «өте керемет және қуатты», Абылғазы: «бай және аса бай», Салар баба: «ол күшті және мықты әскері болуы керек. Рашид-ад-Диннің бір кездері эмирлердің тотемі ешкі болған деген пайымдауына негізделе отырып, Ю.Зуев этнонимді этимологиялауға тырысты. X-XI ғасырлардың қытайлық көздерінде ол қырғыз тілінде қара құйрықты жануарлар, яғни ешкілер мен жейрандарды білдіретін имо (яғни имир) сөзін тапқан. Сөйтіп, ол этнонимді тотемнен шыққан деп түсіндіріп, оны екі бөлімге бөледі: й, йим и–р. Ю.Зуев йымга-умга жабайы тау ешкісінің аналығында сақталған им немесе йим сөзін эммек – «сору» деген сөзбен ұқсастырады [8, 136 б.]. Емір – «*емір руының қонысы*» деген мағынада қолданылады.

Қызан – Маңғыстау ауданындағы ауыл және қорым аты. «*Гызан* – Сақар тайпасының руы» деген С.Атаниязов, атаудың этимологиясын былайша түсіндіреді: «*Қызан* – ғүз (оғыз) + ан – көптік мән беретін жұрнақ» [8, 57 б.]. Негізінен, «-ан жұрнағы географиялық атауларды жасайтын көне жұрнақ болып табылады. Мысалы: Иран, Хорасан, Тұран т.б.» [9, 10 б.]. Демек, *Қызан* атауы – «оғыздар елі» немесе «қызан руының қонысы» деген мәнді береді.

Қызық – Маңғыстау ауданындағы құдық. *Қызық* – ортағасырлық түрікмен тайпасы. Әбілғазының пікірінше, *Қызық* – Оғызханның немересі, Жұлдызханның ұлы және «батыр» деген мән береді» [8, 58 б.]. Сонда *Қызық* атауы – «қызық руының құдығы» мағынасында қолданылады.

Шәудір – Маңғыстау ауданындағы құдық. *Шәудір* – ортағасырлық түрікмен тайпасы. «Этноним түрлі дереккөздерде әртүрлі варианттарда кездеседі: Махмуд Қашқарида – Джувалдар, Рашид-ад-Дин, Әбулғазы және Салар Бабада – Джаулдур, Чавулдур, Языджы – оглы – Чавындыр. Барлық дереккөздерде ол антропоэтноним, яғни Көкханның үшінші ұлы, Оғызханның немересінің есімі екендігі айтылады. Оның мағынасы туралы былайша түсінік беріледі, Рашид-ад-Дин: «даңқты және қатты дауысты», Языджы-оглы: «әділ және қатты дауысты», Абулғазы: «атақты», және Кононов «әділ». Ал аңыз бойынша этноним: «құрмет батыры болуы тиіс» және «атақты» мағынасын береді» [8, 130 б.].

Осы этнонимнен жасалған *Шәуілдір* топонимі Оңт. Қазақстан облысында да кездеседі. Шәуілдір топонимінің этимологиясын тілші-ғалым С.Омарбеков жазған. Ғалым С.Омарбеков: «Шәуілдір деген атаудың жазба деректе тұңғыш рет кездесуі XI ғасырда, Махмуд Қашқар сөздігінде. Көнелігі жағынан бұл жөніндегі содан кейінгі дерек Рашид-ад-Диндікі. Бірақ осы екі деректің екеуінде де ол ауызға жер аты ретінде емес, оғыз жұртының құрамына кіретін ру аты ретінде алынған» – дей келе, бұл тұста аталған деректердегі сөз болып отырған ру атының құрамымен салыстырып қарағанда дәлме-дәл бірдей емес екендігін, олардың арасында азды-көпті дыбыстық айырманың бар екендігіне тоқталған. Сондай-ақ ғалым осы атудың Шәудір деп аталатын жер атының Маңғыстауда да кездесетінін айтып, «Республиканың батыс аймағындағы соңғы аталып кеткен жер аты Шәудір мен оның оңтүстігіндегі жер аты Шәуілдірдің әу баста бір этникалық атаудан шыққан, өзара тағдырлас сөздер екендігін, Қазақстан территориясында бір заманда тіршілік еткен бір оғыз руы атының бұл күнде екі бірдей жер атында сақталып қалғанын, ал Шәудір топонимі осы ру есімінің кейін пайда болған варианты да, ал Шәуілдір топонимі мұның көне варианты екенін білеміз» деп түйіндейді [10, 181 б.]. Сонымен Маңғыстауды мекендеген көнетүркілік, ортағасырлық тайпа атаулары өлке жер-су атауларында сақталынып қалғандығын байқадық.

Ендігі бір көнетүркілік қабаттың ауқымды бөлігін географиялық терминдерден жасалған атаулар құрайды. Енді осыларға тоқталайық.

Ада – Қаракия ауданындағы құмдауытты құмқайыр. *Ада* термині Э.В. Севортянның сөздігінде – «арал; өсімдік өскен арал, өсімдігі бар арал» деген мағына береді [11, 87 б.]. *Ада* сөзі арал мағынасында түрікм., түрік т.б. тілдерде қолданылады. Сонда *Ада* атауының мағынасын: «өсімдік өскен, өсімдігі бар арал» деп білеміз.

Ащыайрық – бұлақ аты. Е.Қойшыбаев: «Айрық деп екі тау өзенінің немесе екі шатқалдың қосылатын жерін айтады [11, 19 б.]. «Айрық сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы «айырылатын, бөлінетін жер. Тау, өзен, жол т.б. айырылатын, бөлінетін жері айрық. Географиялық атаулар осы сөзден қойылған. Атаудың түбірі *айыр* етістігі, ал оған қосылған - *ық* жұрнақ түркі тілдерінде етістіктен зат есім жасайтын өнімді қосымша. *Ащыайрық* атауының мағынасы – «*екіге айырылып аққан, суы ащы бұлақ*».

Аран – Маңғыстау ауданындағы құдық. Көне түркі тілінің сөздігінде *аран* «мал қора, ат қора» [13, 51 б.] делінген. «Аран атындағы жер атаулары түбекте бірнеше. Олар көбіне түздің құлан, киік, қарақұйрық сияқты аңдарын қамап ұстауға ыңғайлы ұрымтал тұстардан қазылған орлар, тас қоршаулар» [14, 174 б.]. Ал азербайжан тілінде *аран* – «жылы орын, жазықтық» деген мағына береді екен [15, 49 б.]. Сонымен атау «ойдан қазылған құдық» немесе аң ұстауға арналған оры (араны) бар жерден қазылған құдық дегенді білдіретін тәрізді.

Артқапы – аңғар аты. Көнетүркі сөздігінде: «*арт* – 1) «таулы қырат, тау»; 2) «*тау асуы*» – деп берілген. М.Қожанұлы *Артқапы* атауына: «*арт* сөзі қазіргі тува, шор және алтай тілдерінде «*асу*» мағынасында қолданылса, ал кейбір түркі тілдерінде мысалы, қырғ., азерб., башқ., қалп. *арт/ард* – «*арқа, арты, арттың бөлігі*» мағынасын білдіреді. Ал екінші компоненттегі *қапы* сөзін жергілікті тілдік ерекшелік деп қарап, ол сөздікте: «*Қапы*. (Гур., Маңқ.) – таудың арасындағы *ояң жер*» деп берілген. Сонымен *Артқапы* топонимін «*асудан кейінгі ояң жер*» мағынасында қараған жөн» – деп анықтама береді [16, 67 б.]. Біз де осы тұжырымға қосыламыз. Бірақ *қапы* сөзінің көне түркі сөзі екендігі Ә.Спан және Ж.Дүйсенбаева еңбектерінде жазылған: «*Қапы* – тау аңғары. Бойында су көздері бар аңғарлар ғана *қапы* делінген. Бертінде суы тартылған *қапы*лар *Құрқапы* деп ерекшеленген. Көне түркі сөзі. Маңғыстауда Алдыңғы *қапы*, Артқы *қапы* деген де жер атаулары бар. Ал Қырымның Перекопы – Берік *Қапы* деген сөзінен шыққан» деп тұжырымдайды [17, 197 б.].

Аша – Маңғыстау ауданындағы қыстау аты. Э.В. Севортянның сөздігінде «*Аша* – *аш* етістігіне -*а* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған атау, «*таудан асуға қолайлы төмен жер, жол*» деп берілген [11, 214 б.]. Сонда атаудың мағынасы: «*тау асуындағы қыстау*».

Бесөгіз – Солтүстік Үстірттегі терең құдықтар. Атау бес (сан есім) және өгіз (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Өгіз сөзі туралы түрлі этимологиялық жорамалдар қалыптасқан деуге болады. *Бесөгіз* гидронимі туралы Маңғыстау энциклопедиясынан: «Ел аузында құдықшыға 5 өгіз беріп қаздырған себепті, солай аталған деген дерек бар. Сонымен қатар Маңғыстауды туыстас бес оғыз тайпасы келіп мекендеген кезеңнен қалған атау делінеді. Тәңке атымен қосақталып, Бесөгіз-Тәңке деп аталыпты» деген мәліметті кездестіреміз [14, 233 б.]. Ал ғалым Т.Жанұзақов: «өгіз – көнетүркі тілінде «өзен», «су» мәнін білдіретін сөз болған», – дейді [18, 66 б.]. Бұл пікірді Э.Мурзаев нақтылай түседі: «Негізінен, оқуз сөзі «ағып жатқан су» мағынасын береді» [9, 195 б.]. Сонымен *Бесөгіз* атауы – «ағынды сулы бес құдық» немесе «*көп су*» деген мән береді. Маңғыстауда *өгіз* сөзімен байланысты бұдан басқа *Өгіз, Өгіз-Ереулі* деп аталатын құдық, жер атаулары кездеседі. *Өгіз-Ереулі* аталатын құдық атауындағы өгіз – «су», ал ереулі – С.Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегінде: «елірген, шыйрыққан, тыпыршыған» деген мәндегі диалекті сөз деп келтірілген [19, 478 б.]. Сонда атау «*ағыны қатты су, құдық*» деген мағынада қолданылады.

Боздақ – Манатаның шығысындағы қыр мен сай атауы және Маңғыстау ауданындағы ауыл, құдық, қорым. Атау боз (сын есім) және дақ (тау, зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Негізінен, *боз* деп – көде, селеулі өсімдікті дала, жыртылмаған, құнарлы тың

жерлерді айтады. Ал *дақ* – қазіргі тіліміздегі тау сөзінің көне *дағ* формасы болуы мүмкін. «Дағ – «тау» [20, 117 б.]. Атау биік қырдың сарғыш бозаң тартып тұруымен байланысты қойылған тәрізді.

Доңға – Түпқараған ауданындағы жер аты. «Бұл атау көне түркі тілінде домба//томба – «жота», «дөң», «төбе» деген сөз» [18, 65 б.]. Сонда *Доңға* – «дөң, төбе» дегенді білдіреді. *Домба, томба//доңға* сөздеріндегі *м//ң* орын алмастырғыш дыбыстар қатарына жатады.

Елеғажы – Үстірттегі бір топ құдық. Атау Елек (сын есім) және ажы (аджы) (сын есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. *Елек* сыңарындағы *Е/И* «ылғыл, су» мәнін беретін имитатив. Ал –лек бір нәрсенің бар екенін, молдылығын білдіретін көне жұрнақ. *Аджы* (көне түріктің сөзі) *//ажы* –суы ащы, бірақ мал ішуге жарамды құдықтарға қарата айтылып, солай жер атауы болып қалыптасып кеткен: *Ажы* – Э.Севортянның сөздігінде: «ащы, ащы су, шипалы су» делінген [68, 89 б.]. Сонда *Елеғажы* атауының топонимдік мағынасы: «ащы сулы құдық» дегенді білдіреді. Өлкеде *ажы* сөзімен жасалған *Қарашажы* – «*Қараштың ащы құдығы*», *Қосажы* – «*қос ащы құдық*» мәніндегі т.б. құдықтар кездеседі.

Егіз – Маңғыстау ауданындағы құдық атауы. *Егіз* сөзі Э.С. Севортянның сөздігінде «биік, ұлы» деген мағыналарда қолданылған. «Егіз производное, образованное с помощью древнего именного аффикса (*а*) з от глагола *ег* или *еги* – «*подниматься*», «*возвышаться*» [11, 224 б.]. *Егіз* – «суы мол, бас құдық» немесе «биік жердегі құдық» – деген мағына беретін тәрізді.

Жазыгүрлі – Қарақия ауданындағы құдық, қорым. Атау жазы (зат есім) және гүрлі // гұрлы (шылау) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. *Жазы* – көне түркі тілінде «*дала, жазық жер, иен дала*» мәніндегі сөз [21, 102 б.]. Ал гүр+лі, түбірі гүр – көнетүркі сөздігінде, «мола» [22, 195 б.]. Сонда атаудың мағынасы: «моласы бар жазық жердегі құдық».

Иірдің ойы – Маңғыстау ауданындағы көлдеу ойпаң. Топонимге «Жер атауы су иіріліп, көп жатуына орай аталған» деген түсінік берілген. Ал біздің ойымызша, «Иірді» көнетүркі тіліндегі *Йир* (жер) сөзімен байланысты деп қараймыз [23, 73 б.]. Жер сөзінің Тоныкөк, Күлтегін ескерткіштерінде йір, йер варианттарында кездесуі осы ойымызды нақтылай түседі. Сонда *Иірдің ойы* – «*жердің ойы, ойығы, ойыс жер*» мағынасын білдіреді.

Көгез – Маңғыстау ауданындағы жер аты. Атау екі компоненттен құралған: *көк+ез* (дұрысында, үндестік заңына сәйкес – *өз*). *Өз* – М.Қашқарида – «аңғар», «шатқал» деп берілген. *Көгез* – «*көк (көк шөбі мол) шатқал*» мағынасындағы атау.

Қарашасаура – Маңғыстау ауданындағы аңғар. Атау қараша (сын есім) және саура (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Өлкетанушы Ә.Спан: «*саура* – «биік жартасты жарып шығатын тұщы су көзі» – деп анықтама береді [17, 217 б.]. Ал көне түркі тілінде: сау сөзінің – «таза, ауызсуы» деген мағынасы кездеседі [22, 480 б.]. Ал ра/рә – «өте, аса» мәнін береді [13, 122 б.]. Сонда атаудың мағынасы: «суы өте таза, ауызсулы бұлақ».

Құртты – Маңғыстау ауданындағы жер, қоныс атауы. Көнетүркі тілінде құрт: *қасқыр, бөрі* мағынасында қолданылған. М.Қашқари: «Құрт – бөрі, қасқыр. Түрік халықтарының бәрі осылай дейді. Оғыздар да бөріні құрт дейді» деген мәлімет береді [23, 400 б.]. Сонда *құрт* сөзіне –*ты* (сын есім тудыратын жұрнақ) қосылып, сол жер қасқырдың көптігіне байланысты аталған. *Құртты* – «*қасқырлы жер*» мағынасындағы атау дейміз.

Құрық – Қарақия ауданының әкімшілік орталығы. Халықтық этимологияда жер атауын «жылқы ұстайтын бас жағында ілмек жібі бар ұзын ағашқа» байланысты қойылған деген пікір кездеседі. Ал көнетүркі тілінде Гуррук (*куруг «құрғақ»*) «көне, суы тартылған құдыққа» қатысты айтылған [21, 182 б.]. Сондай-ақ көнетүркі сөздігінде де куруг – «құрғақ, кепкен» деп берілген [22, 469 б.]. Осы тілдік деректерге сүйене отырып, атау: «суы жоқ көне құдыққа байланысты қойылған» дейміз. Бұрынырақта жер аты *Жыланды құрық* (суы жоқ, жыланы бар құдық) деп те аталған екен.

Оғланды – Қарақия ауданында орналасқан киелі орын. Оғландыда Бекет ата мешіті мен бейіті орналасқан. «*Оғлан* көне түркі тілінде – сәби, бала, ұл; оғул + ан кішірейту мәніндегі жұрнақ» [24, 411 б.]. Атау оғылан (зат есім) + ды (бір нәрсенің бар екенін білдіретін жұрнақ) туынды сын есім жасайтын жұрнағының қосылуы арқылы жасалған.

Аңыз бойынша, ол – бала әулие делінеді. С.Қондыбай Оғыланды атауы туралы: «С.Поляков «оғлан сөзінің осы аймақта жиі кездесетініне мән бере отырып, осы атты иеленген тарихи соңғы адам Тоқтамыс ханның әкесі, XIV ғасырдың 50-60 жж. Маңғыстаудың билеушісі – Түйеқожа-оғлан екендігін атап өтеді. Ал Әбіш Кекілбаев Оғыландының әлгі Түйеқожа-оғланмен байланысты болу ықтималдығын ескерткен болатын» – дейді [25, 39 б.]. Себебі орта ғасырларда әскер басыларын, хандарды оғлан атау дәстүрі болған. Осы пікірлерге сүйенсек, атаудың мағынасы: «хан (Түйеқожа хан (оғлан)) жерленген қорым» тәрізді.

Отар – Бейнеу ауданындағы құдық. Бұл сөздің этимологиясын Э.В. Севортян: «от «шөп»+ а – *шөпті ота* + *p* етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ, сөздің мағынасын: «жайылым, өріс, ауылдан жырақтағы мал жайылатын жер», – деп көрсетеді [11, 488 б.]. Сонымен қатар М.Қашқариде де мұндағы «от» түбірінің мағынасы «шөп, өсімдік» екенін айтылады [23, 63 б.]. Өлкеде осы от (шөп) түбірінен жасалған: *Отар салты*, *Оталған*, *Ақотты нар*, *Отайберген* деген жер-су атаулары кездеседі. Сонда атау: «жайылым, өріс, ауылдан жырақтағы мал жайылатын жердегі құдық» деген мағынаға толық сәйкес келеді.

Сынды – Бейнеу ауданындағы құдық. Т.Жанұзақ: «сын сөзі – «тау жотасы», «жал», «асу» мәнін береді деп көрсетеді [18, 78 б.]. Ал көне түркі тілінде *сын* – мола» [11, 503 б.]. Сонда атаудың мағынасы: «моланың жанынан қазылған құдық».

Тұзбайыр – Ақтау жотасының Батыс Үстіртпен шектескен тұсындағы тұзды көл және Маңғыстау ауданындағы құдық. Атау тұз (зат есім) және байыр (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Көне түркі тілінде: «байыр – «төбе, көтеріңкі, биік жер» деп аталған [24, 37 б.]. Атаудың мағынасы: «тұзды, сортаң биік төбе» немесе «тұз шөккен (байырлаған) көл болуы да мүмкін. Өңірде бұдан басқа *Қосбайыр* атауы да кездеседі.

Тұщықұй – Маңғыстау ауданындағы жер, қора, құдық. Атау құрамындағы *құй* сөзінің этимологиясын А.Ысқақов былайша түсіндіреді: «Құй деген сөз көне түркі және моңғол тілдерінде *құд* – *құды* – *құйы* – *құй* болып келетін, қазіргі қазақ тіліндегі *құдық* деген мағынада қолданылатын сөзбен төркіндес, яғни *құй* сөзі жоғарыда айтылып өткен көне түбірінің бір түрі» [26, 132 б.]. Бірқатар түркі тілдерінде құдықты *құй-кью* дейді. Ноғайша *қуйы*, құмықша *кью*, түркменше *гуйы*. *Құй* сөзі өлкеміздегі құдық атауларында сақталып қалған: *Ақшақұй*, *Үшқұю*, *Сайқұй* т.б. құдық атаулары кездеседі. «Құд (-ық) – *құй* – *құйы* сөздеріндегі *д* мен *й* дыбыстарының алмасып келуі түркі тілдерінде бар құбылыс. Құдық дегендегі *-ық* жұрнағы – етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ» [26, 132 б.]. Атаудың мағынасы: «суы тұщы құдық».

Шайыр – Маңғыстау ауданындағы ауыл. Атау шай (зат есім) және йір (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. С.Қондыбай: «Түркі тілінің оғыз-селжук диалектісінде «чай, шай» – су, сулы сай, ал йір «жер», атау – «сулы жер» дегенді білдіреді дейді [27, 25 б.]. Расында да, Иран топонимиясын зерттеген В.И. Савина: «чай – түркіше «өзен» деп көрсетеді [28, 240 б.]. Ә.Әбдірахманов та: «чай – оғыз тобына жататын түрікмен, азербайжан тілдеріне тән, «өзен, тау өзені» мағынасындағы сөз екенін айтқан [29, 126 б.]. Сонда атаудың мағынасы: «сулы жер, тау өзені бар жер».

Шебір – Маңғыстау ауданындағы ауыл. Бұл атаудың шығуы туралы да түрлі болжамдар қалыптасқан. Өлкетанушы С.Қондыбай атауды *савир* тайпасымен байланыстыра қарастырады [30, 131 б.]. Көптеген топонимистер (Э.Мурзаев, Е.Койшыбаев, С.К. Караев) шабар//шибер//сибер//шидер – «балшық жер» мағынасындағы сөз деп қарастырады. Қазақ топонимисі А.Әдірахманов Шығыс Сібірден Ауғанстанға дейін кездесетін *Сибирь*, *Шивер*, *Шавар*, *Савар* атауларының этимологиясын былайша тұжырымдайды: «Сибир атауы көне түркі тілдеріндегі *суб* сөзі мен *йер* сөзінің қосылуынан жасалған сияқты. Беретін мағынасы «сулы, өзенді жер». Қазақ тілінде «сулы жер» деген тіркестің «су жер» деп қолданылуы да осы этимологияны бекіте түседі. Күлтегінде *йір*, Тоныкөк ескерткіштерінде *йір* мен *йер* формалары қатар келеді. Ендеше, *йер* сөзі түркі тілінің көне диалектілерінде *йір* болып айтылуы ықтимал. Бұның өзі *суб-йір* сөзінің *сибир* түрінде айтылуын жақындай түседі. Екіншіден, *суб-йер* – сибир түріне көшуіне соңғы йер сөзі кейінді ықпал заңымен әсер етіп, бірінші *суб* сөзіндегі *у* дыбысының *и* дыбысына ауысуына әсер еткен. Осылайша, алғашында

Тобыл және Ертіс өзендерінің бойын мекендеген татарлардың және басқа да түркі халықтарының тілінде айтылып жүрген сибир – субйер – субиір сөзі Сібір хандығының және Тобольск қаласының маңындағы қала атына қойылған да, кейін Орал тауынан бастап, Қиыр Шығысқа дейінгі жерлер Россияға қосылуына байланысты осы ұланғайыр аймақтың атына көшкен. Алғашқы беретін мағынасы – «сулы жер», «өзенді-сулы өлке»... Қолда бар деректерге қарағанда, «батпақ», «саз», мағынасында кездесетін моңғ. тіліндегі шабар, «шалғынды» деген мағынадағы қырғ. тіліндегі шибер, «батпақ» мағынасындағы тәж. тіліндегі шибер сөздері сибир сөзінің фонетикалық варианттары сияқты» [31, 82-87 бб.]. *Шебір* атауын да осы сибир сөзінің бір варианты деп қарастырамыз. Сонда *Шебір* – «сулы жер» деген мағынаны береді. XIX ғасырда өлкемізде болған орыс топографы П.В. Алексеевтің Шебірді Бозашыдағы суы мол жер деп көрсетуі де осыны дәлелдей түседі.

Ырмақ – Бейнеу ауданындағы құдық, бұлақ аты. Э.В. Севортян көнетүркі тілінің сөздігінде: «Ырмақ – «ыр» етістігіне -мақ жұрнағының жалғануы арқылы жасалған туынды сөз – «аққан су, арық, өзеннің сағасы» мағыналарын береді» деп көрсетеді [24, 665 б.].

Шат – Маңғыстау ауданындағы құдық, жер аты. *Шат* – М.Қашқари сөздігінде: «чат – құдық (оғызша) деп берілген [32, 205 б.]. З.Б. Мухамедова да «Исследования по истории туркменского языка XI-XIV» атты еңбегінде: «көнетүркілік чат – «құдық деген сөз» деп көрсеткен [21, 187 б.].

Міне бұл талдаулар арқылы Маңғыстау өңірі топонимиясы көнетүркілік атауларға өте бай екендігін және өзінің тарихи қалпын сақтап, көп өзгеріске түспей сақталғандығын ерекше атап өтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – Москва, 1974, -323 с.
2. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX- XIII вв. – Ашхабад, 1969, -294 с.
3. Мусин Х. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2005, -592 б.
4. Қондыбай С. Маңғыстау-нама. – Алматы: Үш қиян, 2006, -444 б.
5. Кононов А.Н. Родословная туркмен: Сочинение Абу-л-Гази Хана Хивинского. – М-Л., 1958, -193 с.
6. Каспий қайраңы, танымдық – көпшілік басылым. – Алматы, 1996, -278 б
7. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974, -277 с.
8. Атаниязов С. Словарь туркменских этнонимов. – Ашхабад, 1988, -180 с.
9. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – Москва, 1974, -323 с.
10. Омарбекұлы С. «Шәуілдір» топонимінің шығу төркіні жөнінде // Қазақ тілі білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2007. – 312 б. + 8 б. жапсырма.
11. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974, -768 с.
12. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974, -277 с.
13. Древнетюркский словарь. – Москва: Наука, 1969, -676 с.
14. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы, 2008, - 632 б.
15. Ашурбейли С.Б. О топонимике «Аран»//История топонимических исследований. – Баку, 1992, С. 47-56.
16. Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары. – Астана, 2005, -144 б.
17. Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. – Алматы, 2006, -224 б.
18. Жанұзақ Т. Қазақ онамастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы, 2007, -544 б.
19. Аманжолов С. Вопросы диалектологии истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959, -452 б.

20. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1980, -395 с.
21. Мухамедова З.Б. Исследования по истории туркменского языка XI-XIV. – Ашхабад, 1973, -234 с.
22. Древнетюркский словарь. – Москва: Наука, 1969, -676 с.
23. Қашқари М. Түркі сөздігі: Үш томдық жинағы. 1-том.– Алматы: Хант, 1997, - 590 б.
24. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1978, -350 с.
25. Қондыбай С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – Алматы, 2000, -126 б.
26. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966, -240 б.
27. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. – Алматы, 1997, - 135 б.
28. Савина В.И. Словарь географических терминов и других слов, формирующих топонимию Ирана. – Москва, 1971, -345 с.
29. Абдрахманов А. К вопросу о методах этимологического исследования топонимов Казахстана//Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984, С.120-131.
30. Қондыбай С. Есен-қазақ. – Алматы: Үш қиян, 2002, -352 б.
31. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы, 1975, -208 б.
32. Қашқари М. Түрік сөздігі: Үш томдық. 3-том. – Алматы: Хант, 1998, - 599 б.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТҮЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ПСИХО- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Ермекбаева Майра Аманбекқызы

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Қай қоғамда да, қай заманда да ұрпақ тәрбиесі ең көкейкесті мәселе. Себебі әрбір халықтың болашағы жастарға тікелей байланысты. «Тәрбие тал бесіктен басталады» деген ұлағатты сөзді ұстанатын қазақ халқы баланы жас кезінен ұлттық тәрбиеге баулып өсіреді. Бұл – ұлттық тәрбиенің ең озық көріністері, яғни ұлттық тәрбие дегеніміз – адамды ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Қазақ халқының сан ғасырлар бойғы тәрбиелік мәні бар, баға жетпес асыл қазынасының бірі – мақал-мәтелдер. Қазақ халқының тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесі, кеменгерлігі мен көсемдігі де оның сөзінде жатыр. Ұлттың болмысы мен өмір тәжірибесі тұрғысынан алғанда аталар сөзі кейінгі ұрпаққа алдыңғы буын өсиет еткен тәрбие функциясының теориясы сынды адамның жетілуіне, кемелденуіне тұлғалық қалыптасуына оң әсерін тигізетін фактор болып табылады. Халықтың даналық сөз өрнектері көркем образды ықшам сөз тіркестері ғана емес, қаншама сан ғасырлар өтсе де қасиетін бойына сақтаған, философиялық та, филологиялық та, педагогикалық та қуаты күшті өсиетнамалық нақылдар.

Сонау ықылым заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасалып, екшеліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – мақал-мәтелдер. Халқымыздың осындай мол әдеби мұрасының жинақталып, ел игілігіне айналуына В.Радлов, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Ф.Плотников сияқты орыс зерттеушілерімен қатар Ш.Уәлиханов, М.Бабажанов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, Т.Ізтілеуұлы, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев сияқты т.б. көптеген қазақтың белгілі тұлғалары қызмет етті.

Қазақ мақал-мәтелдерін алғаш боп жинақтаған фольклортанушы, жазушы Ө.Тұрманжанов «мақалдар мен мәтелдер ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі. Ол ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келген еңбек тәжірибесінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға келе жатқан, тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы» [1, б.3] десе, ғалым Ә. Қайдар

«көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін универсалдық құбылыс» [2, б.425] деп анықтама береді. Ұлттың өшпес мұрасына айналған мақал-мәтелдер халықтың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, рухани, материалдық мәдениетіміздің өзгерістеріне сәйкес дамып отырады. Сол себептен де мақал-мәтелдерді ұзақ жылдар бойы халықтың іс-тәжірибесінен түйінделген даналық жемісі деп бағалаймыз. Олар адамды адамгершілікке, тәрбиелілікке, даналыққа шақырып, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды сақтай отырып, өмірлік маңызы бар істерді атқаруда бағыттап отыратын құрал.

Ұлттық тәрбие халықтың өмірлік тәжірибесі берген эстетикалық, этикалық нормалардың жас буынның санасына өшпестей ұялап, оның іс-әрекет дағдысынан айқындалуы мұрат болып орныққан. Белгілі педагог К.Д.Ушинский: «Халықтық тәрбиенің тәжірибесінен тыс жерде педагогика да, педагог та жоқ» деген. Ал, осы тәжірибе халық өмірінің бүкіл саласын, материалдық та, рухани да құндылықтарын қамтиды [3] десе, белгілі алаш қайраткері Х. Досмұхамедұлы «қазақ халқының ауыз әдебиеті – тәлім-тәрбиенің негізгі қайнар көзі» дейді. Ол қазақ әдебиетінің қай жанры болмасын, тәлім-тәрбиелік мазмұнға бай келетінін онда көшпенді халықтың өмір салты, психологиясы жан-жақты көрініс табатынын айтады [4]. Яғни, жас ұрпақтың ұлттық тәрбиесінің бастау бұлағы – халықтың қайнаған тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінің халық әдебиетіндегі көріністерінің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған халықтық педагогикасында бала, ұрпақ, жастар арасындағы тәрбие мақсаттары жатыр. Қазіргі таңда жас ұрпақты өз халқының таным-тарихы мен салт-дәстүрін білетін, ана тілін меңгерген мәдениеті жоғары, адамгершілігі мол тұлға етіп тәрбиелеу – әрбір азаматтың міндеті. Қазіргідей емес, бұрын бала тәрбиесіне бір отбасы мүшелері ғана емес, бүкіл ауыл жауапты болып, ұрпақ мәселесіне, ұрпақ сапалығына өте мән берген. Халқымыз ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде ұлттық мұраларды терең білуге, құрметтеуге баулып, оларды инабаттылық пен имандылыққа, адалдық пен әділдікке баулып өсірген. «Тәрбиелегің келсе – өзің тәрбиелі бол» деп, өздері де жақсы өнеге көрсетіп, бала-шағасына үлгі болған. «Шешенің ізін қыз басар, әкенің ізін ұл басар», «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп, қыз өсер», «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Ағасына қарай інісі, апасына қарай сіңілісі», «Мейірімділікті атадан үйрен, Әдептілікті данадан үйрен» сынды нақыл сөздер соның айғағы. «Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал артық», «Әдепсіз бала ауыздықсыз атқа тең, ақылды қария жазып қойған хатқа тең», «Әдептің әліппесі – әйел», «Әдепті жігіт – қылықты қыз» [5]. Осы келтірілген мақалдардың алдыңғы екеуінде әдепсіз адам, бағусыз өскен қисық ағаш сияқты, жүгенсіз кеткен аттай тәртіпсіз болатынын білдірсе, соңғы екеуінде әдептілік әдемі, ибалы әйелден бастау алып, адамгершілік пен адамдыққа ие сыпайы азаматтарға тән екенін меңзеп тұр.

«Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, ұлы атадан үйренбей сапар шекпес» деген қазақ мақал-мәтелдердің қисынынан баланың адам боп қалыптасуында отбасының алатын орны орасан зор екенін білеміз. Оның тұлға боп қалыптасып, өмірлік көзқарастарының айқындалуы, эстетикалық талғамы отбасынан басталары анық. Сондай-ақ «әке», «шеше» ұғымдары ұл мен қызға идеал екенін білеміз. Отбасында бұларсыз баланың қалыптасуы, дамуы мүмкін емес. Отбасы – кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі. Ата-бабаларымыздың дәстүрлі жолы бойынша ата-ана мен бала арасындағы сыйластық этикалық ережелерге бағынатындықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан қадір-қасиеттермен өзара үндесіп жатады.

Адам баласы өмірге келгенде еліне елеулі, халқына қалаулы кемеңгер ата-анадан туса да, дайын тәрбиемен туылмайды. Жеті жасқа дейінгі тәрбие, ана сүтімен, әке тәрбиесімен беріледі. Бірақ бала тек отбасында ғана тәрбиеленбейді, оған қоса оның араласатын дос-жараны, құрбы-құрдастары бар. «Адам туа жаман емес, жүре жаман», «Сынықтан өзгенің бәрі жұғады» дейді халқымыз. Күнделікті өмірде адамдар түрлі қарым-қатынастар мен

байланыстарға түседі. Олар адамның мінез-құлық, жүріс-тұрыс, сөйлеу, киім кию әдептерінің көрінетін ортасы. Ол белгілі бір моральдық нормалармен, ережелермен өлшенеді. Осыдан адамның іс-әрекетімен, ерік-жігерімен байланысты жақсылық, жамандық, әділеттілік, әділетсіздік секілді категориялар шығады. Қоғам адамдар бірлесе өмір сүретін орта болғандықтан, адамға көпшілікке ортақ әдеп ережелері мен қарым-қатынас қағидаларын сақтауға, орындауға тура келеді. Бұл ережелерді орындамау, ескермеу қарым-қатынасты қиындатады.

Ұл-қыздарының сыпайы сәлемдесіп, жылы шырай танытып, көмекке дайын елгезек, мейрімді болып өскені әрбір ата-ана үшін мерей, мақтаныш. Әсіресе, қыз баланың арлы, әдепті болып өсуін қатты қадағалап, қыз баланың тәрбиесін қашанда маңызды санаған. Қыз баланың жаны нәзік, жүрегі жұмсақ, «қыз – қонақ» деп қыз балаға қатты сөз айтпай, бетінен қақпай, төрге отырғызып, мәпелеп өсірген. Десе де «қызға қырық үйден тыю» деп қыздың тәрбиесіне де аса мән берген. Себебі қазақ «қыздың абыройы – ата-ананың абыройың», «қызың әдепті, ибалы боп өссе – ажарың, ал әдепсіз болса – азабың» деп санайды. Қыздың ұятын бүкіл ұлттың намысы деп білген. Қоғам тәрбиесін қыз баланың ұяттығымен ұштастыра қарастырған. Сондықтан да қазақта қыздың гендерлік образы ерекше сипат алған. Ол өзінің көркімен, сыпайлығымен, әдептілігімен, ибалылығымен ерекшеленген. «Жаны сұлудың – тәні сұлу», «Сыпайы қыз сұлу көрінер», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз», «Қызы бардың – назы бар», «Жақсы қыз шашбауы сылдырап есік ашады, жаман қыз шашы дудырап кері қашады», «Озар елдің қызы мінезді, ұлы өнерлі келеді» деген нақыл сөздерден қазақ қызының сырт келбетінің әсемдігіне жан сұлулығы да сай келетіндігін байқаймыз. Бұлар ұлтымыздың ментальді ерекшелігінен туындаған біздің ұлттық мінезіміздің сипаттары.

Халқымыз «келінім, саған айтам, қызым сен тыңда» дей отырып, қызына үлкенді сыйлау, үй ұстау, ас дайындау, қонақ күту, т.б. әйел адамның міндеттерін рет-ретімен санасына сіңіріп, ерте бастан үйретіп отырған. Қазақ отбасында келіннің мінез-құлқы, сөйлеу әдебі, жүріс-тұрысы қазақ әйелінің гендерлік үлгісін ерекшелейді. Халқымыздың «Әдепті келін – ауылдың көркі», «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын», «Жақсы келін – қызындай, жақсы күйеу – ұлындай» деген мақал-мәтелдері осыны айғақтайды. Сондай-ақ «Жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап» дейді халқымыз. Яғни, халқымыз «есіктен имене аттаған келіннің білгенін асырып, білмегенін жасырып, тәрбиелеп, аналық махаббатыңа бөлесең – өз балаңнан кем емес. Сырласыңа, қиналғанда мұңдасыңа айналады. Бұл – келін. Ал егер, берген асын, істеген тірлігін міндетсінетін, жұмысқа олақ, өзі салақ, ұйқысы қанбайтын, қабағы ашылмайтын, жағы талмайтын әдепсіз болса, ол – келсап» деп келіннің мінез-құлық ерекшеліктеріне де аса мән берген. Яғни, қазақ танымында жақсы келін – ибалы, әдепті, жаман келін – ізетсіз, әдепсіз.

Қазақ тілінде ерлерге тән мақал-мәтелдер де баршылық. «Үй иесі – ұл, төр иесі – қыз», «Жігітті жігерінен таны», «Ұл – өмір жалғасы», «Ұл – ата жолын қуушы», «Ұл – елдің көркі, халықтың тірегі», «Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы», «Ердің өзіне қарама сөзіне қара», «Еркек дауысты қатында ұят болмас, әйел дауысты еркекте қуат болмас» деген мақал-мәтелдер жігіттің гендерлік ерекшеліктерін көрсетіп, ұлтымыздың ұл тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлгенін байқатады.

Тәрбиелі адам – парасаттылық пен мінезге бай болатынын белгілі. Адам тәрбиеліліктің деңгейіне жеткенде, оның өмір жайлы ойы да, әрбір іске деген ұқыптылығы да, айналадағы адамдарға деген қарым-қатынасы да өзгеріп, көпшіліктің көңілінен шыға бастайды. Сол себептен «халық айтса, қалып айтпайды» дейді. Тәрбиелікке үйрету де сан түрлі. Мысалы, еңбекке, әдептілікке, инбаттыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа үйрету. Ендеше осылардың бәрін де балалардың бойына сіңіріп, оның күнделікті өмірдегі әдеттеріне айналдыру тәрбиенің ең үлкен мақсаты. Баланы тәрбиелікке үйретудің тәсілі – адамдардың өзара тәлімі мен үлгісі. Сондықтан да халық «Адамнан адам тәлім алады, Ағаштан ағаш мәуе алады», «Алдыңғы көш қайда жүрсе, Соңғы көш солай жүрер», «Қарағайға қарап тал өсер, Құрбыға қарап бала өсер», «Балаңа байқап сөйлесең көнер, Байқамай, шайқап сөйлесең, Көрсетер бір «өнер», «Көргені жоқ көріктіден, Тәлімі көрген текті артық» деп бекер айтпаса

керек. Осындай ұрпақ тәрбиесіндегі мәселелерді халықымыз күнделікті әдетке айналдыруға ұмтылған. Соның арқасында тәрбие мен мәдениетіміз ұрпақ тәрбиесінің алтын дінгегіне айналған. Баланы үлкендерді құрметтеу, оларға көмектесу, кішіге қамқор болу, құрдастармен тату болуды үйретіп, олардың саналы ойлау қабілеттерін ашу арқылы, баланың ерік-жігерін дамыту кез-келген тәрбиенің мазмұнды да мәнді болып шығуына мол әсер етеді. Үлкенді сыйлау – адамгершіліктің бір негізі. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балалар бақшасында, мектепте қоғамдық орындарда үлкенді сыйлай білу дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Бұл туралы халқымыз «Өзгеге жасаған ізетің – өзіңе жасаған құрметің», «Жасқа – қызмет, Қартқа – құрмет», «Халықтың қартын сыйлауы, Еліңнің салтын сыйлауы, «Кішіпейілділік – кісінің көркі» деп өсиет қалдырған. Халқымыз үлкенді құрметтеп қадір тұтуды, ілтипатты қарым-қатынаста болуды, сыйласа білуді отбасында берік ұстанған. Мұны ғасырдан ғасырға ауысып келген осындай мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерден байқаймыз. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды. Кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Әдептің не екенін әдепті адамды көргенде ұғарсың», «Әдепті жігіт өсірсе, ауылдың абыройы», «Жібек мінезді қыз жұртқа жағады» деген мақал-мәтелдеріміз қазақ шаңырағында әр уақытта да әдептілікті құрмет тұтқанын, сыпайы, кішіпейіл адамды басқаларға үлгі-өнеге ете білгендігін, жас ұрпақтың тәлімді, тәрбиелі болып өсуіне ерекше назар аударатындығын айқын көрсететіні анық. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуде өскен ортаның құрбы құрдастың, тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. Оған «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, Жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа», «Жақсының жақсы болмағы – жолдасынан», «Жаман дос жолдасын жауға қалдырады» деген халық мақалдары дәлел. Әрбір мақал-мәтел – философиялық ой-түйін, білім, терең тағылым, баға жетпес рухани қазына. Әрбір халықтың өмір тәжірибесінің түйіні, әдет-ғұрпының ерекшеліктерінен туындаған, нәзік сезімі мен даналық ой-өрісінен туған мақал-мәтелдер әр адамның ой-өрісін кеңейтіп, тәлім-тәрбие алуына, ақыл-парасат қосуына үлкен үлесі, әсері бар.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы. Сондықтан ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің іргетасы. «Бала тәрбиесі – бесіктен», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер, «Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын», «Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, Ұлы атадан үйренбей сапар шекпес», «Ана сүтімен бітпеген қасиет, Тана сүтімен сіңбейді» деп түйіндейді халық даналығы. Сондықтан балаға өмірінің алғашқы жылдарынан-ақ адамгершілік сезімдерін берудің орны бөлек. Жастайынан бойға сіңген мінез басқа бір зор күш әсерінен болмаса, есейгенде де сақталады. «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» деген мақал ең алдымен, тәрбие мәселесіне қаншалықты терең мән берілетінін көрсетеді. «Тәрбие табалдырықтан басталады» деген мақалдың өзі өмірден алынған шындық. Сол себептен де халық өмір есігін енді ғана ашқан бала тәрбиесін бесіктен бастайды. Ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беру сәби жүрегін тербеп, адамгершілікке жетелейді. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» деген мақал-мәтелдің де мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу. Халқымыз «Қыз – өріс, ұл – қоныс», «Қызың жақсы болса, өрісің кеңейеді, Ұлың жақсы болса, қонысың кеңейеді», «Қызың өссе, қызы жақсымен, Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыю, бір үйден жыю», «Қызыңды бөтен үйге қондырма, ұлыңды бөтен үйден тойдырма» деп ұрпағына талап қойған. Мұнда ұлдың да, қыздың да ретсіз жүруінің, мезгілсіз қыдыруының жағымсыз екендігін ұқтырып отырған. «Үлкеннің алдын кеспе, бос шелекпен өтпе» деп баланы үлкендерді сыйлауға, жол беруге тәрбиелеген. «Ұл ұяты әкеге, қыз ұяты шешеге» – деу арқылы халқымыз ата-ананың, үлкендердің жас ұрпақ тәрбиелеудегі орнын көрсеткен. Қазақ халқы ұстаған қағидасын, түйген философиялық ойын жан-жақты қарастырып осындай бір ауыз нақыл сөздерге сыйғызып бере білген.

Білім, тәжірибе, тәлім-тәрбие – адам ақылының нәр алатын бұлақтары. Халқымыз: «Ақылдылар шымыр келер, ақымақтар қыңыр келер», «Саналы адам сағыңды сындырмас, санасыз адам жағыңды тындырмас», «Ақымақтың ақылы білегінде, Ақылдының ақылы жүрегінде», «Ақылды адам батпан-ақ, Ақылсыз адам сасқалақ» секілді халық ұғымында

ақыл баға жетпес қазынаға айналған нақыл сөздер арқылы ақылды, есті адамдарды жұртқа үнемі үлгі етіп отырған. Бұл да психологиялық тәлім-тәрбиенің бастауы [7].

Мақал-мәтелдермен жұмыс істей отырып, білім алушылар тілдің өзгергіштігін, оның экспрессивтік құралдары мен бейнелі мазмұнын түсініп, тілді қабылдайды және сіңіреді, шығармашылық қарым-қатынастары мен жеке қатынастарын білдіреді. Тұлға өзінің ой-өрісін кеңейту, ойларын еркін білдіре алу қабілеттерін дамытып, ойлау қабілеттерін белсендіреді, адамгершілік-этикалық қағидаларды қалыптастырады.

Халықтық педагогика кең байтақ жерімізде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып әдептілік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып, ғасырдан ғасырға үзілмей жетіп жатыр. Осылайша мақал-мәтелдер баланы тәрбиелеуде оның танымдық қасиеттерін жан-жақты дамыта отырып, халық педагогикасында осы талапты жүзеге асырудың аса құнды дидактикалық материалы болып табылады.

Дамудың қазіргі кезеңінде психология ғылымында тұлғаны зерттеудің әртүрлі әдістерін қолдануға кең мүмкіндіктер бар. Фольклор – халықтық психологияны зерттеу үшін өте қажетті және маңызды халық шығармашылығы. Мақал-мәтелдерде адамның барлық жағымды және жағымсыз қасиеттері мен қасиеттері жақсы көрінеді. Шығу тегі ертерек болғанымен, мақал-мәтелдер қазіргі сөйлеуде де өзектілігін жоғалтпайды және рефлексияның әмбебап құралы ретінде қоғам мен жеке тұлғаның рухани-идеологиялық құндылықтарын жалпы ұлттық менталитеттің бейнесі ретінде, сондай-ақ адам өмірінің кейбір аспектілеріне деген көзқарасты анықтай алады.

Ғалымдар мақал-мәтелдерді әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде де қолдануға болатынын, олар адам өмірінің әртүрлі жақтарын адамдардың сенімдері, өмірлік қиындықтар, адамдардағы қарым-қатынасқа әсер ететін жағымсыз немесе жағымды қасиеттердің болуы және т.б. айқын сипаттайтынын айтады. Яғни, балаларға мақал-мәтелдерді оқытудың психологиялық негіздері нақыл сөздерді оқытудың психологиялық мәнін айқындай түседі.

Мақал-мәтелдердің психологиялық жағын зертеген ғалым Н.Р. Романова «Адам туралы, жеке тұлғаны қалыптастыру туралы, адамгершілік, еңбек, ақыл-ой, физикалық және эстетикалық тәрбие туралы танымал идеяларды қамтитын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді, ертегілер мен аңыздарды, шешендік өнер, психотерапияда, оқу үрдісінде қолдануға кеңес беріледі. Алайда, бұл құралдарды тәжірибеде қолдану көбіне кең ғылыми зерттеулерге емес, интуитивті негіздерге негізделеді. Бұлардың әсер етуінің психологиялық заңдылықтары мардымды зерттелмеген. Зерттеулер, көбінесе, мақал-мәтелдерді субъективті қабылдау саласында жүзеге асырылады» дейді. Автор фольклордың психологиялық интерпретацияларын қорытындылай келе, А.А.Леонтьев, Н.Пезешкян, Д.Соколов, М.Эриксон мен психологиялық әсер ету теориясының терминологиясын қолдана отырып, фольклорды белгілі бір мәдениетте бекітілген, құндылықтарды білдіретін психологиялық әсер етудің ауызша құралы ретінде анықтауға болатынын айтады. Яғни, мақал-мәтелдер адамның назарын белсенді түрде аударады, ерекше әсер қалдырады, есте сақтауға және сөйлеу кезінде пайдалануға оңай. Жүйелік көзқарас тұрғысынан олардың есте сақталуы, сақталуы және айтылу негізгі жүйелік қасиеттер болып табылады. Фольклор түрлерінің психологиялық әсер ету механизмі олардың сананың мағыналық құрылымдарын ұйымдастырушы және жүзеге асырушы ретінде қызмет етуінде екен. Оларды жиі және түрлі себептер бойынша әртүрлі өмірлік жағдайларда әртүрлі субъектілер қолданады. Нәтижесінде жеке сананың семантикасына түрлі дәрежеде енеді. Олардың бейнелі, эмоционалды негіздері субъективті семантиканың жаңа интегративті негізде қайта құрылуын қамтамасыз ете отырып, мақал-мәтелдің мазмұндық байланыстарын тұлғаның ядролық құрылымдарына терең енуіне жағдай жасайды [8].

Көрнекті фольклортанушы В.Я. Пропп «Біздің уақытымызда фольклор проблемалары өзекті болып келеді. Бірде-бір гуманитарлық ғылымдар – этнография да, тарих та, тіл білімі де, әдебиет тарихы да фольклорлық материалдарсыз және зерттеулерсіз мүмкін болмайды» деп халық шығармашылығының маңызды ролін атап өтеді [9].

Қорыта келгенде, қазақ халқының балаларды тәрбиелеу мен оқыту туралы көптеген педагогикалық-психологиялық көзқарастары мен әлеуметтік-психологиялық білімдері адамгершілік және этикалық ұғымдарды, халықтың мақсат-мұраттары мен халық даналығының маңызды белгілерін бейнелейтін халық ауыз әдебиетінен көрініс тапты. Сондықтан халық ауыз әдебиеті, соның ішінде мақал-мәтелдер – қазақ халқының дүниетанымын зерттейтін педагогика, психология, тарих, филология салаларының ғылыми зерттеулері үшін құнды дереккөз. Мақал-мәтелдер – адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің ең жақсы мінездік қасиеттері мен психологиясын тәрбиелеу құралы болып табылатын үлкен халықтық энциклопедияның бір түрі. Сол себепті мақал-мәтелдер халық педагогикасының бір құралы ретінде өзінің көпжақтылығымен жас ұрпақты тәрбиелеу процесінде кеңінен қолданылып, тұлғаның табиғи тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы, 2007. - 270 б.
2. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы, 2014.
3. Жылқыбаева Ш. Мақал-мәтелдердегі ұлттық тәрбие// Егемен Қазақстан газеті, 31 Шілде, 2018
4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (избранное)- Алматы: Ана тілі, 1998.
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық.– Астана, 2010. Т. 65: Қазақ мақал-мәтелдері. - 488 б.
6. Ибраева Д.С. Мақал-мәтелдердің мағыналық тіркестерге қарай жіктелуі. ҚазҰУ Хабаршысы, 2015
7. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 152 б.
8. Романова, Н.Р. Социально-психологические детерминанты внушающего воздействия фольклора: На примере использования пословиц и поговорок. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата психологических наук. Иваново, 2003. – 24 с.
9. Жусупова Д.Ы., Тилекова Н.Д. Фольклор – как литературный источник педагогических и психологических знаний//Международный научный журнал «Наука. Образование. Техника». – № 2, 2017.

КӨНЕ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ РУНАЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ ОРТАҚ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақмырзаев Мұрат Мұрзағалиұлы

Зейнеткер-педагог, таңбатанушы, Серікболтанушы

Ақбердыева Балкенже Қондыбайқызы

ф.ғ.к., доцент, Ақтау, Қазақстан

Аңыз бойынша біздің заманымызға дейінгі 28-ғасырда Шумердегі Uruk қаласының билеушісі болған, алып Гильгамеш түрлі ерлік істерді атқарады, Энкиду деген кісі-киікпен айнымас дос болады, ол досы өлген соң, бүкіл адам баласы үшін өлмей мәңгі өмір сүру құпиясын іздейді.

Аңыздың өн бойында, барша ұлттар мен ұлыстарға тән, тіршілік философиясының түйінді данышпандық тұжырым тәлімін байқаймыз. Олар – адамның өмір жолының шектеулі болуы, тағдырының мұң-қасіретке толы келетіндігі, дүниенің жалған екендігі, т.б. Мысалы:

Өлім үрейлі де қаһарлы!

Дүние-мүлік, қонысымыз мәңгілік пе?

Үкім-заңымыз мәңгілік пе?

Ағайын-бауырлардың ажырасуы мәңгілік пе?

Тірлікте адамлардың өштесуі мәңгілік пе?

Дүниеде мәңгілік болар ешнәрсе жоқ.
 Ұйқыдағы адам мен өлі жан
 бір-біріне ұқсамай ма екен,
 Өлімнің бір бейнесі емес пе екен!
 Тәңірдің жазғаны өмір не өлім,
 Ал ажал күні пендеге беймәлім.

Екі аңызда да кездесетін біршама ұқсас сюжеттер әрі қарай жете зерттеуді қажетсінеді. Мысалы, Қорқыт та, Гильгамеш те мәңгі өмір іздейді, екеуі де ойлаған мақсаттарына жете алмайды.

Гильгамеш деген есімнің өзі аккад (семит) тілінде осылай бұрмаланып қате айтылған, ал бұл сөздің түпкі негізі, шумеролог И.М.Дьяконов атап көрсеткендей, шумер тілінде Бильгамес Bilgames болатын, сөзбе-сөз аудармасы «Баба батыр»: Bilge - «Белгілі баба, арғы ата», mes - «батыр, ер».

Осы тақылеттес пікірді, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабековтің «Гильгамеш – Аккад-Шумер эпосының түркі әлемімен байланысы» мақаласында : «Әңгімені шумерлер жыры «Гильгамештен» бастап отыруымның тағы бір себебі – оның дала мәдениетімен тығыз байланысты болуы және басты кейіпкердің бірі – Энкиду мал бағып жүрген даланың адамы болғандығы. Бұл жырдағы көптеген адам аттары күні бүгінге дейін қазақ арасында жиі кездеседі. ...Тілдік ұқсастықтар, Шумерше - қазақша: Дінгер – Тәңір, Гус – құс; Дамуз – тамыз; Кар - қар, ұры, қарақшы; Уш - үш (сан); Ерен - өрен, сарбаз; Ама – ана; Гене – ене, әйел; Аху – аға; Узук – ұзын; Еден - төменгі, жер; Гамил – кәміл; Азаг – азаб. Жырда қазақ тіліне ұқсас басқа да сөздер көптеп кездеседі. Демек, поэмадағы тілдік ұқсастық-тар мен салт-дәстүр көріністері – ежелгі Шумерлердің түркі әлемімен байланыстын дәлелдей түседі».

Эпостың И.М.Дьяконовтың аккадтық түпнұсқадан аудармасы және Мәди Жеңсікбайұлы Қайыңбаевтың И.М. Дьяконовтан қазақшалаған нұсқасы бар Дегенмен, И.М.Дьяконовтың жыр жолдарының бес буын және алты-жеті буынмен ырғақтылығына назар аудару қажеттігі туралы ескертпесіне сай, өзіміздің тағы бір аудару нұсқамызды назарға береміз. Мысал үшін И.М.Дьяконов, өз пайымына дәлел ретінде №12-13 жолдарды екіге бөледі: I,12. Погляди на вал, I; что не знает подобья, I, 13. Прикоснись к порогам, I; что там издревле, /параллелизм/ деп көрсетеді.

<p>«О все издавшем», история гильгамеша, со слов Синликиуннинни, заклинателя Таблица I I, 1. О всё издавшем до края мира, I, 2. О познавшем моря, перешедшем все горы, I, 3. О врагов покорившем вместе с другом, I, 4. О постигшем премудрость, о всё пронизавшем: I, 5. Сокровенное видел он, тайное ведал, I, 6. Принес нам весть о днях до потопа, I, 7. В дальний путь ходил, но устал и вернулся, I, 8. Рассказ о трудах на камне высек, I, 9. Стеною обнес</p>	<p>Гильгамеш туралы дастан «Бәрін білген жайлы» Синликиунниннидің, абыздың аузымен айтылған Гильгамеш тарихы I кесте 1,1. Бәрін көрген жайлы жыр, (7-буын) жер шетіне жетіп, (6) 1,2. Мұхит асып таныған, (7) талай таудан өтіп (6) 1,3. Жаулары жайлы, (5) досымен бірге көндірген, (8) 1,4. Даналығы мен ақылы, (8) асып,бәрін түсінген, (7) 1,5. Асылын көріп, (5) тылсымын танып, (5) 1,6. Дүние топан болатын күнді, айтқан анық, 1,7. Алыс жол жүріп, шаршаса да, оралып, 1,8. Еңбегі жайлы, тасқа қашап, мұра қып, 1,9. Уруктың ескі қорғанын,</p>
---	--

<p>Uruk огражденный, I, 10. Светлый амбар Эанны священной, I, 11. Осмотри стену, чьи зубцы, как из меди, I, 12. Погляди на вал, что не знает подобья, I, 13. Прикоснись к порогам, что там издревле, I, 14. И вступи в Эанну, жилище Иштар,— I, 15. Даже будущий царь не построит такого,— I, 18. Поднимись и пройди по стенам Uruka, I, 19. Обозри основанье, кирпичи оцупай: I, 20. Его кирпичи не обожжены ли, мудрецами? I, 21. И заложены стены не семью ль мудрецами?, СВ I, 1. Велик он более всех человеков,...</p>	<p>тас қамал етіп қоршаған, 1,10. Киелі Эаннаның қоймасын күнмен нұрлаған, 1,11. Көрсейші барып қамалды, тістері «мыстай» жайнаған, 1,12. Бұрын-соңды еш жерде, мұндай дуал болмаған, 1, 13. Табалдырығы мен ежелгі, Босағасын да сүйсейші, 1, 14. Содан соң, Иштар мекені, Эаннаға, кірсейші, 1, 15. Болашақтың да патшасы, мұндай қамал сала алмас, 1, 16. Көтеріл де, қорғанға, Urukті көрші аралап, 1, 17. Іргетасына көз таста, кірпішін, көр саралап: 1, 18. Даналар соққан күйдіріп, кірпіште бар ма, сызат-дақ, 1, 19. Жеті абыз бізге мәңгілік, кетіпті-ау мұра табыстап. ҚБ 1,1. Барша адамның ұлысы - Оның ақыл-күші нық,... (ММА)</p>
---	---

Эпос нақпа-нақ арғы-бергі қазақ батырлар жыры емес пе?! Гильгамештің «I,6. Дүние топан болатын күнді, хабарлаған біздерге анық» деген мәселесіне де біраз тоқталалық. Әдетте, жалпы қарапайым оқырмандарда «Топан» болды ма, болмады ма деген күмәні болады. Әлқиссаға, Қашаған Күржіманұлының (1841 – 1929) «Топан» атты шығармасын ұсына отырып, оны «Гильгамеш туралы эпоспен» салыстыруға кеңес береміз

<p>Бәйтеректер жығылды Төгілді суға жапырақ. Бір параны мұз алды, Бір параны жел алды, Аяулы талай жандарды, Ит пенен қоса қасқыр жеп, Кеуделері қызарды. Бір атадан жүзден көп, Бір атадан мыңнан көп, Көме алмай, жерде тоң қалың Арбамен үйді сатылап, Ғаламат мұндай тұс болды.</p>	<p>Таудай толқын жау болды, Соққан желдер күш болды. Мұндай жаман түс болды. Түн ортасы болғанда, Желдің түбі бұрылған, Бәлеге қашқан ұрынған, Малынан пайда көрмеген, Қанағатсыз Қарынбай, Барын жоқ деп құрынған. Жұлдызды жадқа санасақ, Қисап етіп қарасақ, «Мың тасқанға – бір тосқан» Бар емес пе еді бұрыннан?!</p>
---	--

Тарихта рулық қауым салт-дәстүрімен танылып, жылқыны әскер көлігі етіп белсенді қолданысқа алған, Шумер-Аккад өркениеті дәуірлеген Кіші Азия аймағын билеп-төстеген, сол аймақты ежелгі қоныстанушылары деп танылған халық Хеттер немесе хаттар (*ежелгі грек. Хеттаῖοι, өздерінің айтуы, nesili, Нес елі; kanesili., Қан Иесі Елі немесе Кеңес елі. ММА*) – Хаттуздар. Тарихы шамамен б.з.б. 3000 жылдардан басталатын хиттейлер туралы сенімді дерек көзі былай дейді: «Хеттей (қазіргі заманғы тарихи әдебиеттерде -Хеттер. Хет Қанаханның ұлы және Хамның немересі деп аталады. Хеттер атауы діни кітаптарда Қанахан жерінің тұрғындары арасында көп аталады (Тұрмыс (Болмыс) кітабында - 23: 1; және 25: 9; Пайда болу (Исход) кітабында - 3: 8; Сандар кітабында - 13: 30; т.с.с. Жалпы аймақ туралы "Баршасы Хеттейлердің жері" делінеді. Патшалар кітабында – 1:26. «Дәуіттің (Давид

(шамамен б.з.б. 1055.-1015 жылдар) Саулдан қашуы кезінде (шамамен б.з.б. 1067.-1055 жылдар патшалық құрған) Дәуіттің адамдары арасында хеттерден Ахимелех болғаны белгілі және Хеттейлік Урияның (Үрия) күйеуінің де есімдері белгілі». Хеттей тілі, Ассирия, Бабыл мен Аккад жазбаларында - хатти, ал еврей жазбаларында – хиттим деп, жазылған.

...Осылайшы, жеткен аңыз ежелгі мысырлықтардың да, олардың қазіргі заманғы ұрпақтарының да жүрегіне қуныш ұялатады. Екіншілердің (феллахтар) ауыз әдебиетіндегі мыңдаған ертегілердің ішінен ғалымның ашқан нағыз қазынасы - олардың өте ежелгі заман тумалар екендігіне көз жеткізгені еді. «Ежелгі Мысырдағы тірлік» кітабының авторы, неміс мысыртанушысы және лексикографы, Берлин мысыр тіліне оқыту мектебінің негізін салушы Иоганн Петер Адольф Эрманның еңбегінен біз үшін де сондай ежелгі ұғымды кездестірдік. Мәтінді орысша-қазақша қатар қойып, салыстыралық:

<p>«Например, в одной оде, которую очень любили в Египте [Через полтора столетия эта же ода была посвящена Сети I.], Амон-Ра обращается к Тутмосу III, великому завоевателю:</p> <p>Я прихожу и даю тебе уничтожить великих людей страны Дахи, Я бросаю их под твои ноги, которые идут по следу их людей, Я заставляю их видеть твоё величество владыку света, И ты сияешь над ними, как мой образ. Я прихожу и даю тебе уничтожить тех, кто находится в Азии. Вождь азиатов Сирии ты берешь в плен, Я заставляю их увидеть твоё величество, украшенное твоим великолепием. Ты сжимаешь оружие и сражаешься на своей колеснице;</p>	<p>(Мысалы, Мысырдағы өте сүйікті бір мадақ өленде Амон-Ра ұлы басқыншы болған Тутмос III-ге (ол бір жарым ғасырдан кейін Сети I - ге арналып қайта айтылыпты) былай дейді:</p> <p>Мен, келдім міне, саған рұқсат берем, Ұлы Дааи елі ұлдарын жаншы. Жандарды өзің ізіне түскен, лақтырам саған, табаыңа салшы. Ғаламның Ұлы әміршісі сен деп, Мен ұлықтайын, сен - үйір қамшы, Сен нұр шашасың, Олардың көрері менің бейнем. Мен келемін де: Азияда тұратын, Барша жанды жойшы деп, Саған тағы дем берем. Сириядағы азиаттар көсемін Сен тұтқын етсең, түгелдей. Оларды сенің ұлылығыңа қ ұл етем, сұлу салтанатыңа көндірем. Сен, қаруыңды сыға ұстап, Арбадан ұрыс саласың ғой, дұрыстап.</p>
---	--

Құдыретті Құдайдан Құраннан бұрын түскен Киелі кітапта «Болмыс» бөлімінде берілген: Оның 11 тарауының алғашқы тоғыз айаты осы ақиқатты жеткізеді :

1. Бүкіл жер бетінде бір тіл және бір тілде сөйлесу болды.
2. Олар шығыстан көшіп, Сennaар жерінде жазық тауып, сонда қоныстанды.
3. Олар бір-біріне: біз көп кірпіш жасап оны отпен күйдіреміз десті. Сөйтіп тастардың орнына кірпіш, ал әк орнына жер шайыры пайда болды.
4. Олар: біз, биіктігін аспанға дейін көтеріп, өзімізге қала мен мұнара саламыз, бүкіл жердің бетіне шашырамастан бұрын, өзімізге ат қоямыз, деді.
5. Құдай түсіп, адам ұлдары салған қаласы мен мұнарасын көруге келді.
6. Жаратушы Ие былай деді: Міне, бір халық, және бәріңде бір тіл бар; міне, олар нені істей бастады, енді олар өздері ойлап жасағысы келген істен бас тартпайды -
7. біз түсейік те, олардың тілін, біреуі екіншісінің сөзін түсінбейтіндей етіп араластыралық.
8. Жаратушы Ие оларды сол жерден бүкіл жер бетіне шашыратып жіберді; содан соң олар қала салуды тоқтатты.

9. Жаратушы Ие бүкіл жердің тілін араластырып жіберген орынға Бабыл атауы берілді, сол жерден Жаратқан Ие оларды бүкіл жер бетіне шашыратып жіберді.

Біз даусыз санайтын осы дереккөзде, ілкі адамзатқа ортақ тіл иелерінің мекендеу аймағы да көрсетілген (11/2 аят). 9-ншы аятта Жаратушы Ие, ортақ тілділерді, кеңесіп шешім қабылдау мүмкіндігінен ажырату үшін таратады. Зәулім құрылысты – адамдардың Жаратқанға жақын баруынан қорқып жойып жібереді. Ілкі тіл Иелері, елді бытыратқаннан кейін Бабыл (11/9) аталған аймақтан шығыста қалды. Олар, әрине түрік тілді көшпелілер. Сондықтан да олар келіп қоныстанған мекен, екінші аят бойынша Қос өзен аралығындағы жазықтық. Атауы - Сенаар, немесе Шинар (көне еврейше. שִׁנְאָר Šin`ar – Шын-ар) – Арийлер елі. Осы тұрғыдан мысалға келтірілген арғықазақтық жыр үлгісіндегі көтеріңкі пафос тыңдаушыға Мысырлықтардың жеңімпаз рухынан көрі Азиялық Даайлардың үрей ұшырған құдыреттілігінен көбірек белгі береді. Мысыр тарапынан бұл жырлар «армандау», Ра құдайынан осы айтқан тілектеріне қолдау сұрау» дұғасы мәтіні. Осы сияқты мысыр әдебиетіндегі екі жолдық қосарлы ұйқастардың тағы бірінде «Хеттер халқы елі» туралы да осы байбаламға ұқсас жыр жолдары бар.

«Страна народа хеттов пронзена о сердца и стала грудой трупов»	«Хеттер халқы, жүрегінен шаншылды, Өліктері үйінді боп шашылды
--	--

Мәтін аудармасы мәні - шаншылғай., шашылса-ай баламаларына сұранып тұр. Белгілі жазба тарихта III Тутмос та, өзге перғауындар да Хеттердің кіші азияның кіндік ортасында орналасқан астанасы Хаттусасқа аяқ баса алған жоқ. Тіпті Хетт халқының өздерімен арадағы шекарасына да жақындай алған жоқ. Сондықтанда Кіші Азияда: ««Тұранның ең күшті тайпасы Даайлар - бұл аймақтың үш ірі көшпелілер руының тайпалық одағы болды, оны кейде сақтар немесе массагеттер деп атады», деген ұғым қалыптасты. Орхон-Енесай (Күлтегін) және Оғызнама жырлары да, әлемдік көне руналық жырлардың егіз сыңары сияқты. Оғызнаманың дүниеге келу уақыты туралы төрелік жасау үшін кезекті екі эпостың өздеріне берелік, Біріншіден, шумақтың өзара жалғасуына назар аударыңыз! Екі жырда да хабарлы сөйлем екіге бөлініп, бірдей ұйқасы, екпіні, өз тіркесінен ажыратылып жаңа жолға, тіпті жаңа шумаққа алмастырылады. Егер, тыңдап қарасаңыздар, жыршы, ұйқасты үзіп, сәл кідіріп, тыңдаушысын өзіне қаратып алады да, өктем дауыспен, жаңа жолда қорытынды хабарын жеткізеді.

Күлтегін	
19. ... <i>Жер-су</i> Иесіз болмасын деп, <u>аз халық</u> <i>құрап.</i> – 20 Барыс оларға бек болды. Қаған атағын бұнда біз бердік. Сіңілім – хан қызын бердік. Өзі жаңылды, қағаны өлді. Халқы күн, құл болды. Көгімен жер-суы иесіз қалмасын деп, Аз қырғыз халқын құрап келдік. Соғыстық, <i>Елін</i> – 21 және бердік. Ілгері-Қабырхан жынысын асып, халықты осылайша қондырдық. Анша еттік, Батыстағы Кеңу-Тарманға, Дейін түрік халқын қоныстандырдық. Осынша еттік. Ол уақытта құл құлды болған еді. Күн күнді болған еді.	18 Неше күндерден соң <i>көк</i> – бурыл , көк жал, бұ әйдік – арлан-бөрі тоқтай қалды. <i>Оғыз да шеруі</i> – мен бірге тоқтады. Мұнда Итіл <i>өзенінің жағасын</i> – да бір қара тау маңында ұрыс басталды. Оқпен, <i>сұңгі.</i> қылышпен ұрысты. <i>Шерулердің</i> – араларында жойқын көп ұрыс болды. 19 Ел-жұрттың <i>көңілінде</i> – көптен-көп қайғы орналы. Шайқас, <i>ұрыс</i> – сондай жаман болды. <i>Итіл өзені</i> – нің суы қып-қызыл, <i>сін-</i>

Інісі ағасын білмес еді. Ұрпағы әкесін білмес еді. 22Ынтымақ! <u>Түрік халқы</u> 23. Өкін	<u>сіңгірдей –</u> болды. Оғыз қаған жеңді. <u>Ұрұм қаған –</u> қашты. Оғыз қаған <u>Ұрым</u> <u>қаған –</u> ның қағандығын алды, <u>ел -</u> жұртын алды. <u>Ортасында –</u> өлідей, тірідей <u>көптен-көп –</u> 20. олжа түсірді
---	--

Оғыз-нама мен түрік бітіктеріндегі арғықазақтық ішкі ақ өлең ұйқасы тәртібін сақтау үлгісін, ілгерілі-кейінді пайда болған сан алуан әлемдік жыр қазыналарынан: Гомердің (еж. грекше. Όμηρος; Өмерис, яғни Өмір, б.з.б. IX - V, грек тілінің Тұмар-Томирис мысалдары есіңізде болсын) «Илиадасы» мен «Одиссейі», Шумер «Гильгамеші», скандинавиялық «Үлкен-Кіші Эддалар», авеста «Гаттары», мезоамерикалық «Пополь-Вух», Ежелгі Үндістан «Махабхаратасы» үлгілеріне үңілсеңіз-ақ арғықазақ рухы мен ділінің, ең бастысы сол тереңдікті жеткізетін тілінің құдыретіне бас иесіз...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дьяконов А.С. Языки древней Передней Азии. – Москва, 1967.
2. <https://egemen.kz/article/213046-gilgamesh-%E2%80%93-93-akkad-shumer-eposynynh-turki-alemimen-baylanysy>
3. Маңғыстау ақын-жырауларының шығармалары «факультативтік сабақтар үшін). – Ақтау, 2008, 296 бет.86-91 беттерден.
4. Библийская энциклопедия Брокгауза / Ринекер Ф., Майер Г. – М.: Российское Библийское Общество, 1999. – 1120 с.
5. Адольф Эрман. Жизнь в Древнем Египте. Центрполиграф, Москва. 2008. 344 стр (е-нұсқа). 220 -.231 беттер
6. Дахтар ((парсыша داهّا – **Даһа**., лат. Daoi, Daai – даои, **даай**., грекше Δάοι, Δάαι) – даои, **даай**). Біз бұдан былай, дахи(даһа) онимін – «Даай» түрінде ғана алатын боламыз.
7. Киелі кітаптың синодтық аудармасы. Ескі өсиет масорет (еврей) мәтіні // <https://bible.by/syn/1/11/>
8. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. Құраст.: Ш.Ахметұлы, А. Әлібекұлы., Н. Базылхан, С.Қорабай, Қ.Орынғали, Қ. Сартқожаұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. -504 бет. – (Әдеби жәдігерлер //170 -.186 беттер.
9. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т....// Оғыз-нама., 305-316 беттер. 42-бөлім. 310 -. 311-беттерден

ТАРИХИ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ТҮРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бекмағамбетов Шанжархан

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
ф.ғ.к., доцент, Қызылорда, Қазақстан*

Генетикалық тіл ғылымы адамзат тілінің ілкі пайда болу негіздерін, яки тіл (сөз) пайда болуының негіз элементтерін ашып отыр. Адамзат тілінің пайда болуы ең ілкі тілжасам дәуірі адамдарының **жалпы адамзатқа ортақ ғаламтанымдық ойлау жүйесіне** негізделген. Жалпы адамзатқа ортақ ғаламтанымдық түсінік бойынша:

Жаратылыстағы барлық заттар мен құбылыстар «Ғалам» моделінде жасалған.







Адамзат тілі сөздерінің пайда болуының идеялық түпнегізінде ең ілкі тілжасам дәуіріндегі жалпы адамзатқа ортақ *ғаламтанымдық ойлау* нәтижелері болып табылатын **базистік сипаттағы логикалық ұғымдар** тұр[1]. Яғни жаратылыстағы кез-келген затты не құбылысты тілдік бейнелеу үшін «Ғалам» ұғымы немесе ғаламның құрылымдық-семантикалық элементтерінің бірі, яки тұтастай алғанда, «Ғалам» моделі, ғаламдық заңдылықтар жүйесі негізге алынады (1-сызба).

<p>ҒАЛАМ-КОСМОС (ВСЕЛЕННАЯ)</p> 	<p>«Ғалам» заттық ұғымын бейнелейтін «Шар-Қоршау» логикалық ұғымының бейнесі</p> 	<p>«Ғаламдық кіндік нүкте» логикалық ұғымының бейнесі</p> 
<p>«Ғаламдық Координата» логикалық ұғымының бейнесі</p> 	<p>«Ғаламдық өзек» (У (игрек) өзегі) логикалық ұғымының бейнесі</p> 	<p>«Ғаламдық байланыс» логикалық ұғымының бейнесі</p> 
<p>“Ғаламдық қозғалыстар” логикалық ұғымы (сызба түрдегі бейнесі жоқ)</p>		

Сызба 1 - “Ғаламдық қозғалыстар” логикалық ұғымы

Сызбада шетсіз-шексіз *Ғалам* (Космос) шартты түрдегі «Шар-қоршау» түрінде (жазықтықта – *шеңбер* түрінде) алынған және ол өзінің құрылымдық-семантикалық элементтерінен: *координата жүйесінен, ғаламдық өзектен, ғаламдық кіндіктен, ғаламдық қозғалыстар мен ғаламдық байланыстардан* тұрады. Бұл құрылымдық элементтердің әрқайсысы тілдегі ең ілкі сөзжасам процесінде белгілі бір идеялық элементті, яки базистік сипаттағы логикалық ұғымды жасауға негіз болған.

Идеялық элементтердің, яки **базистік сипаттағы логикалық ұғымдардың** материалдану формасы – жеті түрлі жұп элементті дыбыстық тұтастықтар: **УН-УТ-УР-УС-УЛ-УҚ-УП (2-сызба).**

<p>ҒАЛАМ-КОСМОС (ВСЕЛЕННАЯ)</p> 	<p>«Ғалам» заттық ұғымын бейнелейтін «Шар-Қоршау» логикалық ұғымының бейнесі</p>  <p>УП</p>	<p>«Ғаламдық кіндік нүкте» логикалық ұғымының бейнесі</p>  <p>УН</p>
<p>«Ғаламдық Координата» логикалық ұғымы</p>  <p>УҚ</p>	<p>«Ғаламдық өзек» (У (игрек) өзегі) логикалық ұғымы</p>  <p>УС</p>	<p>«Ғаламдық байланыс» логикалық ұғымы</p>  <p>УЛ</p>
<p>“Ғаламдық қозғалыстар” логикалық ұғымы УТ және УР</p>		

Сызба 2 – “Ғаламдық қозғалыстар” логикалық ұғымы УТ және УР

Тілдік идеялық және материалдық негіз элементтердің (түпнегіздердің) тұтастығын мына сызбада беріп отырмыз (**3-сызба**). Шартты түрде мұны «Ұрық» сызбасы («личинка») дейміз. Мұндағы 2-қатарда тілдік таным жүйесі (ТТЖ) бейнеленген. Тілдік негіздер осы жүйе бойынша жұмыс жасайды. Оны шартты түрде «Алма және Дән» мысалы арқылы түсіндіруге болады.



Сызба 3 - Тілдік идеялық және материалдық негіз элементтердің (түпнегіздердің) тұтастығы

Қазіргі қалыптасқан тіл білімінде сөздің ең кіші мағыналы бөлігі ретінде түбір сөзді таниды. Қазақ тіл білімінде тарихи грамматикалық зерттеулер бір құрамды түбірлерді зерттеуді мақсат еткенімен, бұл бағытта оң нәтижелер бола қойған жоқ [2]. **Генетикалық тұрғыдан, түбір сөздердің өзі тілдік негіз элементтерден пайда болатыны дәлелденеді.** Сондықтан да түбір пайда болуының ілкі негіздерінде тұрған генетикалық элементтерді тани білу аса маңызды.

Қазіргі жағдайда салыстырмалы-тарихи тіл білімі бірқатар қиындықтарға кезігіп отыр. Бұл – оның 1) **уақыт жағынан**, 2) **кеңістік жағынан** және осы себептерге байланысты, 3) **деректік жағынан** да шектеулі болуымен байланысты. Яки тек тарихи нақты жазба деректермен ғана жұмыс жасай алатындықтан, тарихи грамматикалық зерттеулер көбіне көне жазба мәтіндерді оқу, түсіндірумен айналысады да, жалпы тілдік теориялық мәселелерге, яки тіл пайда болуы, сөз жасалуы сияқты жайларға тереңдеп бармайды. Оның үстіне тарихи грамматикада тіл философиясы назардан мүлде тыс қалады, яки тарихи грамматика құрылымдық тіл ғылымының бір саласы.

Сөз (ТІЛ) пайда болуын түсіндіру – генетикалық тіл ғылымының негізгі объектісі. Мақалада белгілі ғалым, қазақ тіл білімінде, жалпы түркология ғылымында өзіндік орыны бар Ғ.Мұсабаев еңбектеріндегі кейбір жайларды генетикалық тұрғыдан қарастыру көзделеді.

Ғалым бірқатар еңбектерінде түркі тілдерінің деректерін дыбыстық жақтан салыстыра отырып, дыбыс заңдылықтарын айқындау мақсатында зерттеулер жүргізеді. Осылайша ол бірқатар өзге түркі тілдерінде **я, ю, ъе** қосынды дыбыстарынан басталатын сөздердің барлығы қазақ тілінде тек қана **ж** дыбысынан басталатынын айтып: «татар, башқұрт, әзірбайжан, түрікпен, өзбек тілдерінде **юз** (сто) ал **қазақ, қырғыз** тілдерінде **жүз, ойротша дус, хақасша чус** болатынын айтады. Сондай-ақ, татар, башқұрт, әзірбайжан, түрікпен тілдерінде **юл, юмиак, язмур, ялган, ялан, яну, янинда, йорэк, юк** болса, **қазақ** тілінде **жол, жұмсақ, жаңбыр, жалған, жану, жанында, жүрек, жоқ** – түрінде айтылатынын мысалға келтіреді. Хакас тілінде **ж, д** дыбыстарының орынына тек қана **ч** дыбысы қолданылатынын да көрсетеді [3-148]. Бұл қатарға **ойрот** тілінде: **дьол – жол, дьудым – жұтым (глоток), дьоқ – жоқ, дьастық – жастық, дьаш – жас; дьақ – жақ** түріндегі мысалдарда да қосуға болады. Бұл дыбыстық ерекшеліктер қазірде жалпыға мәлім және ешкімді таңғалдырмайды. Бұлар – заңды өзгерістер. Бұл ауысулардың түп-төркіні Алтай дәуіріндегі **Т[С/Ш]** архетипінде жатыр және бұл тек түркі не Алтай тілдеріне ғана емес, генетикалық тұрғыдан, жалпы адамзат тіліне ортақ өзгерістер. Төменде «өз» есімдігінің әр түрлі тілдерде берілуінің деректері келтірілген (4-сызба). Бұл мысалдардан **т-д-с-ш-ж** сәйкестіктерін айқын көруге болады және мұның бүгінгі тілдегі мысалдарында біз түркі (қазақ) тілі мен өзге қазірде өзге генеологиялық топтарға жатады деп есептеліп жүрген орыс, ағылшын, неміз, жапон, қытай тілдері деректерінің сәйкестігін көре аламыз.

	Логика Лық ұғым	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Неміс тілі	Жапон Тілі	Қытай тілі
1	«ӨЗ» «ғаламдық өзек»	өздік есімдігі «ӨЗ» (САМОСТЬ) өзі өзім өзің	ось, САМ, себя, себе ... САМ < СА «ось» + ОМ «моя» = (өз) Моя ось // Я сам	SELF myself yourself itself himself herself	selbst, selber	дзи / дзику судзику	Zhóu (чоу) – ось tā zījī тә сиджи – он сам; nǐ zījī нә сиджи – ты сам
2	Т[С/Ш] архетипі	осы, со	это, то				
		үш/үс/СҮ+ур	три	three			

Сызба 4 – «Өз» есімдігінің әр түрлі тілдерде берілуінің деректері

Жапон тілінде «дзи / дзику» (ӨЗ) сөздері арқылы көптеген өзге де сөздер жасалады: **самолет** (дзико хикан), **самообман** (дзико гиман), **самозащита** (дзико бозэй), **самолюбие** (дзисонсин), **самоуверенность** (дзифосин) т.т.[4]. Демек, тіл табиғатын тереңдей тануда

түркілік төңіректен шығып, жалпы адамзаттық дейгейде, генетикалық тұрғыдан қарау қажеттігі қазірде айқын көрінеді.

Қазірде сөз пайда болуын, яки сөз мағынасының ажыратылуын дыбыстың фонематикалық қызметімен байланыстыра қарау қалыптасқан. Ғ.Мұсабаев: «Фонема мәселесі – бір тілдің өзіне ғана тән қасиет; жеке дыбыстардың алмасуы бір тілдің ішінде (көлемінде) сөз мағынасын өзгертетін болса, туыс тілдер көлемінде ол қасиетке ие бола алмайды...» - дейді [3-149]. Генетикалық тұрғыдан, фонема деген жоқ нәрсе. Дыбыстардың фонематикалық қызметі туралы түсінік – жасанды түсінік. «XIX ғ. соңында Бодуэн де Куртенэ еңбегінде алғаш назар аударылған «фонетикалық альтернатива» мәселесіне көп ұзамай-ақ Л.В.Щербаның назары ауды. Әр түрлі тілдердің екі жүзге жуық фонологиялық жүйесін сипаттаған «Фонология негіздері» атты еңбектің авторы Н.С.Трубецкой лингвистердің дүниежүзілік I конгресінде: «Осылайша, Бодуэн фонеманы ашса, Щерба оның мағына ажыратушылық қызметін ашты» - деп мәлімдеді [5-71]. Дегенмен, әлі күнге дейін фонологияны қолдамайтын көзқарастар бар. Шынында да, генетикалық тіл ғылымы тұрғысынан, сөздегі мағыналық өзгерістер дараланған жеке дыбыстарға байланысты болмайды. Бұл туралы біз бұрын да айтып жүрміз: **қой** және **қол** сөздерінің мағыналарының әр басқа болуы олардың құрамындағы «й» және «л» дыбыстарына байланысты емес. Мұны нақтырақ көрсету үшін **«бұру»** (бұрау) ұғымының УП-негізі арқылы әр түрлі тілдерде жасалуын түсіндіріп көрейік.

Логикалық ұғым өрісі	Қазақ тілі сөздері	Орыс тілі сөзі	Ағылшын тілі сөздері
«Шар-қоршау» ұғымының «айналу» өрісі	БҰР < УП+УР АЙНАЛУ< АБНАЛУ (Б>Й)	ВРАЩАТЬ < В (УП)+Р (УР)... ОБОРОТ< ОБ+УР (БҰР)	REVOLVE < РЕ (УР)+ВО (УП) > БҰР...
Әр түрлі зат атаулары	БИ < УП АРБА < УР+УП АПТА< УП+УТ АЙНА< УП+УН АУНА< УП+УН	БУРИТЬ БОЛТ ВИНТ... АВТО	BORE BOLT SCREW

Көріп отырғанымыздай, барлық сөздерде де мағына жасаушы элемент тек қана УП тілдік негізі, яки бір ғана тілдік негіз (дән) арқылы әр басқа тілдерде сан алуан сөздер жасалып тұр. Тілдік негіздің мағына жасаушылық потенциялы өте мол, яки бір ғана тілдік негіз сан алуан тілдерде мыңдаған сөздерді бір өзі ғана жасай алады. Мұндай сөзжасам принципі логикалық ұғымды, оның таңбалық бейнесін логикалық интерпретациялау арқылы ғана түсіндіріледі. Яғни сөз мағыналарының өзгеруі жеке фонемаға байланысты деген – мүлде қате түсінік.

Тіл дыбыстарын ғана емес, сөз төркінін тану мәселесінде де түркілік қоршаудан шығып, жалпы адамзат тілі тұрғысынан, яки генетикалық тұрғыдан қарастыру керек. Ғ.Мұсабаев түркі тілдеріндегі сөздердің мағыналық ерекшеліктерін салыстыра келіп: *«мынау астың мазасы болмай отыр»* деген тәрізді тіркестердегі қолданылатын *маза* деген сөздің бізге түсініксіз бір мағынасы қырғыз тілінде бар екені байқалады. Мұны К.К.Юдахин парсы тілінен ауысқан деп көрсетеді. Ал академик В.Радлов өзінің салыстырма сөздігінде «тыныштық» мағынасында қолданылады» деп көрсеткен. Осы сөзден өрбіген *мазалы* деген сөз қазақ, түрікпен, хиуа тілдерінде екі мағынада қолданылады: 1. Тыныштық, көңілді күй; 2. Дәмді» - деп көрсеткен... *Мазалы ас* деп астың дәмін емес, оның кенеуі дегеннің орынына қолданамыз» - дейді [3-152].

Біздіңше, мұндағы «маза» сөзінің мағынасы «май» (масло) ұғымын береді. Асқа қатысты айтылғанда, ол астың майлы не майсыз (мазалы не мазасыз) ас екендігі туралы түсінік пайда болады. Мұндағы «маз» формасы орыс тілінде «мас» түрінде (келіп тұр: *масло*). Орыс тілінде бұл «май жағу» ұғымында «мазать» сөзінде көрінеді. Қазақ тіліндегі *май* сөзінде з (с) > й ауысуын көреміз.

Төменде келтірілген *май* ұғымын білдіретін әр тілдегі мысалдардың бәрінен де біз «май» заттық ұғымының УП тілдік негізінің фонетикалық варианттары арқылы жасалғанын көреміз. УП-тілдік негізінің басты ұғымдарының бірі – **кемелдік, толықтық** және бұл ұғым *май* сөзінің мағынасына сай келеді.

қазақ	орыс	енгл	неміс	латин	араб	француз
май	масло мазать	butter smear	Butter Abstrich	butyrum linunt	zubada masha	beurre diffamer

Тілдегі «маза» сөзінің ауыспалы мағынасы адамның психологиялық күйіне байланысты: *мазасыз, мазасыздану, мазаны алу, мазаны алмау т.т.* Бұл қолданысты алдыңғы «май» сөзінің ауыспалы мағынасы деуге де болады, бірақ мұның екінші жағын да ескеру керек: «мас/маз» элементінің «толықтық», «кемелдік» ұғымынан «тыныштық», яки физиологиялық *қалыпты күй* ұғымы тікелей де шыға алады. Тілдік негіздердің семантикалық байлығы орасан. Соны дұрыс генетикалық талдаулар арқылы тани білу аса маңызды.

Қорыта келгенде, адамзат тілінің пайда болуын кең ауқымда генетикалық тіл ғылымы тұрғысынан қарастыру – тілтанымдық бағыттағы зерттеулерге аса мол мүмкіндіктер беретін қазіргі тіл ғылымының заманауи жаңа бағыты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе. Алматы, 2014.
2. Қайдаров Ә. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы, 1986.
3. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2008.
4. Русско-японский словарь. Москва, 1950. Под. ред. Н.И. Конрада.

2-СЕКЦИЯ. Ғ.АЙДАРОВ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ, КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ, БҮГІНГІ ӘДЕБИЕТТАНУ МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ «МЕН»

*Аталған мақала
АР 09562328 «Фарица Оңғарсынова шығармаларының
поэтикасы» атты ҚР БҒМ бекіткен
гранттық ғылыми жобасының аясында жазылды.*

Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
филол.ғ.к., профессор, Ақтау, Қазақстан*

Адамның тылсым сырларын лирикалық өлең көрсете алады. Объективті өмір шындығы ақиқатты субъективтік сана елегінен өткізілді. Лирикалық «меннің» сезімі арқылы терең түйсік аңғарылады. Кейде тұтас бір буынның өзекжырды сыры ақын тебіренісімен жарыққа шығады. Міне, осылайша адамның терең жан күйінің лирикада бүкпесіз, шынайы бейнеленуі тура психологизм болады.

Мысалы Фарица Оңғарсынованың мына бір шумақтарында бүркемеленіп тұрған жабық сыр жоқ:

*Басқа түскен қайғыңды,
Ешбір адам жан салып бөліспейді.
(дос боп жүрсін, сен күнде көріс мейлі),
Күйзелетін сен ғана, егілетін,
Тек сен тартар азап қой ол іштегі.
Мүсіркесіп кетеді, іші қайраң,
Қайғы уынан өртен сен, өл, іш, мейлі:
ешкім сонда ол уға қолын созып.
Мен ішем деп жартысын бөліспейді [1, 247].*

Өлеңге тереңірек мән беріп, оқи отырып, поэтикалық өрнегі, сезім шынайылығы, ақиқат тереңдігі, эстетикалық әсерлігі жағынан үлкен поэтикалық дүние екеніне көз жеткіземіз. Өлең тереңіне бойлай отырып, ақын психикасын ұғынамыз.

Адамның тылсым сырларын нағыз лирика ғана ашып көрсетеді. Лирикалық «Мен» арқылы терең түйсік аңғарылады. Кейде тұтас бір буынның өзекжырды сыры ақын тебіренісімен жарыққа шығады. Ф.Оңғарсынова терең сырлы өлеңдерінде тура психологизммен бірге жасырын психологизмге көп ден қояды. Бұл тәсіл – ақынның ерекше шеберлігі. Ақын жанының тереңінде тұнған сезімді тек көкірек көзімен ғана көру керек:

*Елесің қуантардай,
сен жайлы ой кешемін.
Өзіңе дым да айта алмай,
Құрбыңмен сойлесемін.
Қолыңды алам да мен,
Қысуға қысыламын.
Гүлімді саған деген,
Мен оған ұсынамын [1, 96].*

Мұнда бозбала психологиясы жасырын психологизм арқылы ашылады. Ғашығының елесі қуантып тұрған бозбаланың кездескенде ештеңе айта алмай, құрбысымен сөйлесетіні қалай? Немесе алған гүлін басқаға ұсынатыны несі? Бұл – нағыз ғашық халі.

Кездесем жеке мүлдем,

*Кетер деп сыр жалғасып,
Байқамай өтемін мен,
Жаныңнан жылдам басып [1, 205].*

Алдыңғы шумақтардан жігіт жанын байқасақ, бұл шумақтағы сезім – қыз сыры. Қанша көруге ынтықса да, жанынан жылдам басып, байқамай өту де – қыздың сүйген жігітіне сыр бермеуі. Қыз жанының жұмбақ сырын мына мысалдардан да аңғарамыз:

*Жиында жұртқа жарқылдап,
Көзге ілмей сені тұрамын,
немесе
Қыздардан өрлік қалған ба -
Құлай сүйсе де шектелген:
Сен алғаш сүйіп алғанда,
Ашуланған боп кеткем мен... [1, 199].*

Бойжеткен қыздың пәк көңілі, ақ жүрегі көрінеді. Ол бірақ сыртқа байқалмайды. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» деген Абай афоризмінің көрінісі.

*Білем әлі жүректер ұғысарын
бірақ көрсем жалынды басып-жанышып,
асқақ қарап өтуге тырысамын,
сенен өзге біреуге ғашық жансып.
...Жұртқа жұмбақ болды да мендегі елес,
Біреулерге бұл күнде мазақ та өзім...
Махабаттың күйігі-ерлер емес,
Әйел ғана шыдайтын азап-төзім [1, 73].
...Бір ғажайып күш сенің бойыңдағы,
Жүрегімді балқытып, төктірді нұр [1, 24], -*

деген жолдардан басқаның жанын сезіну әрекеті қылаң берсе,

*Сониалық ұғысқаннан бірімізге-
Біріміз тіл қатпай-ақ өкпеледік [1, 63], -*

деп ой түйілетін жасырын психологизм аңғарылған бұл екі жолда етене жақын адамдардың ұғысуы, тіл қатпай өкпелеуімен қатар бір-біріне еркелеу сезімдері де байқалады.

Лирика жайлы тың еңбектердің басым көпшілігінде лирикалық образ сезім мен толғаныс образы ретінде көрінетіні баса айтылады. «Лирик ақынның образы – ақынның өзінен басқа ешкім де емес, - дейді неміс философы Ф.Ницше, - тек бұл оның әр қилы формада объективтенген тұрпаты, сондықтан осынау ұлан-ғайыр әлемнің кіндік-тұтқасы ретінде ол «Мен» деп сөйлеуге әбден хақылы; бірақ бұл «Мен» эмприкалық реальды «меннің» өзіне ұқсамайды, ол – жалпы әр нәрсенің тегінде, негізінде жатқан бірден-бір мәңгілік қасиет, ақиқат мән ретінде көрінеді» [2, 73-74], Лирик ақын – лирикалық кейіпкер рөліндегі бейне, бүкіл жан дүниесімен лирикалық бейненің танымы. Ақын – лирикалық кейіпкер рөліндегі бейне, бүкіл жан дүниесімен лирикалық бейненің танымы. Лирикалық образды зерттеген ғалым Т.Шапаев: «Лирикадағы басты образ – лирикалық қаһарман. Бұл образдың түп негізі - ақынның өзі болғанмен, лирикалық кейіпкер – жинақталған, дараланған, яки толық мағынасындағы әдеби бейне санатына көтерілген, ақынның ғана емес, оның замандастары атынан сөйлеу хақына ие болған тұлға. Ақын мен лирикалық кейіпкер – біртұтас тұлға» [3, 22], - деп өте дәл тұжырым жасайды.

Лирикалық бейненің ақын болмысынан тұлғанатыны – белгілі жайт. Дегенмен ылғи да ақынның нақ өзі бола бермейді. Мысал ретінде Ф.Онғарсынованың «Ақбөбек жырларын» алайық. Ақбөбек пен Қайыптың мұңды махаббаты туралы аңыз Маңғыстауда кең таралған. Өнерпаз кедей жігіт Қайыпты сүйген бай қызы бір түнде онымен қашып кетеді де, тауда үш күн паналайды. Қайып аң аулап кеткенде, қуғыншылар Ақбөбекті қолға түсіріп, Форт-Александриядағы (қазіргі Форт-Шевченко қаласындағы) түрмеге қамайды. Қайып жиһан кезіп кетеді. Сондағы Ақбөбектің мұңы былай беріледі:

Сүйікті болса, еркелеу болып кететін

*Әдеті шығар пенденің:
Бір басқа менің еркелігім де жететін,
Ел еді сонда сенгенім.
«Бөбекте де арман бар ма екен» дейтін
қыз біткен,*

*Жігіттер жүрді жыр арнап.
Оңымнан туар бақытым – Айым
біз күткен*

*сағым боп кетті бұлаңдап...
Ата-ана қайда бетіме жсел боп келмеген,
Беремін дейтін тілегін?..
Әлпештеп жүріп безеді неге ел менен,
Жасыды-ау әбден жігерім...
Құса боп өтсе қыздары елдің сәні ме,
Халқым-ау, қалай төзгенің?
Алдамшы екен зой мынау жалғанда бәрі де,
Махаббатымнан өзгенің [4, 226],*

Осындағы жан азабын бірінші жақтан («Меннен») ақтарған Ақбөбекті ақын бейнесі деп айта алмаймыз. Немесе «Мен өмірді сен деуші ем» деп аталатын циклды лирикалық жырда махаббатта жолы болмаған бозбала жігіттің сезім сарсаңын көреміз. Мысалы:

*...Сонан соң күйіп-жанып алауладым,
Ұмыттым Ай, Күн барын, Самал барын.
Әйтеуір алай-түлей сол сезімнен,
Жаныма бір тыныштық таба алмадым*

*Кезім жоқ сені ойламай көзімді ілген,
Сені аңсап, елжіредім, егілдім мен!
...Ризамын тағдырыма сен арқылы,
Махаббат деген күшті сезіндірген [5, 384],*

Бұл өлең де бозбаланың монологы ретінде берілген. Сырттай қарағанда бозбала жігіттің қай жағынан да әйел ақынға жанасымы жоқ. Өлеңдегі бұл образды тек лирикалық кейіпкер ғана деп түсінеміз. Кейіпкердің лирикалық «мені» - даралық сипат. Даралық жоқта көркемдік те жоқ.

Лирикадағы ақындық «мен» ақындық сезімталдық пен алғырлық, мөлдірлік пен сыршылдыққа толы жырлардан анық байқалады.

Фариза ақын:

*Дей алмаймын «жиынның жұлдызымын»,
Қуып жүрген бір жанмынжыр қызығын.
Сезім нәзік, ой жүйрік, кейде кекшіл,
Кейде жарқын қазақтың бір қызымын.
Сырт адамға сыр бермес жұмбақтауым,
достарыма аяулы қырмызымын [1, 23], -*

деп толғайды.

Ақын туындыларында кейіпкерлер әлемінің аясы өте кең. Ф.Оңғарсынова творчествосын зерттеген З.Мүтиев ақын кейіпкерлері жайлы былай дейді: «Фаризаның лирикалық кейіпкерлері қоршаған ортаның, қоғамдық болмыстың отына күйіп, суығына тоңған, қуаныштың шат күлкісіне оранған, қайғының мұң тұманына тұншыққан жандар, яки жер басып жүрген адамдар әлемі. Ақын кейіпкері кімнің атынан сөз алса, соның көкейкесті келесі мәселесін ашып көрсетуге, кінәратсыз жеткізуге ұмтылады. Фариза лирикасының ең бір елеулі тұсы ақын кейіпкерлерін сөйлетуде адам жанының терең білгірі, нәзік психологы ретінде сөз алады». Яғни ақындар – лирикалық кейіпкерлерін танытуда адам жанының тамыршылары. Ақындардағы ішкі қайшылықтарды реттейтін эстетикалық серпіліс

психикалық процестер мен күштерді жинақтайды. Ақын «Менінен» барлық ой-сезімдері тарамдалып, бұдан психологизм құбылысының түрлері жіктеледі. Лирикадағы психологизм құбылысының түрлері жіктеледі. Лирикадағы психологизм рөлін айқындағанда түпсіз дүниені аңғартып, әлдебір әуен болып қабылданатын сиқырлы лирика тілі өзек болды. Өлең – ой мен сезімнің әрекет ету құралы. Ақын бойындағы әсерлер өлеңдегі образға жинақталып, эмоциясын танытады. Осылайша өлеңдегі терең психологизм көрініс береді. Лирикалық өлеңдердің көбінесе ішкі монологқа, кейде ішкі диалогқа құрылу себебі, бұл – автордың өзгеше өрелі тыңдаушысын іздеп шарқ ұрғаннан туындайтын құбылыс. Әр ақын – өзінше бір құбылыс, өзінше әлем. Лирикада алдымен ақын психологиясын ашамыз. Ақын психологиясы лирикадағы сан алуан сипаттар, көріктеу құралдары – психологиялық портрет, авторлық баяндау, суреттеу, ойды саралау, қиялдап қосу, лирикалық толғау түрлерінің бірінде ашыла ма, болмаса басқа да көркемдік компоненттер арқылы ашыла ма – ақынның жан әлеміндегі арпалыс тебіренісі дәл ішкі монологпен ашылғандай ашыла алмайды. Ішкі монолог арқылы ашылған ақын жан-дүниесін айнадан жарқырата көргендей күй кешеміз. Егер эпикалық шығарма бастан-аяқ ішкі монологқа (немесе диалогқа) құрылса, онда оқырманын жалықтыратын сүреңсіз шығарма туар еді. Лирикалық өлеңнің құдіреті – қысқа бола тұра, оқырманын аз сөзбен талай сезімге сүңгітіп, сезім сиқырымен баурауында, шағын болса да көп құбылысты сол күйінде жеткізе білуінде. Лирикада диалогтан гөрі монолог басым болып тұтасып, бірыңғай лирикалық өрнек-нақышпен әрленіп жатады.

Ақындық «Мен» көбіне лирикадағы монологтарда шынайы көрініс табады. Ақынның шынайы да мөлдір жаны, ішкі тынысы, ішкі демінің дірілі ақындық «Мені» арқылы жырланады. Фариза ақынның кейіпкер психологиясын дәл ашуы бозбала атынан үн қатуы «Мен өмірді сен деуші ем» (бозбаланың күнделігінен) циклді лирикасынан аңғарылады:

*...Асықтым әр таңға мен,
Жүзіңді көрем бе деп.
Бұл қайғым тарқар демен,
Өмірде сенен бөлек.
Тіл қатсаң жігіттерге,
Қызғандым аласұрап.
Күңкілшіл күдіктен бе –
Сенделдім дара шығып... [1, 205].*

«Қыз сыры» аталатын лирикасында да бойжеткеннің ішкі жан-дүниесі әдемі өріледі. Бұл айтылған лирикалық кейіпкер жанының толқындары – ақынның өз басынан кешірген сезім сәттері.

Ақын өз сырын оқырманына еш кібіртектемей жайып салады. Тыңдаушысы да, құптаушысы да, сырлас-мұңдасы да – оқырманы. Өлең жолдарын оқи отырып, тура ақын жанын, мінезін танимыз.

Ішкі монолог тәсілінің әдебиеттің барлық жанрында да белгілі бір көркемдік қызметі, өзіндік ауыр жүгі бар. Автор лирикалық толғаныспен тебірене отырып, кейіпкерлеріне өз жан толғанысын береді. Ақтарылған шынайы сыр қабылдаушысының да жан-жүрегін, көңіл-күйін тербейді. Өйткені «лирикасыз монолог тумады», [6, 321] - деген И.Сельвинский сөзі монологтың маңызын айқындап береді. Ал лирикалық өлеңдегі көрінісіне Фариза ақыннан бір мысал алайық:

*Мен қашанғы ішімнен шыңғырамын,
Қашан, қашан басылар бұл құмарым.
Ей, адамдар, айтсаңшы біреуің кеп,
Қандай емнен жазылар жынды жаным? [1, 303]*

Ақын алай-дүлей сезімін осылай өлеңге түсірген. Ішкі монологты лирикалық «меннің» баламасы деуге де болады. Фариза ақынның тағы бір өлеңіндегі ішкі монологқа құлақ түрейік:

*О, жасаған! Сүйе алар жүрек беріп,
Неге маған сүюді мұң еткенің,
Дәл осындай қасірет тілеп пе едім? [1, 279]*

Мұнда ақынның лирикалық «Мені» мұң шағып тұр. Осылайша лирикалық өлеңдердің көбінесе ішкі монологқа, кейде ішкі диалогқа құрылу себебі, бұл – автордың өзгеше өрелі тыңдаушысын іздеп шарқ ұрғаннан туындайтын құбылыс. Лирикадағы мұң барлық ақында бірдей болғанымен, оның жеткізілуі әр қалай. Қазіргі қазақ әдебиетінің кемелденуіне байланысты, көркемдеу құралдарының, бейнелеу үлгілерінің молаюына байланысты ішкі монолог түрленіп қолданылып, шығармаға көркемдік нәр береді. Бұл тәсіл көбіне психологиялық талдау ретінде беріледі. Ф.Оңғарсынованың «Әйелдің монологы», «Бақыттының монологы», «Бойжеткеннің сөзі», «Жастық шақ монологы», «Қоштасу» («Қыз Жібектің соңғы сөзі»); «Жантолының монологы», «Жастық шақ туралы элегия», «Кек немесе келіншектің ызасы», «Аңсау немесе жесірдің зары», «Мұқтаждық немесе жетімнің монологы» сияқты лирикалық өлеңдердің сезімдік психика циклі – эстетикалық өріс емес, зерттеу. Ақын өзін ғана зерттеп қоймайды, жалпы адам жанын зерттейді, лирикалық кейіпкерін де танытады. Жоғарыда аталып өткен ақынның монологтары – лирикалық кейіпкердің, атап айтсақ, бойжеткеннің, Майраның, Жантолының, Қыз Жібектің, т.б. атынан айтылады. «Әйелдің монологынан» үзінді келтірейік:

*Сенің от құшағыңда
дүниені ұмытып талықсыдым.
Жүрегімді өртеді жан ыстығың...
Бірақ өзің айныдың.
Ұмыттың да жастықтың жұмақ күнін,
сен мысқылдап, мен дағы жылап тұрдым.
Өмір деген бұрқанған дарияға
бұрымымнан ұстап ап лақтырдың.
Сонда ғана есейіп бұл жалғанда,
Бәрі алдамшы екенін бір-ақ білдім [5, 262].*

Лирикалық кейіпкердің жан айқайын ақын дөп басып, дәл көрсете білген. Алдамшы сезім жетегінде кеткен әйел үні ақын жүрегінен сүзіліп шыққан. Бұл – кейіпкер пішініндегі ақын сөзі. Сонымен бірге лирикалық кейіпкердің ішкі рухани дүниесі лирик ақынның дүниетанымын да байқатады. Кейіпкер психологиясын танымдық тұрғыдан тану өлең өрімін табиғи тұтастықта талдауда шеберліктің шынайылық сипатына саяды. Бірсыдырғы мазмұндау, қарадүрсін, қарабайыр жүйелеу жыр әлемінің жүйесін жасытып, жемісін желілей алмайды. Нағыз психологиялық өлең – шын ақынның өмірден көрген-түйіндерінен туған терең толғаныс, әсерлер.

Қорыта айтқанда, Ф.Оңғарсынованың ақындық «мені» мен болмысы бір бейнеге еш сыймайды. Ақын бірде өршіл рухты, асқақ мақсатты болса, бірде қылаудан да әлсіз нәзік сезім иесі болады, ол сарғаяды, сағынады, қайғы шегеді, ал ең бастысы – сүйеді. Сондықтан да Фариза ақынның лирикасы толып тұрған әртүрлі «мендер» десек болады. Қуатты жыр, салмақты жыр, сыршыл жыр. Әр жырда ақын әр күйде, ал әр күй – бір «мен».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 1978. – 252 б.
2. Ницше Ф. Соч. в 2-томах. Т.1. – Москва: Мысль, 1990. – 831 с.
3. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы: Жазушы, 1989. – 191 б.
4. Оңғарсынова Ф. Толық шығармалар жинағы. Т.IV. Алматы: Сардар, 2015. – 320 б.
5. Оңғарсынова Ф. Шілде. Алматы: Сардар, 2019. – 480 б.
6. Сельвинский И. Я буду говорить о стихах. – Москва: Советский писатель, 1973. – 503 с.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБАЙ ТАҚЫРЫБЫ

Оралова Гүлзира Сапарқызы

*филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан,*

Абай ақынның ұлағатын ерекше сезіммен бойына жиып, өзінің сөз өнеріне деген ерекше ықыласын қалыптастырған Шәкәрім ақындықты ерекше қастерлі жол деп санаған. Абай ақын туған халқының ары мен айбыны жолында рухани жол бастаушысы, шамшырағы болып, ұлт әдебиетінде де әлем әдебиетінде де адамзатты шындыққа, білімге, ізгілікке, еркіндікке шақырған кемеңгер ойшылы болды. Абайдың асқан даналық сөздерін, жасынан естіп, бойына сіңірген, ел алдында қандай мәселе болсын әділдігімен, шешендігімен, ақындығымен, өнегелі сөздерімен үлгі болған ақынның өнерін үйренушілер ең алдымен өзінің айналасы болғанын білеміз.

Шәкәрім Құдайбердұлы Абайдан тәлім-тәрбие, өнеге алып, ұстазының шығармаларымен қатар өсіп, оның адами, интеллектілік қасиетін, философиялық өсиет-өнегесін бойына жинай отырып, Ақылбай, Мағауия, Әріп, Әсет, Көкбай, Уәйіс, Нармамбет секілді қазақ әдебиетінде Абай дәстүрін дамытып және жаңашылдықпен жалғастырды. Сөз өнерінің көркемдік деңгейлігін шығармашылығымен танытқан Шәкәрім Абай жүрген соқпақпен жүріп, халқының мұңын жырлап, әдебиет пен мәдениетте, әлеуметтік өмірде өз өлшемін салған талантты суреткер болды.

Шәкәрімге Абай поэзиясы, Абай әлемі бала кезден таныс. Шәкәрім шығармаларындағы Абай тақырыбының орын алуы Абайдай тарихи адамның ой-пікірін, сана-сезімін, көңіл-күйін ұғына алуында еді. Кеңестік кезеңде «Абай мектебі, оны зерделеу» тақырыбы құпталмады. Оған себеп Абай ақынның айналасындағы шәкірттеріне деген кеңестік идеологияның «ескішіл», «шығысшыл», «халық жауы» деген көзқарастардың басым жатуында еді. 1950 жылдардан кейін ғана Абай ұстаздық еткен әдеби мектеп, оның шәкірттері «Абай төңірегіндегі ақындар» деген атаумен талдаулар жасалып, айқындала бастаған.

Абай шығармашылығын зерттеуде тысқары жатқан тақырып аясында Айқын Нұрқатов өзінің монографиялық еңбегінде «Творчестволық тұрғыдан алғанда Абайдың ақындық әдеби мектебі болғаны даусыз. Абай кезіндегі және одан кейінгі дәуірдегі реалистік қазақ әдебиетінің даму жолдарымен тұтас алып қарау шарт», - [1] деп ақын қалыптастырған әдеби мектеп, оның дәстүрі және оны жалғастырушыларды тереңірек зерттеп, кең ауқымда ғылыми зеттеу жасалу қажет екендігін ұсынды. Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрін жалғастырушыларды Абай төңірегіндегі ақындармен ғана шектеп қоймау қажетін ұғындырады.

Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» деп аталатын еңбегінде: «Қазақтың ұлы ақыны Абайдың зор еңбегінің бірі-жастарды, әсіресе, болашақ ел өмірімен байланысты ақын-жазушыларды тәрбиелеу», - дейді [2]. Ғалым Мағауия мен Ақылбайдың әдеби шығармаларын зерттеу нысанына алып, романтикалық сарындағы дастандарын талдап, сюжетті оқиғаға құрылған романтикалық шығарма тууына тікелей ықпал еткен Абай екендігіне назар аудартқан болатын.

Шәкәрім туынылары адамзатқа ой тастар асыл қазына, көркемдік мұра. Шыққан тегі, өскен ортасы–Абайдың тағылымы болған Шәкәрім өзінің шығармашылық өнерінде Абай ақынның ұстанған бағытымен дамып, Абай жасаған көркемдік ерекшеліктердің ұлт әдебиетінде қалыптасуына өзінің лирикалық, философиялық, эпикалық, публицистикалық шығармалары арқылы өлшеусіз үлес қосты. Екі ақынның да шығармаларындағы тақырып, идея ұштасып, үндесіп жатыр. «Әрбір поэтикалық шығарма ақынды билеген құдіретті ойдың жемісі» деп В.Г.Белинский атап көрсеткендей екі ақынның да ұлылығы, шығармаларының үндестігі өздері өмір сүрген кезеңнің көкейтесті мәселелерін тап басып,

халқы мен бүкіл қоғам басындағы нақты жағдайды сезіне біліп, келелі ойлар қозғап, сол парасаттылық, даналық ойларын поэзия тілінде шебер шеткізе білуінде.

Шәкәрім Абай ақын ұстанған реалистік дәстүрді шығармаларының идеясына, көркемдік нысанына айналдырды. Өлең сөзінің мәнді мағыналы болуын, халық мұңын жырлауын ақындық борышы санаған Шәкәрім ұстазы үйреткен өнегемен да өлеңнің еріккеннің ермегі емес, оның қоғамдық, танымдық маңызға ие болуына, әсемділігіне, оның мазмұн мен пішін бірлігін үйлестіруге назар аударды. А.Нұрқатов: «Абай өлеңдерінен халық өмірінің кең көріністерін ғана байқап қоймаймыз, оның арманы мен үмітін танимыз» [1,40]-десе, Б.Әбдіғазиев: «Халық бейнесі—Шәкәрім лирикасындағы тұлғалы бейне»[3,38] дейді. Абай мен Шәкәрім шығармаларынан сезіліп тұратын халық тағдыры, гуманистік ойлар ақындар шығармашылығы арқылы қалыптасқан реалистік сипат.

Шығармаларындағы негізгі идея—туған халқын еңбекке, білімге, мәдениетке, адамгершілікке, әділдікке шақырып, махаббатты, достықты жырлады, әлеуметтік теңсіздікті сын тезіне алды, әйел теңдігі мәселесінің жыршысы болды. Шәкәрімнің Абай мен оның дәстүрін дамытушы еңбегі кейінгі толқын халық ақындары поэзиясында да көрініс тауып жатты.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ақындық мектептердің шығармашыл өкілдерінің барлығы да ұлттық сөз өнері тарихындағы көрнекті шығармашылық тұлғаларды өздеріне үлгі етіп, жырларына қосты. Мекендеген жерлерінің шалғайлығына қарамастан Абай дәстүрі-ұлт әдебиеті мен мәдениетінің даму тарихында көркемдік жалғасын тапқан асыл арна болды. Ақынның озық идеясы, көркемдік шеберлігі Сыр өңірі ақыны Н. Жұбатұлының шығармашылығынан да орын алды. Мысалы, Н.Жұбатұлының «Абайдың 37-қара сөзіне құрылған өлең», «Ұлы ақын Абайға», «Абай ақынды еске түсіру» деп аталатын шығармалары бар. Бұл өлеңдерде әдебиет тарихындағы Абай дәстүрін, оның шығармаларындағы тақырып ауқымдылығы, ақындық өнердегі мазмұн байлығы мен шеберлігіне деген ұлттық мақтаныш, сезімі жырланған. Міне, Абай дәстүрін дамытушылар мен ақынды шығармашылығына үлгі етуші тұлғалар қазақ елінің бар аймағынан табылатындығы даусыз.

Н.Жұбатұлының «Абайдың 37-қара сөзіне құрылған өлең» атты туындысы ақынның ойшылдығын, даналығын терең сезіммен пайымдаған философиялық түсініктеме-нәзира үлгісінде жазылған туынды. Абайдың «Отыз жетінші сөз» [4,116-136] өлеңінде ақынның ойшылдығын, даналығын терең сезіммен пайымдаған ойлары сыршыл поэтикалық тілмен өрнектеледі. Мысалы, Абай: «17. Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер; 18. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден – еңбегін сатқан бала артық» [4,116, 136] – деп нақыштаған. Нұрсұлтан ақын кемеңгер ақынның осы ой-тұжырымдарын поэтика тілінде өз көзқарастарын астастырып айқындап көрсетеді:

Дүние деген шалқар көл,
Арқыраған заман – жел.
Алдың – кәрі, артың – жас,
Қарасаң байқап жиында.
Алдың – кәріп, артың – көр,
Баяғыдай көрінер.
Арманың үшін қайрат қыл,
Арыңды сатпа тиынға.
Бағымен асқан патшадан,
Адамдық арын сақтаған.
Ақылмен асқан қара артық
Жігері болса бойында.
Сақалын сатқан кәріден,
Арамдыққа жеріген.
Еңбегін емген бала артық,
Тіл боларлық айылға [4,54-55].

Н.Жұбатұлы «Ұлы ақын Абайға» өлеңінде халқымыздың тарихи, ұлттық санасын жаңғыртатын, ұлттық сезімін қалыптастыратын тәлімдік жырлар тудырған ақынның көркем әдеби тұлғасын былайша суреттеген: «Көк теңіздей шыңырау, ақылы түпсіз тереңім», «Нұры толған толықсып аспанның жарық айындай», «Адамның ойшыл алыбы, елден ерек бір дара, көктегі күннің жарығы» және т.б. көркем бейнелеулер арқылы Абайдың қазақ поэзиясын түр, мазмұн, жаңалықпен байытқан, ұлттық рухани мәдениет тарихындағы ұстаздық тұлғасын даралап жыр етеді:

Сайраған бақтың бұлбұлы,
Жарыққа қанат сермеген.
Қазақтың асқар, құнды ұлы
Айтып болмас тілменен.
Сөйлер сөздің шебері,
Сандуғаштай сайраған.
Нақыштап салған бедері,
Көз тартады жайнаған.
Өлеңнің асқар Алтайы,
Қазаққа көркем түр берген.
Алтайдың сала алқабы,
Мың құбылып гүлденген.
Сөзің күндей жарқырап,
Биязының көгінде.
Дене шіріп таусылар,
Ақыл өлмес тегінде.
Қазаққа ортақ сен жалғыз,
Өлді деуге сенем бе?
Көктегі күміс – көп жұлдыз,
Бәрі де сенен төменде [4,79-80].

«Асқан дана – адамзаттың зерегі, шөлдегенді бал суына суардың» «Абай ақынды еске түсіру» деген туындысында Абайдың жалпы адамзатты ойлаған гуманистік даналығын, қайраткер тұлғасын, ақындығын, халқының тағдырына алаң болған қамкөңілін бейнелеп суреттейді.

Ерте тұрып елді ояттың ұйқыдан,
«Тұр – деп – мына ұйқыдағы сиқыңнан!»
Қара түнде мыңмен жалғыз алысып,
Көз аша алмай өттің сабаз қиқудан [4, 81].

Осылай ақындар – қазақ тарихының әр кезеңдерінде барлық аймақтарымызда өмір сүрген шығармашылық тұлғалардың тарихи сабақтастығын жырлайды.

Абай мен Шәкәрім шығармашылығының халқымызға берер рухани азығы, кейінгі толқынға өткенді танып, болашаққа ізгілендіретін рухани күш деп танимыз. Оқырман Абай мен Шәкәрім шығармаларынан адам бойынан табылу керек адамгершілік қасиеттер ме тұрпайы мінездің ара салмағын ажыратып, Алланы танып, Аллаға деген ыстық ықылас пен таза сезімнің болуын қастерлейді. Абай ақын секілді Шәкәрім шығармаларында да сатира, мысқыл өлеңдер өтімді де қымбат құрал ретінде жұмсалады.

М.Базарбаев: Шәкәрім өлеңнің эстетикалық әсерін өте жоғары бағалайды, оған ғажайып арбағыш күш бітіре, формасы жағынан мың құбылтып, түрлендіріп жазған үлгілері көп», -деп ақынның лирикасының көркемдік қуатына баға береді. Шәкәрім өлең құрылысы 7,8 буынды жыр үлгісінде, 11 буынды қара өлең ұйқасы, кезекті ұйқас, ерікті ұйқас түрінде келіп отырады [5,39]. Абай мен Шәкәрім шығармаларында публицистикалық, сатиралық, портреттік, пейзаждық формалары мол ұшырасады. Шәкәрім лирикасындағы философиялық терең мағыналы ой-тұжырымдары, өткір, сыншыл ойлар легі Абай дәстүрінің жалғасы.

М.Әуезов «...Абайдың өзіндік ақындық ерекшелігі-адамдық, әлеуметтік турашыл және шыншыл бітімі-оған жалғыз ғана жалтарып айтқан мысалдарды місе қылғызбас еді.

Сол себепті ол Лермонтов үлгісінде немесе Некрасов, Салтыков-Шедриндер дәстүрінде қоғамдық жаманшылық, масқаралықтарды туралап шаншады. Басқа соғып, көзге шұқып отырып айтуды ақынның айқын жолы деп біледі»,-[6.,202] деген.

Абай:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін

Жоқ барды, ертегіні термек үшін

Көкірегі сезімді, тілі орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,-деп толғанса, Абайдан нәр алған Шәкәрім:

Адам үшін-еңбегім

Өмірден барлық тергенім

Қалағанын қарап ол

Мұрам сол, жастар, бергенім,-деген екі ақын шығармаларындағы үндестік қазақ жұртын мәдениетке, өнерге, білім алуға, еңбекке баулуға тартуды мақсат тұтты.

Ә.Қоңыратбаев: «Абайдың өлең өлшемі мен тіліндегі жаңалығы қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған құбылыс. Ол өз бағыты мен стиліне бұрынғы поэзия тілі емес, мазмұндық-формалық дәстүрді қарсы қояды. Сөйтіп эстетикалық өлшем жасайды»,- деген пікірі Абай мен оның дәстүрін жалғаған шәкірттеріне де ортақ қасиет деп тануымызға болады [7,194]. Шәкәрім де Абай секілді адам бойындағы адамдық қасиеттер адамгершілік, адалдық, ар, намыс, ұят тәрізді ұғымдарды философиялық терең толғауларында көркем де бейнелі кейіптеулермен өрнектейді. Сондай-ақ Шәкәрім ақынның «Үш анық» деп аталатын философиялық трактаты да Абайдың қарасөздеріндегі философиялық ой өзегімен үндеседі. Онда діни ұғымдар мен қағидаттарды, жантануды рухани моральдық ұстанымдар тұрғысынан, ұғындыруға ойларын негіздейді. Абай кейіптеудің поэтикалық үлгілерін шебер қолданса,оның үлгілерін Шәкәрім туындыларынан да табамыз. Мәселен, «Ашу мен ынсап» өлеңінде адам бойында кездесетін жағымды жағымсыз қылықтарды, мінез ерекшелігін кейіптеу тәсілінде сөйлетеді. Елеусіз көрінетін жайға мағына астар беріп, сабырдың аяндап келуі, тілін алғызу, сынатып, құптану ақыл, еріншек, ашу қорқақ, сабыр деп аталатын мінездерді пернелеу тәсілімен жан беріп, адам өзінің бойындағы сапалық қасиеттерді дамыту, қалыптастыру керектігі бейнелейді.

«Қазақ әдебиетіндегі Абай тақырыбы» әлі де болашақтағы зерттеулерге қосылатын қомақты дүние деп есептейміз. Шәкәрімнің «Абайға» деп аталатын туындысында құлазыған көңіл табы сезіліп тұрады. Абай шығармаларында да элегиялық өлеңдер кездеседі. Абайдың бір алуан элегиялық өлеңдері ұлы Әбдірахман өлімімен байланысты туған.

Абайдың мыңмен жалғыз алысқан жалғыздығын Шәкәрім ерекше сезінген:

«Кім жалғыз бұл жалғанда – есті жалғыз,

Мұндасар болмаған соң бір сыңары.

Жалтақтап жалғыз Абай өткен жоқ па,

Қазақтан табылды ма соның пары?!» - [8] деген жолдардан ақын ішкі сезімдерін ақтарып Абайдың әлеуметтік өмірдің кейбір тұстарына риза болмай, қарсы күресуге дәрмені жоқ әлсіздік, жалғыздық бойлаған күйін, оның ортасынан биік тұлға болғандығын танытқысы келген қажу, налу сарыны байқалады.

«Абай марқұм өткен соң, өзіме айтқан жырларым» деп аталатын 32 шумақтан тұратын ұзақ өлеңі Абайдың «Есінде бар ма жас күнің» деген өлеңінің құрылымымен жазылған. Элегиялық сарынмен жазылған бұл туындыда риторикалық сұрауға ақын өзі жауап беріп, ақынмен мұңдасады, сырласады, жете алмаған арманын, түсіне алмаған айналасына нали тіл катады:

...Өзің кімнен кем едің,

Кім үшін уайым жеп едің?

Күдерінді үздің бе,

Сүйенішім мықты деп едің?

Қанеки, қайтып келді ме,

Жаныңа жәрдем берді ме?

Жалаңдаған жалмауыз,
Жан-жағыңнан көрді ме?

Өлеңдегі аллегориялық сарын, образ жасау ерекшелігі, риторикалық сұраулар, көңіл-күй лирикасындағы ішкі толғаныс, көңілдегі үлкен ойды салмақтайды.

Хақ мұсылман кім болар –
Айтса сөзі шын болар.
Рахым, ұят, ар, ынсап –
Төртеуі болса, дін болар.
Төртеуінің бірі жоқ,
Бойында иман нұры жоқ.
Құры айтқанмен бола ма,
Мұсылмандық түрі жоқ

Абай ақынмен сырласқан осы өлең жолдарынан біз мұсылмандық философиясының өмір мен өлім, тәубаға келу имандылық жолға бастайды деген тәрбие тағылымындағы тұжырымын айқын танимыз.

Түркі халықтары ақындарының шығармаларынан да Абай тақырыбын, Абайдың көркемдік өрнек үлгілерін көптеп кездестіреміз. Абайдың құдіретін танытатын, уақыт өткен сайын тарихи мәні артатын ақындық, ұстаздық шеберлігін ашатын дүниелер әлі де жазылады. Шәкәрім шығармашылығын зерделей қараған сайын Абай мен Шәкәрімнің арасындағы шығармашылық байланыстың тереңдігі жарқырай түседі. Қазақ тарихында ертеде болған оқиғаны негіз еткен, әлеуметтік астары терең «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» эпикалық туындылары Абайдың дастаншылдық дәстүрін меңгеріп, суреткерлік шеберлігін жаңа деңгейде жалғастырған шығармашылық өсу, даму деп танимыз.

Абай орыс әдебиетінің озық үлгілерін, шығыстық дәстүрді қазақ поэзиясына әкеліп, шығармашыл тұлғалардың дүниетаным көкжиегін дамытқаны, өз әсерін тигізгені сөзсіз. Шәкәрім Абайша осы батыс пен шығыстың озық үлгілерін қазақ әдебиетіне әкеліп, оған жаңаша көзқарас қалыптастырды, дамытты, өзіндік мазмұн өрнегімен түрлендірді.

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Әр түрлі асылы көп өтпей жатқан...
Мынау Абай-бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөз ұғарлық.
Енді бізге ақылын көрсетіп тұр,
Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан
Алмасақ үміт үзер тағы жастан,

Өлсек те ұмтылалық осы бастан,- [8] деген өлең жолдарымен ұлтымыздың рухани жол бастаушысы болған Абайдың ұлағатын танытып, шығармаларынан тәлім алуды насихаттайды. Ақынның шығармашылығы қазақ әдебиетінің ғана мұрасы емес, қоғамның, ұлттың дамуына, ұлттық сананың жаңғыруына әсер ететін дәрежедегі шығармалар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Нұрқатов. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966.-348 б.
2. Қ.Жұмалиев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960-364 б.
3. Б.Әбдіғазиев. Асыл арна. Алматы: Қазақ университеті», 1992.-127б.
4. Жұбатұлы Н. Сөз сөйле, қызыл тілім, тұрма босқа. – Қызылорда: Тұмар, 2005.–204
5. М.Базарбаев. Өлең сөздің-патшасы, сөз сарасы.– Алматы: Жазушы, 1973, 256 б.
6. М.Әуезов. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967.- 391 б.
7. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994.-312б.
8. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988,-396 б.

ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ

Әбішева Шарапат Сәбитқызы

*III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан*

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі өзекті тақырыптардың бірі – қазақ әйелінің тағдыры десек, оның көркем шығармадағы көрінісі де әрқилы тұрғыдан бейнеленді. Қазақ даласына енген жаңа қоғамдық қатынастардың әсері әйел өміріне, яғни оның отбасындағы, әлеуметтік ортадағы бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі көзқарас, танымдарына қай дәрежеде әсер етті дейтін өзекті сұрақтарға М. Дулатов, С. Торайғыров, С. Көбеев, Т. Жомартбаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Б. Майлин т.б. қаламгерлер шығармаларында әр алуан жауаптар беріледі.

Өз тағдыры үшін күресе жүріп, ар-ожданын барлық кедергі-кесепаттан қорғай білетін қазақ қыздарының тағдыры, «Қамар сұлу», «Бақытсыз Жамал», «Қорғансыздың күні» т.б. шығармаларда қайғылы халмен аяқталады. Алайда мұның өзінде қаламгерлер адам ар-намысын қорлаған қоғамның кемшілігін ашық әшкере етуді мақсат еткендіктен, өлімді көркемдік мәнде пайдаланды. Себебі, бұл кейіпкерлердің өлімінің өзі қоғамға қарсылық, өздерінің бас бостандықтарына кедергі болғандардан жеңілмеудің жолы ретінде сипатталды.

Сөз зергері Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесі қазақ қызының сүйгеніне қосылу бақытына қол жеткізу жолындағы тағдырын өзгеше суреттейді. Шығарма оқиғасы шегініс арқылы дамиды. Повесть басталғаннан-ақ жазушы, өз кезеңіндегі құрбы-құрдас, қатарластарынан сұлулығымен, өнерімен озған Күнікейдің қазіргі адам аярлықтай бейшара халін «Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шым қорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса боп сүйегі, қалақтай боп иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ? Өлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма еріні кезеріп, бетпақ кезіп кеткендей, кимешегі қолқылдап қуыршаққа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы – жастық емес, кетпендей, сары төсек боп сарғайып – бұ жатқан қай әйел?» [1, 6-б.] – деп авторлық баяндау арқылы жеткізеді.

Ауыр да аянышты күйдегі Күнікей тағдырына жазушы оқырман назарын еріксіз аудартады. Сөйтіп, шығарма түйінінен басталған кейіпкер өмірінің балғын шағын суреттеуден бастап, осы қайғылы халдің себеп-салдарын біртіндеп аша түседі. Жазушының «...психологиялық талдауы адамның ішкі жан әлемін, адам организмінің биофизикалық күйінен бастап, ең жоғарғы интеллектіге дейінгі жайларды қамтиды. Қаламгер күрделі психологиялық құрылымдар түзілетін атомдарды, олардың арасындағы байланыстарды бір біріне кіріктіре, қоюластыра суреттейді. Ол бір психологиялық күйден екіншіге көшу процестерін қадағалайды» [2, 234-б.]. Сондай-ақ, жазушының кейіпкер табиғатын танытудағы тіл байлығына, сөз қолдану шеберлігіне Күнікейдің сыртқы болмысы мен жатқан жерінің сипатын ақ өлең түрінде өрнектеп, шегіне жеткізе суреттеген тұстарына тәнті боласың. «Жүсіпбек Аймауытовтың поэзияны қайдам, қарасөзге тайпалған жорға, бір сөзі бір сөзіне сәуле түсіріп, бір сөйлемі бір сөйлеміне шуақ шашып, бір ойы бір ойды қолтықтай қошеметтей жөнелетін төгілген ақындық» [3, 201-б.], – талантына, тілінің көркемдігіне, жазушылық шеберлігіне қай туыныдысы да дәлел бола алады.

Ақыл-пайымы айналасынан ерек, өнерпаз жас қыздың әрбір іс-әрекетін тәптіштей суреттеуде жазушы көркемдік тәсілдерді шебер қолданып кейіпкерінің толыққанды тұлғасын жасайды. Мәселен, анасы мен қызының кебіс жайлы екі ауыз ғана сөзі олардың алда тұрған сан түрлі қимыл-әрекетіне бастау болады. Мұндағы бір ғана «кебіс» ұғымы – диалогке қатысушы Күнікей мен Шекердің ғана емес, негізгі кейіпкердің бай қызы

Шәмшимен, етікші Тұяқпен, тұтастай алғанда өзге адамдармен қарым-қатынасының табиғатына терең бойлайтын көркемдік кілт ретінде алынады.

Қызының «кебіс» туралы әңгімесі тұрткі болған Шекердің Шәмши үйіне арнайы келіп, кебісті айналдыра қарап тұрғандағы кейіпкер таңданысын аңғартуда да жазушы ішкі диалогке жүгінеді.

Повесте Күнікейдің мінез-қылық, іс-әрекеттері түгелдей Шекердің қатысуы арқылы дамиды. Сондай-ақ, ойындағысын жүзеге асыру ниетімен Тұяқты үйіне шақырған Шекер екеуінің аз ғана тіл қатысуында да болашақ үлкен оқиғалардың алғашқы арналары көрінеді.

Шекер мен Күнікейдің де армандары асқақ. Олар толыққанды тіршілікке ынтық болғанымен, көздегеніне қол байлау боларлық нәрсе төменгі әлеуметтік топтың өкілдері екендігі. Мәселен, «Шекер кедейлікті, қорлықты, қойшыны бір сағат ішінде талақ қылмас па еді? Бірақ оған қолы қалай жетеді? Кім жеткізеді? Құдай ма? Бай ма?» [1, 14-б.], – деп жазушы өзінің авторлық ремаркаларында шебер суреттейді.

Шекердің ендігі ойы – Күнікейге көшкенде мінетін дұрыс ат әперу. Повестің келесі тұстарында Шекер жылқышы Домбайдың да көңілін табуға тырысады, себебі белгілі. Мысалы:

«– Е, Шеке, жақсы ма?

– Жақсы емей, жаман деймісің?

– Атың келісіпті ғой.

– Ой, құдай атқыр! Осынша жылқыдан бір тәуір мал қолыңа түспеді ме? – дегеннен-ақ Шекер мойнын бұлған еткізіп, көзін төңкеріп жіберді, іші білді, мұрт күлді.

Шекер бірталай сөйлесіп, жымып қайтты» [1, 19-б.]. Кейіпкерлерінің мінез қырларын, ым-ишарамен, белгілі бір сәттегі сезім күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеуде диалогтің ерекше тәсілін жазушы өз мақсатына қарай сәтті пайдаланған.

Көш үстіндегі Күнікейдің іс-әрекетін тәптіштей суреттеген жазушы кейіпкерінің өнерін өзгелерден артық көрсете отырып, өнер құдіретіне, табиғи дарынға ерекше мән береді. Ең жақсы киім (кебіс) киіп, ең таңдаулы деген ат мініп, ерекше сән-салтанат иемденсе де, осы тұста бай қызы Шәмши Күнікейден көш бойы кем түседі. Күнікей әнінің құдіретіне елтіген Шәмшидің бір-ақ ауыз таңданыс сөзі осыны айғақтайды. Күнікейдің бойындағы әншілік өнерді көшпен келе жатқан көптің бағалауын бейнелеуде жазушы полилогтер арқылы береді. Демек, ән – кейіпкердің топтан ерекшелігін ашатын көркемдік деталь. Оны Күнікейдің өз сөзі, яғни ішкі диалогімен (құдай берген өнерді аяймын ба?), авторлық суреттеуімен шебер көрсетеді.

Жүсіпбек Аймауытов – шешен тілді шебер жазушы. Әсіресе, ол ән өнеріне келгенде бейнелі сөздерді шабыттана төгілтіп-төгілтіп жібереді. Ақ өлең болып құйылып кете беретін ұзақ сонар ырғақты сөйлемдерді «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның, повестегі Күнікейдің, «Қартқожа» романындағы батыр жігіт Дәрменнің ән салған сәттерінен анық көреміз. Мәселен, «Күнікейдің аққудай сұңқылдап, күмістей сыңғырлап, бұлақтай сылдырлап, бұлбұлдай құбылтып, бұлқындай жұтынып, жүйкені босата, сүйекті шымырлата сырғанатқан, кестедей нақысты, ботадай сүйкімді, балдай тәтті, күндей сұлу әніне көш бойындағы қыз-бозбала, қатын-қалаш жиналып қалды», – деген жолдарды оқығанда жазушының тіл шеберлігіне тәнті болатынымыз күмәнсіз. «Мейлінше көркем, мейлінше айқын сөйлемдер әндетіп терме-жыр айтып отырғандай әсер береді» [4, 3-б.].

Бір көште осылайша танылып, өзгеден өресі биіктеген кедей қызының мерейі үстем болады. Мұндағы көш Күнікейдің өнерін сынға салатын, өзгеден ерекшелігін ашатын сынақ алаңы іспетті. Шығармадағы көш көрінісінде ерекшеленетін кейіпкер Күнікей болса, Байманның танылатын, ерекше қасиеттері сынға түсетін тұс Шәмшидің күйеуі келер сәті еді. Жазушы тойдың болар алды мен өту кезеңіне ерекше мән бере суреттейді. Ондағы негізгі мақсат – «сегіз қырлы бір сырлы» өнерпаз жігітті көрсету болғанын автор өзі де айтып өтеді.

Ж. Аймауытов шығармаларында кейіпкер тұлғасын сомдаудағы айта кететін бір ерекшелік – кейіпкерлердің мінез-қырларын, түр-сипатын, сыртқы келбет-кескінін басқа бір

кейіпкердің байқауымен, саралауымен, көзімен, ой елегімен береді. «Шығарма қаһармандарын бір-бірінің көзімен көрсету, өзге кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-сипатын авторлық позициямен сәйкес бас кейіпкердің ой-сезімі арқылы бейнелеу – психологизмнің ұтымды тәсілдерінің бірі» [5, 92-б.]. Мұндай тәсілдерді Ж. Аймауытов шығармаларынан жиі ұшыратамыз.

Жазушы шығармаларын талдау барысында мінездеудің бірнеше түрлерін диалог арқылы шебер даралайтынын аңғарамыз.

Екі кейіпкердің диалогтері арқылы үшінші бір кейіпкердің мінезі ашылады. Мысалы:

« – Апа-ау, «бай» деп сәнденгені болмаса, күйеу бір топас екен ғой, – деді.

– Неғыпты?

– Зағипа тақиясын жұлып алып еді, қолға салып қалды. Зағипа ашуланып: «Аузында әзілі жоқтың, қолында тоқпағы бар» деген осы-ау, – деп еді. Сендей қызды солай сүй... үйрету керек деп қарап отыр. Бетімізден отымыз шықты. Сүйтсек, Күлтай көріп қапты: қақ төбесінде жалтыры бар екен.

– Ойбай-ау! Таз десеңші! – деп Шекер мырс ете түсті» [1, 34-б.].

Бұл Шәмшидің күйеуі еді. Шекер сөзінің астарында мысқыл, келеке басым. Бақталастықтың та нышаны байқалып қалғандай.

Әңгімедегі бір кейіпкердің репликасы арқылы екінші кейіпкердің мінезі беріледі. Мысалы:

«– Көзі – дәл өлетін сиырдың көзі. Мұрны – Шолақтың күйген бармағы, аузы – талыс, өзі – аумаған Түйебай... – деп, сол елдегі сұмпайы біреуге теңгеріп, әбден іске алғысыз қылды.

– Апа, қойшы, байғұсты сонша құлдыраттың ғой! – деп Күнікей ішек-сілесі қатып күлді» [1, 35-б.].

Көптің сөзінен бір кейіпкерге ортақ мінездеме де жасалады.

« – Ал ендеше мен бастайын.

– Е, бәрекелді!.. Ой, сабазым-ай!.. Топтың гүлі жаңа келді ғой!.. – деп өзінен өнер шықпайтын тоғышарлар қошамет қылысты» [1, 38-б.].

Автордың сырттай бейтарап суреттеуші ғана болып, әр кейіпкердің сырын оқушының өзіне аңғартуынан кейіпкерлердің репликалары арқылы біз Байманды ойын-тойдың гүлі, ұйымдастырушы, ұйытқысы ретінде танымыз. Ауыл жігіттерінің алды. Шәмшінің тойында көкпар тартыста, күресте балуандылығымен көрініп, құдалармен сөз жарыстарда, жерден күміс теңге алуда жеңіс басында Байман тұрды. Повесте ол Күнікейді шын сүйген жігіт ретінде көрінеді.

Ж. Аймауытов диалогтеріндегі бір ерекшелік – көбіне авторлық ремарканың болмауы. Болса да сирек кездесуі. Жазушы өз тарапынан ремарканы көбіне кейіпкерінің қимыл-қозғалысын, ишара белгілерін, жест, түр-әлпеттерін танытуда диалогке қосымша мән үстеу үшін қолданады. Кейбір авторлық ремаркасыз берілген диалогтерден оқырман кейіпкерлеріне еш қиындықсыз өз бағаларын бере алады. Олардың айтайын деген ойларын, ішкі сезім-қалтарыстарын алдын ала сезіп, топшылап отырады. Мысалы:

«Күнікейдің: «Е, со ма?» деп жаратпағанын Байман байқаған да, елеген де жоқ.

– Уа, Тұяқ біздің ағамыз болады, – деді.

– Ағаңыз келіскен екен, – деп Күнікей ернін шығарды» [1, 42-б.].

Күнікейдің Байманның сөзін ұнатпай, Тұяқты айтқанда жақтырмай ернін шығаруы болашақ күйеуді менсінбеуі еді.

Күнікейдің бойындағы албырт сезім оның Байманмен табысуы кезінде жаңаша мән алады. Әңгімедегі Күнікей мен Байман арасындағы диалогте бір-біріне ынтық жандар арасындағы сезім ағыстары нәзік бейнеленеді. Ол Байманды шын сүйді. Аз күн ойнап та күлді. Мұның бәрі адамның қуанышты бір сәтін бейнелейтін өткінші сезім ғана болатын. Шын мәнісінде Күнікей қайғылы, шерлі еді. Оның бүгінгі халінде де, болашағында да қуанатындай еш жақсылық жоқ-ты. Осы орайда, академик С. Қирабаев: «Күнікейдің жеңісі – ата-баба салтын бұзып, сүйгенімен қашып кетуі болса, жазығы – басына түскен тағдыр

тәлкегі ауырып, төсек тартуы, еш пендеге керек болмай, тіпті сүйгені Байманның да бір кездегі алып ұшқан сезімін аяқасты етіп, жан жарасы мен тән жарасының ұласуы болды» [6, 38-б.], - деп пайымдайды.

Жалпы алғанда, Ж. Аймауытов шығармаларындағы өзгеше сөз саптау, тамаша тіл өрнегін айтпағанның өзінде, ол адам психологиясын тануға, танытуға, жан диалектикасын зерттеуге айрықша күш салады. Бұл ретте жазушы үш түрлі қағиданы берік ұстанғандығын көреміз. Біріншіден, жазушы суреттеген оқиғаның кезең көрінісімен, заман талабымен шынайы үндестік табуы; Екіншіден, тағдыр-талайын басынан өткерген кейіпкерлерінің сезім-күйлерін өз ой елегінен өткізе білетіндігі, сол арқылы оқырманына әсер етуі; Үшіншіден, олардың бір ғана сәттегі қуанышы мен қайғысын, жеңістері мен жеңілісті тұстарын авторлық баяндау, ішкі монолог, ой ағысы, ішкі диалог, диалог, полилог т.б. көркемдік тәсілдер арқылы тамаша бере білуі де суреткер шеберлігі екені ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – Т. 1.
2. Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997.
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Қазақ қара сөзі жайында. – Астана: Таным, 2003.
4. Нұрғалиев Р. Күретамыр. – Алматы: Жазушы, 1973.
5. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1966.
6. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Ана тілі, 1993.

Ф.ОҒАРСЫНОВА ПОЭМАЛАРЫНЫҢ СЮЖЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

*Сәтбергенова Айгүл Мақсымқызы,
Ш.Есенов атындағы КМТИУ магистранты
Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова,
Ш.Есенов атындағы КТИУ профессоры, ф.ғ.к., Ақтау, Қазақстан*

Белгілі ақын Фариза Оңғарсынова – поэма жазудың да шебері. Ақын поэмаларының басым көпшілігі тарихи тұлғаларды арқау еткен. Сол арқылы ақын тарих пен бүгінгі күннің өзара сабақтастығын тауып, тарихи дәуірдің шындығын көрсетуді мақсат тұтады. Сондай-ақ, ақын өлең сөзбен тарихқа айналған тұлғалардың рухани портретін сомдайды. Осы тұста “тарихи тұлға” дегеніміз кім? деген заңды сұрақтың туары анық. “Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы” атты монографиясында Ә.Тарақ осы мәселені жан-жақты қарастыра келе, В.Г. Белинскийдің мынадай анықтамасын ұсынады: “Тарихи тұлға бұл қашанда белгілі бір дәуірдің құбылысы, бірақ оны әрбір жазушы өзінің уақыты және дербес психологиясы тұрғысындағы көзқарас бойынша қарастырады” [1, 274 б.]. Ал ғалым Қ. Әбдешұлы “Тарих және тағдыр” атты зерттеу еңбегінде: “Ең алдымен, тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан ел үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекеттерге барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған” [2, 158 б.], – дейді. Демек, тарихи тұлғаға арнап шығарма жазу – ақынның биік интеллектін, терең танымы мен биік парасатын байқататын күрделі процесс.

Қазақ поэмаларының өткеніне көз жүгіртсек, поэмадағы тарихи тақырып отызыншы жылдардан бастап идеялық шеберлік тұрғысынан кемелдене түсті. Тарихта болған өнер қайраткерлері, дарын иелері туралы поэма жазуда ақындардың арқа сүйегені – І. Жансүгіровтің ақындық дәстүрі болғаны белгілі. І. Жансүгіров “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмалары арқылы өнер адамын бейнелеудің поэмадағы жарқын үлгісін қалыптастырды дейміз. Ал “осы дәстүр жалғастығының мысалы ретінде Ә. Тәжібаевтің “Ақын”, “Күй атасы”, “Майра”, “Оркестр”, Қ. Бекхожиннің “Аппак-наме”, “Құрманғазы”, “Мәриям Жагорқызы”, Ж. Молдағалиевтің “Кісен ашқан”, М. Әлімбаевтың “Естай-Қорлан”, Т.

Бердияровтың “Біржан сал”, “С. Иманасовтың “Айтыс”, С. Сейітхазиннің “Балуан шолақ”, Ө. Күмісбаевтің “Махамбет” поэмаларын атауға болады” [3, 32 б.]. Аталған поэмалардың басым көпшілігі тарихта болған өнер адамының өнер жолын бедерлеуге бағытталды. Алайда, тарихи тақырып–бір кезеңнің әдебиетімен ғана шектеліп қалатын тақырып емес. Бұдан кейінгі кезеңде де бұл тақырыпқа поэмалар жазуды ақындар тоқтатқан жоқ. 1960-80-жылдардағы қазақ прозасында да тарихи тұлға бейнесін қоғамдық шындықпен сабақтастыра суреттейтін көркем шығармалар аз жазылмады. Тарихи тұлға өмірінің белгілі бір кезеңдерін суреттеу, шығармаларына тарихилық сипат дарыту осы жылдардағы әдебиеттің қай жанрында болса да белсенді түрде көріне бастады.

Ф. Оңғарсынованың халық үшін күрескен тұлғаларға арнап жазылған тарихи тақырыптағы поэмалары өзінің композициялық жүйесінің мықтылығы, сюжеттік желісінің қызықтылығымен, образ жасау шеберлігімен қазақ поэмаларын дамытудағы мәнді туындылар ретінде бағаланады. Яғни, ақын дәстүрлі эпикалық шығармаларды жаңа сапаға сай жаңғырта отырып, әртүрлі тақырыпты қамтитын поэмалар туғызды. Ф. Оңғарсынованың тарихи тұлғаны арқау еткен кең көлемді шығармаларының қатарында Жетісудың бұлбұлы атанған Сара ақынға арнаған “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш кәсіби әнші Майра Уәлиқызына арнаған “Тартады бозбаланы магнитім”, атақты Ақан сері Қорамсаұлына арнаған “Ақан сері аңыздары”, поэзия алдаспаны Махамбетке арнаған “Алмас қылыш немесе мен Махамбет ақынмен қалай кездестім”, Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүкке арнаған “Тыңдаңдар, тірі адамдар”, композитор Ғ. Жұбановаға арнаған “Дыбыстар әлемі”, қазақ қыздарының ішінде алғашқы болып “темір тұлпарды” бағындырған Еңбек ері К. Дөнентаеваға арнаған “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” атты поэмаларының қазақ поэзиясынан алар орны өзгеше. Сондай-ақ, Ф. Оңғарсынованың “Күй” атты күйші Динаға арнаған диптих, ақын М. Хакімжанова жайлы “Жыр анасы” атты триптихін, ақиық ақын М. Мақатаевқа арнаған “Мақатаев туралы жыр” циклдық топтамасын, Халық артисі, күміс көмей әнші Б. Төлегеноваға арнаған “Бибігүл-ән” арнауын даралап айтуымыз қажет. Тарихи тұлғалар өмірін өз поэмаларына негіз етіп алғанда, Ф. Оңғарсынова өзінен бұрын салынған дәстүрді негізге ала отырып, осы тақырыпты өзіндік жаңалық, ерекшелігімен байытты, өзіндік дара қолтаңбасын да байқата білді.

Ф. Оңғарсынова поэмаларына тән жанрлық–түрлік ерекшеліктер турасында әдебиеттанушы Р. Аяпбергенұлы: “Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы ең негізгі ерекшелік – лиризмнің үстемдігі. Мысалы, “Мен өмірді сен деуші ем”, деген поэмасы бозбаланың күнделігі түрінде жазылған таза лирикалық поэма. Ал “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, “Тыңдаңдар, тірі адамдар!”, “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім?”, “Ақбөбек жырлары” поэмалары тарихи–лирикалық поэмалар. “Дыбыстар әлемі” – лирикалық поэма, ал “Мүшәйра” – лиро–драмалық поэма деп білеміз” [4, 31 б.], – дейді. Дегенмен, Фариза Оңғарсынова поэмаларын жоғарыдағыдай қандай да бір шартты топтастырудың ақын поэмаларының зерттелу аясы үшін аздық етері анық.

Ф. Оңғарсынованың “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, “Тартады бозбаланы магнитім”, “Ақан сері аңыздары”, “Дыбыстар әлемі” поэмаларын, күйші Динаға арнаған “Күй”, әнші Б. Төлегеноваға арнаған “Бибігүл-ән” атты циклдық жырларын өнер адамының өзгеше тағдырына арналған шығармалар қатарына қосуымызға болады. Аталған поэмалардағы негізгі мәселе бір адамның тағдыры емес, еркіндікті, азаттықты аңсаған шығармашылық адамына ортақ тағдыр. Мұндағы Майра, Сара, Ақандар солардың жиынтық образы. Ф. Оңғарсынова шығармашылығын осы негізде бағдарлап, ой елегінен өткізетін болсақ, ақынның өнер адамының тарихи тұлғасын жасауда поэма жанрында жаңа стильдік ізденістерге барғандығын байқаймыз. Ақынның тарихи тұлғалар хақындағы поэмалары мен жыр-циклдары дәл бүгінгі күн тынысымен аса үндес. Бұл поэмаларда ақын өнерпаз тұлғалардың өмір жолын әлеуметтік ортаның ахуалымен тығыз байланыста бейнелейді. Осылайша қилы тағдырлар арасындағы тартыс әрекетті суреттей отырып, тарихта белгілі адамдардың, өнерпаз тұлғалардың характерін ашып, образ жасауға тырысады.

Ф.Оңғарсынованың шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі – әйел тағдыры, әйел жолы. Әйел тәкаппарлығының, әйел жанының азаттығын өз халқының өткен тарихынан іздестіру – Фариза поэзиясының өзгешеліктерінің бірі. Ақын шығармашылығына тән осы ерекшелікті анық байқаған З. Мүтиев: “Ф. Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол – ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. ...Суреткердің қаламынан туған әйел тағдыры, оның өмір түйткілдерінен сыр тартқан сан қилы поэтикалық дүниелердің ауқымы да қомақты” [5, 11 б.], – дейді. Қазақ әйелінің қайсар мінезі, олардың бір-біріне ұқсамайтын өзіндік болмыс-бітімі ақын шығармашылығында да бөлекше сипат табады.

“...Шынымды айтсам, мен жалпы әйел тағдырының жүгі көбірек, қиынырақ дер едім. Ал нағыз өнердің шытырман жасы, тіпті суреткерлік табиғаты әйелге бұйырса, ол екі есе қиын. Тағдыры өнермен байланысты әйелдер жайлы ойланатыным да осыдан болар. Қазақ әйелінің бойындағы адам таңғаларлық ғажайып қасиеттер кім-кімді де табындырады деп ойлаймын. Ал, заманның қаталдығына, қыз жолының жіңішкелігіне қарамастан, қазақ қызының қабілетін, өнерін халыққа таныта білген Сара, Майра, Диналарға гимн жазса да артық болмас еді” [6, 189 б.], – деген Фариза қазақтың біртуар талантты да қайраткер қыздарына арнап бірнеше поэмалар жазды. Соның бірі – атақты “Жетісудың бұлбұлы” – Сара Тастанбекқызының өмір тарихын, өнер жолын арқау еткен “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасы.

Поэмаға негіз болған бас кейіпкер – Сара Тастанбекқызы тарихта болған, 1878-1916 жылдар аралығында өмір сүрген айтыскер ақын. Туған жері – Алматы облысының Қапал ауданы. Руы – Найман. Сара әкесінен ерте айырылады. Өзінің қысқа ғұмырында тауқыметтің талайын көріп, әлеуметтік теңсіздіктің тәлкегіне ұшыраған Сараның шығармашылық жолы тым ауыр да күрделі. Сараның өмір жолы, оның жеке өмірінің кейбір сәттері жөнінде “Сара Тастанбекқызының өмірбаяны мен творчествосы туралы деректер” деп аталатын жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған шағын зерттеу еңбекте біршама мағлұматтар беріледі. XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың аяулы ақын қызы Сараны біреулер тарихи тұлға десе, екіншілері – Сара көркем бейне, жиынтық тұлға деседі. Дегенмен, Сараның өмірде нақты болғандығын дәлелдейтін жайт – оның өлеңдері. Осы тектес даулы сұрақтар “Біржан-Сара” айтысының айналасында да өрбіді. “Біржан - Сара” айтысының өмірде нақты болғандығы, я болмағандығы турасында қазақтың академик – жазушысы С. Мұқанов былай деп жазады: “Сараны Біржанның іздеп баруы анық. Біржанның Нұржан деген ағасының баласы Ахметжанды мен қартайған шағында көрдім. Ахметжан: “Мен Біржанға атқосшы болып барып ем, Сараны көрдім, айтысқандары рас”, – дейтін. Халық әдебиетін жинаушы, Біржан мен Сараның айтысын алғаш рет баспаға берген Жүсіпбек Шайқұлисламов бұл айтысты Сараның аузынан жазып алдым дейді” [7, 29 б.]. Осы айтыстың төңірегіндегі таласқа үн қосқан Ғ. Мүсірепов те өзінің “Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер!” деген мақаласында: “Қазақтың әдебиет зерттеушілері мен ақын-жазушылары еш уақытта бұл айтыстың болғанына шек келтірген емес. Ғасырлар бойына жасап келген поэзиямыздың көрнекті бір саласы болып келген ақындар айтысының ең биігіне көтерілгені – “Біржан-Сара” айтысы деп білеміз. ...Өз басым ақындар арасында Сараның алатын орны бірінші қатарда деймін. Мәселен, қазақ әйелдерінің ішінде әншілік туын Майраға, күйшілік туын Динаға, опера өнерінің тұңғыш туын Күләшқа ұсынатынымыз сияқты, ақындар айтысының асқақ туын Сара Тастанбекқызының қолында көргім келеді” [8, 327 б.], – деп бұл мәселенің соңғы нүктесін қойған болатын.

Қазақ поэзиясында Ф. Оңғарсынованың “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасынан бұрын да ақын Сараға арналған біршама шығармалар жазылған болатын. 1974 жылы 8-наурызда “Социалистік Қазақстан” газетінде М. Айтқожинаның “Ешкі өлместегі ескерткіш” атты поэмасы жарияланады. Кейіннен М. Айтқожинаның осы поэмасы 1986 жылғы таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағына енген. Аталған поэманы тек қана Сараға арналған поэма дей алмаймыз. Өйткені, ақын Сара ауылына көз жібере отырып, оның бүгінгі

күнгі қол жеткізген жетістіктерімен қатар, соған ұйытқы болған әкім-қаралардың елеулі еңбектерін жыр етеді. Ақын М. Айтқожина:

Ащы жаспен жудың-ау, ай жүзінді,
Нәзік үнің айтшы, қайда
Үзілді.

Қарашы, апа,
Бір көтеріп басыңды,
Қандай ғажап біздің өмір

Бүгінгі [9, 397 б.], – деп Сара рухымен ойша тілдесе отырып, бар айтарын ақын апасына сыр ғып ашады. Алайда, “Ешкі өлместегі ескерткіш” поэмасындағы Сара бейнесі ашылмаған, алдыңғы орынға Сара образы емес, ақынның өз толғаныстары шығады. Осы орайда М. Айтқожина поэзиясы туралы пікір білдірген ғалым Т. Кәкішевтің: “М. Айтқожина бірнеше поэма жазғанымен, лирикадан алыстап кетпейді екен. Оқушыны шытырман сюжетпен емес, мәнді сыр, салмақты ойларымен тартып отырады. Оны көбінесе өлеңнің көлемінде шақтайтында сияқты” [10, 9 б.] – деген пікіріне жүгінеміз.

Ақын Сараға арналған С. Иманасовтың “Біржан-Сара” айтысының негізінде жазылған “Айтыс” поэмасы Сараның тарихи бейнесін жасауға арналады. С. Иманасовтың “Айтыс” поэмасындағы басты оқиға Біржан мен Сараның айтысы төңірегіне құрылғанымен, екі ақынның айтыс үстіндегі іс-әрекет, мінез, көңіл – күй ерекшеліктері поэмада терең ашылмайды. Поэма “Біржанның бірінші монологы”, “Сараның бірінші монологы” сынды тарауларға бөлініп, негізгі ой Сара мен Біржанның өз монологтары арқылы беріледі. С. Иманасовтың “Айтыс” поэмасындағы Сара Ф. Оңғарсынова поэмасындағыдай әр рухты, кесек мінезді Сара емес, сол кездегі көп қыздардай тағдырына қарсы тұрар шамасы жоқ, пешенесіне жазылғанға көндіккен Сара. Оны ақын С. Иманасов поэмасының соңына таман былай деп анық аңғартады:

Сол – ақ па бұйырғаны бақ талайға?
Бұлқынып,
Бұғау үзер таппады айла.
Ақын боп ақырғы рет бір көрініп,
Қатын боп қала берді Қаптағайда [11, 131 б.].

Сараға деген тарихи елеулі ескерткіштің тағы бірі – “Біржан-Сара” операсы болып саналады. Академик жазушы Қ. Жұмалиевтің либреттосы бойынша атақты композитор М. Төлебаев жазған бұл опера қазақтың музыка өнерінің төрінен орын алады.

Ал біз сөз етіп отырған Ф. Оңғарсынова поэмасындағы Сара бейнесі мүлде бөлек көркемдік арнада ашылады. Ф. Оңғарсынованың поэзиясындағы қазақ әйелдерінің суреттелуінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның “әйелдері” әр дәуірдің, әр кезеңнің өкілдері болып келгенімен, олар іштей өзара бір-бірімен біртұтастық табады. Ол тұтастық – олардың мінездерінен байқалады. Сараны өзінің өнердегі ұстазына айналдырған ақын “Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен, Сендік тағдыр менің де тағдырымдай”, – дей келе өткелі көп өлең өлкесінде өз өмірі мен кейіпкерінің өміріндегі ұқсастықты аңғартады. Шынында да, поэмадағы Сара ойларынан, Сара сөздерінен лирикалық қаһарманның тұлғасын көру қиын емес. Яғни, ақындық “мен” Сара бейнесі арқылы көрініс табады. Осы орайда неміс философы Ф. Ницшенің: “Лириктің образдары ақынның өзінен басқа ешкім де емес, бұл тек оның әрқилы формада объективтенген тұрпаты” – деген пікірі ойға оралады. Сара қыздың тағдыры ақын үшін поэма арқауы ғана емес, лирикалық кейіпкер өмір сүрген қоғамды, ондағы адамдарды танытудың өзіндік тәсілі де.

Айтыссам ақ бұлақтай ақтарылам,

Кешпеймін біреулердей жыр жылымын, – деп айбынды үн қатқан лирикалық қаһарман жырға, сөз өнеріне қатаң талап қояды.

Жыршы емес, елдің жүгін тарта алмаса,
Таңдайға алмас сөзді арқандаса.
Іштегі буырқанған жай тасқынын

Жасқанып, ақтара аламай жалтандаса – дейді.

Ф. Оңғарсынованың “Тартады бозбаланы магнитім” поэмасы қазақтың тұңғыш әнші қыздарының бірі, әрі кәсіби әншілік деңгейіне дейін көтерілген майталманы – Майра Уәлиқызына арналады. Ақын Майраның өмір жолымен қоса әншілік тағдырын айқын көрсету арқылы сол заманның әлеуметтік тынысын да танытады. Поэманың бас кейіпкері – әнші Майра Уәлиқызын қазақ өнерін зерттеген музыкатанушы–ғалым А.В. Затаевич “Қазақтың әнші әйелдерінің ішіндегі ең үздігі” деп бағалаған. Майраның ән айтудағы ешкімге ұқсамайтын әдемі дауысы туралы да тұңғыш қалам тартқан музыка зерттеушісі А.В. Затаевич болды. Ол өзінің “Қазақтың 500 ән, күй” (1931) дейтін музыкалық–этнографиялық еңбегінде Майраның шығармашылық портретін дәлме-дәл кескіндеп жазады. М. Уәлиқызының өмірі мен өнер жолын жан-жақты қарастырған З. Дүкенбаева Майра өнеріндегі жаңашылдықты тұжырымдай келе: “Біріншіден, Майра қазақ әнінің мазмұнына, түріне бірталай жаңалық енгізді, екіншіден, елге таңсық гармонды пайдаланды, үшіншіден, өнерге еуропалық өзгерістер әкелді, төртіншіден, ол қазақ әндерімен қоса татар, орыс әндерін көп салды, – деп әншінің өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетеді.

Композициялық жағынан ақын поэмасы “Майраның әндері”, “Майраның болыс жездесіне айтқаны”, “Майраның ағаларына өкпелеп айтқаны”, “Ән сайысынан кейін айтқаны”, “Майраны кінәлаған билерге айтқаны”, Ертіп келген жігітін ауылдастарына таныстыру”, “Майраның інісіне айтқаны” секілді бірнеше тарауларға бөлінген. Поэманың қай бөлімінде болмасын оқиға лирикалық кейіпкердің өз атынан, яғни, бірінші жақтан баяндалады. Алайда, автор кейіпкер портретін, мінезін бірқалыпта алмай, өмір ағысына, сюжет желісіне орайластырып, өзгермелі қалыпта көрсетеді. Майраның әртүрлі жағдайдағы іс-әрекет, сезім күйімен қатар оқиға барысы да сатылап дамып отырады.

Фарица ақынның поэмалары уақыт пен заман сырын, оның тарихи-әлеуметтік мәнін көркем бейнелеуде, шындықтың қоғамдық-философиялық сипатын ашуда көрнекті қызмет атқарады. Өзінің көркемдік ізденістерін үнемі толықтыра отырып, Ф. Оңғарсынова заман жайын, халық сөзін көкейіне түйіп, әділет туын биік ұстаған сөз зергері екенін поэмаларын оқи отырып, көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Белинский В.Г. О литературе // Полное собрание сочинений. – М.: Просвещение, 1953. – Т 5. – 768 с.
2. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 208 б.
3. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 320 б.
4. Аяпбергенұлы Р. Ф. Оңғарсынова поэмалары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №5. – Б. 30–31.
5. Мүтитегі З. Ф. Оңғарсынованың лирикасы: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2000. – Б. 87–88.
6. Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз // Мақала, эссе, повестер. – Алматы: Жазушы, 1990 – Б. 125-127.
7. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 2003. – 304 б.
8. Мүсірепов Ғ. Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер // Заман және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1982. – Б. 132-134. Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэмасы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 248 б.
9. Айтқожина М. “Ешкіөлместегі ескерткіш” // Социалистік Қазақстан. – 1974. – 8 наурыз.
10. Кәкішев Т. Өрелі де кестелі ойлар // Айтқожина М. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Б. 114-116.
11. Иманасов С. Ғашықпын саған // Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ғылым, 1981. – Б. 240-242.

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ BIG DATA В СИСТЕМЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ СФЕРОЙ ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Жилкишбаев Асхат Асылханович

*Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан*

Применение систем анализа и планирования развития учебных заведений (школы, колледжи, университеты) способствует быстрому распространению знаний, навыков и лучших педагогических практик в определенных географических границах, таких как город, регион, государство. Для комплексного анализа информации на уровне отдельного региона (области) необходимо: хранить и управлять информацией в размере нескольких петабайт; обрабатывать как структурированную, так и неструктурированную (в виде текстовых отчетов) информацию, работать с картографическими и фактографическими данными; анализировать разнотипную информацию, используя как консолидированный, так и федеративный подход для ее получения.

Процесс построения обобщенной (комплексной) модели сферы образования региона (начиная со школы и заканчивая подготовкой магистров и PhD) осложняется разнообразием моделей данных, а также наличием различных уровней агрегации данных.

Одной из популярных технологий для разработки систем территориального управления сферой образования является Big Data (Большие данные) [1]. С Big Data нельзя работать, применяя традиционные методологии и программные средства для небольших баз данных. Прежде всего, последнее обусловлено большим размером данных, скоростью их поступления, возможностями анализа и его сложностью. Такие исследователи как George, G., Naas, M. R., Pentland, A. [2] разработали методики и программные средства для передачи данных и добычи информационных гранул из Big Data (коллекции объектов). Однако появление новых форматов данных требует постоянного расширения и совершенствования существующих методов анализа Big Data, в частности для задач использования технологий Big Data в системах территориального управления учебными заведениями.

Методы машинного обучения и визуализации данных позволяют обработать и графически представить результаты анализа данных больших объемов (сотни тысяч или миллионы кортежей). Однако нерешенной задачей остается задача построения отображения между моделями данных различных источников. В работах [2,3] обосновано использование многомерной модели для представления Big Data и построения отображения в реляционную модель. Однако использование базы данных «ключ-значение» как источника данных для многомерной модели является неприемлемым. В [4] предложено использовать объектно-ориентированный подход, однако ограничением является количество связей между объектами. В настоящий момент, единого подхода к обработке Big Data не найдено.

Если анализировать возможность использования Big Data в системах планирования и анализа территориального развития сферы образования Республики Казахстан, то имеем:

- сотни тысяч сущностей: люди, места, организации (физические, юридические), даты, законодательные акты и отчеты. Возможны и другие данные, например, медицинские;
- база данных характеристик сущностей с сотнями тысяч кортежей: документы для интеллектуального анализа данных, онтологические сроки, словари данных, которые позволяют отразить связи между объектами.

Основываясь на этой информации, мы должны решить, какие сущности и как связаны между собой с целью их последующего анализа.

Поэтому задача разработки методов и средств обработки и анализа разнородной информации на основе Big Data для процессов территориального управления учебными заведениями является актуальной. А новые исследования в этом направлении представляются перспективными.

ЛИТЕРАТУРА

1. Sagirolu, S., & Sinanc, D. (2013, May). Big data: A review. In 2013 international conference on collaboration technologies and systems (CTS) (pp. 42-47). IEEE.
2. George, G., Haas, M. R., & Pentland, A. (2014). Big data and management.
3. Russom, P. (2011). Big data analytics. TDWI best practices report, fourth quarter, 19(4), 1-34.
4. Bu, Y., Borkar, V., Xu, G., & Carey, M. J. (2013, June). A bloat-aware design for big data applications. In Proceedings of the 2013 international symposium on memory management (pp. 119-130).

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНІҢ ЖЫРАУЛЫҚ-ЖЫРШЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Жайықова Феруза Жайыққызы,
Ш.Есенов атындағы КТИУ магистранты

Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова,
Ш.Есенов атындағы КТИУ профессоры, ф.ғ.к., Ақтау, Қазақстан

Маңғыстау! Маңғаз да, сұлу өлке. Каспий теңізінің жағасындағы қызыр қонған киелі жер. Әр топырағы, әр тасы тұнып тұрған тарих секілді көрініп-ақ тұрады. Маңғыстау өлкесінде ерте кезден-ақ ел өміріндегі елеулі оқиғаларға байланысты туған аңыз-әңгімелер мен батырлық жырлар молынан сақталып, осы заманға дейін жеткен. Бұл өлкеде сонау ежелгі сақтардан бастау алып, оғыздар мен қыпшақтар, ноғайлар мен қалмақтар өмір сүрген. Осы тайпалардың салт-тұрмысына орай «Жеті жұрт» жайындағы аңыздар да өмірге келген. Небір ескерткіштер талай аңыз-әңгіменің, өлең-жырдың өзегіне айналғаны тарих бетінен белгілі. Түбекте өмір сүрген елдің еркіндік пен ерлікті жырлауы да табиғи арманы болатын. Әсіресе, жырау мен ақын елдік пен ерлікке үндейтін жырлар толғауы да сол заманның белгісіндей еді.

Халық – жасампаз. Әр халықтың өз тарихы мен мәдениеті, өз тарихының шежіресі, өз мәдениетінің асылы тәрізді көркем әдебиеті бар. Халықтың арасынан талай саңлақ жыраулар мен жыршылар, бармағынан өнер төгілген күйшілер шыққан. Талант – гүл, халық соның нәр алар топырағы. Қазақ – табиғатынан ақын халық. Қазақ жерінен тау өзеніндей тасқын жырлы ақпа жыраулар, олардың сөзін таратушы жыршылар да көп шыққан. Әр дәуірде де ақын, жыраулық, жыршылық өнерді дарынды ұрпақ өнеге тұтқан. Қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі авторлары, әдеби мұраны ұрпақтан-ұрпаққа ұластырушылар – ақпа ақын, жыраулар мен жыршылар болған.

Қазақтың халық әдебиеті ертеден келе жатқан киелі өнер. Қазақ әдебиетінің тарихын құрайтын негізгі аран халық ақындарының поэзиясы – бүгінгі уақытқа дейін қуатты ағынды өзендей, бүгіннен асып болашаққа жететіндей ең өміршең нөсер екендігін байқатып отыр. Қазақ әдебиетінің тарихы – уақыт өткен сайын бұрынғы, соңғы мұралармен толыға түсетін халықтық қазына.

Әдебиетіміздің тарихында шын мәнісінде ұлттық поэзиялық байлығымызды жасасқан ақын-жыраулардың ұшан-теңіз дүниесі, қасиетті үлгі-өнегесі, ұлағат сөздері жанымызға шипа. Ақын-жыраулар халық поэзиясының эстетикалық жүйесі мен көркемдік тәжірибесін, әлеуметтік және жалпы халықтық ұстанымдарын көрсетеді. Ақындар мен жыраулар сияқты суырып салма дарынды ақын-жыраулардың өнернамасында даралы сипат, ұжымдық дәстүр диалектикалық бірлікте болады. Ақын-жыраулар поэзиясындағы бейнелі сөздер жүйесінің, суреттеу, мәнерлеу құралдарының, сөз қолдану шеберлігінің, сөз саптау ерекшелігінің, сұлулық әлемінің жұмбақ сырлары ала-бөтен, жаратылысы қызық. Поэзияның ішкі астар-қабаттарындағы қайнар көздерін ашу, қисапсыз көркемдік құбылыстарды айқындай, кестелеу тәсілдерінің табиғатын айқындау, сөздің көркемдік, эстетикалық қасиеттерін тану, оның бейнелі қолданысын контекспен тұтастықта алып саралау поэзия тілінің тарихы.

Ақындардың қоғамдық-тұрмыстық ортадағы жақсылық пен жамандық атаулының карама-қайшылықты құбылыстарын халықтың арманына, мұратына сәйкестендіре жырлау арқылы адамгершілік, гуманизм рухындағы мақсаттар жүзеге асырылады. Ел-жұртымен бірге өмір сүріп, олардың басына түскен ауыртпашылықтарға ортақтасып, қайғы-қасіреттерін мұңды-сазды әуендерімен зарлана-шерлене толғап жыраулар өтті. Көңілді, нұрлы кезеңдерін шалқыта, шабыттана толғап, ойнақы, ойлы термелермен төгілте, төндіре айтып, тыңдаушыларын қызыққа бөлеп, қуанта білді. Кейде салмақты, салқын сарынмен тамаша ақыл-нақыл сөздер термелеп, үлгі-өнегелер ұсынды. Қасарысқан қан құмар жауласқан жауына қарсы халық алмастай өткір тілді ерлік жырларын сайысқа салды. Халық ерлігін, ел бірлігін, ең қымбат адамгершілік қасиеттерді келешек жас қауымға табыс етті. Осылайша жыраулар поэзиясы өзіне жүктелген замана салмағын қайыспай көтеріп, көкейкесті өмір мәселелерін суреттеп өтті. Жыраулар – сөз өнерінің ілкі авторлары, ақындыққа жол ашқан асыл сөз шеберлері, халықтық шешендікпен ұштасқан ойлы-сырлы толғау, арнау, термелер мен эпостық жырлардың бастау бұлақтары. Ал, ақындар – жыраулар поэзиясының нағыз мұрагерлері.

Ақындар – жыраулардың көремсөз үлгілерін, поэтикалық тіл түрлерін, образ, сурет құралдарын түгелдей дерлік меңгеріп, өз туындыларына негіз етті. Заман жайын, ел тағдырын, ерлік, бірлік мәселелерін толғаулар арқылы таратты. Халыққа, жеке тұлғаларға, өмір, табиғат құбылыстарына жалынды әңгімелер айтты. Жақсылыққа, береке-бірлікке үндеп, адамгершілік ақылдарын берді. Адалдық, парасаттылық, ар-ұятқа, намысқа тиер өжет те өткір сөздерін термеледі. Озбырлық атаулыға соққы болар қаһарлы сөз өрнектеп, әртүрлі жымысқы, жат мінез-құлықтарды әшкереледі. Қоғам, өмір мәселелеріне сын көзбен қарап, оның бойындағы қайшылықтарды тапжылтпай танытты.

Демек, халық ақындары атауы әдебиеттің халықтығы ұғымымен мәңгі-бақи тығыз бірлікте қарастырылады. Халық ақыны – көп ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиеті кезеңдеріндегі көрнекті тұлғалардың барлығына да қатысы бар атақ. Халық ақыны – жұртшылықтың өзі берген атақ. Яғни мейлі жырау-жыршылар болсын, мейлі ақын-әншілер болсын барлығы да жырының мақсаты, мазмұны халық тағдырымен, арманымен үндесіп, солардан нәр алып жатса, олар – халық ақыны болмақ.

Ақын, жыраулар мен әнші, жыршылар дәстүрі белгілі бір әдеби ортада қалыптасып, дамиды. Қазақ жерінің әр аймағында да көрнекті ақын, жыраулар бастаған дәстүрлі әдеби орта болған. Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған ақындар тобы, Семей алқабындағы Абай өнегесімен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі, Қазақстанның батыс өлкесіндегі Асан, Сыпыралардан тарған ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр – бұлардың бәрі телегей теңіздей халық әдебиетіне құятын арнаулы әдеби бастаулар.

Аталған жыршылық мектептерді бір-бірінен ажырататын ерекшеліктерімен қатар барлығына ортақ қасиеттер де аз емес екенін айта кеткен жөн. Біріншіден, жыр айту дәстүрінің ежелгі тамыры бір екендігін көрсетсе, екіншіден, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі көшпенділік өмір салтынан өнер иелерінің араласуының арқасында бір-біріне әсер еткендігін, сол арқылы өнер қауымын кеңейткендігін аңғартады. Бұл екінші себеп салдарынан қазақ жырау, жыршылары, тіпті республиканы былай қойып, көршілес қырғыз, өзбек жыр айтушылармен араласып, олардан жыр үйреніп қана қоймай, оларға өзінің озық жыр айту дәстүрін де үйреткен.

Жыр үйрену мен үйрету процесі – қиын да қызықты, белгілі қалыптасқан дәстүрге сай іске асатын құбылыс. Әр халықта өзіндік ерекшелігі бар бұл әдіс қазақ жырау, жыршылары қалай жүзеге асырған. Шәкірттің ұстаз қасына өз еркімен еркін жүріп жыр үйренгені басты әдіс болған. Эпос айту дәстүрін сөз еткенде айтылатын бір мәселе, бұл жыр айту дәстүрінің еліміздің әр аймағында әр түрлі даму дәрежеде болғандығы. Себебі ғалымдар эпикалық дәстүр туып, қалыптаса бастаған кездегі аймақтық әлеуметтік тарихи жағдаймен, жыраулық, жыршылық өнердің даму дәрежесі, белгілі бір жыршылардың болуымен түсіндіреді.

Қазақ халқының эпикалық жыр айту дәстүрі және оны тудырған, қалыптастырған жыраулық, жыршылық орта туралы сөз еткенде ауызға алдымен Батыс Қазақстан жыр айту дәстүрі ілінеді.

Жыр айту мектебінің аты бізге жеткен алғашқы өкілдері «қазақ-ноғай ұлысының философы» атанған Асанқайғы, Сыпыра болған. Қазақстанның батыс аймағы – көптеген батырлар жырының, әсіресе «Қырымның қырық батыры» сияқты халқымыздың қымбатты поэзиялық мұрасы кемелденген, ауыз әдебиетінің ірі өкілдері шыққан орта. «Қырық батырды» жырлаған ақындардан байқалатын сыр – олардың өздері де ерлік жырлар рухымен дастандар толғаған. Мұны Махамбет пен Абыл, Нұрым мен Ақтан, Қашаған мен Ығылман шығармашылығынан айқын көреміз. Бұл жайлардың бәрі Қазақстанның батыс аймағында Жиен, Сыпыра, олардың мұрагерлері Махамбет, Абылдардан бастап күні бүгінге дейін желісі үзілмей келе жатқан ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр бар екендігін көрсетеді.

Қазақстанның өзге өлкесінен гөрі Атырау мен Маңғыстауда ел сүйіспеншілігіне бөленген көптеген ақын-жыраулар шыққан. Олар қалдырған құнды әдеби мұралар елдің рухани игілік-қазынасына айналды.

Абыл Тілеуұлы осы өлкенің айтулы ақыны. Абыл өз дәуірінің елеулі оқиғаларына дер кезінде үн қосу арқылы ел үшін өмірін тіккен батырларды жырға қосты, олардың ерен ерліктерін мадақтап, өскелең ұрпаққа өнеге тұтты. Жырау, төкпе ақын Қалнияз Шопықұлының есімі де ел ішінде кеңінен белгілі: өз заманында туған жері мен елінің бейбіт өмірі жолындағы талай жорықтарға қатысқан ақын сарбаздарды өлең-жырларымен, толғауларымен үнемі жігерлендіріп отырған. Суырып салма ақын Нұрым Шыршығұлұлы Абыл бастаған ақындық ортадан өз орнын алған көрнекті тұлға. Ақынның өлең-жырлары терме, өсиет, толғау, белгілі бір адамға арнау түрінде болып келеді. Ол өмірдің өтпелігі туралы толғанып, елдің бірлігін, сыйластығы мен татулығын жыр еткен. Ал, Қашаған Күржіманұлы да жастайынан ақындық өнермен айналысқан. Ақынның алғашқы өлеңдері ел ішінде ауызекі тарап, кеңінен белгілі болған. Атақты жыраулар дәстүрімен өлең-жырлар шығарған Қашаған елдік пен ерлікті, адамгершілік пен адам бойындағы ізгі қасиеттерді мадақтайды.

Суырып салма ақын Ақтан Керейұлы да маңғыстаулық ақындар ортасынан шыққан көрнекті сөз сүлейлерінің бірі. Ол Қашаған, Нұрпейіс, т.б. сияқты ақындармен бірге жүріп, ақындық өнерін шыңдаған. Ел мүддесін көздеген ерлерді жырлап, өмірдің мәні жайында философиялық ой түйіндейді, тұрмыс-салт тақырыбында өлең-жырлар шығарады. Мұрын Сеңгірбекұлының есімі қазақ халқы әдебиетінің аса құнды қазынасы саналатын «Қырымның қырық батыры» жырын кейінгі ұрпаққа жеткізуші ретінде белгілі. Өз дәуірінде көрнекті жырау атанған Мұрын жастайынан халықтық қолданбалы өнер сырына қанығып, өзі де ұсталық зергерлік өнерді сүйіп өскен. Бойында табиғи поэзиялық талант оты жарқырай ашылып, кейін ол көптеген жырлар шығарады. Әсіресе, «Қырымның қырық батырын» өзінше шығармашылықпен қайта тудырып жырлауы оның есімін түбек аймағына паш етті. Маңғыстауда төкпе ақындығымен аты шыққан Сәттіғұл Жаңғабылұлы жас кезінен айтысқа түсіп, ақындық дарынымен көпшілікке танылған. Халықтың патша қанаушылығына қарсы күресін толғайтын «Досан батыр» дастанын шығарып, өзі ел арасына таратады, кейін кеңестік кезеңде көптеген облысы және республикалық ақындар айтысына қатысқан. 1961 ж. оған халық ақыны атағы берілді. Ол уақыт, адам өмірі мен тағдыры, жалпы халық пен мұсылман дүниесінің тағылымы жайында жырлады. Ақындық осындай тәрбиелік мәні бар өлеңдерін жыршы-термешілер үнемі орындап, тыңдаушыларға жеткізіп отырады. 1996 ж. «Аманат» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Кезінде жырау Сүгір Бегендікұлы оған арнап «Сәттіғұл ақынға» атты өлең шығарған. Ел арасында Сүгір Бегендікұлы көптеген толғауларымен қоса «Сәттіғұл мен Сүгірдің жұмбақ айтысы» да кең тараған.

Ұлттық сана мен тілінің, мәдениеті мен тарихының, тағдыр-талайы мен заманының айнасындай халық эпостарын орындаушы – жыршылардың өнегелі өнері мен дәстүрі одан әрі тамырланып, өркен жайса, рухани жаңарудың нақты, жанды көрінісіне айналар еді. Ғасырлардың кәусар бұлағынан ел сусындап, ұлттық құндылықтарға кенелер еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы, Алматы, 2001
2. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, Алматы, 1998-2007

ҰЛТТЫҚ СИПАТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ

Жеткізенова Мәрзия Түгелбайқызы

*Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі, тарих пәнінің мұғалімі,
Ақтау, Қазақстан*

Сандаған ғасырлық уақытты артқа тастағанымен грек философы Сократтың «Өзін-өзі тану-өмірді тану» деген қанатты сөзі маңызы мен мазмұны, тәрбиелік сипаты жағынан өміршендігін ұлылата түсуде. Ұлтына, нәсіліне, туып-өскен жеріне қатысы жоқ, бірақ ықпалы жалпы адамзатқа ортақ әсері бар осы пікірдің басты тұжырымы – әр адам өмірден өз орнын табу. Осы орайда рухани-адамгершілікке негізделген ізгілікті біліммен өскелең ұрпақтың сезіміне селкеу түсірмей, көңіліне қаяу салмай, өзінің жарқын болашағына деген сенімділігін ұялататып, өмірлік позициясын айқындауға жол салатын «Өзін-өзі тану» жобасын ұсынған Назарбаева Сара Алпысқызы ұстанған бағытындағы білім беру стратегиясында жалпы ұлттық рухани құндылықтармен қоса әлемдік озық тәжірибелер жетістігін орайластыра, жымдастыра беруі қазіргі заманауи педагогикаға қосылған жаңалық болды. Автор «Өзін-өзі тану» пәнін оқу бағдарламасына енгізу ұсынысын беру себебін – еліміздегі білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім талаптарына сай келуі – әрбір тұлғаның өзін-өзі дамыту қабілетіне сенімі мен жетістіктерге жету жолындағы қажеттіліктері мен сұраныстарын қамтамасыз ете алатын басты жол екендігімен айқындаған.

Алаш тарихында есімі алтын әріптермен сақталған ұлт зиялысы А.Байтұрсыновтың «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын» деген сөзінен балаға берер тәлім-тәрбиенің көргенділік тұсы басым болу керек деген ойын қапысыз тануға болады. Осылайша ұлт көсемі бала тәрбиесіне жұмсаған өлшеусіз мейірім мен шапағатты шарапаттың қайтарымы келешегінде екенін меңзеген.

Тек түркі ғана емес күллі адамзат атаулыға даналығымен бас игізген ғалым, дара данышпан Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тұлғаға тағлымды тәрбие беру мен зердесіне жол табудың ең басты назарда болатындығын нұсқаған.

Сандаған ғылымның негізін қалап, сүбелі еңбектер жазып қалдырған Аристотель «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» деген еді. Бұны өз заманында белгілі болған ғылыми мәліметтердің бәрін білген ғалымның тәрбие, адами құндылықтар мәселесінен ешуақытта айналып өтпегендігін көрсететін философиялық пайымы деуге болады.

Осы орайда елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бірінші бөлімінде: «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғыруға айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, сол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1] деп атап көрсетуінің мазмұнында тәрбие иісі аңқыған салт-дәстүрге құрметпен қарау, саралап, салмақтап, ел игілігіне қызмет ететін тұстарын көзден таса, көңілден ада етпеу, ұлттық ерекшелігімізді айқындау арқылы ұрпақ тәрбиесіне қажетті алға бастайтын элементтерді пайдалану қажеттігін айтқан пікіріне тоқтағымыз келеді.

Н.Ә.Назарбаевтың аталмыш пікірі елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алу нәтижесі арқылы жан-дүниеміздің рухани жаңғыру жолының кедергісіз даңғылына түсетіндігін қапысыз аңғартады.

Аталмыш мақалада «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [1] деп қорытындыланатын елбасының үмітті тілегі 1999 жылы жазылған «Тарих толқынында» еңбегіндегі «... қазақтар үшін ұлттық дәстүрді сақтап-сабақтастырып отыратын мәнді тетік – ру болған.

Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндетті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшелігін танытып әрі орнықтырып отырған, тағдыр тәлкегіне тегінен көз жазып қалмауға және ассимиляцияға түспеуіне себепші болған» [2,32] деген жолдарындағы тұжырымдардың жалғасындай. Елбасы осы сөздері арқылы шыққан тегін қадірлеп, отанын сүйген ұрпақтың туыстық қатынаста қалыптасқан парызын орындауға талаптанар бағытын айтып отыр.

Автор осы пікірі арқылы өзін таныған тұлғаның айналасына деген құрмет сезімінің ұлғая түсерін тектілік ұғымы мен адамдық қасиеттің толыққанды жинағы беретінін көрсетеді. Халқымыздың «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген сыйласымға толы нақыл сөзі әуелі өзіңе, өз туысыңа, өз тегіңе деген құрметіңе бастау беріп, көпшілікпен ортақ ымырашылдық, татулыққа көш бастататын көшелі ойдың түйіні.

Психолог, философ Карл Юнгтың «Өзгенің бойындағы ұнамаған қылықтардың бәрі өзімізді түсінуге көмектеседі» деген қанатты сөзінің беретін түп мағынасы ынтымақтастық, бірлік, берекелік бағытта кісілігі қалыптасқан жеке адамның көпшілік ыңғайына бейімделуге, өзгенің пікірімен санасып ой қорытуға, сыйласуға тырысқан әрекетін көрсетеді. Рухани кесел – жаман мінезден арылып, білімге негізделген этикалық әдептілік, ізгіліктерге тәрбиелейтін тәжірибелік ережелер жиынтығын теорияға салған «Өзін-өзі тану» пәнінің де алға қойған нәтижелі мақсаттарының басты міндеті осы болып табылмақ.

Осы мақсат жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесін қолға алған аталмыш пәннің ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, балаға шын жүректен қуана білу, шаттана құлу сезімдерін шынайылықпен үйретуді көздейтін, өзгенің қуанышы мен қайғысын өзіндей сезіне алу сәтін сіңіретін рухани бай мазмұнға ие екендігін танытады.

Карл Юнгтың «Өз жаныңның тереңіне үңіле алған кезде ғана көңіл көзің қырағылана түседі» деген келесі қанатты сөзінің астарынан айналаны бағдарлауда ақылмен, адал көңілмен аңдаған адамның асыл армандар жетегіне ілесе алып, адамзат басында кездесер кез-келген сезімді үлкен жүрекпен терең түсіне алатындығы аңғарылады.

Сонымен, әлем ойшылдары, алаш зиялылары баса назар аударған тәрбиенің білім беруде басты орында тұратындығы мәселесінен «Өзін-өзі тану» – рухани жаңғыру бағытында ұлттық сипаттағы білім беру стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәні екендігі көрінеді. Себебі, пәннің өзекті міндеті етіп адамзат атаулының бақытты өмір сүруге толық қақылы екендігі, өзіңді тану арқылы өзгелердің жанын түсіну, кез келген тұлғаның қуаныш үшін жаралғандығын, әрбір ұлт өзінің ұлттық құндылықтарын меңгере

отырып, Адам деген ардақты атқа лайық болуын сәби шағынан түйсігіне түйіп өсуін көздейтіндігі жататындығын ескеруінде.

Пәннің ең ұтымды тұсы – әрбір тұлғаның шығармашылық белсенділігін ескеріп, интеллектуалдық әлеуетін арттыру бағытында ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу бағдаршамы болуында және осы құндылықтардың қазақ халқына тән қасиеттер екендігін баса ескеруінде. Халқымыздың қанымен сіңген асыл қасиеттердің «Өзін-өзі тану» пәнінің мақсат-міндеттерінен жатсынбай, жатырқамай көрініс табатындығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың пікіріндегі: «Сұхбаттасқан адамының жан-дүниесін тануға деген құлшыныс, оның ой-сезіміне деген құлықтылық, әсіресе, сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырға ортақтасуға бейім тұру – әрбір қазақтың қарапайым қатынасынан бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отырады.

Өзгенің талғам-танымы көңілге қонбай жатса да түсіністікпен қарауға бейім. Өзгенің дүниетанымын, құндылықтарды тануын сергек сезімталдықпен түсіну – қазақ болмысының аяулы қасиеті. Мұның өзі қазіргідей қарқынды өмір ахуалына бейімделе білудің қажеттілігі туындап отырған заманда айрықша мәнді» [2,30], - деген ой тізбектерімен нақтылай түскен жөн. Осы ойымызды айқындай түсу мақсатында педагог, ғалым Ә.Табылдиевтің қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәні баяндалған «Қазақ этнопедагогикасы еңбегінде»: «Текті білу дәстүрі ататекке байланысты туыстық қатынастарды әдептілікпен, имандылықпен орындай отырып, одан әрі дамытып, жекжат-жұрағаттармен, отандастармен, жалпы адам баласымен халық қалыптастырған адамгершілік қатынастардың болуын уағыздайды» [3, 108], - деген пікірін келтірген орынды.

«Өзін-өзі тану» пәнінде жақсы ескеріліп, ерекше мән берілетін мәселелердің маңыздысы жеті ата, тек, туыстық қарым-қатынас атауларының «Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білуі шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сондықтан да, жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған» [2, 35], – деп қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән бере назар аудартуының себебі де осыдан туындап отыр.

Сондай-ақ, ғалымдар Т.Ғабитов, Қ.Затовтың «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» атты қазақ мәдениетінің рухани, этикалық, діни және әлеуметтік құндылықтарына мәдени-философиялық тұрғыдан талдау жасаған ғылыми еңбегіндегі: «Қазақ әдебіндегі жиі қолданылатын кісілік құндылықтың бірі – тектілік. Бұл ұғым ортағасырлық түркі философиясында да жан-жақты қарастырылған. (Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн және т.б.). Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тектілік рулық және генетикалық қатынастардың басым мүдделілігін білдіреді. Тектіліктің нақты тарихи формасына жеті аталық үрдіс жатады. Қазақтың «жеті атасының атын білген бала, жеті рулы елдің қамын жейді» деген нақыл сөзі бар. Жеті аталық үрдісті әдебиетте инцестке тыйым салудың дәйекті түрі десе, көптеген зерттеушілер жеті аталық үрдісті «туысқандық қоғамның» айқын көрінісі деп қарастырады» [4,178], - деп пікір қорытуын негізге ала отырып, «Өзін-өзі тану» пәнінің бағдарламасы мазмұнына тұтас тарихты, мәдениетті сыйдырғандығын байқаймыз. Тәрбие берудің көрнекі құралдары осы айтылған атаулар аясында өз тақырыбын толық аша алатын мәреге жетпек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999. – 296 б.
3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы.\Оқу құралы\.- Алматы: «Санат», 2001. – 320б.108 б.
4. Ғабитов Т., Затов. Қ.Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы, «Қазақ университеті» /Оқу құралы/ 2012, – 382 б.

М.ШОҚАЙДЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Әлайдар Мәлдір

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты

Оралова Гүлзира Сапарқызы

Филология ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Бүгінде қазақ елі бодандықтан азат ел болып, тәуелсіздіктің көк туы көкке өрледі. Тәуелсіздігімізге, мемлекеттік дербестігімізге, ұлт тағдырына бар өмірін арнап, бодандықтан құтылуына орасан зор саяси, рухани ықпал жасаған, ұмытылмас қайраткер тұлғаның бірегейі - Мұстафа Шоқай. М.Шоқай кешкен қилы тағдыр, оның қайраткерлік тұлғасы жайлы толымды зерттеулер еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жасала бастады. М.Шоқайдың сан қырлы күрескерлік жолы көбіне оның саяси көзқарастарынан аңғарылады. Мұстафа Шоқай еңбектеріне арналған зерттеулердің басым бөлігі оның өмір жолы мен қайраткерлік тұлғасына бағытталған. Әдебиеттану ғылымы мен тарих ғылымы салалары бойынша М.Шоқайдың өмір тарихы атқарған саяси қызметі туралы К.Нұрпейісов, М.Қойгелді, К.Есмағамбетов, Ә.Қара, Ә.Бәкір, Д.Қыдырәлі т.б. зерттеу еңбектерін жазды. Аталған ғалымдар еңбектеріне шолу жасағанда байқағанымыз М.Шоқай туралы зерттеулер оның саяси көзқарастарына, қайраткердің атқарған қызметтерімен байланыс-бірлікте қарастырылған. М. Шоқайдың публицистикалық мақалалары, жазған хаттарынан дерек пен нақтылыққа жүгінген саяси сауаттылық танылады.

М.Шоқай өзі өмір сүрген кезеңдегі барлық оқиғаларға деген өзінің саяси көзқарастарын түсіндірудің бірден бір жолы баспасөз құралы екендігін жақсы білген және кеңес үкіметінің құйтұрқы саясатын шетелдік ақпарат құралдарында жариялап, әлем жұртшылығын да ақпараттандырып отырды. Саясаткер-публицист Мұстафа Шоқайдың әрбір мазмұнды да тағылымды мақалаларынан күрделі, проблемалық мәселелердің нақтылығы білімділігі мен саяси сауаттылығы, айқын танылады. Мұстафаның барлық еңбектері шыншылдығымен құнды. Ол артына қалдырған барлық публицистикалық еңбектерінде заман шындығын нақты деректер, бұлттартпас дәйектермен ойларын тұжырымдай отырып нақтылап бере білген.

М.Шоқайдың саяси көзқарасы қиындық көре жүріп, шындалған. Ә.Қара: «Ташкентте лицейде оқып жүргенде Шоқай қоғамның құқықтық және мәдени өміріне қатысты көп нәрсені жақыннан бақылады. Оның рухани салада өсіп-кемелденуіне башқұрттан шыққан атақты фольклорист ғалым Әбубәкір Диваев көп әсер етті» [1, 17] – деп Шоқай тұлғасын таныта түседі.

М.Шоқай еңбектерінің маңыздылығы-өзі өмір сүрген кезеңдегі шетелдік оқиғаларды шынайы жеткізе алғандығы мен ол көзқарастарын түрлі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдарға сілтеме жасау арқылы немесе мысалға келтіру, оны жариялау арқылы әлем жұртшылығын да ақпараттандырып отыруымен өзекті еді. М.Шоқай тәуелсіздікке жету жолында көп күш жұмсады. Күрескерлік қатарда жүрсе де, түрік, орыс, неміс, француз тілдерін жетік меңгере алды. Іл сондай-ақ қазақтың халықаралық журналистикасының негізін салушылардың бірі. 1936-1939 жылдар аралығындағы 30-дан аса мақалаларында, оның ішінде «Яш Түркістан» журналында «Халықаралық жағдай». «Халықаралық өмірден» деген тақырыптағы мақалалары сол кезеңнің шындығы мен өзекті мәселелерін қозғауымен, бірнеше елдер арасындағы халықаралық саяси жағдайларға шолу жасауымен ерекшеленді. Профессор Ә.Қара М.Шоқайдың өзінің соны пікірлерін «Яш Түркістан», «Бірлік туы» сияқты өз кезеңінің алдыңғы баспасөзі қатарында тұрған басылымдарда білдіріп, оқырмандарға таныстырып отырғандығын, халықаралық тақырыптарды жетік меңгергендігін айтады. [1, 287]. М.Шоқайдың 1935 жылы жазылып VIII томға кірген шығармалардың ең көлемдісі – «Советтер қол астындағы Түркістан» (Пролетариат диктатурасына мінездеме) деген еңбегі.

Мұның бірінші бөлімі 1928 жылы «Les Soviets en Asie Centrale» деген атпен француз тілінде жарық көрген. Жеті жылдан кейін кітап орыс тілінде қайта жарыққа шыққан. Осы еңбекте бұрын көтерілген мәселелер қайта қозғалып, өзіндік саяси ой-пікірлері нақты фактілермен берілген. М. Шоқай елдегі саяси, экономикалық жағдайларды талдап, саралап, түркі халықтарының ауызбіршілікті болуын арман етті, халықты соған қарай үгіттеуге жол бастап, үндеу еткен болатын. Ол Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде: «... Түрік халқы - батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! ... Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға тырысыңдар!»[2, 64] – деген болатын.

Ғалым К.Есмағамбетов М.Шоқайдың «Яш Түркістанды» шығарудағы еңбегіне былайша түсініктеме берген: «Журнал беттерінде М.Шоқайдың жалпы қоғам дамуына, дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларға және ұлт-азаттық қозғалысының формалары мен күрес тәсілдеріне, түрік халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған жүздеген мақалалары жарық көреді. Ол түркістандықтарды өз елі мен жерін шексіз сүйеге, мақтан тұтуға шақырады, себебі атажұртын жанындай көретіндер ғана оның тәуелсіздігі үшін күресе алады деп ой түйеді. Алғашқы күндерден бастап М.Шоқай журналда басылатын материалдардың шындыққа толық сәйкестілігіне, мазмұны мен идеялық бағытына ерекше көңіл бөледі. Мұстафа Берлиндегі «Яш Түркістан» журналын Парижде тұрып басқарудың кейбір қолайсыздықтар тудыратынын жасырмайды[3], - дейді.

М.Шоқайдың Кеңес дәуіріндегі Қазақстан мен Орта Азия халықтарының саяси, экономикалық, мәдени өмірін объективті түрде, сыни көзқараспен сипаттауымен, кеңес баспасөзі материалдарына сүйене отырып айтылған бұлтартпас дәлелдерімен жазылған деректі дүние болуымен құнды. Еңбек материалдық әрқилылығымен елдегі саяси жағдайды сөз етуімен де салмақты. Француз социалистік партиясы басшыларының бірі Пьер Ренодель М.Шоқайдың осы еңбегіне алғы сөз жазған. Ол кітаптың француз басылымына жазған алғы сөзінде М.Шоқаймен 1920 жылы Тифлисте кездесіп, ықыласты сұхбаттасқанын есіне алып, Мұстафа Шоқайға өз елінің аса зиялы тобына жататын адам деген баға береді. «Кітаптың жазылуына Мәскеу үкіметінің қаржысымен Орта Азияны аралаған француздық-большевик-коммунистер делегациясының мәлімдемелері түрткі болды» деген ойын баяндаған. «Шоқай өз оқырмандарын көргені мен түйгендері бойынша сендіруге тырыспайды. Ол бұларды большевиктердің өз құжаттары бойынша әйгілейді. Дәлелді Тұрар Рысқұлов пен Сорокиннен алады деп жазады. Бұлар Түркістан өмірінде үлкен роль атқаратын мырзалар. Рысқұлов–Түркістан ЦИК-інің төрағасы, қазіргі кезде РСФСР Совнаркомы төрағасының орынбасары, ал оның кітабы Өзбекстанның орталығы – Ташкенттегі мемлекеттік баспадан шыққан. Сорокин – Түркістан Совнаркомының бұрынғы төрағасы. Большевиктердің Ташкенттен шығатын «Правды Востока» газеті мен большевиктердің «За Партию» журналы және т.б. басылымдарды негізге ала отырып, Шоқай мырза орыс империалистік және ұлтшылдық отарлау әдісінің Түркістанда қалай жүзеге асып жатқанын көрсетеді» деп нақты дәлелдермен М.Шоқай еңбегінің маңыздылығы мен өткір ақиқаттылығына талдаулар мен бағалаулар жасаған. М.Шоқайдың аталған еңбегінің көптеген негіздердің құжаты болуымен бірге, 1917 жылғы революцияның үмітті оятып, большевиктік Октябрь төңкерісінің сол үмітті жоқ еткендіктерін дәлелмен пайымдап беретінін баса айтады. Кеңес үкіметінің Орта Азияның жалпақ алқабында социализм жүзеге асып жатыр деп сендіріп баққанын, ал шындығында бұл жерлерге өндіріс капиталы мүлде жетпегенін М.Шоқайдың осы құжаттарынан анық байқауға болатынын дәлелдер келтіре баяндаған. «Шоқай мырза өзі білетін түпнұсқадағы және даусыз мәліметтері мен құжаттарының жиынтығын ұсыну арқылы бізге үлкен қызмет көрсетіп отыр», «Шынайы шындықтары үшін ол зор алғысқа ие болуға лайық» деген өзінің ризашылық көңіл-күйін білдіреді. Алғы сөз авторы «Шоқай мырза ешбір большевик авторлар теріске шығара алмайтын әдісті қолданған, өйткені өз тұжырымдарын большевиктік газет т.б. баспа

туындыларынан алған цитаталар, фактілер, жәдігерлермен куәландырып отырады» деп Шоқайдың пікірі мен сәби көзқарастарының өткірлігін баса айтып өтеді.

М.Шоқай «Избранные труды» деп аталатын екі томдық еңбектің бірінші томына енгізілген мақалаларының кейбіріне талдау жасап қарасақ, «Айнаға өкпелеудің қисыны жоқ» («Нечего не зеркало пенять») деп аталатын орыс тілінде берілген мақалада М.Шоқай «Правда» газетінің №130 санында Т.Рысқұловтың қолтаңбасымен жарияланған мақалаға жауап есебінде жарыққа шығарған. Бір кездері «В новом Туркестане», «Наследие Ленина в Туркестане» секілді автордың жарияланымдарындағы советтік саясат жайлы келтірілген деректер мұнда «жағылған жала» деп танылған [4, 64].

Бірақ Шоқай «жаланы» жарыққа шығарған «Правда» мен «жаланың» авторы Т.Рысқұлов бір жайтты ескермегенін алға тартады. Мақалалардағы қазан төңкерісінен кейінгі мұсылмандардың бақытсыздығы, аштық салдары, Түркістанның шаруасын қайта шалқыту, Лениннің елді толық білмеуі, жұмысшылар мен шаруалардың билігін телеграф арқылы баяндағанымен «Түркістанда кімнің шаруа?» екені жайлы толық түсінігі болмауы, осының барлығы кеңестік ақпарат көздеріне, солардың басылымдарына, протокол құжаттары мен съездеріндегі, конференцияларындағы өз өкілдерінің сөздеріне негізделгендігін баяндайды.

Алайда, Түркістан эмигрантының большевиктік басылым беттерінен «Дни» газетіне көшірілген шындығы «жалаға» теңестірілген. Автор мұндайда И.Крылов мысалдарындағы «... айнадан өзін көріпті» тіркесі еріксіз еске түсетінін тілге тиек еткен. Сонымен қатар «Дни» газетінің №120, 257 санында 1918-1919 жылдардағы мұсылмандар арасындағы аштықты туғызғаны үшін кеңестік билікке жауапкершілік белгіленуі жайлы ресми деректер келтірілгені жайлы нақты көрсеткен [4, 64].

Т.Рысқұловтың күнтізбесіне сәйкес, кезінде 300 мың мұсылман Кеңес өкіметі үшін күрескен. Бірақ жергілікті кеңес аштыққа қарсы күреске, аштыққа қарсы комиссия отырысына аса араласа алмағандығын алға тартады. Жоғарғы революциялық трибуналдың және ТурЦИК-тің отырысында Рысқұловтың аштық қорын құру туралы ұсынысынан да бас тартылды. Сол кезеңдерде «Түркістандағы кеңестік саясаттың жаулап алу сипаты» орын алып жатқаны жөніндегі шағым да жазылған. Мәскеуге шағымдануға Т.Рысқұлов барған.

Шынында, 300 мыңға жуық мұсылман халқы патша режимінің бұрынғы қызметшілері, авантюристтер үшін қан жоса болды. Ал мына жағдай – кеңестік жүйеден алыстататын қадамның бірі болатын. Бұл оқиғада да 30 мың мұсылман Қызыл Армия қатарында болғандығы айтылады.

Автор Рысқұловтың сонда да газет беттерінде Түркістанның шаруашылық өмірін большевиктердің қолымен қалыпқа келтіру, мақта өсіруді қайта қолға алу мәселелерін қаузауды жалғастырғанын жазады.

«Алайда, уақыт алға жылжығанымен, шаруа алға жылжымайды. Оған биыл көктем айында Ташкентте өткізілген Түркістанның 2 ауыл шаруашылық съезі дәлел. Бұл туралы «Правдада» басылмағанымен, «Дни» газетінің №494 санында жарияланды. Жағдай келесідегідей. Фергандық мақта өсірушілердің шаруашылық әл-ауқаты төмендеген, ауыл шаруашылығы да, мал шаруашылығы да әлі аяққа тұра алмай отыр. Халық шаруашылықтың табысын емес, қалдығын қанағат тұтатын қалде. Бірақ... Бетің қисық болса, айнаға өкпелеу қисынсыз», - дегенді алға тартады

Өзбекстан туралы шындық пен өтірік (Правда и ложь об Узбекстане)

«...Мен күллі Түркістан жұрты бұрын-соңды танып-білмеген ең қауіпті адаммын». Автор тұтас мақаланың өзегін де осы бір-екі ауыз сөзден тарқатқан сыңайлы. Алты-жеті беттен тұратын көлемді мақала «Дни» басылымында Париж қаласынан 1925 жылы басылып шыққан. Қайраткер қаламының сиясы кеуіп үлірмей жатып, бар жоғы төрт күннен соң баспа бетін көрген. Сол заманның өз аймағында ең ірі боп саналатын екі газет "Правда Востока" және "Кзыл Узбекстан" газеттерінің редакторлары Камильджан және Инъамовтар қол қойған мақалаға қарсы жауап ретінде елге нағыз шындықты көрсетуге талпынады. Онда ол Өзбекстанның саяси жетекшісіне бағытталған айыптаулар, сол кезеңде жүргізілген саяси

бюрократияның әділетсіздігімен қатар, өзіне дәлелсіз жабылған жалалар төңірегінде ой өрбітеді.

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған деректер арқылы нақты мысалдар келтіре отырып, көпе көрнеу кінәлаудың зардаптарын алға тартады. Өзін шовинист, өзбек крестьяндарының жерін тартып алып, ел ішіне іріткі салды деп айыптағандарға кекесін түрде ұтқыр жауап қайтарады. Қаралау бағытында газетті таптырмас құрал ретінде пайдаланған Камильджан мен Инъамовтың әділетсіз іс-әрекеттерін тілге тиек ете отырып, тұтас саяси ортадағы былық-шылықты тайға таңба басқандай саралап береді. Бір қызығы, автор билік басындағы бассыздықтарды сөз етуде әдемі қағытпаларды да өте шебер қолдана білген. Оның бұл қабілеті өзін тек білімді саясаткер жағынан ғана емес, сонымен қатар, мықты публицист қырынан да танытты. Бұл – автор үшін артық ұпай алып келді. М.Шоқай өз пікірін оқырманға былайша жеткізеді:

«...Стоило органу Среднеазиатского бюро ЦК РКП – «Правда Востока», по абсолютному невежеству руководителей этой газеты в вопросах о прежних политических группировках в Туркестане, назвать меня «одним из представителей шовинистической национально-либерально-буржуазной интеллигенции Средней Азии», как наши «кзыл-узбекистанцы» уже пишут о том, как я раньше будто бы, «отбирал земли у узбекских крестьян». Больше того, я, оказывается, «разорил страну, залил ее кровью ее трудящихся масс, согнул их в бараний роги держал их в подчинении кучки богачей» [4, 64].

Баспасөз бетінде өзіне қарсы бағытталған әрбір сөзді жатқа білетін ол еш үрейсіз-ақ айтылған қаралаулардың бәрін өздеріне бумеранг тәрізді майдан қыл суырғандай кері қайтарып отырған. Біздегі «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген тәмсіл тура осындай жағдайда айтылған болса керек. Өзін «көк есекке мінгізіп», орынсыз айыптаған жазба үзіндісін автор тағы бір мәрте сөздің орайына келтіреді. Жәй мысал келтіріп ғана қоймаған, өзбек төрағасының сауатсыздығын нұқып тұрып көрсеткен. Онда былай делінген:

«... «Правда Востока» и «Кзыл Узбекистан» согласно утверждают, что я «не могу без истерики произносить имя Ахунбабаева». В качестве доказательства моей «ненависти» к последнему должно, повидимому, служить мое упоминание о неграмотности председателя узбекского ЦИК. Во-первых, о неграмотности Ахунбабаева писал сам же «Кзыл Узбекистан» в передовой статье от 23 августа, на что я и сделал ссылку». Осылайша автор оның барлық кемшілігін санамалай жаза отырып, бүкіл бұқара алдында кімнің кім екенін нақтылайтын деректі бұрқ еткізді. Бір айта кетерлігі, саяси сауатты азамат сол кезеңдегі саяси өмірде сыбайластықтың да қылаң бергенін жасырмайды. Ол баспасөздегі солақай саясатты жақтаушылар өзара алдын ала келісе отырып, өзін бір ауыздан келісіммен қаралағынын сенімді түрде жеткізеді. Ал, бұл – оның сол кездегі саяси жүйені және олардың кулық-сұмдыққа толы түпкі мақсаттарын бес саусақтай білетінін айқындап берген еді.

Сонымен, мақаланың мазмұны белгілі. Камильджан, Инъамовтар мен автор арасындағы тартыс жағдайы да әмбеге мәлім болды. Бұл қоғам қайраткері М. Шоқай мен газет редакторларының пікір қайшылығы ғана емес, бұл сол заманның нақты бет бейнесі, болмысы, өтірік пен шындықтың бетпердесі. Бұл автордың «Карриатура» және «Ахунбабаев ойлары» тақырыбындағы сыни бағытта жазылған қос мақаласынан туындаған шындықтың заңды жалғасы. Аталған жазбаларды автордың өзі криминалдық бағытта жазылған деп бағамдайды. Себебі, онда Өзбекстанның саяси жетекшісін айыптайтын бірнеше оқиғалар баяндалыпты-мыс. Десе де, оның мұндағы мақсаты – өзін судан таза, сүттен ақ етіп, арашалап-ақтап алу емес. Тек орынсыз жағылған күйені теріске шығара отырып, большевиктік саясатқа қарсы тиімді әрекеттерді жүзеге асыруды насихаттау. Ел басқарудағы мұндай әділдік идеясы біз өмір сүріп отырған зайырлы мемлекет жүйесінде де өз маңыздылығын сақтап қалған құндылықтың бірегейі.

М.Шоқайдың кеңес үкіметінің қылышынан қаны тамып тұрған кезеңінің шындығын жазған еңбектері сол заманның шынайы бетпердесін өмір шындығымен айқын бере білуімен тартымды да құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы/ түрік тілінен аударған Г. Шадиева. – Алматы:Арыс, 2004-320 б.
- 2.Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. -244б.
3. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. - Алматы: Жалын, 1992. -184 б.
- 4.М.Шоқай. Избранные труды: В.двух томах. I том. Алматы: «Арыс», 2016–427.
- 5.М.Шоқай .Таңдамалы. А., 1999.

ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ ОБРАЗ ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қараманова Гүләйім,

Ш.Есенов атындағы КТИУ магистранты

Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова,

Ш.Есенов атындағы КТИУ профессоры, ф.ғ.к., Ақтау, Қазақстан

Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер» атты романы 1956 жылы басылды. Бұл кезде күллі кеңес әдебиетінде кешегі зұлмат соғыс туралы шығарма жазыла қалса, міндетті түрде кеңес жауынгерлерінің асқан ерлігін, майдандағы жанқиярлық шайқасын, қолбасшылардың көрегендігін кейіпкерлер арқылы мадақтап көрсетуге деген талап үнемі алға түсетін. Соның салдарынан тақырыптық бірыңғайлық, идеялық ұқсастықтар, бірін-бірі қайталаушылық, өмір шындығын әсірелеп немесе боямалап көрсету белең алып жататын. Міне, осындай кезеңде соғысты мүлде басқа қырынан көрсеткен, яғни майдандағы жауынгерлерді идеяны жүзеге асыратын тетік-механизмдер, қолбасшылардың көрегендігін дәлелдеу үшін ғана өмірін қиятын кілең «жалаңтөс құмырсқалар» емес, кәдімгі өз тағдыры мен тірлігі, өзіне ғана тән қуанышы мен мұңы, күлкісі мен көз жасы бар тірі адамдар – қайталанбас тағдырлар екенін осы роман айқын да ажарлы көрсетті. «Қаһарлы күндер» романы осылайша жалпы кеңес әдебиетінде концептуалдық жаңғырулардың бастамасына айналды. Кеңес жауынгерлерінің арасында да мінезі мен құлқы кереғар, қайшылықты тағдыр иелері барын пайымдауға ықпал етті. Қанқұйлы соғыс тек екі түрлі, қарама-қарсы күштердің соқтығысы ғана емес, сан алуан тағдырларды табанға салып таптайтын дүлей күш екенін әрі адамның адамшылығы, рухани тазалығы мен жекелік-әлеуметтік һәм қоғамдық табиғатын таразыға салып айқындайтын сын екенін Мұрат, Уәли сияқты жауынгерлердің соғыстағы және ұрыстан саябыр сәттердегі қарым-қатынастары арқылы көрсетті. Соғыс сияқты тарихи-саяси зұлматтың қарапайым адамды да, халықты да, шынтуайтқа келгенде, қорлау екені таным-түсінігі әркемкі образ-характерлер арқылы бейнеленеді. Кезінде бұл роман кеңес жауынгерлерінің ерлігін, майдан өмірін суреттеген сүбелі шығарма ретінде бағаланған. Қазіргі еркіндік кезінде шығарманың айтары одан әлдеқайда ауқымды, концептуалды екенін, қазақ әдебиетінде ғана емес, кешегі кеңес әдебиетінде де соғыс туралы да, жалпы болмыс туралы да тың ізденістер келуіне өз тарапынан ықпал еткенін айту керек. Жаңаша ізденістің басында қазақ жазушысы Тахауи Ахтановтың тұрғанын бүгінде лайықты мақтанышпен еске алу, ескеру – парыз.

Бұдан кейін Тахауи Ахтанов қаламынан «Көкқұтан», «Махаббат мұңы» т.б. әңгімелері мен повестері туды. «Сәуле», «Боран», «Ант», «Әке мен бала», «Махаббат мұңы», «Күтпеген кездесу», «Арыстанның сыбағасы», «Күшік күйеу» сияқты драмалық шығармалары жазылып, еліміздің және шетелдердің сахнасында көрсетілді. Жазушы еңбегін алғаш бағалаған Ғ.Мүсірепов қаламгер еңбегіне жоғары баға берді.

Жазушының ең соңғы романы – «Шырағың сөнбесін». Бұл романның негізгі кейіпкері Нәзира – кеңес армиясының офицері Қасымбектің жары. Жан-жақтан анталаған жау тылында қалған аяғы ауыр әйелдің өмір жолы, бастан кешкендері, өзін қоршаған ортаға, өткен күндерге көзқарасы арқылы кейіпкердің жан дүниесіне әрі барлау, әрі талдау жасалады.

Порым-пошымы, парасат-пайымы, табиғаты түрліше әр алуан характерлер, майдандағы тыл мен ауыл өмірі Нәзираның еске алуы – шегіністер арқылы бейнеленіп, шығарманың әлеуметтік-көркемдік мазмұны мен идеялық нысанасын айқындай түседі. Нәзираның өзі құралпы әйелдерді, ауылдағы аң жаулықты әжелерін салыстыра, іштей мінездеуінен, соғыс сойқанын өз көзімен көріп, тікелей сезінуінен танымы мен табиғатын танып отырамыз. Психологиялық талдау тәсілін жазушы үнемді, ұқыпты да шебер пайдаланады.

Өзі соғысқа тікелей қатысқан майдангер жазушының осы романында да, «Қаһарлы күндерде» де соғыстың саяси-әлеуметтік мазмұнына өзіндік шуақ, ұлттық рух-баяу дарытатын – кейіпкерлердің туу қиырда қалған ауыл адамдарын еске алуы. Мәселен, Нәзира ішінде бір үзілмес, таусылмас жылуы бар әжесін еске алса, Мұрат қайратты да айбатты ауылдасы Қартбайды еске алады. Бұлардың соғыс даласында жаны тозып, жадағайланбай, адамшылық қалпынан айнымай, жауыздық пен жақсылықты іштей салыстыра салмақтауына себепкер – қимас ауыл адамдары, туыстары.

Нәзираның әжесінің де, Қартбайдың да бойында анау-мынауға бас иемейтін таза тәкаппарлық, текті өрлік бар. Ол өрлік көрінгенге өзін аяқасты қылуға жібермейтін, қор болуына жол бермейтін, оның есесіне, кісілік пен кішілікті, адалдықты айнымас асыл мұратқа айналдырған ұлттық қасиеттің бір көрінісі секілді.

Кейіпкердің жан дүниесіне үңілу, психологиялық тұрғыдан іс-әрекеттерін дәйектеу үш романнан да байқалады.

Тахауи Ахтанов шығармашылығының негізгі салмағы прозада. Елімізде де, шетелдерде де, ең алдымен, дарынды прозаик ретінде танылды. Ал Ахтанов прозасының ең биік шыңы – «Боран» романы. Бұл шығарма кезінде өмірдің өзекті шындығын көрсеткен, бұрын айтыла бермейтін көлеңкелі мәселелерді батыл көтерген, кейіпкерлерінің рухани әлеміне талдау жасаған жаңашыл шығарма ретінде жоғары бағаланды. Әйтсе де шығармада қамтылған шындық сын мен әдеби зерттеу еңбектерінде толық айтыла қойған жоқ. Оның себебі — сол тұстағы тежеудің салдары болатын.

Шын мәнінде, Тахауи Ахтановтың бұл романы жаңа дәуірдегі жаңашыл сипатты, бітім-болмысы бұған дейінгілерден өзгеше шығарма еді. Қазақ әдебиетіндегі нағыз психологиялық талдау М.Әуезовтің «Абай жолы» атты роман-эпопеясында кемел шеберлікпен қолданылған. Бірақ бертіңгі дәуірге арналған көптеген туындыларда кейіпкердің жан дүниесіндегі құбылысын өмірдің нақты шындығымен сабақтастыра бейнелеу жетпей жататын. Бұл кезде Ш.Айтматовтың да атақты «Қош, Гүлсарысы» дүниеге келе қоймаған. Міне, осы тұста қазақ жазушысы Тахауи Ахтанов бұған дейін үйреніп қалған кілең сәулелі өмірді ғана көрсететін талаптан бойын аулақ салып, өз кезінің жанға бататын, жүрек ауыртатын шындығын, қарапайым адам тағдырын, сол арқылы халықтың тағдырын шынайы махаббатпен, терең тебіреніспен толғады.

Мәселен, негізгі кейіпкер Қоспанның табиғаты, тірлігі, тағдыры сол кездегі сан мың адамның өмір жолы мен тіршілігіне ұқсас. Оның қойшылық өміріндегі қыруар қиындықтар, басшылардың шаруаға қырсыздығы мен менмендігі, жалпы мемлекет ішіндегі сан алуан күрделі әлеуметтік-тарихи, моральдық мәселелер шешімін таппай, сол мәселелердің ортасында жүрген қарапайым адамдарды ең алдымен азапқа салатын.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін сол мәселелердің көпшілігі ашық айтылмайтын, көркем әдебиетте образдар арқылы жеткізуге жол берілмейтін. Тахауи Ахтанов болса, күні кеше ғана халқымыздың тең жартысына жуығын жоқ еткен ашаршылықты да осы шығармада бейнелеп өткен. Қасболаттың ауыл-ауылды аралап, жетім-жесірлердің балаларын, тұрмысы ауыр үйлердегі балғын ұл-қыздарды жинап, оқуға әкеле жатқан сәті тарихтың, өмірдің драмасына толы. Асыра сілтеудің салдарынан малынан айырылған, отырықшы өмірге әлі көніп, көшіп үлгермеген қазақ елі аштан қырылып жатты. Өліктер көмілмеді. Ит-құсқа жем болды. Адамзат тарихында ешбір халық қараптанқарап тұрып еш соғыссыз бейбіт өмірде мұндай қырылған емес. Сталиннен бастап, куллі кеңестік идеология осынау сұмдық трагедияны айтқызбайтын. Айтқандарды не соттап абақтыға тығатын немесе

жоятын. Міне, осындай аса қиын-қыстау жағдайда кешегі оқ пен оттың өтінен келген майдангер, сол тұста жігіт ағасы болып қалған Тахауи Ахтановтың тәуекелге бел буып, ақиқатты айтып салуы – ол кезде әрі азаматтық, әрі шығармашылық ерлік болатын.

Қасболат алып келе жатқан балалардың бірінің аты -Торғай. «Жасы биыл онда», «Барар жері белгісіз, әйтеуір, алда теміржол бар» дегенге солай қарай босып бара жатқан аштар әкеп тастапты оны. Сол аштардың өзі жолшыбай бір үзім нан іздеп келе жатқанда, аштан өлгелі жатқан әйелді көріп, бұрылған. Әйел бұларға баласын аманаттап, жан тәсілім етеді. Өліп жатқан ананың қасында жатқан кішкене түйіншектен қатып қалған кішкентай нан табылады. Өзі аштан өлсе де, балам өлмесін деп күлшені сақтаған ананың ажалы да, сайып келгенде, ерлікке барабар. Байтақ қазақ даласында баласы үшін басын ажалға байлаған, аштан өлген аналар қаншама?! Кейбірі өз етінен ет кесіп пісіріп, баласын аман сақтап қалған. Ал ақылынан алжасып, өзге адамды жеуге шабуыл жасағандар да ұшырасқан. Міне, осы сұмдық шындықтың бір пұшпағы Ахтанов романында айқын көрінген.

Сол секілді азамат, жасы үлкен аға, абзал басшы Әлиасқаровтың Қасболатқа айтқан сөзі де зерек оқырманға ой салатындай: «Менің алдымда екі жол тұрды... Бірі — ұлт азаттығы, ұлт бостандығы. Отар елдің ұлы болсаң, одан аттап кету қиын. Ол ұран мені де қызықтырды», – дейді ол. Рас, осы Әлиасқаровтың: «Ұлтшылдардың» «ұлт азаттығы» деген қызыл сөзінің ар жағында ауыз тұшытар үлкен бағдарламасы жоқ болатын» деген сөзі ойлантарлық.

Жазушының сюжет құрудағы, өрбітудегі шеберлігі, өмірлік шындықты қамту ауқымы, образ-характерлер арқылы айтайын деген ой-толғаныстарын жүйелеп, концепциялар деңгейіне көтеруі, алуан көркемдік тәсілдерді табиғи еркін, орнымен пайдалануы автордың ізденгіштігін ғана емес, шын мәніндегі аса қайратты дарын екенін дәлелдеді. Кейіпкердің өмір жолымен таныстыру үшін аталған екі кейіпкерден басқа – Жаңыл, Сәбира, Шәрипа, Мінайдар, Жаппасбай, Қаламұш т.б. образдарды таныту барысында шегіністерді, портреттерді, портреттік мінездемелерді, табиғаттың алуан көріністерін зергерлікпен суреттеуі Тахауи Ахтановтың жазушылық шеберлігін көрсетті.

Әсіресе Қоспан мен Қасболаттың ішкі әлемін – жан дүниесін суреттегенде, олардың адамшылық құлқы мен табиғатын, жалпы болмысын бұлжытпай танытатын психологиялық талдаулар молынан ұшырасады. Шегіністер арқылы көбіне кейіпкерлердің ой, сезім әлемін еркін шарлап, табиғи да терең талдаулар жасайды.

Сондықтан да дәуір шындығын, оған қатысты басқа да әрқилы тарихи кезеңдер ақиқатын сабақтастыра қараған роман қазақ әдебиетінің биік белесі болды. Сондықтан да Тахауи Ахтанов шығармалары қазақ әдебиетінің жарқын, қуанышты биіктеріне айналды.

Реалситік образ – әдебиеттегі адам бейнесінің ең қасиетті, сымбатты, шынайы бір түрі. Мұның қиасиеті де, шынайы, сымбаттылығы да ақиқатында; бұл дегеніміз – күнделікті өмірде болған, бар және бола беретін, бірқ ешқашан қайталанбайтын, әрқашан бұрын-соңды белгісіз тың қырынан көрініп, ылғи жаңару үстінде болатын тип. Зерттеп келе түсінгеніміз образдың түрленуінің ішіндегі ең дұрысы осы реалистік образ. Өйткені бұл образдың эстетикалық мәні – романтикалық образдағыдай бұлыңғыр тартып тұрмайды, адам қолы жетпестей асқа, аңсау емес, қолмен ұстап, көзбен көргендей жетуізуге болатын образдың ерекше түрі. Содан болар реалситік образдың эстетикалық әрі тәрбиелік мәні зор. Қоғамға әсер етуі де күшті. Мәселен Тахауи Ахтановтың «Дала сырындағы» Қоспан образын алайық. Бұл қарапайым адам; күнделікті өмірде кездестіріп жүрген қарапайым пенде. Әрі көптің бірі. Командирі «Үлкен қара» атап кекен болмаса еңгезердей денесіне қарап Қоспанның. «Әскерде теңкиіп оң жақ қанатта» тұратыны, «жан біткенге сеніммен қарайтын нұры жұмсақ томпақ көзі, жылы шырайлыашық жүзі», еңарғы жағы аяғына да үлкен размер киетін. Бұл Қоспанның кәдімгі образы.

XX ғасырдың 60-жылдары қазақ прозасына адам жанының сан алуан құбылысын, қуанышы мен мұңын қатар бейнелеген Тахауи Ахтанов «Махаббат мұңы» повесімен келді. Повесть қалың оқырманын елең еткізіп, жұртшылықтың қолынан түсірмей оқитын шығармасына айналды.

Повестің сыршылдығы, адам жанын терең суреттей білген шыншылдығы мен психологизмі қазақ әдебиетіне әкелген басты жаңалығы болды. Хикаятқа ұлы жазушы М.Әуезов: «Әрине, «Махаббат мұңы» жақсы повесть, өзгелері қонымды, ұнамды әңгімелер (рассказ, новелла). Бұлардың бәрі тақырыбы, адамдары, шындықтары жалғансыз, риясыз, әділ шындықтар, сонысы ұнайды. Екінші – сен бір жақсы соныға түсе бастапсың. Ол – интеллигенция туралы жазу. Өзіңмен замандас, қанаттас қатарыңды жазу, соларды және ішкі мәдениет өрісіне қарай ішіне үңіле, сезіміне бойлап жазу бар (Осы кітабыңды оқу үстінде деймін). Ол сенің өзіме сондай ет-бауыр, шабытыңмен іні-бауыр екенінді сезіне отыру шақтары. Мен сенің мақалаларыңнан, үлкен романыңның да кей бояуларынан «осы менімен туыстас-ау» деп ойлап журуші ем. Ол мынада: мен өзімнің сезімдерімді, сырларымды саған жаздырып, соған барынша сеніп, еліге еріп, риза болып отырғандаймын. Әрине, әрбір сыршыл шығарма солай еліктіреді де: өз жүрегіне ұқсап соққан жан тамырды жан бауырдай сезбесе шараң жоқ» деп, жоғары баға берді.

Шығармада бас кейіпкер Ләззат әдебиет үйірмесінің жетекшісі, жас ақын Ниязға ғашық болады. Жүрегіне ұялаған махаббат сезімі жас қыздың жан дүниесін аласапыран етіп, ерекше бір күйге бөлеп, алабұртқан ішкі сезімін жыр жолдарымен ағытып сыртқа шығарады.

«Ләззат жүгіріп төбенің басына шықты да, кілт тоқтады. Жусан, бозы аралас ақшыл көк кең жазық алыс қыратқа иек артып көтеріліп барады. Әр жерде үйір-үйір қызғалдақтар өрттей жарқын». «Өрттей жарқын қызғалдақ» оның өрттей алаулаған сезімі. «Аспан ашық. Тұңғыық көкке ақ жалатып өткендей ала шабыр бұлт қана қалқиды. Көктемгі ауа діріл қағатын тәрізді. Ләззат аспан мен жер астасқан шетсіз кеңістікке көз тігіп құмарта қарап қапты. Шықылықтап күліп отырған балаға тосын ойыншықты ұстата салғандай, тыпыршыған көңілі тез тыйылып, әлденеге таңырқап тұр. Таныс дала осы күнге дейін өзі көрмеген тосын дүниедей. Көзге көрінбейтін күшті қол жер бетіндегі пердені сыпырып алып, бүркеулі жатқан қызығын, бар сырын ашып бергендей» – деген жолдар арқылы автор табиғат пен кейіпкердің психологиялық халін сәйкестендіріп беруге тырысады. «Таныс даланың» бүгінгі «көрпесін сылып тастаған» көз тартар өзгеше көрінісі қыз жанының ерекше күйімен астасып жатыр, себебі ол ғашық, іңкәр жанның көзімен қарайды.

Жазушы табиғаттың сұлулығы мен тылсым сырын алғаш жан жүрегімен сезінген, көңілінде тұңғыш ақындық сезім бұлқынып оянған Ләззат басындағы айрықша күүді әдемі суреттейді. Бұл күйін өзгеге айтайын десе келістіріп жеткізе алмайды, үндемей қалғанға ішіне сыймаған Ләззат өзінен-өзі жымыып езу тартады. Көңілі тынышталып, алдағы өмірінің мағыналы боларын сезіп қуанады.

«Ертеңгісін оянғанда кеше керемет бір жақсы нәрсе тауып алғанын, бірақ соның не екенін ұмытып қалғанын сезді. Табылған нәрсенің ешқайда кетпесін, ол есіне түскенде тағы да қуанарын біліп рақаттанып жатыр. Жуынып жүріп, күбірлеп, бір шумақ өлеңді айта берді. Қашан жаттағаны есінде жоқ. Көптен таныс өлең... кенет бетін шала сұрткен күйі сүлгіні ұстап таңырқап тұр. Кірпігінен көзіне тамған мұздай суды да байқар емес. Бұл түнде өзі шығарған өлең екен. Ләззат сенер – сенбесін білмей әлгі шумақты ішінен қайталап біраз тұрды» [1,57]. Ләззаттың ойына орала беретін өлең жолдары оған көптен таныс, себебі жүрегінен шыққан алғашқы туындысы. Бойын кернеген қуаныш сезімінен Ләззат көзіне тамған мұздай суды да байқамайды, тек әлгі шумақты қайталай береді. Жазушы Ләззаттың алғаш жыр жаза бастаған сәттегі қуанышы мен танданысын шебер суреттеген.

Мектепті жана бітіріп келген, «ақындық – табиғаттың ерекше сыйы, ақындық дарыған адам – ерекше адам» деп есептейтін Ләззат жас ақын Нияздың өлеңдерін жоғары бағалап, оны барынша биіктетіп қабылдайды.

Автордың шығарманы кейіпкер жанының ішкі тартысына құруы – повестің басты ерекшеліктерінің бірі. Хикаятта бір жақсы көріп ысынған, бір сезіктеніп суынған кейіпкер көңілінің әр сәті терең әрі шынайы суреттеледі. Ләззаттың әр алуан жан толғанысын автор қайталаушылыққа ұрынбай, мөлшермен бейнейді. Оқиғалардың жедел дамып, жедел өзгеріп отыруы кейіпкердің жан дүниесіне түсірер салмағының әр алуандылығы мен шығарма жанрына байланысты болса керек.

Ләззат көңілін күдік пен күмән, шошыну мен өкініш бойлайды. Бұл сезім өткен жайды қайта ойлантқандай. Сезімі әлі ырық бергісі келмесе де, Ләззаттың ой-санасында өзгеріс бар. Нияз тарапынан әлдебір қашқақтауды, салқындықты мойындағысы келмегенмен, сезеді. Жазушы осы ретте бас кейіпкерін тағы бір қырынан аша түседі. Ол – шындыққа тіке қарауға ұмтылыс. Шын ғашықтық сезіміне беріліп, өзін дүниеде теңдесі жоқ бақытты санаған Ләззаттың Нияздың қасынан «сұңғақ бойлы, ақ сұр» қызды көруі оның көңіліне қаяу түсіріп, арманын аяқ асты етеді.

Повесть тек махаббат мәселесіне ғана құрылмай, ақындық өнер, талант және дарынсыздық проблемасымен іштей ұштасуы шығарма тынысын кеңейтіп, образдарды тұлғаландыра түскен. Ләззат, Нияз бейнелерінен өнердің барынша күрделілігі, өнер ортасының күнгейі мен көлеңкесі қатар көрінеді.

Шығарманың бас кейіпкері Ләззат оқырманға барлық сезім-сырларымен толық көрінеді. Оның қуанышы мен күйзелісі, өкініші – оқырманға да етене жақын сезім-күйлер. Оқырман Ләззаттың басындағы әр алуан жайлармен тікелей эмоциялық қарым-қатынаста болады. Мұның бір себебі туындыда адамдық қасиеттердің боямасыз шынайы көрінуінде.

Тахауи Ахтановтың образ жасау шеберлігі барлық дерлік шығармасынан айқын көрінеді. Образ жасауда психологиялық амал-тәсілдерге, көркемдік құралдарға сүйенеді. Жазушы образдары шынайы суреттеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғ.Мүсірепов. Әдеби сыночерк. А., ҚМКӘБ, 1956.
2. Ахтанов Т. Қаһарлы күндер. Роман. А., ҚМКӘБ, 1956.
3. Ахтанов Т. Махаббат мұңы. Повестер мен әңгімелер. А., ҚМКӘБ, 1960
4. Ахтанов Т. Шырағың сөнбесін. Роман. Ант. Драма. А., «Жазушы», 1973
5. Ахтанов Т. Шығармалар Бес томдық. I, II том. «Жазушы», 1983; III, IV том. А., «Жазушы», 1984; V том, А., «Жазушы», 1985.

ПРИМЕНЕНИЕ БАЗ ДАННЫХ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Жилкишбаева Гульназ Сейтбековна

*Кастийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан*

В век информационных технологий объемы информации достигают невероятных размеров. Одним из наиболее удобных способов хранения и использования информации является использования баз данных. Однако не всегда удобно обеспечить доступ к данным, как преподавателю, так и обучающемуся. Возросший интерес к использованию баз данных в учебных заведениях объясняется следующими причинами: базы данных являются хранилищем специально организованных и логически связанных информационных элементов; состоят из самих данных и их описания; представляют собой сконструированную совокупность фактов, относящихся к определенному предмету. Например, база данных является отличным местом для хранения тестовых наборов данных, которые обучающиеся решают практически ежедневно. Однако отсутствие единого формата всех тестов усложняет процесс при их создании и дальнейшего изменения. Также использование различных СУБД в пределах одной школы затрудняет процесс взаимодействия между различными базами данных. С другой стороны, использование баз данных позволяет упростить процесс доступа к тестам, из-за грамотной логики хранения тестов. А при использовании единой СУБД для всего учебного заведения проблема «столкновения» разных СУБД исключается. Существует огромное количество программ, которые позволяют организовать информацию и поместить ее в таблицу. Однако это не означает, что любая из программ предоставляет широкие возможности по эффективному управлению базой данных. Например, программы

подготовки текстов имеют очень ограниченные возможности при их использовании в качестве систем управления базами данных [1].

Если имеются список обучаемых, преподаватель, результаты контроля знаний по разным темам и предметам, посещаемости занятий, результаты учебной деятельности обучаемых по различным дисциплинам, информация об имеющейся методической документации, можно провести анализ данной информации. Анализ данных является одним из важных этапов при комплексном тестировании. Анализ может быть встроен в приложение, так и быть отдельным приложением куда загружаются данные. Такой подход исключает ошибку преподавателя при проверке результатов, а также отображение результатов происходит более наглядно. Немаловажным является сравнение результатов с предыдущими попытками обучаемого при прохождении теста. В базе данных должны быть зарегистрированы все обучающиеся, их оценки и время, которое ушло на выполнение того или иного задания, а также должна быть предусмотрена возможность просмотра письменных ответов обучающихся или прослушивания устных ответов. Результаты могут быть представлены в виде диаграмм или графиков, перенесены в другие документы для редактирования. Дальнейший поиск в области создания и использования баз данных в системе образования привел к появлению так называемых баз знаний. База знаний является более сложной системой, которая представляет собой организованную совокупность знаний, хранящихся в памяти компьютера. Эти знания представлены в форме, которая допускает автоматическое или автоматизированное использование данных знаний на основе реализации возможностей средств информационных технологий.

База знаний учебного назначения представляет собой информационную систему, содержащую систематизированные сведения из определенной предметной области, модель конкретной предметной области, а также данные о формируемых умениях обучаемого и способах использования этих умений. Учебная информация в базах знаний может быть представлена в виде текста, графиков, иллюстраций, анимационных роликов, видеофрагментов. Данные о формируемых умениях обучаемого обрабатываются в системе управления базами знаний с помощью специальных языков, что позволяет контролировать процесс обучения и управлять им. По своим возможностям базы знаний представляют собой упрощенный вариант экспертной обучающей системы или ее часть [2]. Использование базы данных в совокупности с базами знаний упрощает учебный процесс и взаимодействие между учителями, и родителями. Приложение с базой данных позволяет решать и просматривать результаты в режиме реального времени и анализировать их.

ЛИТЕРАТУРА

1. Sagiroglu, S., & Sinanc, D. (2013, May). Big data: A review. In 2013 international conference on collaboration technologies and systems (CTS) (pp. 42-47). IEEE.
- 2George, G., Haas, M. R., & Pentland, A. (2014). Big data and management.
3. Бурняшов Б. А. Базы данных в методическом обеспечении изучаемых в вузе учебных дисциплин // Современные проблемы науки и образования. 2016, № 5.

ГҮЛНӘР САЛЫҚБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕЛЕР

Симбаева Айгүл

Ш.Есенов атындағы КТИУ магистранты

Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова,

Ш.Есенов атындағы КТИУ профессоры, ф.ғ.к., Ақтау, Қазақстан

Символ – ақынның дүниені поэтикалық қабылдау ерекшеліктеріне байланысты көркемдік танымның маңызды шарттарының бірі. Сезімсіз лирикалық өлең тумайды. Шынайы поэзиялық туынды – ой мен сезімнің жемісі. Ақынның (немесе лирикалық кейіпкердің) ішкі жан-күйі бір сөз немесе бір құбылыс арқылы көрінуі мүмкін. Осылайша ішкі түкпірден жасалып, тереңнен түзілген адам жаны символ арқылы көрініс табады. Тұтасқан көркемдік әлемнің бөлшегі ретінде символ барлық халықтар әдебиетінде кездеседі. Мысалы: аққу – таза махаббаттың, адалдықтың, арудың; қарға – қара ниеттің; нан-тұз – қонақжайлық, достық, дархандықтың; қыран бүркіт – алып күштің, алғырлықтың, ержүректіліктің; шәңгіш өсімдігі (калина) – сұлу қыздың, лотос өсімдігі – аспан әлемінің, арыстан – айбарлықтың, гүл – нәзіктіктің, шынайылықтың символы; т. б. Символдардың белгісі айтпақ ойды астармен білдіру, жеткізбек идеяны басқа зат-құбылысқа балап, меңзеп көрсету. Нақтылы бейнемен салыстырғанда символдың мәні әлдеқайда кең де көлемді. Символдың образдық астарында терең мән жатады, тағдыр, өмір сырлары, құпиялары жатады. Лирикалық өлең ақын жан дүниесінің тылсымдарына жол салады. Өмірді өзінше бейнелейді.

Ақын Г.Салықбаева өлеңдеріндегі бояу-реңк символикасына назар салсақ, бір ғана «Жан» өлеңдер жинағында *әппақ қайғы, әппақ мұң, әппақ тіршілік, айдың ақ қабағы, арманның әппақ кеңістігі, қаракөк түн, қара қар, қара судың қызылсары қабығы, сұр дала, сұр қала, сұр мекен, сұрғылттанған көгілдір әлем, сап-сары қала, сарғайған жүрек, сап-сары бақ, қып-қызыл күн, көгілдір ай, көгілдір кеңістік, сары ғашық, көгілдір күн, қызыл адам, жасыл адам, жасыл көңіл, жасыл үн; т.б.* символдар кездеседі. Г.Салықбаева өзіне дейінгі поэтикалық дәстүрді дамыта отырып, түр-түске байланысты эпитеттерді шебер қолданады. Бұл қолданыстардың ішінде абстрактылы құбылыстардың да түстері бар. Бұлардың бәрі ақынның ішкі түйсіктер дүниесін ашады.

Сені көрдім,
Бәрі де бекер бірақ,
Көре-көре көздерім өтер жылап.
Әппақ қайғым бар еді –
Әппақ түнде

Әппақ мұңға оранып көтерді бақ. [1, 47].

Осы өлеңдегі *әппақ қайғы, әппақ түн, әппақ мұң* бейнелері ақынның белгісіз бір әлемді аңсауынан, тылсымды іздеуінен туындаған образдар. «Бақ атаулы арман етер жоқ құсты, Күннің көзі қызыл емес, көп түсті», - дей келіп, жарық дүниені, өмірді түстермен белгілей отырып, әр түске мағына дарытады.

«Жүдетсе де дүниенің жыртығы, Көңілді аулап Күннің қызыл кірпігі», - дейді ақын. «Күннің қызыл кірпігімен» нұрланған ақын бұл бейнені жалпы поэзиясының сүйікті образы еткен. Замандастарымен қатар «алғашқы қадамынан-ақ поэзияда қалыптасқан қасаң, шаблондық көру жүйесіне, канонға айналған образ-өрнектердің мызғымастығына дау айта келген» ақынның бірі – Гүлнәр Салықбай [2, 337].

Таң да,
Түс те
Кеш,
Түн де
Таңырқата қоймайды.

«Керегім жоқ ешкімге!» – [3, 18], - деп жалғыздық жайлы ойын ерекше білдіреді. Поэзиясындағы бейкүнә шарасыздық пен нәзік сезімдердің ағымы ақын шығармашылығындағы лирикалық тұлғаның рухани жаңа сапасын танытады.

Айналамда
Аңыраған жел,
Есіркеген,
мүсіркеген ел.
Маған дегің келмесе егер:
«Өл!», – кел.
Мені ұшырған
бақыт,
әлде сор,
Тоқтата алмай
ешбір темір тор.
Құлау үшін кетіп барам көр.
Сенен ешкім
сұрай қоймас құн.
Тек бір рет жыла
сонда шын.
Айналамда
Аңыраған жел,
Түн [3, 55].

Гүлнәр өлеңдерінің құрылымдық жағы да аса ерекше. Ол негізінен алғанда ұйқас қуып, сөз ойнатуға аса ұмтылыс білдірмейді. Мысалға келтірілген өлеңнен байқайтынымыз, ақын өлең тармақтарын белгілі бунақтардан «сындыру» арқылы композициялық құрылымның өзгеше түрін жасақтаған. Екінші жаққа белгісіз біреуге қарата айтылатын ойдан лирикалық кейіпкердің басындағы драматизмді көреміз. Белгісіз образ немесе бейне – бұл ақын шығармашылығындағы идеал-тұлға сияқты. Оның құтқарушы күш екені айдан анық. Алайда ол жаратушы тұлғасына жетпейді, адам тұлғасынан биік тұрады. Осындай идеал-образ (сен, сіз) Г.Салықбаеваның да шығармашылығынан орын алған. Қыз ақындардың физиологиялық ерекшеліктеріне қарап, бұл ретте оны нақтылы ер адам ретінде қарау әбестік болар. Алайда олардың нәзік жандары, сезімтал жүректері ер-азаматқа қарағанда дүниені басқа қырынан қабылдайтыны анық. Әдебиетте ақын үшін өлеңнен артық, өлең жазудан қиын ештеңе жоқ. Егер өлеңнен артық бірдеңе пайда болса, өлең жазу оңайға айналса, онда оның ақын деген атына күмәнмен қарай бастасаңыз болады. «Жұмағамдар, бірі тірі, бірі өлі», «Нең бар, бала, – демей ме екен, – өлеңде?!» деген жолдардан Гүлнәр Салықбай үшін өлеңнен артық дүние барын көрмейсіз. Ақын көңілінің өлеңге деген іңкәрлігі, махаббаты, адалдығы оның бүтін шығармашылығында жиі кездеседі. Сірә, бұл бүкіл ақындарға тән құбылыс болса керек. Өлең туралы өлең жазып, ақын атын қорғайтын әдеттінемен байланыстыруға болатынын бірден айту қиын. Оның өлең туралы этикалық пафосы оқырманын таңғалдырмайды. Сендіреді. «Өлеңнен адасып қалатын» ақын: «Өмірдің өзі – ұйқаспайтұғын, ақыры жұмбақ ақ өлең», – дейді. Өлеңін өмірім деп түсінген ақын өлеңнің ішіндегі өлеңнен адасып қалатын шығар, бәлкім... Тіршілік қамымен, қызмет бабымен өлеңнен адасып, алыстап қалатын шақ ақындарда аз болмайды. Көп ақындарымыздың тіршілік үшін де өлеңнен алыстап кеткенін білеміз. Олар туралы қатарластары да «Жақсы ақын еді. Жазбай кетті» деп жатады. Ал Гүлнәр болса өлеңнен адасады. Бірақ оны жоғалтпайды. «... Ең қызығы, осындай қапылып жатқан кезде тұманда адасып жүрген бір сәуле сияқты болып бір нәрселер келеді. Одан да айырылып қаласың. Кейде бір жерлерге түртіп қоям, бірақ біраз уақыт өткен соң тура сол күйге қайта түсе алмайсың, сондықтан жалғаспай, әр жерде шашырап қала береді. Кейде үзілген ойдың жалғанатын кезі де болады, бірақ өте сирек» деп ағынан жарылған сөзі 200 де бір өлеңді түсіндіреді. «...Өмірдің өзі – ұйқаспайтұғын, ақыры жұмбақ ақ өлең...» деген ойы өмірді тек

өлең деп қана түсінуге болмайды дегенді меңзеп тұрғандай сезіледі. «Ақ өлең» деп ақын нақтылап тұрғанын ескерсек және тура түсінсек, ақ өлеңде ырғақ пен ішкі ұйқас болғанымен, оған проза да тән. Демек, өмір күрделі, қатқабат. Прологы мен эпилогы бар, тұтас шығарма. Сол шығарманы бүтіндей алып қарағаныңда, «ақ өлең» (поэзия) болып елестейді. Ақын үшін өмірдің өлеңге ұқсауы заңды да. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деген Абай өлеңімен әлденедей байланыс іздеп әлек болатының сондықтан шығар. Қалғып кетсең, ашады қатер есік, Қандайлығын кім білсін түсі бақтың. Емделем деп өлеңмен, қателесіп, Жазылмайтын дертіне ұшыраппын... [3, 120].

«... Өмір деген – үңгірлерге үңілу,
Содан кейін түңілу!».

Гүлнәр Салықбай осындай тосын теңеулерімен де ерекше көрінеді. Өлеңді өмірге, өмірді «үңгірлерге үңілу, содан кейін түңілу» деп суреттеген ақын ойына тосырқап та қарайсың. Өмір жайлы осыған дейінгі жазылған өлеңдердің озығы. «Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай, өмір деген – көк аспанның күркірі» деген ақынның еншісінде деп ойлаймыз.

Ал мына теңеу тым тосын. «Бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» принципімен өгіп жатқан тіршілікті, бәлкім, тура осылай айту керек шығар. Іздегеніңнің бақыр да болмауы мүмкін. Ол жай шартты нәрсе ғой. Әйтеуір алдыңа қойған мақсатыңа жету үшін, іздегеніңді табу үшін «үңгірлерге үңілесің». Таппайсың. Адасасың. Содан кейін түңілесің. Үңгірлерге үңілу арқылы басыңды қатерге де тігесің. Өйткені, «қандайлығын кім білсін түсі бақтың». Содан ақын жалғыз жұбанышы өлеңімен жаныңды емдемек болады. Бұл оның қателігі екенін сәл кешірек түсінеді. Мүмкін мүлде қателік те емес. Үңгірлерге үңіліп іздегені тап осы өлең шығар! Ақын содан кейін де «...қара түннің көзінен сорғалап келе жатқан бір өлеңді» көріп қояды. Іздегенін тапқан соң, одан әрине, безіне де алмайды.

...Суырылып топтарда сөз алмадым,
Өміріме жетер деп өз алғаным.

Түңілгенмен тайғақтау тағдырымнан,
Бірақ, өлең, өзіңнен безе алмадым [3, 91-94].

Жоғарыда Гүлнәр поэзиясының бір ерекшелігі тосын теңеулерінде деп айтқан едік. Ақын қарапайым өлең жазып отырып, оқыс бұрылыс жасайды. Қиялын тізгіндемей, тапқырлыққа барады. Бірақ Гүлнәрдың тапқырлығы Қадыр ақынның дидактикасына мүлде ұқсамайды. Тіпті, кейінгі ақындардың тапқақтап кететін тапқырлықтарына да келмейді. Одан гөрі әңгімелесіп отырып, оқыс сұрақ қойып, есінді шығаратын сұхбаттасқа ұқсайды. Ойландырады. Жүйкеңмен ойнайды. Дегбірінді қашырады. Осының бәрі ақынның ішкі қуатынан туады. Мен білмейтін адамдар: көшелерде, үйлерде, жаназада, жарыста, емханада, билерде. Мен білмейтін адамдар – қуанады, күледі, Мен білмейтін өмірін өздерінше сүреді. Мен білмейтін адамдар – (мен де соның біреуі), Өзге түгіл өзін де түсіне алмай жүреді... 201 Қаламымен жазылған құдіреттің көктегі, Мен білмейтін адамдар – жұмбақ кітап беттері. Мен білмейтін адамдар – көрінбейтін ұшқаны, Тас үйлердің ерекше тағдыры бар құстары. ...Тереземді ұратын тамшылардың тырсылы – Мен білмейтін адамдар – жүрегінің дүрсілі... [2, 47]. Бәйіт үлгісіндегі осы өлеңнің өзегі – жаратылыстың ұлылығы болып табылады. Адам болмысының мәңгілік шарасыздығы, жұмбақтығы. Лирикалық кейіпкердің кіріптар психологиясы. Ақын мына жаратылысты мәңгі жұмбақ қалпында таниды. Тек өзіне жақындатқысы келеді. Ал жақындықтың, туыстықтың ең жақсысы жүрек сөзін есту. Соны ұғу. Гүлнәр өзі тапқан жұмбақтың шешуін солай іздейді. «... Тереземді ұратын тамшылардың тырсылы – Мен білмейтін адамдар – жүрегінің дүрсілі...». Бұдан артық жақындау, жақсы көру мүмкін емес сияқты.

«Адамзаттың бәрін бауырым деп сүйер» бір қауым болса, олар – ақындар-ау.

Түн.

Терезенің ар жағы – Түтін.

Түн.

Терезенің ар жағы – Құм.

Түн – Сүйікті жатым.

Түн – Саған хатым.
Кім еді атың?... [3, 110].

«Кім еді атың?» деп жай аяқтала салған өлеңнен әдеттегі төгіліп тұрған өлеңнің кейпін көре алмайсыз. Ұйқасы, ырғағы бар, бірақ төгіліп тұрған қара өлеңнің болмысы жоқ осы жырдың бізді қызықтырғаны ақын түйсігінің дәлдігі, танымының кеңдігі, қиялының ұшқырлығы. Мұндай формалық ізденістер қазақ поэзиясына жат емес еді. Кейінгі ақындарға Абай қалдырып кеткен үлгісінің бір жемісі. Формалық жаңалықтарға хакім поэзиясы да бай. Одан кейінгі ақындардың көбі орыс, Еуропа ақындарының үлгісімен төрт тармақты өлеңдердің шеңберін бұзып, өлең өрістерін кеңейтті. Бұл өлеңнің алғашқы екі бөлігі сызықшадан кейін сындырылып жазылғанымен, екі тармақты, он буынды өлең екенін көреміз. Екі тармақты өлең, жалпы, Шығыс поэзиясына жат емес. Жай оқып тамсану үшін емес, терең сезініп, елестетуге, ойлануға жазылған өлеңнің фонынан пейзажды көреміз. Бер жағында лирикалық кейіпкердің жан дүниесі. Ол Гүлнәрдың өзінің пәлсапасы. Егер картина ретінде көз алдымызға елестетер болсақ, бөлме ішінде хат жазып отырған бикештің жүзіндегі сағыныш пен мазасыздық күйін аңғаруымызға болады. Менің көз алдыма осы өлең картина күйінде келеді [4, 110].

Гүлнәр Салықбайдың поэзиясында лирикалық кейіпкер біреу ғана. Оның өлеңдеріндегі дауыс бір ғана кеудеден шығады. Психологиясы да біреу. Сезінуі, кешіруі де, айыптауы да, сағынуы, жерінуі де бір. Ал түр, форма жағынан келгенде сан 202 алуан. Кей өлеңдеріне қарап пәлсапаның ақыны деп түйсең, кейде сезімді ғана жырлайтын ақын шығар дейсің. Жалпы, өлеңдерін оқырманы күтпеген жерден аяқтау ақын поэзиясының ерекшелігі деуімізге де болады. Оны қарапайым аяқтағанымен, ойсыз, мақсатсыз да тәмамдай салмайды. Ойының бар түйінін, өлеңнің бар салмағын және оқырманын ойландыратын ең ауыр сұрағын, сосын сол сұрақтың ішіндегі еріксіз мойындайтын ең ауыр жауабын да аяғына қалдырады. Осы өлеңін бір ырғақпен сыдырып оқып шығуымызға да, әрі екі тармағына үңіліп, асықпай оқып шығуымызға да болады. Екі түрлі оқу да адамға әсер етеді. Бірақ әсері де екі түрлі болмақ. Негізгі айтпақ ойын, нақты меңзеген нәрсесін символдық сөздерге жасырған. «...Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқан екен. Оқырман міндеті айтылған дүниені түсінуге жарау болса керек... Мына дүние бәрімізге ортақ. Сол ортақ дүниені ақындарымыз өздерінше жырлайды [5, 126].

Г.Салықбаеваның шығармашылығындағы көркемдік өрнектер өрісі кең және көркем кестелі. Лирикалық туындыларының қайсібірін алмайық, ажарын ашып, дәмін келтіретін келісті тіл өрнегі ақында жеткілікті. Г.Салықбайдың жырларындағы ең айқын көрінетін, ақын ретінде басқалардан ерекшелендіретін қуат – айрықшалық – психологиялық драмалардың молдығы мен шынайылығы. Мұндай деңгей шын мәніндегі толысқан, кемеліне келген дарынға тән. Ендеше, Г.Салықбай жырларының қазақ лирикасындағы ай дидарлы, айрықша үлесі – қазақ өлеңіне қосылған қымбат қазына.

«Символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Ең бастысы – символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға бір түрлі сыршыл сипат береді» [6, 219], - дейді академик З.Қабдолов.

Әр ақын ұғым-түсінігі мен сөз байлығына байланысты сан алуан бейнелі образдар жасайды. Символдық бейнелер ақындардың ойлау шеберлігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Салықбаева Г. Жан. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1995.
2. Қамшыгер С., Жұмашева Қ. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 480 б.
3. Салықбаева Г. Түс. – Астана: Астана полиграфиясы, 2010. – 240 б.

4. Салықбай Г. Аспандағы аңсарым. – Алматы: Жазушы, 2001. – 192 б.
5. Ержанова С. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2010. – 320 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

ӘЛ-ФАРАБИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИ ТЕРМИНДЕР

Жарылғасын Зияда Ақниязқызы

«А.Өтепбергенов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

тарих пәнінің мұғалімі, Ақтау, Қазақстан

Аты әлемге әйгілі Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінен нәр алмаған, сусындамаған, ұлы ғұлама жүріп өткен ғылым сүрлеуіне қызықпаған, құмартпаған ғалым жоқ деп айтуға болады. Әбу Насыр әл-Фараби есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Дүниежүзі ғалымдары Шығыстың Аристотелі деп мойындаған ұлы ойшыл қаламынан жүз елуден астам трактаттар дүниеге келген. Оның қаламына арқау болған ғылым салалары: философия мен логика, математика мен физика, астрономия мен ботаника, тіл мен әдебиет, медицина мен музыка. Осы еңбектерінің ішінде философия мен әлеуметтану, этика мен эстетика мәселелері ерекше орын алады деп айтуға болады.

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғалым өзінің әдебиетке қатысты негізгі теориялық ой-пікірлерін: «Риторика», «Поэзия өнерінің каноны туралы трактат», «Поэзия өнері туралы», «Ғылымдарды классификациялау туралы трактат», «Өлең және ұйқас туралы сөз» және т. б. еңбектерінде саралайды. Ғалымның осы еңбектеріндегі теориялық ойлары мен көркемдік-эстетикалық пікірлері әлі күнге мәні мен маңызын жойған жоқ. Ғылымның айтылған саласын зерттеу барысында өзінен бұрынғы ұлы философтардың сара жолымен жүріп, олардың дәстүрлерін бойына сіңіріп, дамытты. Әдебиет зерттеушісі ғалым Н.Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты кітабында әл-Фарабидің «Өлең кітабы» трактатынан: «Біз поэзиясымен хабардар болған көптеген халықтарға қарағанда арабтар өз поэзиясында бәйіттің соңғы жағына көбірек мән береді. Сол үшін де араб бәйіттері белгілі бір өлшемдегі шектелген сөздермен толықтырылады, көркемделеді. Мұндай жағдайда қолданылатын сөз тіркестері ырғақты, белгілі бір бөлшектерге жіктелген болуы керек, тіпті ондағы әрбір ритм, ырғақ, буын, бунақ саны да шектеліп тұруы шарт. Бәйіттегі сөздерде әңгіме не туралы айтылып жатқан болса, соған ұқсас етіп, бейнелі түрде айтылуы тиіс. Сонымен бірге бәйіттердің бір-біріне үндес болуы да талап етіледі» деген мысалдарды келтіреді: [1,119]. Әл-Фарабидің әдеби мұрасын зерттеушілер оның «Поэзия өнерінің каноны туралы трактатында» поэзия жанры туралы ой-пікірлерін өрбіте келіп, осы өнер саласында жүрген ақындар мен олардың дарындылықтарының ара жігін айыратынына көңіл аударады. Бұл бойынша автор шайырларды табиғи дарынына, арқалылығына, логикалық ойларына, ұйқас пен үйлесімді сақтауына қарап, үш топқа бөледі. «Біріншісі — өлең жазып, оны оқуға қабілетті, табиғи дарыны барлар. Бұлар поэзияның көптеген түрінде көркем бейнелілікке, тамаша ұйқастар мен теңеулер жасауға шебер. Сондай-ақ, олар өлең өнерінің сырымен, сын-сипатымен, теориясымен жақсы таныс болмаса да, алғырлығы мен асқан дарындылығының арқасында жырлары өткір, әрі тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Ұлы бабамыздың поэзия өнері жайында жазған теориялық ой-пікірлерін сол замандағы мықты ғалымдар жоғары бағалаған және «ақындар падишасы» деп ардақ тұтқан.

«Поэтикалық пайымдаулардың (А.Нысаналин «ақындық түйіндеу» деп келтіреді) өлшем мен мазмұнға қарай жіктелетінін айта келіп, Фараби өлшем бойынша жіктеулерді музыканттың немесе просодистің үлесіне жататын тіл мен әуеннің тегіне қатысты дүние деп білсе, мазмұн жөніндегі ғылыми жіктеулерді символдарды түсіндіріп, поэзияны талдаушы, поэтикалық идеяларды, түрлі халықтар мен мектептерге тән поэзияны зерттеуші қауым өкілдерінің еншісінде қалдырады. Фараби көптеген халықтардың поэзиясында мазмұн мен өлшем арасына шек қойылмай, аралас қолданылатынын, бұл мәселеде қатаң қағиданы тек

көне гректер ғана сақтағанын айтады. Әрине, Фараби бұл жерде поэзияның әрбір түріне белгілі бір өлшемді ғана қолданатын көне гректік өлең қағидаларын үздік үлгі ретінде ұсынғалы отырған жоқ. Өлшем мен мазмұнның қатаң қағидаларға бағындырыла бермеуі түрлі халықтардың дүниетанымындағы, көркем ойлауындағы, сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерге байланысты екені айқын. Фараби тек қатаң сақталатын қалыбы бар, теориялық тұжырымға салуға икемді, ең бастысы, біршама зерттеулерге арқау болып үлгерген грек поэзиясын толымды талдауға лайық және танымдық мәні бар объекті ретінде алады». [2, 619]

Әл-Фарабидің әдебиет теориясымен жан-жақты шұғылданып, әдеби терминдердің атауларының қалыптасуына көптеген зерттеулер жазған ғалым екендігін нақтылауға оның анықтамаларынан мысалдар көруге болады.

Сонымен Әл-Фараби көне грек поэзиясын жіктеп, саралап мынандай түрлерге бөлінеді:

Трагедия — арнаулы өлшемі бар, тыңдаушыға да, айтушыға да ләззат беретін өлең түрі. Трагедияда өзгелерге үлгі-сабақ боларлық жақсылы-жаманды істер сипатталады, билеушілер марапатталады. Музыканттар әдетте трагедияны әміршілердің алдында орындайды. Әмірші дүниеден өткен жағдайда трагедияға жоқтау сарыны бар өлеңдер қосылады.

Дифирамб — трагедиядан екі есе артық өлшемі бар өлең түрі. Дифирамбта жекелеген адамдарға емес, жалпы адам баласына ортақ абзал мінездер, ізгі істер, сондай-ақ күллі адамзатқа қайырлы істер жасаған дара тұлғалар дәріптеледі.

Комедия — арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Комедияда келеңсіз, оғаш жайттар суреттеліп, адамдардың мінез-құлық, іс-әрекетіндегі ұнамсыз көріністер шенеледі. Жекелеген тұстарда кейбір адамдар бойындағы жануарларға тән жағымсыз, жиіркенішті мінездер баса көрсетіледі.

Ямб — бұл да арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Ямбта мақал-мәтелдер секілді жақсылы-жаманды істерді сипаттайтын нақыл сөздер келтіріледі. Бұл өлең түрі соғыстар мен дау-жанжалдар кезінде, ашу-ызалы сәттерде қолданылады.

Драма — алдыңғы түр тәрізді поэзия жанры. Ерекшелігі сол — мұнда белгілі бір адамдарға, жеке тұлғаларға арналған ой түйіндері, нақыл сөздер қолданылады. Айнос — жоғары шеберлікпен жазылған, көркем де келісті пайымдауларды қамтитын өлең түрі.

Диаграмма — тәртіпке бағынбайтын, тезге салуға көнбейтін адамдардың жанын қандай жан түршігерлік азаптар күтіп тұрғанын сипаттайтын заң шығарушылар қолданатын өлең түрі.

Эпос және риторика — өткен дәуірлердегі саяси және құқықтық тәртіптер суреттелетін поэзия жанрлары. Өлеңнің бұл түрлерінде сонымен қатар билеушілердің өмір-салты мен іс-әрекеттері, ел басқарған кезеңі мен сол тұстағы айтулы оқиғалар баяндалады.

Сатира — белгілі өлшемі бар, музыканттар ойлап тапқан өлең түрі. Олар өздерінің әндері арқылы аң кейпінде киінген адамдар мен әртүрлі жануарларды таң қалдырарлық, әдеттен тыс қимыл-қозғалыстар жасауға мәжбүр етеді.

Поэма — жақсылық пен жамандықты, дұрыстық пен бұрыстықты бейнелейтін өлең түрі. Мұндай өлеңдердің әрбір түрі өзі сипаттайтын үлгілі, жарқын немесе келеңсіз, айыпты жайттарға сәйкес келеді.

Амфигенезис — жаратылыстану ғылымдарын сипаттау мақсатында жаратылыстанушы-ғалымдар ойлап тапқан өлең түрі. Поэзия жанрларының ішінде өлең өнерінен алшақтау жатқаны — осы түр.

Акустика — шәкірттерді музыка өнеріне баулу үшін қолданылатын өлең түрі. Оның қолданылу шеңбері осымен шектеледі, ол басқа салаларда қолданылмайды [3.36–38].

Ал Фараби ұғымында өлең еліктеу, яғни образ тудыра алса ғана — өлең, тудыра алмаса, өлең емес. Трактаттар контексіндегі “образ” ұғымының астарында кейіпкер бейнесі ғана емес, өлең өнеріне тән күллі көркемдік жатқаны айқын. Қазіргі әдебиет теориясы да образ ұғымына осы тектес анықтама береді. Сондай-ақ өлең өнерінің бітім-болмысы лиризмге, эмоцияға, экспрессияға бейім екендігін ескерсек (“Поэзия — эмоция, проза —

сюжет”), Фарабидің амфигенезиске берген бағасы — оның поэзия табиғатын тап басып тани білгендігінің айқын айғағы деуге болады.

Фарабидің өзі ескерткендей, осы көрсетілген грек поэзиясы түрлерін осы тұтас қалпында түпнұсқадан тауып, аударма көшірмесін беріп қана отырған жоқ. Зерттеушілердің анықтағанындай, «поэзия жанрларын бұлайша жіктеу Аристотель туындыларында кездеспейді» [1.15]. Мұның өзі көне грек поэзиясын талдап-түсіндірмес бұрын оны саралап, жіктеуде, көзқарастарды тиянақтап, тұжырымдауда әл-Фарабидің қосқан үлесі елеулі екенін көрсетеді. Теңеу сөздерге талдау жасағанда Фараби олардың көркемдік дәрежесіне қарай жіктелетінін айта келіп, өзара ұқсас заттар арқылы ғана емес, бір-біріне мүлде ұқсамайтын заттар мен құбылыстар арқылы да теңеулер жасалатынын, оларды әсерлі де иланымды ете білу ақынның шеберлігіне байланысты екенін атап көрсетеді. Фарабидің “теңеу” ұғымының аясында онымен табиғаты туыс бейнелеу құралдары — ауыстыру, шендестіру, сипаттама (эпитет), параллелизмдерге тән сипаттар қамтылғанын аңғару қиын емес. Әл-Фарабидің поэтика мәселелерін талдаған екінші бір еңбегі — «Поэзия өнері туралы трактат». Еңбектің кіріспесінде араб өлеңінің құрылысына тән ұйқас пен ырғақ, өлшемдер, образдылық, үйлесімділік мәселесі сөз болады. Фараби сондай-ақ әуен (музыка) мен өлеңді бөле-жармай бірге қарайтын халықтар мәдениетіндегі қос құбылыстың табиғатына тоқтала келіп, «өлеңді әуенмен айтушылар әуеннің ырғағын бұзып алудан қалай сақтанса, өлең өлшеміне нұқсан келтіруден де солай сақ болуы қажет» деген тұжырым жасайды [2, 619]. Тек бұл трактатта ғана емес, музыка мәселелерін талдаған еңбектерінде де Фараби өлең мен әуеннің байланысына үнемі мән беріп отырады. «Әуен өлеңмен үйлескенде әлдеқайда әсерлі естіледі, мұндайда (өлең) сөз де мәнерлірек бола түседі» деп жазады ғалым [4]. Әуеннің поэзияның белгілі бір түріне бейімделетіні, қолданылатын тілдің синтаксистік құрылымына тәуелді болатыны, диалектикамен байланысты қос құбылыс — поэтика мен риториканың заңдылықтарына әуеннің де бағынатыны жайындағы ғалым тұжырымдары синкретті фольклор жанры басты роль атқарған, әуен мен өлеңнің ара-жігі ажырап болмаған ортағасырлық мәдениеттің болмыс-бітімімен тығыз байланыста туындаған. Фараби ұғымында өлеңге қойылатын басты екі талап — өлшем және еліктеу (образдылық). Екеуінің бірі кем болса, өлең өлең болудан қалады. Бірі артық болса да солай. Осы соңғы құбылысты да ғалым сарабал сан елегінен өткізген: сөз мағынасына лайықты пішін қолданбай, образдылықты шектен тыс көп пайдаланған шешендердің риторикадан поэтикаға, ал шешендік сөздерді көптеп қолданған ақындардың поэтикадан риторикаға ауытқитынын ғалым айқын мысалдармен дәлелдейді [2, 619].

Жоғарыда бірнеше ғалымның Әл-Фарабидің әдебиеттану саласына қосқан өлшеусіз үлесін саралаған ғалымдардың қай-қайсысы да Аян Нысаналин еңбектеріне сүйеніп, сілтеме алғандығын көрсеткен. Демек, әл-Фараби еңбектерінің ғылыми айналымға қосылып, кейінгі ұрпақтарына рухани мұра боп жетуіне Аян Нысаналин зерттеулерін айрықша атауға болады.

Ұлы ғалымның өмірден өткеніне сандаған ғасырлар артта қалғанымен, еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтпай, қызмет етуін тоқтатқан жоқ.

Фарабитанушылар зерделеген ғылымның сан-қырлы саласының бір ғана бағыты әдеби терминдер түзілісінің қазіргі таңда өзектігін жоғалтпай, үзіліссіз жалғастығын тауып келе жатқандығы осының айғағы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991. 264 б.
2. Таскалиева А. К. Әл-Фараби — әдебиеттанушы хақында... // Молодой ученый. — 2015. — №17.
3. Әл-Фараби. “Поэзия өнері туралы трактат”, Алматы, 1972.
4. А.Көбесов. Әбу Насыр әл-Фараби, Алматы, 2004. 9

СЕГІЗ (МҰХАМЕДҚАНАПИЯ) БАҒРАМҰЛЫ ШАҚШАҚОВТЫҢ КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ БЕЙНЕСІ

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы

филология ғылымдарының кандидаты

Ш. Есенов атындағы КТИУ доценті, Ақтау, Қазақстан

Қазақ тарихындағы қайталанбас дара тұлғалар, серілер туралы сөз қозғалғанда өз заманында асқан сері, беделді тұлға болған Сегіз сері есімі қатар айтылады. Сандаған сал-серілік дәстүрді ұстанған өнерпаздар өзінің ұстазы Сегіз сері болғанын өз өлеңдерінде, әндерінде жиі айтып отырғандығынан да оның белгілі тұлға болғандығы белгілі. Осындай болмыс-бітімі ерекше жаралған, біртуар талантты перзентін мақтан етіп, ұрпағына ұмытылмай жетуін мақсат еткен проза мен поэзия жанрында да біршама көркем туындылар жазылған болатын. Қазақ әдебиетінің алдыңғы буын өкілі ақын Қадыр Мырза-әлидің «Сегіз сері Баһрамұлы» атты өлеңінде оның есімінің «Сегіз» аталуына дейін ерекше мән бере жырлауының өзі қатарынан асып туып, серілік қонған дарынның бойындағы айрықша қасиеттердің басымдығын аңғартқандай.

Неге сегіз?

Сегіз қырлы болмысы,

Қалай сыймақ тар қалыпқа ол кісі.

Алдыңғысы болса болар тұлпардың,

Емес бірақ сәйгүліктің соңғысы.

Шырқағанда ғашықтардың атынан,

Көкірекке ұялаған жатық ән.

Неге сегіз?

Иықтағы жалғыз бас,

Бір ғана бас сегіз басқа татыған. [1,59]

Көз тоқтатар көркі бар, ұйып тыңдар үні бар, салмағы ауыр жүктерді үйіп-төгіп тартатын күші бар, өткен-кеткен тоқтап тамашалайтын өнердің барын бойына жиған айтулы дарынның осы есімді иеленуінің өзі бойына жиған сан-салалы, ғажайып болмысының арқасы болар. Міне, ақындық, әншілік, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, батырлық, палуандық өнерімен жалпақ жұртқа аты мәлім болып, елі сүйіп, еркелеткен өнерпаз серілердің бірі – Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов еді. Осы өнерпаз тұлға туралы ғалым Әлкей Марғұлан өзінің «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» еңбегінде «Көкшетау мен Обаған өлкесінде бірінші жарқырап шыққан өнер иесі Сегіз сері. Ол XIX ғасырдың басында туып, орта кезінде қайтыс болған кісі, өмірі Тәттімбетке өте жақын. Ол атақты сері, ақын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстаған дарынды жүйрік болған соң халық оны «Сегіз сері» деп атаған, ескі дәстүр бойынша «Сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді» [1, 29], деп көрсетеді.

Серінің көркем прозадағы бейнесі туралы айтар болсақ, Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаяты серінің тағлымды өмірі мен шығармашылығы туралы толымды мағлұматтар берілген көлемді еңбек деуге болады. Қадыр Мырза-Әлі Сегіз серіге арнаған өлеңіндегі деректердің барлығы да осы аталмыш еңбекте берілген.

Көмейіне құйып алған бал әнін,

Ә, дегенше өте шыққан бала күн.

Жендеттерге ертелі-кеш індеткен,

Ұстатпаған сағымындай даланың.

Маңдайға алып нағашы жұрт, батысты,

Өкшелеген өңкей итпен атысты.

Ел-жұрты үшін қуғын көрген қазаққа,

Құс төсектен қымбатырақ ат үсті [2, 51]. –

деген жолдарда Сегіз серінің «Қашқын келбеті» толғауындағы жүріс бағыты, қимыл-әрекеті көрініс берген. Қадыр Мырза-Әлі осы сегіз шумақ өлеңінде серінің әнші-ақындығына қоса, мергендігін, балуандығын, жомарттығын, темірден түйін түйген шеберлігін, зергерлігін, емсектігін (Жолда қансырап өлім аузында жатқан жас сардарды құтқарып, адам қатарына қосып, кейін өзіне атқосшы етіп алғаны Т.Сүлейменов еңбегінде айтылады) толығымен сыйдыра жырлаған.

Сегіз сері әдемілікті, әсемдікті, тазалықты сүйгені аян. Ендеше ақынның шабытын жани түсін, талантын тасытқан, арманына қанат байлатып, өлең өнерінде өрге бойлатып, сандаған сұлу әндердің дүниеге келуіне себепші болған ақша жүзді, ақ маңдай арулар екендігі де белгілі. Аталмыш мақаламызда Сегіздей серіге сұлу сазды әндер тудырып, шабыт сыйлаған сындарлы сұлулардың бейнесін Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаятындағы деректер арқылы саралап көрмекпіз.

«Сегіз он төрт жасында шығарған «Арман» атты өлеңінде ержеткенде өмірінің жақсы болуын аңсайды, болашақ жарының тұлғасын, жүріс-тұрысын, мінез-құлқын көз алдына елестетіп:

Ақша жүз, бота көзді, бойы сұңғақ,
Зайыбың шақырғанда келсе зырлап.
Не екенін атқарар іс білу үшін,
Сұрағын еппен қойып, күтсе тыңдап

Жан серік, қазір қымыз әкелем деп
Қайтарса сәніменен жақсы жауап.
Етегі қазине көйлек дөңгеленіп,
Ауыз үйге шыққанында етсе бұлғақ, – дейді [3,18]».

«Арманына қанат қақтырып, өзіне тең түсетін жар іздеген Сегіз Омбы қаласының түбінде тұратын Ахметқали деген ауқатты кісінің Мүкәрама атты қызына кездеседі. Ол осы бір аруды көргеннен-ақ Қызылжарда оқып жүргенде шығарған өлеңінде сипатталған сұлудың бейнесін танығандай болады. Ақыры, Мүкәрамаға ғашық болып, оған өзінің ішкі сырын білдіру үшін «Арман» атты өлеңін біресе әнге қосып, біресе тапқаптап айтып жүреді» [3,19]. Бірақ, қыз әкесі Ахметқалидың қарсылығына ұшыраған жас ғашықтардың бір-біріне өмірлік жар болуға жолы кесіліп, Сегіз: «Көркем қыз шақырған соң жуықтайын, Басқаны неге саған жуытайын. Өзіңе ықыласым ауғаннан соң, Қалайша, Мүкәш, сені ұмытайын», – деп «Арман» әніне лайық деп іздеп тапқан Мүкарамасына қол жетпесіне көзі жетіп, көңілі налып, сергелдеңге түскен жас жүрегінің арманын «Назқоңыр» туындысымен өрнектейді.

Сегіздің бұдан кейінгі сезімін қозғаған Ақбет атты аруға арналған «Ақбет», «Қыз келбеті», «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет» атты шығармалары ақын репутуарына орнығады. Ақбет ару ақынға көңілі құлағанымен, екеуінің жолы екі айрыққа түсіп: «Жапан түзге бәйтерек егіледі, Жапырағы жел соқса төгіледі. Аулың алыс қалған соң, беу, Ақбетжан, Қабырғам сынбаса да, сөгіледі, – деп, ғашықтық дерті жамалған жас ақын көңілі құлазып, махаббатының мәңгі ескерткішіндей аяулы әндерін шығарады.

Сегіз серінің осыдан кейінгі ғашықтық жырларының мазмұнында өзінің отарлау саясатын ұстанған жазалаушы жасаққа сардар болмай бас тартып, патшаға қызмет етпей қашқын болған кезеңдері көрініс беріп отырады. Кезінде Омбыдағы Азиялық мектепте білім алған Сегіздің соғыс ісіне өте шебер екендігін жақсы білетін генерал Горчаковтың ұсынысына келіспегендіктен кейінгі өмірі қуғын-сүргінмен өтеді. Бірақ қашқын өмірдің ащы сыбағалы тұстары да ақын шабытына тұсау бола алмайды. Бір ғажабы, ақын алғашқы албырт сезіміне ерік беріп, өзіне іңкәр еткен Омбыда қалған Мүкәрама сұлуды еш уақытта есінен шығармаған. Өзіне кездескен сұлулардың бойынан ұқсастық іздеп отырған. Кейін жазған «Ақ еркесі» де осы ғашығын жиі есіне алған сағынышынан туған ән екен. Мүкарамаға деген өшпес сезімі «Қашқын келбеті», «Кісем сұлу» шығармаларында да көрініс береді.

Ысық елінде өзін қадірлі қонақ еткен Истай Таймановпен үзеңгілес жүрген қарт сардар Қалдыбайдың сұлу қызы Ғайнижамалға ғашық болған Сегіз серінің атақты «Ғайни»

әні осы жерде туады. Ғашықтық жүрегін жаулап алған ақын сол жерде бір әннің сөзін сан құбылта шырқайды. «Қыз сипаты» мен «Ғайни» әнінің екі нұсқасы осылайша ел аузына тарап кетеді.

Жалғанда естен кетпес Ғайни атың,
Өртеген өзегімді перизатым.
Көркінді бір көруге аңсап келген,
Ақыны Сарыарқаның Сегіз атым –

деп ән арнаған ақын сұлу қыздан жауап ала алмай отырып «Құрбыма» деген өлеңін де осы жолы шығарған екен. Өзіне деген ғашық халін ұғынған Ғайни сұлу сері жігіттің тілегін қабыл алып, жастар келесі жылы бас қоспақ боп уәделесіп, Сегіз жолдастарымен сапарға аттанып кетеді.

Бірақ уәделі күні қосылмаққа серттескен сүйген серісін күтіп жүрген ару патша үкіметінің ел арасына шыққан жазалау жасағы халықтың жылқысы мен түйесін зорлықпен жинап, күшпен айдап бара жерінен қарсылық көрсеткені үшін оққа ұшып, қазаға ұшырайды. Жарым деп жанына балап жүрген жанның қазасы серіні ауыр қайғыға салып, «Ғайни» атты күйді шығарады.

Уәде етіп серттесіп, қол алысқан ару Ғайнидың өмірден өтуі де сері үшін оңайға тимейді. Сергелдең күйде, өзі қашқын кебін киген жігіт сапар бағытында Тілеуқабақ байдың Патшайым, Қаншайым есімді сұлу қыздары барын естіп, көруге, тілдесуге құмартып арнайы барады. Барған кезінде Патшайымды жолықтырып, Сегіздің сезіміне қозғау салып, айдай сұлу көркіне ақыл-парасаты жарасқан аруға арнаған «Патшайым», «Қара көз» әндері осы сәттерде туады. Бірақ Патшайым да серінің өмірлік серігі болуына уәдесі берік болғанымен, жас сұлуға сұм ажал тұзағын тым ерте құрып, Сегіз серіге қайғы жамай түседі.

Серінің бұдан әрі жалғасқан сапарында кездесіп, өзін мейман етіп төріне шығарған Қабыл деген бидің Айжамал есімді сұлу қызы да ақынның көзіне түсіп, «Әйкен-ай» әнін шығартады. Өзі қашқын, қонатынын сай білгеннің кебін киіп жүрген абзал ер бұл жолы да Айжамал сұлуға еншілеген аяулы әнін ескерткішке қалдырып, ілгері кетеді. Көңілі кеткен сүйгендеріне қолы жетпеген шерлі ақын бір жерге тұрақтай алмай, ел аралай береді. Оның үстіне патша үкіметінен шен-шекпен дәметкен жалбақайлардың Сегіз серіні ұстап беруге жасап жатқан әрекеттері де жанашыр жандар арқылы құлағына жетіп отырады. Сыр өңірінің шешені Бақтиярдың сұлу қызы бар дегенді құлағы шалған сері жігіт сол жаққа жетпек болып құмартады. Табиғаты сұлулықты қалаған жаны да, ажары да әсем Сегіз серінің Мақпалды көрсем деп ынтыққан көңілі алдамаған екен. «Ажары атқан таңдай, бота көз, қыр мұрында, ақша маңдай» әрі әнші, әрі шешен, әрі ақылды аруды көргенде жүрегіндегі сезім қайта бой көтереді. «Бір күні көршілес ауылда болатын келін түсіру тойына Сегіз және оның серіктерін шақырып, ән салғызып, күй тартқызады. Баһрамұлы сонда Мақпалмен кездесіп, онымен бірге алтыбақан теуіп, талшыбықтай бұралған сұлу қызбен көзімен ғана тіл қатысады. Осы жолы Сегіз сымбатты арудың сұлу көркіне тәнті болса да, оған ғашықтығын білдіріп сөз айтпайды. Себебі, ол алғашқы сүйген жары Мұкараманы көзіне елестетіп, Мақпалға деген ыстық сезімін тежеуге тырысқан. Бірақ ақындық, әншілік, күйшілік арынына тән мінезі еркіне қоймай, Сырдың аруына ынтықтыра түскен. Сондай бір сәтте Мақпалдың қасындағы Раушан, Құсни есімді серіктерімен салтанатты түрде серуенге шығып бара жатқанын көрген сері «Гауһар тас» әнін шығарып айтады. Осы әнде Сегіз сері Мақпалды қасындағы Құсни, Раушан есімді қыздарды гауһар тасқа теңеген болса керек. Оған әннің қайырмасында ерекше сипат беріп: Беу-беу, Гауһар тас, Құсни, құрдас Раушан, – үшеуінді көргенде, Сәулем-ау, сабырым қалмас» [3,62], - ақылына көркі сай үш арудың келбетін әнге қосады. Өлең жолдарындағы «құрдас» Мақпалға арнап айтылғаны. Ақын сезіміне қозғау салып, жүрегін тербеп, тастың асылы, қымбаты гауһарға теңеген аруларға арнаған осы әдемі әні тамаша сұлу сазбен орындалып жүр. Сегіз серінің Мақпал сұлуға ынтық көңілінен туған әсем әндері жөнінде замандасы әрі досы болған Шығияз ақынның «Мақпал-Сегіз» аталатын дастанында, Өске ақында да (осы атпен «Мақпал-Сегіз» дастаны бар) айрықша атаса, өзі де серілік құрып, ән салған, сөз төркінін түсініп, киесін ұққан Жаяу Мұса «Ер Сегіз» өлеңінде:

Сүйсінді жұрт Сегіз сері әнін тыңдап,
Ақынның «Мақпал» әнін көп ел құндап... –
деп, Сегіз талантына бас иіп, «Мақпал» әнінің ерекше әсері жөнінде тоқталады.
Нұржан Наушабайұлы да «Сегіз сері» дастанында:

Ер Сегіз сал-сері ерткен түзеп сәнін,
Әр елдің салдық құрып татты дәмін.
Найманда Бақтиярдың қызына арнап,
Шығарған жүз елу ауыз «Мақпал әнін» –

деп, Мақпал сұлуға арналған әнінің бір өзі ғана Сегіздің өзгеден бөлек әнші-ақын екенін жырға қосады. Бірақ сұм ажал созған құрық Мақпал сұлуға да ілініп, Сегіз серіні ғашық еткен көркем қыз да қапыда жау оғынан жараланып, о дүниелік болады.

Бүгінгі күнге Сегіз серінің ғашық болып, қолы жетпеген сүйген қыздарына арнаған әндері: Патшайымға «Патшайым», Мақпалға «Гауһартас», Қарғаш қызға «Қарғаш». Шолпан сұлуға «Шолпан», жұбайы Ырысбикеге «Ақ бидай», «Ырысбике» әндері жетті. Күні бүгінге дейін жез таңдай, күміс көмей әншілер реперуарынан тұрақты орын алған аталмыш шығармалар – Сегіз серінің қай әні де сөзіне сазы сай тамаша туындылар болғандығының дәлелі. Сегіз әншілік-ақындық, балуандық өнеріне қоса керемет сыншы да болғандығы жөнінде Т.Сүлейменов «Сегіз сері» еңбегінде көрініс береді.

Автор аталмыш еңбегінде Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайдың есімін Сегіз серінің қойғаны туралы тарихи деректі келтіреді: «Жас сәбиге ат қойғызу дәстүрі бойынша Сәтбайдың келіншегі Күнсұлу құндақтаулы баласын көтеріп, күміс қақталған ер-тоқым ерттелген көк шұбар жорғаны жетектеген қалпында Сегізге сәлем етеді. Өзін сыйлап, ілтипат көрсеткені үшін сері жас келіншекке алғыс айтып баланы қолына алады. Сол сәтте Сәтбай одан ұлына ат қойып тілек тілеуін өтінеді» [214 б].

Сегіз сері жас сәбиге:

Дәрежесі бейне хан
Ер боп өссін балақан.
Ат қой десең балаға
Есімі болсын Иманжан

Жігіт болсын өнерлі
Ел-жұртына беделді
Қамқоры болсын халқының
Ақылға дихан кемелді –

деп, батыр, дана, данышпан тұлғалардай болуын қалап, сәбиге талапты да талантты ғұмыр тілейді. «Кейін батыр, әнші-ақын Сегіз Баһрамұлының айтқаны келіп, Иманжан (Имантай) беделді адам болыпты. Осы Имантайдың ұлы Қаныш біздің заманымызда белгілі ғалым болғаны мәлім. Имантайдың өз тұсында елінің сыйлы адамдарының қатарына қосылғанын Сегіз өз көзімен көре алмайды Бірақ Баһрамұлы өзінің сыншылық қабілетімен Сәтбай ұрпағының бақыт иесі болатынын алдын ала білген деп ойлаймыз» [215], - деген автор тұжырымының қазба байлықты ел игілігіне жарату жолында бар қайрат-жігерін жұмсап, ақылын білімге ұластырған «ақылға дихан кемелді» дарынды ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесі қазіргі таңда ғылымның сара жетістіктері болып саналғаны белгілі.

Сондай-ақ, қазақтың маңдайына біткен жарқыраған жұлдызы, аяулы перзенті, ғалым Шоқан Уәлихановтың да ұлт үшін ұлы істер тындырар тұлға болатындығына бата берген тұсы: «Сегіз Шыңғыстың үйінде мейман болып жатқанда, оның келіншегі Зейнеп тұңғыш баласына жас босанып, ұл тапқан еді. Әйелінің қиналмай аман-есен босанғанына, оның үстіне алғашқы нәрестенің ұл болғанына қатты қуанған Шыңғыс елін жиып, шілдехана тойын жасағанда. Жас сәбиін Сегіздің шын атымен Мұхамедқанапия деп атаған. Сегіз келгенде баласының тууын ырымдаған Шыңғыс: «Ұлым өскенде осы Сегіздей жігіттің гүлі болар ма екен» – деп ойлап, Мұхамедқанапия деген есімді қазақтың болашақ ғалымына қойған екен» [93], - деп баяндалады.

«Сегіз он жеті жасында қазіргі Қостанай облысының "Құсмұрын" деген жерін қоныс етіп отырған аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың ауылына қыдырып келеді. Серінің жан-жақты өнерін тамашалаған Шыңғыс дүниеге жаңа келген сәбиіне соған ұқсап өсер ме екен деген тілеумен Мұхамедқанапия деп азан шақыртып ат қояды. Шоқанның шілдеhana тойын арнайы шақырылған Сегіз сері бастады деген дерек бар». (Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

Сегіз серінің қазақ балалар әдебиетінің атасы саналатын, қазақ даласына білім шырағын жаққан тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсаринге ауған ықыласы тарихи-ғұмырнамалық хикаятта былайша өріледі: «1953 жылы жазда ел жайлауда отырған шақта Сегіз сал-серілік құрып, Балғожа Жаңбыршыұлының аулына келеді. Балғожа оны жігіттерімен жақсы қарсы алып, бірнеше күн мейман етеді. Серінің әні мен күйлерін, қисса-дастандарын тыңдау үшін Қыпшақ елінің біраз адамы жиылып әңгіме-дүкен құрады. Мәжіліс үстінде Балғожа он екі жасар Ыбырай есімді немересін нұсқап: - Батыр, осы ұлым туралы не айтасыз? – деп Сегізге тілек-сұрақ қояды» [236]. Сонда сері «Балғожаға» деген өлеңін шығарып, Ыбырайдың болашағы зор, талапты жас екендігіне үлкен сеніммен:

Балжеке, жақсы ағасыз, жасың үлкен,
Ауызға келген сөзді несіне іркем
Ыбырайжан бұл отырған бұбұл құсың,
Болады халық ардағы, іске икем.
Біріндей осы ұлың күн мен айдың,
Сырына қанық болар әрбір жайдың,
Тіл-көз бен сұқ сөздерден есен болсын.
Асады қатарынан Ыбырайың [237], –

деген екен. Ыбырай Алтынсарин сол Сегіз серінің арманын жалғап, елінен қараңғылық пердесін түріп, ең алғаш қазақ даласында балаларды сауаттандыруға бел шеше кіріскен, «Қазақ хрестоматиясын» жазған айтулы тұлға болғандығы белгілі.

Қазақ әдебиетінің ғана емес, мәдениетінде, өнерінде, елі азаттығы үшін күрескен батырлығымен тарихында аты қалған халқымыздың асыл ұлы Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақовтың тағлымды өмір жолдары мен шығармашылығы арқау етілген көркем туындылардағы өнерпаз тұлғасы даралығымен ерекшеленген. Сегіз сері бейнесі проза саласында болсын, поэзия жанрында болсын өмірінен алынған деректермен байланыса өрнектелгені жоғарыда сөз болған шығармалар дәлел бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қадыр Мырзаәли. Еңіреп өткен ерлер-ай. (өлең-тарих, өлең-портреттер).-Алматы, «Арыс» баспасы, 2001.-112 бет.
2. Әлкей Марғұлан. Қазақтың сал-серілік дәстүрі. – Алматы: Өнер, 1981. – 270 б.
3. Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991. – 270 б.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Қамзаева Күлшат Саликқызы

*ф.ғ.к., доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда, Қазақстан*

Интербелсенді лекция барысында smart мақсатымыз айқын болуы тиіс.

Білім беру технологиясы туралы зерттеулер мен анықтамаларды зерделеп, оның жіктелуін анықтау барысында лекция диалог түрінде ұйымдастырылды. Қарым-қатынас келесі форматтарда өрбіді: оқытушы – білім алушы /білім алушылар, білім алушы – білім алушы, білім алушы – тақырып, білім алушы – басқа пікір (зерттеуші, оқулық, т.б.).

Интербелсенді лекцияда ой қозғау мен өмірден алынған нақты ситуацияларды талқылау және шешу тәсілдерін қолданған тиімді екенін аңғартты. Білім алушыларға ұсынылатын нұсқау: Кілт сөз. Интерпретация. Глоссарий.

Қытай даналығында: «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» деген қанатты сөз бар. Осы ретте дәріс барысында мәселе қоя білу көзделеді. Білім беру - оқытудың, тәрбие мен дамытудың үздіксіз үдерісіндегі өзекті проблемалар білім алушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз.

Оқыту технологиясы оқу мазмұнын өңдеуге, көлемі мен мақсатын тұжырымдауға арналған әдістер мен құралдардың жиынтығы болса, екінші жағынан, оқытушының оқыту үрдісінде қажетті ақпараттық, техникалық құралдары пайдаланып, оқушыға оң әсер ету әдістерін зерттейді. Демек, оқыту технологиясы-педагогикалық әрекеттерді ғылыми-әдістемелік, іс-тәжірибелік негізде нәтижелі болатындай етіп, жоспарлы түрде ұйымдастыру. Білім беру тәсілдерін инновациялық технологиялар негізінде жетілдіру, оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып даралап, саралап оқыту арқылы оқушыны дамытуда білім, білік, дағдыны жетілдіруге негізделген білім беру педагогикада адамның өзін тануын және тұлғаның психикалық, физикалық саулығын қамтамасыз ету мәселелерін алға шығарып отыр.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оқытудың бұл формасы алдына нақты және бағдарланған мақсат қояды. Сондай мақсаттардың бірі-оқу үрдісінің өнімділігін арттыратын білім алушының ақыл-ой кемелдіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру. Тапсырма: *Бір үйдің төрт аты бар еді, еркек жаны екі әке, екі ұлы еді, еркектері кісі басы бір аттан мінгенде, бір ат артық болып шықты. Бұл қалай?* (Ахмет Байтұрсынұлы. *Тіл тағылымы*. – Алматы: Ана тілі, 1992.448-бет). Сондай-ақ: *Хабарлы сөйлемнен сұраулы, лепті сөйлемдер жасауға бола ма? Болса, қалай? Бір хабарлы сөйлемнен бірнеше сұраулы сөйлем жасай аласыңдар ма? Сен «Абай жолы» романын оқыдың ба? – деген сөйлемнен тағы қандай сұраулы сөйлемдер жасауға болады? Бұлар қандай мағына білдіреді? Бұл сөйлемдердің соңында қандай белгі қойылады? Қандай сөйлемде арнайы интонация болмайды? Онда ол қалай айтылады?*

Оқу мен зерттеу барысында білім алушылар белсенді әрекеттер атқарады: олардың қатарына туындаған қиын мәселелер мен сұрақтарды келтіру, берілген мәлімет бойынша өз түсінігі мен пікірін қалыптастыру, лекцияның тұжырымдарын өзара талқылау, кесте толтыру, жоспар жасау, графикалық мәтіндер сызу, т.б. әрекеттер кіреді. Бұл белсенді әрекеттер жеке және бірлесе жұмыс жасау форматтарында өтеді.

Қызығу – танымдық іс - әрекеттің қозғаушы күші. Білім алушының қызығу жәрдемімен оқып - үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

В.П. Беспальконың айтуынша, «әрбір іс-әрекет не технология, не өнер болуы мүмкін. Өнер интуиция негізінде, технология – ғылым негізінде құрылған. Өнерден бәрі басталады, технологиямен аяқталады, ал педагогикалық іскерлікке онсыз айналып өтуге болмайды. Экспроматқа қарама-қарсы, интуиция бойынша әрекет студент жоспарланған технологиялық іс-әрекетке көшу болып табылады.

Тұлғалық бағдарлы білім беру технологиялары М. Жұмабаев тұлға мәселесін қарастырғанда: «Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Баланы тәрбиелі қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару, қаласа-өзін, барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз». Бұл жөнінде ғалым И.С.Якиманская *жеке тұлғаға бағдарланған* оқытудың негізгі ережелерін төмендегідей тұжырымдайды. Мақсаттары – білім алушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту; білім беру жүйесі басынан-ақ білім алушыдан бастап оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына қарай бағыттала құрылуы тиіс. Білім алушы

дамуын диагностикалау мен ынталандыруды мұғалім олардың қызметін ұзақ уақыт бойына байқау әдістері негізінде іске асыруы тиіс.

И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты - әрбір білім алушының мүмкіндіктерін танып, дамыту. «Жеке тұлғалық тәсіл жағдайында балалардың өзіндік жеке ерекшеліктерінің болуы қойылған мақсатқа жетудің - яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір оқушының дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты». Е.В.Бондореvская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксеологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық.

Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен *сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы* әрбір білім алушының жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Г.К.Селеvко мұндай технологияның ең негізгі құндылығы-оқушы жеке тұлғасы, ал негізгі мақсаты табиғи қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамыту және қалыптастыру деп атап көрсетеді. Ғалымдардың пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар әрбір білім алушының жеке ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерін іздеуде. Мұндай технологиялар *психодиагностика әдістерін* пайдаланады, оқушылар қызметін ұйымдастыруға деген көзқарасты өзгертеді, оқудың түрлі құралдарын қолданады. Демек, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар сүйіспеншілік, қамқорлық, ынтымақтастық ахуалын туғызып, жеке тұлғаның шығармашылық әрекеттеріне және өзін-өзі өзектілендіруіне барлық жағдайларды жасайды және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әрбір білім алушының өзін танымдық және оқу қызметінде бейімділіктеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сай жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту - ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан бар мәліметтерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Проблемалық оқытудың негізі ерекшелігі – білім алушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекеті және ынтасы күшейе түседі.

Интербелсенді лекцияда студенттердің бірлескен жұмысы қолданылады. Студенттердің белсенді әрекеттері бірлескен жағдайда өтуі керек: берілген тапсырмалар шағын топ немесе жұп қатарында орындалады. Студенттер лекцияның бір бөлімін оқып болған соң, жекелей жұмыс жасап, сонан кейін жұптасып (немесе шағын топ құрамында) өз түсініктері мен туындаған ойларымен бөліседі. *Мысалы*, білім беру технологиялары бойынша А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М.Балақаев, Қ.Жұбановтың әдістемедегі орны /жаңа технологиялар негізі қайдан шыққан?/ алдын ала білім алушыларға ұсынылып, олардың жаңа білімі мен өзіндік пікірлері осындай ойталқы нәтижесінде пайда болады. Лекция басында қарастырылатын тақырып (сұрақ, ақпарат) бойынша студенттерге қандай білімдері, ойлары мен пікірлері, игеруге қиындық туғызатын қандай проблемалары бар екендігін сұрақ қою немесе тапсырма беру арқылы анықтайды. *Жеке жұмыс*. Әр студент *«Менде осы тақырып бойынша қандай білім, ойлар мен ұстанымдар бар?қандай мәселелерді игеру мен үшін қиын болды?»* деген сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде (2 минуттан 6-ға дейін) жекелей ой қозғайды.

Білім алушыларды қысқа ой тұжырым жасауға, оларды өмірмен байланыстыра білуге үйретіп, ары қарай логикалық ойлауын жетілдіру қажет. Ол қандай пән болсын *талдау, жіктеу және салыстыруға* көп көңіл бөлген.


Түйдекті тіркестер мен фразеологиялық тіркестердің ерекшелігі

Түйдекті тіркес	Фразеологиялық тіркес
1 Құамы негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесінен тұрып, күрделі ұғым білдіреді.	1 Құрамы кейде екі сөздің тіркесінен тұрып, бейнелі мағынада жұмсалады.
2 Құрылымы мен қолданылу жағынан тұрақты емес.	2 Фразеологиялық тіркестер құрамы мен қолдану жағынан тұрақты болып келеді.
3 Жеке сөздерге балама бола алмайды.	3 Фразеологиялық тіркестер функционалдық жақтан жеке сөздерге балама бола алады.
4 Түйдекті тіркес құрамындағы көмекші сөздер белгілі бір морфологиялық қосымшалармен түрленеді.	4 Фразеологиялық тіркестер белгілі бір сөз табына жататын сөздердің баламасы ретінде жұмсалып, сол сөзге тән сөз түрлендіруші тұлғалармен түрленеді.
5 Түйдекті тіркестерге ондай қызметтер тән емес.	5 Фразеологиялық тіркестер номинативті қызметпен бірге эмоционалды - экспрессивті қызмет атқарады.
6 Түйдекті тіркестер сөйлеу кезінде құрастырылады.	6 Фразеологиялық тіркестер сөйлеу кезінде құрастырылмай, бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында жұмсалады.

Жинақтау. Негізгі ұғымдар.

Сөз тіркесі парадигмаларын дамыта оқыту технологиясының эмпирикалық деңгейіндегі білім алушылар орындайтын ақыл- ой қызметі









Сөз тіркесін дамыта оқытудағы логикалық ойлау операциялары



Сатылай кешенді талдау (Н. Оразақынова жүйесі бойынша)

Жай сөйлемге байланысты мәтінмен талдау жұмыстары жүргізіледі: *Оны көптен бері көргім келіп жүр* (хабарлы, жайылма, жақсыз, толымсыз).

Оны көптен бері көргім келіп жүр.

-   Құрылысына қарай: жай сөйлем.
-  Айтылу мақсатына қарай: хабарлы.
-  Тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай: жайылма.
-  Бастауыштың қатысына қарай: жақсыз.
-  Ойға қатысты мүшелердің толық қатысуына қарай:
-   толымсыз.

— Сөйлем мүшелері: баяндауыш (*көргім келіп жүр*),

толықтауыш (*оны*), пысықтауыш (*көптен бері*),

— Екінші тіркес: 1. *Оны көргім келіп жүр* – меңгеру, толықтауыштық қатынас, жалғау арқылы байланысқан.

2. *Көптен бері көргім келіп жүр* – жанасу, толықтауыштық қатынас.

Мұндай талдау жұмыстары оқушылардың жай сөйлемдер түрлерін қаншалықты білетінін көрсетеді, әрі ойын жүйелеп, білгенін түрлендіріп, ауызша да, жазбаша да жеткізе білуге дағдыландырады.

Тұжырым. Мақсатқа жетудегі оқытушы және білім алушы іс-әрекеті айқындалады. Лекцияда білім алушылар қарастырылған материал бойынша «*Мен сабақта не үйрендім?*», «*Бұл білім маған қандай пайда келтіреді?*», «*Бұл білімді қалайша қолдануға болады?*», «*Бұл білім маған не үшін керек?*», «*Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/ жалғастырамын?*», «*Тағы да не білгім келеді?*» деген сұрақтар ауқымында ойланып, өз жауаптарымен бір-бірімен бөліскені орынды. Осындай ой-толғаныс нәтижесінде студент лекция материалы бойынша жаңа білім құрастырады.

Интербелсенді лекция кері байланыспен аяқталады. Бұл рефлексия алдағы сабақтарды жоспарлауда қолданып, келесі сабақты білім алушылардың пікірлері негізінде құрастыруға бағыттайды. Қорытындылау барысында оқытушы «*Қандай мәселелер туындады?*» деп атап, білімгерлердің жауаптарын жазады. Әрі қарай сабақта айқындалған проблемалар мен сұрақтар қарастырылады. Бұл жерде басты назарды маңызды және күрделі мәселелерге аударып, жекелеген мәселелерді білім алушылардың өздік жұмыстарында шешуге тапсыруға тұрарлық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992
2. Жұбанова М.Қ Құдайберген Жұбанов Ұлттық дидактика хақында. – Алматы: Ғылым, 2002
3. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989
4. Психология (Электронный ресурс): адамзат ақыл – ойының қазынасы: 10 томдық / жетекшісі акад. Ә.Н.Нысанбаев. Ойлау теориялары: ізденістер, келелі мәселелер, перспективалар. – Алматы: Таймас баспа үйі. (Мәдени мұра), 2016
5. Зимняя, И.А. Педагогикалық психология (электронный ресурс): жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Орыс тілінен ауд. М.А.Құсаинова. – 2-ші толық., түзет. Және қайта өнд.бас. – М.: Логос; Алматы: TST-company, 2015
6. Саданова Ж.К., Саданова С.К. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының ерекшеліктері // Вестник КАСУ № 1 – 2018.
7. Айтбаева А.Б. Білім берудің жаңа технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

САТИРА МЕН ЮМОРДЫҢ ӘЗІЛ ӘНГІМЕЛЕР ЖАНРЫНДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ

Жолымбекова Айдана Жұмағалиқызы

*Фарица Оңғарсынова атындағы № 29 жалпы білім беретін мектеп» КММ,
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ақтау, Қазақстан*

Күлдіргі әзіл әңгімелердің сатиралық, юморлық образдар арқылы жазылып, жарыққа шығатыны белгілі. Әрине, бұл екі образдың ұқсастығы комизмге неізделгендігінде. Сондай-ақ, кейіпкерлерінің жағымсыз қасиеттерін сынап, мінін көрсету, қылықтарын әшкерелеп, күлкі етуді мақсат еткендіктен кейде юмор мен сатира шығарма ішінде тұтаса бірлесіп кететін тұстары да кездеседі. Дегенмен де юмордың көтерер жүгінің өзгешелігін ашып айтқан ғалым А.Мұсаев: «Юморлық образ – күлкілі бейне. Көп жағдайда күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады. Қоғам тіршілігіндегі кедергі атаулының бәрін күлкімен түйреп, сын садағына алып отырады. Ондағы мақсат – алынған образды жерлеу емес, оны түзету.

Сатиралық образдың юморлық образдан өзгешелігі – онда автор өзі бейнелеп отырған адамына жаны ашымайды, оны өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, қайта мұндай мүскін пенденің болмауын меңзейді. Ол ешуақыт ұнамды фактіге, қуанышты күлкіге негізделмейді. Ал юморлық обарзда автор өзі жазып отырған адамына іш тартатын, симпатиямен қарайтын болғандықтан ол оның жайсыз жағын ғана достық рәуіште іліп-шалып, әзіл-әжуа етіп түзетуді мақсат тұтады»[1,161] деп сатира мен юмордың әзіл әңгімелер жанрындағы арасалмағын ашып көрсеткен болатын.

Қазақтың шешендікке, тапқырлық, ділмарлыққа негізделген бай, әзіл күлдіргі әңгімелері көпшілік халық пен көнекөз шежірешілер аузында, ғалымдар қаламында, зерттеушілер назарында болып, ұзақ уақыттар бойы айтылып, жалғасып, жиналып, жарияланып келе жатқан халықтың рухани қазынасы.

Сатира мен юмордың айқын көрінісін беретін, мазмұны мен маңызы келіскен күлдіргі әзіл әңгімелер кезең таңдап, уақыт күттірместен ел арасына таратылып отырған.

Көптеген күлдіргі әңгімелер өсіп келе жатқан жас буынды жат қылықтан сақтандырып, адал еңбек етуге, тапқырлыққа баулиды. Тосыннан тапқырлықпен айтылатын жүйелі сөздер таза ой жүйріктігін талап етеді. Кез келген адамның ойына асқан шапшаңдықпен келе қоймайтын, қисынын қиыстыра тапқырлықпен, дәлдікпен және айтылуы қажет тұста ауыздан шыққан күлдіргі әзіл әңгімелер ауыз әдебиетінің тамаша бір үлгісі қатарынан саналады. «Жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап» дегеннің кебін киген шабан айтушылардың осы тұста қапы қалатыны да бар. Себебі, ұтырлы ой мен ұтымды жауапты біріктіре беру де үлкен шығармашылық өнер.

Маңғыстау әдебиетіндегі сатира, юмор саласында Сержан Шәкірат, Көмек Ыбыраев, Ерекен Қорабаев, Қыдырбай Тұрмағанбетов, Әзірбайжан Қонарбаевтар үлгілі жанның антиподы – тоғышар, берекесіз, жалақор, дүниеқоңыз, қызғаншақ, іші тар, маскүнем тәрізді адами қасиетке жат жандардың образын жасауда шынайы шығармалар бере алған қаламгерлер қатарында деуімізге негіз боларлық тамаша туындылардың авторлары екендігі белгілі.

Сатирик ақын-журналист Әзірбайжан Қонарбаевтың сықақ әңгіме, өлеңдері мен әзіл-қалжыңдары топтастырылған «Түрлі-түрлі Тәнтанай» атты жинағындағы «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесінде күлкілі сюжеттен гөрі, қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық жайттардың жекелеген дертті көрінісі басым. Демек, автор туындының өткірлігін, уыттылығын арттыру үшін күлкі шақыратын көңілді көріністерді емес, керісінше, кертартпа құбылыстарды сынай отырып, жоғары моральдық сапаларды нығайту бағытын ұстанған. Әңгіме кейіпкерлерінің диалогтері әшкерелеушілік экспрессиямен беріле отырып, мінездеме оқырман ойымен жасалады. Әрине, «Сатиралық тапқырлық көрсетуде фантазиялық шалықтау, ойдан шығару, ойдан қосу, шарттылық, әсірелеушілік орын ала береді» «Сатира

негіздері» [2, 59]деп ғалым Т.Қожекеев көрсеткендей, автор аталмыш әңгімесінде екі кейіпкеріне барлық жағымсыз қасиетті үйіп-төгіп таңғаны, олардың жиынтық образ екендігі белгілі.

«Сатира мен юморға объекті біздің өмірімізде жеткілікті. Соларды тап басып, жұртты олардан бездіре, соған қарсы күреске көтере беру үшін нағыз сатира жасау керек.

Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып сілкілейді. Мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Сатираның юмордан өзгешелігі – мұнда қаламгердің өзі сықақпен сілейте сынап отырған адамына жаны ашымайды. Оның кейпін түзеу, өзін өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, керісінше автор мұндай жексұрындық өмірде болмауы керек деген қатал үкімін шығарады; юморда түзету мақсаты жатса, сатирада жою, жоқ ету мақсаты жатады. Әрине, сатирадағы күлкіде юмордағы күлкідей шындыққа негізделген шынайы күлкі, жасанды қылжақ емес табиғи күлкі болу шарт» [1, 52]

Сонымен «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесіндегі Тәнтәнай мен Ойнакүл мектеп бітіргелі отырған қыздары Мәмпәсиді қай оқуға түсіретіндігін талқыға салады.

« – Ымм, ымм... Дәрігерлік оқуға түсірсек қалай болар екен? Былай жалақысы да, әптәритеті де жаман емес...Тіпті ақылы түріне түсірсек, құдайға шүкір, дорбалаған долларымыз «қызыл диплом» алып бермей ме?» [3, 25]деп оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған Тәнтәнайдың бар саралы ойы осы боп шығады.

Күйеуінің дәрігерлік оқу таңдағанына долданған Ойнакүлдің бар тапқан тұшымды жауабы: «Табысы тау қопарса да қаршадай жалғыз түйірімді ақсақ-тоқсақтың аяғын сипатып, соқырішекті қасаптатып, ылғи көксау, көк аурулардың ішінде жүргізгенше мен неге өле қалмаймын?!» [3, 26]. Ойнакүлдің осыншалықты өзіне күйінішті әңгімесінен оның психологиясы, өмірге деген көзқарасы, жалпы өзгелерге деген қарым-қатынасы бірден түсінікті болады. Әңгіменің басынан-ақ шайпау, тоғышар әйелдің образы ашылып сала береді. Оқырман осыдан-ақ Ойнакүлден тұшымды пікір мен парасатты ой күтпесі анық.

Автор Ойнакүлдің аузына қызына дәрігерлікті таңдаған күйеуіне мысқылдай « – Иә, жұмыртқа тауыққа ақыл үйретті тағы да!» деген интонациямен көтермелеген сөзді салуы да, ер-азаматтың отбасындағы орнын қадірлемейтін көргенсіздік көрініс арқылы әдеп аулынан алшақ жүрген адуын әйелдің сүйкімсіз образын оқырманына бірден таныстыра кетеді.

Ерлі-зайыптылардың өздерінше бала болашағын болжап, мамандығын тандап беру кеңесінің ішінде ағылшын тілі пәніннің мұғалімі, әнші, геолог, ұшқыш, журналист ...мамандықтарының басы шалынады. Тәнтәнайдың осы мамандықтарға қатысты табысы көп, қып-қызыл дүниеге көміліп, қап-қап ақшаның астында қалар айлалы тұстарын тізбелеген сөзіне қарсы Ойнакүл Мәмпәсиіне ауыр тиетін, қиын соғатын тұстарын санамалап шаптыға түседі. Әке-шешенің ақырғы ойы «Пай-пай, шіркін, бастықтың оқуы болса... Оқуды бітірген бойда күрп етіп отыра кетіп, жұртты бір шыбықпен айдап отырса, ақшаның астында қалса...» [3, 27]. деген Ойнакүлдің арманына тіреледі.

Қыздары Мәмпәсиге мамандық тандап беруде пасық, жымысқы ойдың тізгінін тартпастан, айылын жимастан білек сыбана кіріскен екеудің сөзін бөліп, назарын аудартатын тұсты да автор жағымсыз картинамен береді.

«Нақ осы сәтте түпкі бөлмеден қарақұйрықтың лағындай ойнақши басып, жартылай жалаңаш Мәмпәси шықты. Ернін біресе жазып, біресе жымырып әкесі мен шешесіне еркелей күлді де:

– Әй, мені қай оқуға түсіретін болдыңдар? – деді

– Әңгіме қып жатырмыз, күнішім...

– Мен дискотекадан келгенше шешіп қойыңыздар. Едик күтіп тұр екен. «Платный» оқу жеңіл деседі ғой...

– Сонымен, Мәмпәсижанды қай оқуға түсіретін болдың енді?! – деп Тәнтәнай Ойнакүлге ойлана қарады.

– Айттым ғой әлгінде, бастықтың оқуы болса деп...

– Бастықтың?! » [3, 27]

Әдетте, қыз баланың әдемілігін, әсем келбетін, тазалығын беретін «еліктің лағындай» деген теңеудің осы жерде «қарақұйрықтың лағындай» болып өзгеріп келуінде де мазаққа ұшырауға дайын кейіпкер бейнесі көрінеді. Мансап пен жайлы қызмет жолында қандай іс-әрекеттерден де бас тартпауға дайын отырған арсыз әке-шешенің тәрбиесін көрген қыздың болашағынан да көрініс беретін деталь оқырман көз алдына келеді. Оған қоса «жартылай жалаңаш» Мәмпәсидің үстіне киген киімі де аса мәнді емес. Оны елеп жатқан әке-шеше жоқ. Олардың тәрбиесінің басты принципі – ақшасы көп мамандықтың тұтқасына қол жеткізу.

Әңгімедегі сатира поэтикасы – Тәнтәнай мен Ойнакүлдің өмір қызығы мен қуанышын ақшамен өлшейтіндігі, ашкөздігі, тойымсыздығы, топастығы, дүнеқоңыздығы, мансапқа жету жолындағы әрекетінде адамгершіліктен жұрдай қасиеттердің қай-қайсысына дайындығы арқылы көрінеді. «Біздіңше, дүниеқұмарлық дегенің – дүние-мүлік, киім-кешек, әдемі заттар жолында ата-ана, іні-бауыр, апа-қарындас, жора-жолдас, достық, махаббат, рухани жан дүние – бәрін мансұқ ету. Яғни вещизм кісі қадірін білмеу, адамнан дүние құнын артық көру» [4, 142] деген пікірі Мәмпәсилері үшін өліп-тіріліп оқу іздеп, мамандық әлемін шарлап отырған әке-шешесіне бір ғана «Әй» деп мәдениетсіз, дөрекі тіл қатысының өзі ойымызды түйіндеуге негіз болмақ.

Демек, Мәмпәси ар-ұят, намыс, саналы білім туралы түсініктен жұрдай, келешекте ата-ана алдындағы перзенттік парызын өтеуді борыш санамайтындардың санатында тоғышар дүниенің жетегінде кететін жан.

Автордың «– Бастықтың?!» деп әңгіме соңын лепті кейіп танытып, сұраулы қалыптен аяқтауы да Тәнтәнайдың ішкі жан-дүниесінде күдігі мен күмәнінің жоқ еместігін көрсетеді. Әйелінен ығысып, жағымпаздана ақшасы көп болатын мамандық таңдауы да, ол мамандықтардың жемқорлық жолмен ақша табу ретін санаған бейшара әкенің мүшкіл халін де аңғартып отырады. «Тәнтәнайдың шүңірек көздері лай судың тамшысындай бұлдыр ғана жылтырайды. Оң көзі көкке, сол көзі әйеліне қарайды. Бұл «нервничить» еткен түрі» [3, 25]. «домаланған төрт бұрышты әйелі сыңси сөйлеп ықылық атты» [3, 25]. Ә.Қонарбаев осы сөйлемдерімен Тәнтәнай мен Ойнакүл бойындағы жағымсыз қасиеттерді оқырманға жиіркеніш сезімін оята отырып, кейіпкерлерінің кескін-келбет, бет-пішіннің де оншалықты оңып тұрмағанын көрсетуді ұмытпаған. Деформацияланған, карикатураланған екеудің сырт бейне жаратылысының өзі – автор назарынан тұтас шығарма бойынан ешнәрсе қалыс қалдырмағандығын, сатиралық проза поэтикасының кейіпкер портретін жасауда көркемдігін тұтас сақтағандығын көрсетеді. Тәнтәнай мен Ойнакүлдің образын беруге қысқа ғана портреттеуді шебер қолданған. «Оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған» Тәнтәнайдан жөні түзу ой, жібі түзу сөз шықпасы анық. Ал кейіпкерлерді тура мінездеуді артық санаған автор одан әрі кейіпкерлерінің екеу ара диалогтары арқылы ащы мысқылмен оңбай түйреп отырған.

Маңғыстау әдебиетінде сатиралық-юморлық әңгімелер жинағын топтастырған қаламгерлеріміздің бірі – Ерекен Қорабаев.

Ерекен Қорабаев шығармашылығының өнікті саласының бірі – сатиралық-юморлық әңгімелері. Қаламгер бұл жанрда біршама ізденіп, сатирик ретінде де өзіндік қолтаңбасын жасап, стильдік-тілдік мәнерімен ерекшеленіп, айрықша үлгісін сақтай білген. Осы орайда жазушының сүбелі еңбектерінің қатарына «Маңғыстау әзілдері» деген атпен ел арасында ауыздан ауызға тарап, айтылып жүрген күлдіргі әзіл әңгімелерін жинақтаған екі кітабын жатқызуға болады. Аталмыш еңбекті саралай отырып, күлдіргі әзіл әңгімелерден ирониялық бояудың образ табиғатын ашуда, кейіпкер бойындағы моральдық-этикалық сапаларды көрсетудегі қаламгердің оқырман қабылдауына жеңіл, көпшілікке таныс көңіл-күй әлемін аша түскен шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Жылы юмор мен жеңіл әжуаға негізделген әңгімелерінің тілі мен баяндау мәнері анекдот стиліне келеді. Өзіндік ерекшелігі бар, қысқа да ұтымды сөзбен ұтырлы ой беретін жанрға қалам тартқан Е.Қорабаев өзінің айналасындағы таныс адамдар аузымен айтылған күлдіргі әзіл сөздерді әдеби қалыпқа түсірген.

Анекдот – көпшілікке ортақ түсінікті тілмен жазылған сатиралық-юморлық жанрдағы көркем туынды.

«Анекдот (грек. anekdotos — жарияланбаған) — қысқа, күлдіргі әңгіме, халықтың фольклор жанры. Басты ерекшеліктері — баяндаудың шындыққа жанасымдылығынан гөрі, тапқырлық танытып, әдейі әзілдеп айту шеберлігі. Анекдот көбінесе нақты адамдар туралы айтылады. Олар екі сипатты, екі ниетті болып келеді. Бір тобы қоғам мүшелерінің жағымды бейнесін, моральдық, психологиялық биік қасиеттерін паш ету мақсатымен шығарылады. Олар ақыл-парасатпен айтылады, күлдіре отырып, қоғамдағы теріс құбылыстар мен адам бойындағы жағымсыз қылықтарды әжуалап, әңгімеге көңілді сипат береді» [5].

Өзі туып-өскен аулынан әзіл-қалжыңдарды тікелей естіп, кейбір күлкі шақырар әрекеттерді көзі көріп, көркем туындыға арқау етер тақырыптардың мазмұнын қаймағы бұзылмаған қалпында таза сақтап, ұлттық уызын бойына мол сіңіріп, сатиралық шығармалар тудырған қаламгер әдебиет әзілқойларының өнегесінен де үйрене отырып,

қаламын ұштағандығы О.Әубәкіров сынды сатира саңлағының үлгісімен қоса мен Б.Соқпақбаев сынды майталман жазушы кейіпкерлері қылықтарын өз шығармаларында салыстыру әдісі де ұшырасып отырады.

«Юморлық образды автор адамдардың іс-тіршілігіндегі, тәртібі мен мінезіндегі ұсақ-түйек міндерді игі ниеттен туған зілсіз күлкімен, көңілге қаяу салмас тіл, стильмен береді» [1, 162] деп юморға байланысты айтылған пікірлердің Е.Қорабаев шығармашылығына қатыстылығын аңғаруға болады. Мысалы, көпшілік арасында айтылып қалып, жеңіл де зілсіз күлдіріп көңілдерін ашатын, еріксіз езу тартқызбасқа қоймайтын әдемі сәттер қаламгер назарына іліккен:

«Қыдырбайдың ақындық, актерлік, әншілігімен қатар асабалық өнері бар болатын. Ауылда той болып соған шақырылыпты. Әзіл – қалжыңмен, әдемі сөздермен, әсем әнмен тойды құлпырта басқарып, елді аузына қаратып жүріпті. Ел ішінде не кездеспейді, бір жігіт тойға алдын ала қызып келіп, көп ұзамай құлап қалыпты. Сонда Қыдырбай: «Ерте көктеген гүл, ерте солады» - депті». [6, 161] делінетін әңгімеден эстетикалық әсем әсер алуға да мүмкіндік бар. Бұндағы кейіпкер Қыдырбай Тұрмағанбетұлы әдеби-мәдени салада қызметтер атқарған, қағытпа қалжың, астарлы әзілдерімен жүрген жерін риясыз күлкімен кенелтіп жүретін жан болған. Бірақ тағдыры қысқа ғұмырлы болған Қ. Тұрмағанбетұлы небәрі 38 жасында өмірден өткен. Қыдырбайдың өзі де «Қалжыңдасуға қалайсыз?» атты ұжымдық жинаққа өлеңдері еніп, кейін өмірден өткен соң қаламгер туралы естеліктер мен әдеби туындылары жинақталған «Көңілінде жүрсем көбірек» және «Шанышқы» атты сын-сықақ кітаптары жарық көрген қаламы жүйрік сатирик.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің арасында: «Ақтау қаласында оқу орны жоқ болғандықтан әне бір жылдары Маңғыстау балалары Атырау, Орал, Алматы асып кететін. Оралдың СХИ-ында оқитын Аман мен Қалдан қысқы семестрін аяқтап қысқа мерзімге елге келіпті. Туған жерге деген сағынышы кеудесіне симаған Аман Ақтауға қарап: - Шіркін, туған жерге келдік-ау! – депті. Жанында келе жатырған Қалдан. – Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер – дептімен» [6, 171] аяқталатын әзіліндегі Қалданның жай ғана ескерту түрінде айта салған «Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер» деуінің өзі жан сүйсінте жадырай күлдіретін тамаша тапқырлықпен тауып айтылған, қуанышты күлкі сыйлайтын сөз. Осы тұста Т.Қожакеевтің адамның жан-дүниесін, көңіл-күйін, белгілі бір болмыс-құбылысқа қатыстылығын аңғартатын күлкі түрлерін саралаған «Күлгенде шалды да шырайлы көрсететін, кісінің әрін кіргізетін қуаныш күлкісі қайшылықтан, үйлесімсіздіктен тумады, комизмге негізделмейді. Ол – бірнәрседен ләззат алғандағы, риза болып, қанағат тапқандағы жан сезімнің дыбыс болып сыртқа тебісі, арман-аңсар, тілек-ниетіміздің орындалғанына масаттанғанымыздың, шаттанғанымыздың белгісі, сезімді селт еткізіп, жан жадырататын жақсылыққа адамның жағымды жауабы» [2, 51] деген пікіріне тоқтаған жөн. Ғалым бұдан өзге күлкіні келемеж, комизм, қулық, жандалбасалық,

сорлы, қылжақ, ақымақ, жымысқы т.б. деп әрқайсысының атқарар жүгі мен анықтамасын санамалайды.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің көлемі шағын болып келеді. Әңгімелері ықшам формада, айтпақ ойын аз сөзбен-ақ қызықты ситуация арқылы әсерлі жеткізе біледі.

Юморға аса қажет ықшамдылық, дәлелділік пен түсініктілік ұғымдарын шебер қолданған.

Бұл орайда, қаламгер стиліне лаконизмді басты ұстаным еткендігі байқалады.

«Лаконизм (от греч. lakonismos — краткость) — сжатое, немногословное выражение мысли; экономное использование художественных средств при создании образа, характера, жизненной картины в произведении» [5]

Қорыта айтқанда, Маңғыстау әдебиетіндегі юморлық-сатиралық әңгімелер – ең бір құнарлы да көркем жанр екендігін айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: Жазушы, 2012, – 376 б.
2. Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
3. Қонарбаев Ә. Түрлі-Түрлі Тәнтәнай. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2009, – 352 б.
4. Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Монография. – Алматы: Жазушы, 1985. – 288 б.
5. Уикипедия материалдары.
6. Қорабаев Е. Маңғыстау әзілдері. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2016, – 264

РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАР

Тәжігұлова Жарқынай

*Форт-Шевченко мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
Форт-Шевченко, Қазақстан*

«Қисса-сүл әнбийя» – Алтын орда мемлекеті тұсында дүниеге келген діни тақырыптағы тағылымды дүниелердің бірі. Аталған жәдігер дүниедегі аңыз-әңгімелерді жинақтап, құрастырған, біраз қиссаларды жазған аутор – Рабғузи. Бұл бүркеншік ат – «Рабат оғызы» деген сөздердің қысқарған нұсқасы. Аутордың шын есімі - Насретдинұлы Бұрханеддин екен. Аутор тарихта негізінен Рабғузи деген бүркеншік атымен белгілі. Рабғузи Оғыз Рабат деген қаланың қазысы болған көрінеді. Дерек көздерге қарағанда, аутор аталған шығармасын сол қаланың әкімі Насретдин Тоқбоға бектің өтініші бойынша жазып, кітапты әлгі әкімге сыйға тартқан екен. «Қисса-сүл әнбийя» – негізінен пайғамбарлар мен әулие-әнбилер өмірі жайлы, сондай-ақ олардың басынан өткерген оқиғаларын баян ететін прозалық шығарма. Өзге де орта ғасырлық шығармалар сияқты «Қисса-сүл әнбийя» нұсқалары да ел арасына қолмен көшірілген күйінде көп таралған болатын. Ал тасқа басылған күйінде бізге жеткен, баспа жүзін көрген алғашқы нұсқасы - 1914 жылы Қазан баспасынан жарыққа шыққан жинақ. Кейінірек бұл кітап Ташкент қаласында бірнеше мәрте қайта басылып, ел арасына бұрынғысынан да кең тарала түскен еді. «Қисса-сүл әнбийяның» Қазан баспасынан жарық көрген нұсқасына 79-дай қиссалар мен хикаялар енген екен. 479 беттік бұл шығарма хақында айта келіп, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кенжебаев «Ғылым» баспасынан 1973 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты еңбегінде былай дейді: «Оларды, яғни қисса-хикаяларды тақырып мазмұнына, идея-мәніне қарай мынадай үлкен үш топқа жіктеуге болады: 1. Жер, көк, адамзат, хаюанат, жын-шайтан, періштелер, Адам-ата, от, топырақ жайлы түсініктер, мақала, әңгімелер; 2. Әулие-әнбилер, пайғамбарлар, солардың өмірбаяндары, іс-әрекеттері туралы қиссалар, ертектер, аңыздар; 3. Шежіре- яғни мұсылман жыл есебінің, һыжраның алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғалар, күнтізбе-жыл, ай, күн аттары, назым өлеңдер» [1, 74]. Б.Кенжебаевтың осынау

топтастыру идеясымен өзге де ғалымдар келіскен. Шығарманың тініне аракідік өлең араласқаны болмаса, негізінен проза, қара сөз түрінде жазылып, ал кіріспесі және қортындысы жыр тілімен өрнектелген екен.

Түркілік ортағасырлық ойшыл Рабғузи өзінің терең ойлы мысалға толы шығармаларында өнегелі, тәлімдік үлгілерді оқырмандарына ұсынады. Әрине, Рабғузи қиссалары мұсылмандық сюжеттерді өрнектеуге арналуы сол замандағы басымдық танытқан дүниетаным – ислам принциптері мен қалыптары екендігін білдіреді. Бірақ басқа діндерде кездесетін ұғымдар мен аңыздар да бұл қиссалардан орын алған.

Қазақ оқырмандарын алғашқылардың бірі болып Рабғузидің қиссаларымен таныстырған Н.Сағындықов аудармасы болды [2]. «Рабғузи қиссаларының» қыжыра бойынша 710 жылы, жаңаша жыл санаумен 1310 жылы жазылғанын ғалым А.Қыраубаева «Ежелгі дәуір әдебиетінде» атап көрсетеді. Автор шығарманың мазмұнына сипаттама бере отырып: «Рабғузи кітабы – ежелгі араб, парсы елдерінде туып, бірден-бірге ауысып келе жатқан шығыстық сюжеттердің жиынтығы. Кітапта табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы жайындағы мифологиялық әңгімелер, халифтар, пайғамбарлар туралы аңыз-қиссалар, ертегілер, өлеңдер бар» [3,185], - деп көрсетеді. Әрине, қазақтың кең даласына мұсылман дініндегі даналық қалыптары, этикалық принциптер тек осындай көркемдік жолмен ғана тезірек тарала алатын еді. Өйткені, қазақ халқы ежелден ауыз әдебиетіне, аңыз әңгімелерге, өлең сөзге, дастандарға, нақылдар мен мақал-мәтелдерге құмарлығы мол екенін білдіріп отырғаны белгілі. Сондықтан Рабғузидің қиссаларындағы даналық тағылымдары түркілер дүниетанымына сәйкес келе қалғанына таңғалуға болмайды. Бұл біздің шығыстық діліміздің ерекшелігіне жатады. Ал этикалық бағыттағы философиялық түсініктеріміз халқымыздың рухани белгісі іспетті. Рабғузи қиссаларында Нұх пайғамбардың топан судан кейінгі жердегі тіршіліктің сипаттамасын баяндауға арналған хикаяттары бар. Хайуанаттар әлемінен Нұхтың әрқайсысын жұптан сақтап қалуға тырысуының өзі Жер бетіндегі Ғарыштық үйлесімділікті орнатуға деген талпыныс емес пе? Сөйтіп, Рабғузи адамдарды тіршілік әлемін құрметтеуге шақырады және дүниедегі әрбір іс-әрекеттен құдайдың күдіретін көре отырып, ойшыл әрбір адамға Ақиқат алдындағы жауапкершілікті ұмытпауды еске түсіреді. Сөйтіп, ол әлемдік үйлесімділікті құрметтеуге үйретеді, адамның әрқашанда өмірдің тұңғығын тек адалдықпен, әділдікпен сезіне алатындығына сенімділігін білдіреді. Міне осы принциптер нағыз өмірде жетекші рөл атқарады.

Өте қысқа ғана көлемнен тұратын Хазірет Лұқпанның бидай орнына арпаны еккені жайлы хикаят қиссада келтіріледі. Бірақ ол адамзатқа философиялық мағынасы, даналық тереңдігі тұрғысынан алғанда өте маңызды хикаяттарының бірі деген ойдамыз. Себебі, бұл хикаятта дүниедегі әрбір әрекеттің астарында адамның өмір сүруіне байланысты құндылық негіздерді сараптау жатқаны байқалады. Хазірет Лұқпан алаңғасар адамның кейпіне кіріп өз қожасына «Арпа ексем бидей шықпай ма?» деген парадокстік сұрақ-жауабын береді. Әрине, ол жауапқа қожасы қанағаттанбайды да, өзінің барлық таңғалысымен Лұқпанға деген кісімшілігін: «Қашан арпадан бидай шығып еді?» деген кекесін сауалына жинақтап жеткізеді. Әрине, Хазірет Лұқпан бұл іске арнайы дайындықпен қадам жасағандықтан оған жауабын да алдын ала дайындап қойған екен: «Олай болса, не үшін жамандық жасап, жақсылықтан үміт етесіз?» дейді. Хикаятта бұл аңыздың түйіні ретінде «Бұл әңгімеден кейін қожасы жаман істен тыйылды» деп оңды қорытынды келтіріледі. Осындай тәрбиелік мәндегі әрбір сұхбаттың нәтижесі өз заманында әлеуметтік ортаға жемістерін беріп отырғанға ұқсайды. Ал, енді сұхбат арқылы ойды талқыға салу, әңгімелесу арқылы даналық тағылымның мәнін ашу сияқты тәсілдер ежелгі Антика әлемінде кеңінен қолданылған. Пікірталас арқылы Ақиқатты іздеуді ежелгі дүниедегі философтар әдетке айналдырғанын білеміз. Жалпы философиялық ағымдардың барлығында жақсылық пен жамандықтың арақатынасы ажыратылады. Арпаны бидайдан ажыратқандай әрбір құбылысқа өзіндік сипаттамалар беруге тырысады. Ол заңды талпыныс екені белгілі. Өйткені, адам өміріндегі қарама-қарсы бағыттағы әрекеттердің барлығы бір-бірімен араласып, оның әрқайсысының өзіндік сипат – қасиеттері айқындалмаса, онда өмірдің мағыналық іргетасы шайқалады, адам

өзінің өмірлік бағытын жоғалтады. Сондықтан, жақсылық туралы сөз қозғағанда оны негізінен адамды бұл өмірде бақытты ететін, қуанышқа бөлендіретін құбылыстармен байланыстырамыз. Бірақ, адамның жалған құндылықтардың жетегінде кететін кездері жиірек болатынын адамзат тарихы дәлелдеп отыр. Яғни пенде үшін бұл тіршілікте материалдық байлыққа ұмтылу, атақ, мақсат, өзім білгіштік пен қызғаншақтықтар негізгі құндылықтық бағдар болып келе жатқанына куәміз. Ал олар болса тарихи үрдістегі барлық жамандықтың негізі, болмыстың көлеңкелі іргетасы екені анық. Хазірет Лұқпанның келесі бір хикаятында ешқашанда өзінді қоршаған ортадағы тіршілік иелеріне қиянат жасама, ол күнәнің ең үлкендерінің бірі деген даналық тағылымын түсінеміз. Өз балаларының шымшықтың балапанын ұстап бер дегеніне көніп, ұяның аузына шүберек жапқаннан кейін оны ұмытып кетіп, балапандарды өлтіріп алады, бірақ шымшық тірі қалады. Хикаятта осы оқиға Лұқпан хакімнің өмірінде де қайталанады. Өзі ұзақ жылдар бойы зынданда жатып тірі қалады, бірақ балалары сол зынданда өліп қалады. Міне, сөйтіп, адам кейде өзінің іс-әрекетіне жауапкершіліксіз қараса, ол міндетті түрде оның ақырғы зардабын татуға тиіс деген тұжырымды аңғарамыз. Яғни Ақиқаттың заңдарын білмеушілік, оның ішкі қисынына шынайылықпен берілмеушілік әрбір пенде үшін оның алдындағы жауапкершіліктен босатпайтынына мегзейді. Әзірге қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды зерттеуші мемлекеттік заңдардың құзырына бағынып қана өмір сүруді ойлайтын деңгейден аса алмайтын кездеріміз көптеп саналады. Шын мәнінде ол заңдар әлеуметтік ортадағы белгілі бір тепе-теңдікті ұстауға, адамның өз пендешілігінің құрбаны болып кетпеуіне шектеу қояды. Бұл да рухани жағынан жетілмеген субъектілер үшін міндетті түрде көмегін тигізер тетік болатыны анық.

Хазірет Лұқпан есімі түркілер үшін даналықтың, қайырымды жанның бейнесіне айналады. Ал Сүлеймен пайғамбардың табиғаттағы тіршілік иелерінің бәрінің тілін білуі жалпы адамзаттың ашылмай келе жатқан қабілетімен таныстырғанмен бірдей. Яғни бұл қасиетке ие болу үшін әрбір адам Сүлеймен пайғамбар деңгейіне дейін көтерілуі тиіс дегендей терең ой жатқандай әсер қалдырады.

Бірақ сол табиғат пен адамзаттың барлығын билеген, қадір-қасиетімен өз заманында әлемнің ең күштісіне айналған Сүлеймен пайғамбар жердегі құмырсқалар патшасы Манзураның алдында сөзге тосылады, оның керемет қисынды даналық тұжырымдарына қайтарымды уәж айта алмайды. Керісінше, оның даналығына, көрегендігіне, қайырымдылығына тәнті болады. Өзін әлжуазбын, көп нәрседен кішімін деп есептейтін құмырсқа бір сәтке Сүлеймен пайғамбар үшін үлкен ұстазға айналады. Рабғузи қиссаларының даналық тағылымдары да осы хикаяттың астарларын түсінуде болып тұр. Шын мәнінде әрбір адам үшін өмірде кез келген адам Ұстаз бола алады, кез келген табиғат құбылысы, тіршілік Иесі жақсы нәрсеге үйрете алады. Ол үшін әрбір пенде өзінің өміріндегі кез келген сәтке, құбылысқа, оқиғаға мұқияттылықпен, барлық ынта-ықыласпен назар салып, аңғарымпаздық танытуы керек деген даналық тағылымды түсінеміз. Яғни бұл дүниеде еш нәрсе бекерден-бекер жүзеге аспайды, рауажданбайды. Әрбір құбылыстың түп-төркінінде Ғаламның, Ғарыштың, Рухани күштердің адамға көмектесуге бағытталған әрекеттері тұрғандай болады. Тіптен, адам түсті де бекер көрмейді. Тек соларды түсінуден, сезінуден, пайымдаудан, зерделеуден адамның алшақтап кететін кездері көбірек кездеседі. Рабғузи қиссаларының осы мәселелерді еске түсіріп отыратын құдіреті бар.

Харут пен Марутқа арналған хикаядағы тәлімдік өнегелі тұжырымдардың маңызы ерекше. Бұл хикаяда адамның рухани әлемінің көлеңкелі беттерінің қыр-сырына ұқыптылықпен назар аудару қажеттілігі айтылады. Кезінде Қожа Ахмет Иасауи мен Жүсіп Баласағұн жырларында атап көрсетілген адамның рухани жетілмегендігін білдіретін нәпсіқұмарлық құбылысы философиялық талдаудан өтеді.

Рабғузи хикаяларында періштенің өзі кейде дұрыс жолдан тайқып кетіп, зинақорлық жолға түсуі мүмкін екендігі баяндалады. Яғни нәпсі деген керемет түнек күші өзінің қаһарлы құдіретін адамның күтпеген шағында танытуы мүмкін деген ой білдіреді. Ежелгі Қытай елінің даналарының бірі Лао-цзы «Өзгені жеңген күшті, өзін жеңген құдіретті» деген екен. Шынымен де «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген қазақ үшін де өзінің

бойындағы кемшіліктерді көре білу маңызды болуға тиіс. Өйткені, адамның білімділігінің, зерделілігінің ең жоғарғы көрінісі оның өз бойындағы кемшіліктерімен күресуі болып табылады. Адамның табиғатын түсінудің өзі бір керемет дүние екенін түркі дәуірінің ойшылдары жақсы түсінгенге ұқсайды. Ал адамның бойындағы нәпсіге, яғни табиғи қажеттіліктерге, инстинктік құрылымдарға қарай бейімділік белгілі бір қалыптан артып кеткен жағдайда ол өзімшілдіктің тұрпайы кейпіне енеді. Адам табиғи мүдделерін қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыру жолында жүріп рухани құлдыраудың сұрлеуіне қалай түсіп кеткенін байқамайды. Сөйтіп, ол өзінің іс-әрекеттерінің өзгеге де, өзіне де жамандық әкелгенін соңынан ғана сезеді. Ақылы болса өкінеді, руханилығы болса жөндейді, үйлесімдікке ұмтылады. Рабғузи қиссаларындағы философиялық тұжырымдармен таныса отырып, «Адам өзінің бойындағы табиғи инстинктерін шектей ала ма?» деген сұрақ туындайды. Әрине, ол мәселе адамда қандай негізгі табиғи инстинктер бар? деген сұраққа жауап беруден басталады. Барлық тіршілік иелері сияқты адам да алдымен табиғаттың бір бөлігі болғандықтан оның үйлесімді заңдылығына бағынады. Ол заңдылықтар бойынша адам бойындағы үш түрлі табиғи қасиет өз күшін жоғалтпайды. Олар: өзін-өзі қорғау инстинкті (яғни тірі қалу үшін күрес); өзін-өзі қамтамасыз ету инстинкті (яғни ертеңгі күнгі тіршілік үшін де күрес); ұрпақты жалғастыру инстинкті (яғни өмірінің қысқалығын ұрпағының өмірімен жалғастырады). Сонымен, барлық хайуандарға тән күрестің түрлері адам үшін де жат емес. Дегенмен адамның хайуандардан түбегейлі айырмашылығы оның рухани әлемінің, яғни жан дүниесінің болғанында. Ал бұл әлемнің заңдылығы ерекше нәзік байланыстардан тұрады, оның ерекше ырғағы болады. Сондықтан адамның тағдыры, өмірі, жетекші дүниетанымдық бағдарлары, құндылықтар жүйесі осы рухани құрылымдарға бағынуы тиіс. Сонда ғана нәпсі зерделі деңгейге дейін шектеледі. Әркім өз ісіне соңынан ұялмайды, ол руханилыққа толы әрекеттерді жасауға бейім тұрады.

Рабғузи білдіретін даналықтың үлгілері өз замандастары ғана емес, өзінен кейінгі талай ұрпаққа нағыз адамгершіліктің сипаты іспетті болғанына күмәнданбаймыз және оның философиялық мәнін аша түсуге үлес қосты. Өйткені, талай даналықтың үлгісі түркілік тарихымыздың ашылмаған беттерінде жатыр. Ал, енді Рабғузи туралы жарық көрген еңбектердің ішінен Роза Мұқанованың 72 пайғамбардың өмірінің тарихын баяндаған «Рабғузи қисса-сүл-әнбийя-й. Адам атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін» деген шығармасы қомақты дүние болып табылады. Әрине, Рабғузидің басқа да шығармалары жарыққа шығып, халқымыздың рухани дүниесін байыта түсе береріне сенімдіміз. Ол – болашақтың еншісіндегі іс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1973. - 98 б.
2. Рабғузи. Аударған – Сағындықов Н. // Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991. - 280. - 185-212-бб.
3. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. Астана, 2001. – 380 б.

ӘДЕБИЕТТЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ МӘСЕЛЕСІ

Нұхы Жамбыл

Ш.Есенов атындағы КТИУ магистранты

Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова,

Ш.Есенов атындағы КТИУ профессоры, ф.ғ.к., Ақтау, Қазақстан

Өткен ғасырдың екінші жартысында модернизм ағымының орнын басқан ірі құбылыстың бірі - постмодернизм. Постмодернизм ол мәдениеттің, адамзат өркениетінің барлық салаларын қамтыған жалпы әлеуметтік ағым болып саналады. Бастапқы кезеңде тек қана кескіндеме мен архитектура өнеріне телінген бұл бағыттың жекелеген ғылым ішінде,

атап айтқанда, әдебиетке де тың жаңалықтарымен келді. Модернистік ағымға сіңісіп кеткен әдебиетке постмодернизм тың идеялар, іргелі концепциялар тууына септігін тигізбей қоймады. Қазіргі таңда постмодернизм дәуірінде туындаған іргелі теорияларды саралап, талдап, оның маңыздылығын айқындау бүгінгі қазақ әдебиетіміздің әрі қарай дамуын болжау үшін аса қажетті дүние.

Қазір постмодернизм дегеніміз не деген сұрақ төңірегінде сан түрлі пікір бар. Соның бірі көркем мәдениет тенденцияларында пайда болған ағым деп түсіндіреді. Постмодернизм мәдениет пен қоғам өзгерісінде пайда болған өмір салтымыз, әр салада өріс алған даму бағытымыз дейтін пікір де бар. Қоғам өзгерісінде құндылықтар алмасуы, өнер түрлерінің бірінде ерте, бірінде кеш болсын барлығын тұтас қамтитын ағымдар мен бағыттар алмасуы болған, бола да бермек. Өнертанушылар, пәлсапашылардан бастап, әлеуметтану, саясаттану т.б. салаларда постмодернизм туралы түрлі анықтамалық жіктемелері қалыптасты. Адамзат қоғамы үнемі жаңаны іздейді. XX ғасырда модернизм деген қайта өрлеу дәуірі, жаңа дәуір деп ауыз жимай жатып-ақ ол постмодернизм ағымына қалай ұласып кеткенін қоғам аңғармай да қалған сияқты. Негізінде үлкен қоғамдық құрылымдар ауысында ағымдар мен көркемдік бағыттардың көбеюі бұрыннан байқалған құбылыс. Жарты мыңжылдыққа созылған модернизмнің өзінің XX ғасырдың орта ширегінде бірнеше бағыттары болғаны да мәлім: символизм, натурализм, футуризм, акмеизм, сюрреализм, имажинизм сияқты ағым-бағыттарының біразының ғұмыры өте қысқа болған да анық. Алғаш постмодернизм деген термин неміс философ-эссеисі Р.Панвицтің «Еуропа мәдениетіндегі дағдарыс» деген еңбегінде нигилистік ой бейнесінде сипатталған деседі зерттеушілеріміз. Постмодернизмді бірер сөзбен сипаттап айту, анықтама беру оңай емес. Оның бір себебі біз постмодернизмнің барлық сипаты мен ерекшелігін зерделейтіндей толық танығанымыз жоқ. Себебі ол даму, өзгеру үстінде. Ол бір жағынан әр кезеңнің бағасы өткен уақыт үдесінде айқындалатынынан да болар. Постмодернизмнің тууы, дамуындағы бірінен біріне алмасып, өзгеріп, түрленіп отырған жаңа сипаты барлығын айтушылар да бар. Антимодернизм, постмодернизм, метомодернизм ұғымдары осының дәлелі. Бір айқын мәселе постмодернизм қазіргідей техноқоғамда өнер, әдебиет, мәдениет, философия, саясаттану, әлеуметтану, т.т. көп салаға дендеп еніп кеткенін аңғарамыз.

Әдебиеттегі постмодернистік бағыт XX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келді. Латын және француз тілдерінен аударғанда «постмодерн» «қазіргі», «жаңа» дегенді білдіреді. Бұл әдеби қозғалыс адам құқығының бұзылуына, соғыстың қасіреті мен соғыстан кейінгі оқиғаларға реакция деп саналады. Ол ағартушылық, реализм мен модернизм идеяларын жоққа шығарудан туған. Соңғысы XX ғасырдың басында танымал болды. Бірақ егер модернизмде автордың негізгі мақсаты өзгермелі әлемде мән табу болса, постмодернистік жазушылар болып жатқан оқиғаның мағынасыздығы туралы айтады. Олар үлгілерді жоққа шығарады және кездейсоқтыққа басымдық береді. Ирония, қара юмор, үзік - үзік әңгіме, жанрлардың араласуы - постмодернистік әдебиетке тән басты белгілер.

Әдебиеттанушы ғалымдардың қазақ әдебиетіндегі постмодернизм құбылысы туралы пікірлерін келтіріп көрелік. Филология ғылымдарының докторы, академик С.Қасқабасов постмодернизм туралы өз ойын былайша білдіреді. «Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгеміз жоқ. Одан қол үзе алмайтын себебіміз, бізде әлі постиндустриялық қоғам құрылған жоқ. Сондықтан постиндустриялық қоғам болмай тұрып, постиндустриялық қоғамның өмірін суреттей алмаймыз. Алайда, постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс қана» деген [1,4].

Филология ғылымдарының докторы, профессор, сыншы Б.Майтанов- «Қазіргі дәуірдегі модернизм мен постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтас бағыт деңгейіне көтерілмеген, олар өзара ара-жігін де ашып дараланбағандықтан, бүгінгі күн бедерінде көркем-әдеби ағым ретінде өмір сүруде. Орнына қарай дәстүр, үрдіс, көрініс, стиль терминдері қолданылуы мүмкін. Біз бұл үдерісті жылдамдатуға да, кідіртуге де құқылы

емеспіз. Тақсыр уақыт пен әдеби тәжірибе негізгі сөздің тұтқасын ұстамақ.» [2,4]. - деген пікірде болған.

Постмодернизмнің көрнекті өкілі, белгілі жазушы Джон Хоукс өзінің маңызды шығармасы «Каннибал» романы туралы: «Мен бәрін сұмдықтан (кошмар) аламын, соғыс сұмдығынан аламын» дей отырып, көркем шығармашылықтағы концепциясын былайша айқындайды: «Романның басты жаулары – сюжет, кейіпкер, әрекет пен тақырыптың шарттылығы. Көркем прозаны қабылдаудағы үйреншікті дүниелерді алып тастасақ, толыққанды шын мәні мен нағыз құрылымы қалады». Постмодернизмнің бір сипаты көркем өнердегі өзіне дейінгі шарттылықтардан азат болу. Поэзияда үйреншікті ұйқас, ырғақ, тармақтан азат болса, прозада кеңістік пен уақыт, сюжеттік даму мен кейіпкерлер жүйесі. Олар заңдылықтарды терістеп, кездейсоқтықты мойындайды. Постмодернистердің дүниетанымында заңдылық жоқ, тек хаос және кездейсоқтық қана бар деген түсінік орын алған. Постмодерн – философиялық дүниетаным негізі болса, постмодернизм өнердегі ағым, көркемдік әдіс. Ал постмодернити деген осы негізде ойлау жүйесі, тіршілік ету қалпы. Бұл әрбір қоғам мен адамға тән сананың сипаты.

Қорытындылай келе постмодернизм бұл тек әдебиетте ғана емес, өмірдің сан қырлы соқпақтарынан алшақтап, өзінді еркіндікке баулу қасиетіне ие саналы ұғым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ әдебиеті», №13, 10 сәуір, 2009 ж.
2. «Қасым» №2 2011ж
3. <http://www.qazaquni.kz/15850.html>
4. <https://adebiportal.kz/>

МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫНЫҢ «ӘМІР ӘМЗЕ ДАСТАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ДІНИ ҚИССАЛАРЫ»

Шакизада Альбина

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: Оралова Гүлзира

филология ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Майлықожа - дін мәселесіне де көп барған ақын. Оның бұл саладағы көлемді еңбектері - «Әмір Әмзе», «Зарқұм» секілді қиссалар. Рас, еліміз егемендік алғалы көптеп жарияланып, кітап болып басылып жатқан фольклорлық және әдеби мұрамыздың үлкен саласы - діни әдебиет.

Қазақ әдебиеттану ғылымында мұсылманшылдық тақырыбындағы шығармалар ерекше орын алады. Мұсылманшылдық тақырыпта жазылған қисса-дастандар кеңестік дәуірде таныла қойған жоқ. Соңғы жылдарда мәдени мұраларымызды жинақтап, жарыққа шығара бастадық. Осы тұста Ұлттық Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты даярлап шығарған көп томдық «Бабалар сөзі» атты еңбекті атауға болады. Кітаптың он екінші томы «Қазақтың діни дастандары» деп аталады. Діни дастандар туралы зерттеуші ғалымдар шығарманың шығу тарихы, таралуын, тақырыбы мен идеясы туралы жүйелі пікірлер айтқан және діни дастандар сюжеті толық берілген. Жинақта толық енген дастандарды жинаушылар, мәтінге ғылыми түсінік те айтылған. Дастан – синкретті жанр болғандықтан онда жалпы түркілік, қазақтың эпикалық және шығыстық әдебиеттің ықпалы болатыны сөзсіз. «Бабалар сөзінің» 12-томына ұлттық әдебиетіміздегі діни дастандардың орны мен нәзирагөйлік дәстүрде жырлануы туралы ғалым Б. Әзібаева алғы сөз жазып, халықтың ой дүниесінің бір көрінісін діни дастандар арқылы берген деген тұжырымы бар.

Діни дастандар жөнінде кеңінен танысатын болсақ, көптомдық еңбекте діни дастандардың таралуы, жарыққа шығуы қазан төңкерісіне дейін болғаны және XIX ғасыр мен XX ғасырда кітап болып басылып шыққаны сараланған.

Біз сөз еткелі отырған діни дастандарды тудырған ақындар түркіше, арабша, парсыша сауатты болған. Сонымен қатар туған халқымыздың фольклорымен сусындаған, сондықтан да олар нәзиралық туындыларын қазақ ұғымына жақындатып жырлаған. Сондай-ақ шығыстық әдебиетпен таныс ақындар қазақ даласына тың сюжеттерді шығыстық үлгіде «назирагөйлік» дәстүрде жеткізген. Әлем елдеріндегі әдеби ықпалдастық, сюжет алмасу қазақ әдебиетінен де өз орнын ала бастады. Сөйтіп қазақ әдебиетінде кітаби ақындар жаңа әдебиетке бет бұрып, жаңа жанр дастаншыл шығармашылық қалыптасты. Ел ішінде ауызша да жазбаша да таралып отырған қисса-дастандарды халық қызығушылықпен қабылдап, тіпті жаттап алып отырған. Осы орайда XIX-XX ғасырда өмір сүріп өз шығармаларында дастандар мен киссаларды жырлап өткен ақындар көп болды. Мысалы, Майлықожа, Мәделікожа, Тұрмағамбет, Әсет Найманбаев, Базар жырау, Шәді Жәңгіров т.б. айтуға болады. Аталған ақындардың әсіресе діни дастандарын жырлап өткен жыршылар да көп болған. Біздің зерттеу тақырыбымыздың негізгі объектісі Майлықожа Сұлтанқожа ақынның «Әмір Әмзе», «Зарқұм» сияқты дастандарын жыршы Көпжасар Көлбайұлы, Бибатыр Мырзабайұлы сияқты атақты жыршылар елге таратқан. Бұл туралы деректерді зерттеуші ғалым Ә. Оспанов 1996 жылы жарыққа шыққан «Әмір Әмзе» атты жинақта зерделеген.

Діни дастандар туралы ел ішінде кең таралып отыруына тағы бір себеп осы жыршылар болса керек. Ұзақ дастанды жырлап, ел жадында орнықтыру жыршылық дәстүр болса, кеңес дәуірінде дінге деген көзқарас басқаша болды. Діни шығармаларды жинау, жариялауға мүмкіндік жоқ еді. Міне, діни дастандардың зерттелуі де осылай кешеулеп қалды. Сондықтан дастандарды қолма-қол көшіріп немесе жад арқылы сақтау жыршылар үлесіне тиді.

Майлықожаның діни дастандарының ішінде ерекше тоқталатынымыз – «Әмір Әмзе» дастаны. Бұл шығарма ел ішін кең тараған себебі, арабша, парсыша сауатты ақындар бірнеше нұсқасын жырлаған. Солардың ішінде Шәді Жәңгіров нұсқасы, Майлықожа нұсқасы т.б. атауға болады. Майлықожа шығыс тіліндегі кітаптармен жақсы таныс болған «Әмір Әмзе» - әлем елдеріне танымал шығарма, әсіресе шығыста роман деп жүрген сира жанрымен жазылған. Бұл шығарма қай елде жазылса да, басты мәселе етіп Мұхамед пайғамбардың мұсылман дінін уағыздағанын ашып көрсету болған.

Майлықожа осы оқиғаларды ашу үшін мұсылмандар мен кәпірлер арасындағы үш-төрт соғыс суреттелген. Соның ең көлемдісі худ тауындағы шайқасқа мән береді. Оқиға Мекке құрылтайшылары мен мұсылмандар арасындағы мұсылман діні үшін болған шайқасқа құрылған. Осы соғыстың батыры, ержүрек Әмзе тарихта болған адам. Ол түрлі қасиеттерімен де көзге түскен, оның бойында Алла тағала берген құдірет күші арқылы сиқырлы күшке де ие болған кісі. Мұхамед пайғамбардың жақын туысы, мұсылман дінін уағыздау үшін Иран, Индия, Мағриб, Африкаға дейін соғыс жүргізген.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы осы дастанды жазу үшін оның бірнеше нұсқаларымен танысып, Әмір Әмзенің тарихи шынайы сөз болуы үшін біршама өзгешелік ендіреді. Араб, парсы нұсқаларынан өзгешелігі сонда, Әмір Әмзені тек қолбасшы деп суреттемейді. Мұхамед пайғамбар жолын ұстаған, батыр, ел көңілінен шығатын жан деп береді. Қиындық жағдайға кездессе, Қыдыр қолдап жүретін қасиетті жан, худ соғысында қаза табады. Өмірден перзентсіз өткен Әмір Әмзенің қазасына ел жылайды, ел қайғырады. Міне, ақын дастанды елдікті, ерлікті жырлай отырып, ел үшін, дін үшін жасалған жақсылық өлмейтінін:

Пайғамбар сонда сөйледі,

Көріселік кел – деді.

Әмзе шерден айырылдым,

Әзірше тірі мен – деді.

Әмзе қандай ер еді?

Ондай шер қайдан табылар? [1]

Демек, Әмір Әмзе өмірде болған дін үшін күресте ерлік көрсеткен, қарапайым адам деп көрсеткен. Оның өлімі Мұхамед пайғамбарға да халыққа да ауыр екенін «Әмзе шердің өліміне, Қылындар - деді – көз жасы», - деп пайғамбар аузынан сөз айтқызады. Сондықтан болар Майлықожа Әмір Әмзе бейнесін дін үшін күресте алғаш опат болған шейіттердің бірі деп ой түйеді. Қазақ ысыламнамасы туралы жазылған бұл дастанда пайғамбарды өлтір деп Омарға ұсыныс беріледі, құран әуеніне балқыған Омар мұсылман дінін қабылдайды. Дастан басталғанда Мұхамед, Әмір Әмзе, Әзірет Әлі, Омар, Әубәкір, Садық, Оспан сияқты кейіпкерлердің мұсылман діні үшін соғыстағы ерліктерімен көрініс береді.

Араб нұсқасында Әмір Әмзенің бірнеше әйелі бала-шағасы, батыр ұлдары болады. Ал Майлықожа нұсқасында оның перзентсіз өткені, жанына жалау болатын батыр інісі болатынын баяндайды. Оған демеу күш беретін Қыдыр ата мен халық, Мұхамед пайғамбар екенін аша түседі.

Майлықожа туралы көп зерттеген Ә. Оспанов «Қаратау шайырлары» атты еңбегінде «Әмір Әмзе» дастанының ел арасында қолжазба күйінде тарағанын айтып, келешекте зерттеуді күтіп тұрғанын сөз етеді. Әрине, жазбаша тарағанмен, дастаннан аңғарылатыны эпостық жырлардағы қазақ батырлар жырындағы батырлар соғыс сахнасы бір-бірімен ұқсас болып отырады. Соғыстағы Әмір Әмзенің асқан ерлігі дастанда ерекше ұлғайтулар (гипербола) арқылы суреттеледі.

Ұрыса берді ер Әмзе,
Кез келгенін сабалап,
Кәпірлер де жабылды
Ортаға алып қамалап
Жолбарыстай Әмзенің
Екі көзі жанады,
Біреуін ұрып біріне
Жапырып кетіп барады.
Біріне-бірін ұрғанда,
Майда-майда қылады.[1, 301-6]

Кітаби ақындар мен Шығыстың үлгіні ұстаған ақындардағы бір ерекшелік дастан басталар алдында эпилог ретінде тезис кіріспе береді.

Майлықожа ақынның діни дастандарында осы жәйттер байқалады. Осы әдеби құбылыс нәзирагөйлік дәстүрдің барысында ашыла түседі десек «Әмір Әмзе» дастанын ақын былайша бастаған:

Расулымыздың дұшпанын,
Мекеде олар көп еді,
Дін мұсылман жоқ еді
Қағыбаға қараған
Он сегіз ру ел еді
Бір менен бірге келгенде,

Әшімілер көп еді, - деп Меккедегі дінсіз, кәпір құрылтайшыларды мұсылман дінін қабылдауға мойынсұндырғаны жайлы хабар беріп кетеді.[1,281-6] Мұхамед пайғамбар, Омар, Оспан т.б. намазды ашық оқуға жол ашады.

«Кәпір менен мұсылман

Біреуді – біреу білмейді», - деген жолдардан шығарма оқиғасы мұсылмандар мен кәпірлер арасындағы қайшылықтың дін үшін күреске ұласуын аша түскендей.

Худ тауындағы соғыста Әмзе ерлікпен қаза табады, мұсылмандар жеңіске жетеді. Соғыс мұнымен тоқтамай Шам жерінде соғысып, онда да жеңіске жетеді, сөйтіп Мекке мен Мадинеге қайтады. Әмзе өлімімен күрес аяқталмайды, оның салған ізін мұсылмандар жалғастырады. Діни сауатты, шығыстық үлгідегі дастанды жазу барысында Майлықожа өзінің суреткерлік, ақындық қуатын осылайша танытқан.

Дастанда діни кітаптардағы нақты ақиқатты арқау ете отырып, өзіндік танымын да білдіреді. Оқиғаны баяндай отырып, өлең өрнегімен кестелеуде өкініш ақиқат арнасынан асып кетпейді.

Ақын дін – ислам тақырыбындағы шығармаларында қанағат, адалдық, әдептілік, адамгершілік мұраттарын жырлаумен ерекшеленеді. Ақын пайымдауларында дін – шариғат, мұсылмандық жолы – ақиқат жолы екендігіне көз жеткізу.

Бұл дүние екі жол,
Бірі оң да, бірі сол.
Бірің тұтсаң – бірі жоқ,
Дүние қысқа, ақырет мол!

Осы үзіндіден үлкен философиялық ойды ұғуға болады. Әлемсақтан бір-біріне қарама-қарсы жақсылық пен жамандықтан алдын ала сақтандырған сияқты. Діни дастандарында мұсылмандықтың шарттарын, Мұхамед пайғамбардың асқан адамгершіл бейнесін үлгі етеді.

Араб халифаты әлеміндегі аңыз болып қалған Әмір Әмзе оқиғасын адал діннің иманы дүр деп білген исламдық түсінік дастандарында әсерлі баяндалады. «Әмір Әмзе» дастанында дидактикалық ойлар да басым. Осы діни қоғамдық өмірдің насихатын Майлықожа Мұхамед пайғамбардың сөздері арқылы береді. Дастанда Шам еліндегі соғыс бітіп елге жеңіспен оралған әскерге қарата айтқан мына сөздер соның дәлелі болады:

Әдепті болсын ұлыңыз,
Аурудың көңілін сұраңыз.
Жетімнің басын сылаңыз.
Аштан өліп қалсаң да,
Арам нәрсе татпаған.

Ислам дінінің басты қағидалары уағыз айту десек, дастанда Мұхамед пайғамбардың үмбетіне айтқан әрбір сөзі өсиетке толы берілген.

«Әмір Әмзе» дастанындағы автордың басты идеясы сол – ислам діні тууы, таралуы, тәрбиелік мәні, мұсылман діні үшін күрескен қайраткерлерді дәріптеу.

Тақырыбы ерлікті, елдікті, пайғамбардың ақтығын жырлауға құрылған. Десек те бүгінгі күні шығарманы түсініп оқу, әрине, қиынырақ болар. Байыбына барып қарасақ, тұнып тұрған исламдық тәрбие, діни ағартушылық мәселесін қамтып, дінді сақтап қалуды көздеген. Ел болу үшін тілі, діні, діліболу керек деген идеямен ұштасып жатыр.

Ұлтымыздың келешегі, ұрпақ ұлағатын сақтап, дінді құрметтеуде кітаби ақындар жырлаған діни дастандардың маңызы зор.

Дастанда үлгілі, өнегелі, халықтық тұспал сөздер мол. шығарманың негізгі сипаты дидактика, нақыл сөздер, тың теңеу, эпитеттер, өлең жолдарын бір дыбыстан бастап үндестіретін шеберлік басым. Мәселен,

Құдайдың өіі пана-дүр,
Басыма түскен күніме,
Сіз болсаң бізбен бауырлас.
Кіргін әуелі дінімен.
Жолбарыстай Әмзе, (теңеу)
Дұшпаны иттей абалап (теңеу)
Он екісін өлтірді,
Өзгелерін жаралап.

Бірыңғай дауыссыз дыбыстан басталып, дыбыстың үндесу арқылы жырға рең беріп тұрған

Қатарлап сабын түзеді,
Кәпірлер де сап түсеп,
Қарсыласып келеді
Кімнің жақсы-жаманын
Бір Алла өзі біледі [1, 298-б]

«Қ», «к» - дауыссыз дыбыстар сөз басында қайталанып, өлеңге рең беріп тұр.

Дастанда фольклорлық сарын басым. Батырлардың ерлігін суреттеуді «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын» жырларындағы жаумен айқасты еске түсіреді.

Мысалы:

Жолбарыстай ақырып, (теңеу)

Бірін-бірі қағысты,

Жағаласып ұстасып,

Аяқтарын шалысты.

Екеу-екеу ұстасып,

Ертеден кешке жүгісті.

Күн батты да түн өтті...

Фольклорлық сарын шамадан тыс әсірелеу «Күн батты да түн өтті», яғни уақытты үлкейтіп отыр. Әмзенің батырлығынан жау қорқып қашады, екі-үш мың әскермен жалғыз алысатын батыр опасыздардың кесірінен абайсызда оққа ұшады.

«Алпамыс» жырындағы Ұлтан құлмен Оғаш құл да бір-біріне ұқсайды. Оғаш құл Әмзеге қастық ойлап, тасада тұрып атып өлтіреді.

Әмзе шердің қасына

Жасырынып келеді

Бір оқ атып жіберді,

Әмір Әмзе шерінің,

Жүрегінен ұрады.

«О, дариға құда!» деп,

Әмзе шер аттан құлады.

Көкіректен тиген оқ,

Ту сыртынан шығады...

Кәлима айтып шаһадат

Жан тәсілім қылады...[1,345-6].

Майлықожа батырдың өлімін шынайы суреттеген «Өзекті жанға бір өлім» екенін ақын Оғаштың оғымен байланыстырады. Шығыстық сюжеттегі араб, парсы нұсқаларында жыр осылай трагедиямен аяқталады. Әмзенің өлімімен соғыс тоқтамайды. Оның ісін жалғастырып қаншама соғыстар болады, сөйтіп мұсылман діні тарихта із қалдырған.

Жалпы Әмзе, Мұхамед, Омар, Оспан т.б. кейіпкерлер тағдыры бүгінгі біздерді терең толғандырса керек. Дініміздің, мұсылмандық шарттары, имандылықты бағалауда жіті көзқарас қалыптасары сөзсіз. Имандылық ұғым-түсініктеріміздің шындап қастерлене бастауын Майлықожаның ашық жазуы да жүректі тазарту сол арқылы рухани байлыққа жету болса керек.

Қазақ үшін ояну, болашақ үшін күресу үшін дінді сақтауды Майлықожа ақын осылай тұжырымдап берсе керек.

Жалпы діни дастандар жазған ақындарға тән ортақ тақырыптар болған:

- Мұсылман дінінің шығу тарихын сөз ету;
- Құран сүрелеріндегі ғибраттық ойларды жеткізу;
- Пайғамбарлар, діни қайраткерлердің тәлімдік ойларын жазу;
- Мұхамед пайғамбар мен төрт шадияр, сахабалар туралы аңыздық оқиғаға

сюжет құру;

- Әулие – әнбиелер, пайғамбарлар олардың іс-әрекеттері туралы қисса-дастандар.

Қиссашыл, дастаншыл қазақ ақындары қазақ ауыз әдебиетінің сарыны, сюжеті, көркемдік тәсілдері басым болып келеді. Кейде батырлар жырын еске салса, кейде қиял-ғажайып ертегілерді еске түсіреді. Сөйтіп бір жағынан діни аңыз, екінші жағынан халық ауыз әдебиетінің дәстүрлеріне негізделеді.

Діни дастандар ішінде «Әмір Әмзе» - діни білімнің жиынтығы, діни ережелерді насихаттауға, еске сақтауға, дін үшін болған күрестерді суреттеген шығарма. Оның шығу

төркіні, құранның мақамы мен мәні туралы ұғым береді. Бұл дастанның қазіргі уақытта да айтар өнегесі мол, ғибраты зор деп білеміз. Мәселен, Мұхамед пайғамбардың үмбеттеріне арнап айтқан өсиетінде ислам дінінің артықшылығы, ұстанымдары сөз болады.

Бейайып Алла өзі-дүр,
Кісіні ғайбат қылмаңыз.
Жол түзетіп, көпір сал,
Жетімдердің көңілін ал,
Ажалың жетіп өлмесең,
Ырыздыққа Алла қарыздар
Араз болса екі адам
Арасына түсе қал,
Кісіге қылма қиянат
Өз әліңді шақтаңыз.
Бізден сізге насихат
Бұл дүние бейопа
Қош болыңыз жамағат! [1, 368-369-б]

Келтірілген үзіндіден оқырман ғибрат алады, ислам дінінің қағидаларын, уағыздық мәнде айтылғаны байқалады.

Ақын Майлықожа бұл дастанында ислам дінінің қалыптасу, пайда болу жолдарындағы барлық қиыншылықтар, соғыстар, дін жолындағы күрестен мағлұмат береді. Шығыстық сюжеттегі дінді жырлаған дастандар мазмұнын сақтай отырып, өз жанынан тың эпизоттар береді. Шығыс фольклоры мен қазақ фольклорын байланыстыра отырып, қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандарды дамыта жырлаған.

Ойымызды түйіндей келгенде, XIX-XX ғасырда қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық идеясының көрінісі, діни сана-сезім табы айқын сезіледі. Қазақтың жазба әдебиетінде орын алып, ұлтымыздың бүкіл болмыс, бітімі мен тілі мен дінінің дамуына рухани күш беретін діни дастандардың ролі зор болған.

Біз ақынның діни дастандарын оқи отырып, оның ұрпақ тәрбиелеу арқылы ұлт тәрбиелеу қажет екенін ұғынғандай болдық.

«Әмір Әмзе» құранның бойды балқытып, мұсылмандар намазға жығылып, ислам дінін қабылдауы «Құран Кәрімнің» 114 «Таһа» сүресінде Мұхамед пайғамбардың мына аятында сөз болған: «Шынайы меңгеруші Алла әр нәрседен жоғары. Кімде-кім Пайғамбарлардың мирасын алса, мол үлесті алған болады», - дейді (Хадистер 1-кітап – Алматы: Өнер 2014 – 866)

Жалпы, Майлықожа танымында мұсылман дінін уағыздау, оның жолы – иманды таза ұстау сипатымен ерекшеленеді.

Зерттеуші ғалым В. В. Радлов кітаби ақындар туралы: «Кітаби өлеңді шығарушылар-молдалар, сауаттықазақтар. Олардың сөз оралымдарында исламның, кітаби тілдің әсер - табы айқынсезіледі», - деп тұжырымдаған [2,9-10-б].

Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, Майлықожа кітаби ақын, діни сауатты, діни 12 пәнді меңгерген молда, сөз саптауында исламдық әсер мол екені байқалады. Әрине, В.В.Радлов діни-қиссаларды жыршылардың орындауын сөз етпесе де, қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандарды шығарушылар туралы берген бағасы, пікірі көңілге қонады.

А.Байтұрсынұлы: « ... нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері-бұл сөз өнері болады»[3,340-б] деген пікірімен түйіндесек, діни дастандар жазған ақындар сөз өнерінің алтын қорына өз үлестерін қоса отырып, тақырып аясына кеңейтіп, дінмен рухани қуат бере білген. Шығыстық ілімді терең меңгерген Майлықожа Сұлтанқожаұлының діни дастандары ұрпақ тәрбиесіне рухани нәр береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Майлықожа шығармаларының жинағы. – Алматы: Атамұра. 2005ж. -863б
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Радлов В.В. Ел қазынасы - ескі сөз. – Алматы: Ғылым. 1994. - 360 б.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУШЫ

Кульжанова Аружан Арыстанбайқызы

Ш.Есенов атындағы КТИУ магистранты

Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова,

Ш.Есенов атындағы КТИУ профессоры, ф.ғ.к., Ақтау, Қазақстан

Мұзафар Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз шәкірт ақындары, өз мектебі бар. Ақын есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері. М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Оның бата-өлеңдері «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап болып 1996 жылы «Атамұра» баспасынан шықты. Жинаққа көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген. Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақаласында ақынның баталары жөнінде: «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз, ойлы, өрнекті жазу үрдісінен айнымай келе жатқанына куә боламыз» [1, 32-б], – деп жазады. Яғни, Мұзафар Әлімбаев қазақ лирикасын көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан, нақтылықты орнықтырған ақын. «Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренген жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады» [2, 72-б], – дейді.

Алғашқы қадамын Павлодар облыстық “Қызыл ту” газетінде жарық көруден басталған өлеңдері қазір том-том болып халқымыздың рухани қазынасына айналған, бүгінде қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығы нық, нығыз, асқар биік шығармашылық тұлға – Мұзафар Әлімбаев. Ақынның “Естай-Хорлан”, “Менің Қазақстаным”, “Ту тіккен” секілді эпикалық туындылары жыр сүйер жұрттың жүрегіне жол тауып, таңдаулы шығармалар қатарынан орын алды. Ондаған жылдар бойы ауыздан түспей шырқалып келе жатқан “Ақмаңдайлым”, “Өзің де жігіт, қызықсың”, “Маралдым”, балаларға арналған “Мұғалім ол біздің”, “Көшпелі фонтан”, “Бесік жыры”, “Қартаймайсың, жан ана” қатарлы көптеген ән-өлеңдері халықтың сүйікті туындысы болып кетті. Қаламгердің естеліктері мен эсселері, мақал-мәтелдері мен көңіл күнделіктері де оқырмандар көңілінен шыққан тартымды дүниелер. Халықтың ауыз әдебиеті – қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді зерттеп, жинастырған “Маржан сөз”, “Мақал-мәтелдер” секілді кітаптары халықтың күнделікті қажетсінер дүниесіне айналды.

Сондай-ақ ол айтулы публицист, майталман аудармашы, әдебиет зерттеуші. Ақынның бұл қырларының қай-қайсы да-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, мәуелі бұтақтар. Үздіксіз, әрі дәмді, мол жемістер беріп келе жатқан бұтақтар. Шындығын айтсақ, бізге үлкендер ақыны, аудармашы, сыншы, очеркші, ән-өлеңші, ұстаз, редактор М.Әлімбаевтың қай-қайсысы да қымбат. Алайда, әсіресе соңғы ширек ғасыр көлемінде, қаламгер есімі аталса болды, алдымен балалар ақыны М.Әлімбаевтың ойға оралары анық.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Неге десеңіз, балаларға арнап қызықты шығармалар жазу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. “Бесік жырынан” басталатын балғындар өлеңінің әйтеуір бір құдіреті бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатын болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін – өлеңнен артық керемет

бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек. Өйткені, ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой.

М.Әлімбай – қазіргі балалар әдебиетінің ата буынына қосылған көрнекті қайраткері, тәлімгері. Ақынға 1984 жылы “Аспандағы әпке” атты балаларға арналған жыр кітабы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл сыйлықтың бөбектердің сүйікті ақыны – Мұзафарға берілуі әбден орынды. М.Әлімбай балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой – өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Өлеңдерін оқып тілі шыққан бүлдіршіндеріміз қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөздерінің гажайып нәрін Мұзафар ағамыздан үйреніп келеді» [3].

Бүгінде, мынау технология мен ғарыш заманында біздерді таң қалдыру, кітапқа еліктіру оңай шаруа емес сияқты. Солай бола тұра, білмейтініміз көп... ал білетініміз аздау болып жатады... Талғамы биік В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай:”...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек”. Яғни, бала бола білу керек. Ал, М.Әлімбай атамыз шығарма жазғанда тіпті балалардың жас ерекшеліктеріне дейін қатты ескереді екен. Сондықтан оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жас өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады.

Мұзафар Әлімбайдың “Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?”, “Көкек неге “көкек” дейді?” “Тауыс неге қызыл-жасыл?”, “Қарға неге қара?”, “Алатаудың баурайында”, “Көк кілем”, “Еріншектер елінің Ертенбайы туралы” аңыз-ертегілері кім-кімді де жалықтырмайды деп ойлаймын.

Мұзафар Әлімбайдың балаларға арнап жазған кітаптарында тәрбиелік мәні бар өлеңдері көптеп кездеседі. Мысалы, ”Суайт сауысқан”, “Қырықаяқ”, “Әппақ пен сатпақ”, “Тарғыл мысық дағдысы” сияқты толып жатқан жырлары бар.

Ақын “Жел деген не?” өлеңінде:

Жел деген не?

(Айт деп інім жалынды).

Жел де ауа кәдімгі

(Айтқаныма нана ғой).

Жел дегенің тек бірақ,

Ойға –қырға шапқылап,

Пайыз таппас ауа ғой[4]

- деп, жел сияқты тұрақсыз әрі берекетсіз болмау жағын тапқырлықпен айтып, суреттеп берген. Ақын 5 жасында әріпті әліп деп біліп, кітап оқи бастайды. 6-сыныпта ауыл кітапханасының бір қыста 150-ден аса кітабын тауысып, “Бауырсақтан” бастап, “Батырлар жырымен” жалғастырып, Пушкиннің 4 томдығын тауысады. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, 16 жасында анасына арнап жазған тұңғыш өлеңі мерзімді баспасөзде жарияланады. Бұл үлкен өнер жолына деген алғашқы баспалдағы еді.

Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады депті бір ақылды адам. Әлдебір аңқаулар болмаса, байыпсыз алаңғасарлар болмаса, халық сөзімен айтқанда, “оқу өтіп кеткен” оқымыстысымақтар болмаса ешбір қаламгер көркемдік мақсатқа жете алмайды екен. Ақынның қай өлеңін алып оқысаң да өзіміз куә болып жүрген көріністер арқау болғанын байқаймыз. Аспан кемесінде жұмыс істейтін мамандық иесі туралы «Аспандағы әпке» өлеңіне аттас кітабы әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықты алған.

Ақын атамыздың«Жалқау винт» деген өлеңіндегі:

Жалқау бір винт жасынан,

Жылжып болттың қасынан,

Түсіп қалды қырсығып,

Тоқтасын,-деп,-машинам!

Оған несін қарасын?!
Бұрап алып жаңасын.
Жүріп кетті машина
Шарлап совхоз даласын.
Жапанда винт тек жатыр,
Жаңбыр-батыр, жел жатыр.
Жарамаған кәдеге

Көк темірді жеп жатыр[4] – деген өлең жолдарының көпшіліктен бөлектенбей, қашанда қайырымды болып, басқа біреуге қастандық ойламауға үйрететінін байқаймыз... Ақынның көптеген өтірік өлеңдері тақырып, таным жаңалығымен ерекшеленеді. Атап айтсақ:

Қақ жарып шоғын жұлдыздың,
Ұшқанын көрдім құндыздың.
Құдықтың суын төктім, төңкердім де,
Теңізді жалдап өттім, жөн көрдім де.
Құлынның мүйізіне мініп аттай,
Бүгін – ақ барып қайттым ертең күнге.
Алдайды деп аптықпа,
Үйір емен дақпыртқа:
Ай қасында түнедім,
Орандым да ақ бұлтқа.
Ұлу озды елікпен жарысқанда,
Тышқан жеңді аюмен алысқанда.
Арбама атты қойып, қоңыз жектім,
Бір емес қатарынан тоғыз жектім [4].

Ақынның тағы бір өнері – әнге өлең жазу. Оның 1949 жылдан бастап 300-ге жуық өлеңі ән-әуенге айналыпты. Ол әндердің көбі балаларға арналған: “Мен – баласы даланың”, “Мұғалім ол біздің”, “Менің атам – майдангер”, “Көктем дала – Алматы”, “Біздің балабақшада”, «Жұлдызым» тағы басқа көптеген өлеңдері. Көп еңбектенетінін ақын көп еңбектенуді кімнен, қалай үйренгендігі жайлы өзі былай дейді: «...Дімкәс әке-шешеміз бізге кезекпен үй сыпыртатын, су әкелдіретін. Алты-жеті жаста мал жайлауды үйрендім. Тезек теру, иілік шабу, отын жару – бала шақтағы күнделікті үрдісіміз еді. Ауаны қалай жұтсақ, суды қалай ішсек, бұлар да сондай үйреністі машық еді, арба жегу, етік жасау, түйме қадау, кір жууды да жатырқаған емеспін, кейде анама болысып, сиыр сауған күндерім де болды... Осының бәрінің өсе келе пайдасы тиді, әсіресе әдебиетте. Солардың бәрі еңбектену білуге, еңбектену ләззат табуға үйретінді»[5] – деп есіне алады. Ақынның еңбекқорлығы жайында Ғафу Қайырбеков: «Мұзафар Әлімбаев – шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы. Оның ғылымға тән таланты, миының зеректігі, асқан төзімділігі мен мүлде ерінбейтін еңбекқорлығы, уақытының көбін қағаз арасында, кітап ішінде өткізуі – бәрі де оның ғалымдық қасиетін айтып тұрған жоқ па?» [6] – деп естелік айтады.

Шәкірт болсаң,
Шоқандардай озық бол,
Оқу-білім бейнетіне төзіп көр.
Ертеңгі істі бүгін ойлап, бейімде,
Бүгінгіңді ысырма тек кейінге.
Қадари-хал талабы бар әркімнің,
Жастан шырқа әнін туған халқыңның.
Кітап құмармен сырлас бол,
Кластастармен мұңдас бол.
Қылқалам, бояу сөйлесін,
Сал туған ауыл бейнесін!

Үлкеннен үйрен,
Кішіге үйрет.
Жаманнан жирен,

Тозғанды күйрет [7], – деп Мұзафар атамыз барлық оқырмандарына арнап өсиет жолдапты.

“Асыға асқанында қайқаң белден.

Алдыңнан ауыл шығар ойпаң жерден,

Айна көл ақшыл тартып жатар тымық,

Секілді қымыз құйған жайпақ зерең” [7]. Бұл – ақынның туған жерінің суреті. М.Әлімбаевтың туған өңірі Маралды атырабы да (Павлодар облысы, Шарбақты ауданы) әнші–күйшілердің, ақын-жыраулардың, ертегіші-хикаяшылардың, ділмәр шешендердің думан құрған өнер төріндей болды. Солардың тәтті сазын, татымды сөзін, тартымды ғибрат-тағылымын қаршадайынан құлағына құйып өсті. Ақынның жастық шақ, есею жылдары, толысу кезеңдері де кілең бір өнегелі ортада, білікті үлкендердің қасында, таланттылардың жанында өтті.

Анасын, балалық шағын: “Әкем ескіше оқыған, Уфадағы медресе “Ғалияны” бітірген, жәдитше мектепте дәріс берген. Анам Зейнеп те хат таныған. Жарқын мінезді, тілді, тумысынан ақын кісі еді... Әкесіз өткізген жылдарда тапшылық, тіпті жоқшылық тауқыметін талай тартсақ та, асыл ананың арқасында жетімдік көрмейтіндеймін. Қайран ананың жүрек жалыны тірі қалған екі баласын әлпештеуге әкеміздің көзі жоқтағы тұста да мол жетіпті. Алғаш рет Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Сұлтанмахмұт, Иса, Естай, Сәбит Дөнентаев... аттарын да, жырларын да апамнан естідім. Қанишама ертегі, қиссаны апам жатқа айтушы еді. Өзі де жанынан жырлар шығарушы еді. Ақындықтың алғашқы ұрығына аппақ нұр, асыл нәр беретін де ана әлдиі, ана” жырғы, ана әңгімесі шығар. Қаламгерлердің қайсысы болса да, анасын ақ сүті үшін де, рухани сусын бергені үшін де ақ жүрегінен алғысын айтып, еске алатыны содан-ау”-[7], деп еске алады ақынның өзі.

Қандай жанның да балалық шағы – болашағының баспалдағы. Кім-кімнің де ат жалын тартып, азамат жасына келгенде қандай адам болмағы, оның балалықтан алған әсер - байлығына көп байланысты. Оның үстіне Мұзафар Әлімбаев, негізінен, балалар ақыны. Сол себепті балалар ақынының тағы да балалық шақ әсері туралы естеліктеріне ден қоялық...

“...Мен үйде және интернаттар мен пансионаттарда тәрбиелендім. Үздік оқыдым, қоғамдық жұмысқа белсене араласқан пионер болдым, сурет салуға да құмар-ақ едім, қабырға газеттерін шығару қай мектепте де менің сыбағама тиетін-ді. Көбіне тақпақ оқитынмын. Суфлер будкасынан сыбырлап отырғаным көп баланың қолы жетпес дәреже көрінетін маған.

Павлодар педучилищесі – менің поэтикалық бесігім, журналистік жолымның бастауы. Бірінші жырды соның қабырғасында жаздым. Сол училищеде оқып жүргенімде тырнақалды туыным облыстық “Қызыл ту” газетінде 1939 жылы 18 маусым күні жарық көрді. Сол жылдары аяулы ұстаздарымнан әдеби ғана емес, адами тәлім алып өстім. Облыстық газет қасындағы әдеби бірлестікке де белсенді мүше болдық, бірақ бірде-бір әдеби кештен қалып көргеміз жоқ. Сөйтіп жүріп, “ақын бала” атана бастадық,” [7]– деп еске алады ақын.

Қиын жазған қаныммен де, теріммен

Қимасымды тартып алған өлімнен,

Менің төрт жол отты жолым-төрт жылым

Қызыл бояу, ірі әріппен терілген.

1941 жыл... Соғыс бұрқ етті. Он сегізден жаңа ғана асқан жасөспірім жігіт соғысқа өз еркімен сұранып қанды майданға шеру тартты. М.Әлімбаевтың балғын жастығы жойқын жорықтың аласапыран алаңында, көк ала түтіннің ішінде, оқ топанының астында өтті. Жас солдат қиын-қыстау күндерде қару мен қаламды қатар ұстады. Өрт оранып отырып, солдаттың оғындай ұшқыр, қаһарындай кекті алғашқы өлеңдерін жазды. Ақын өлеңдерінде жауға деген жалыны лапылдаған, дауылы бұрқап ұйтқыған өшпенділік жатты. “Ата, батырға

да жан керек”, майданда қорыққан оқиғаларыңыздың еске түскенін айтып беріңізші” деген журналистің сұрағына, атамыз былай жауап беріпті: *“Бұл сонау алыстағы сұрапыл жылдарда болып еді... Ұрысқа түнде кірдік. Аға лейтенант Чернов екеуіміз артта қалып қойыппыз. Сөйтсек, немістердің шегінгенде қалып қалған бір артиллерия батареясының дәл тұмсығының астынан шығыппыз. Енді сәл жүрсек не тірідей, не “басқаша” қолға түседі екенбіз. Орманды тасалап зытып бердік. Олар да оқты жаудырып берді. Әйтеуір, тигізе алмады. Сонда қорықтым”*[9], - деп сөзін аяқтапты Мұзафар атамыз. Майданнан жеті жарым жыл өткен соң офицер – танкист атанып туған үйіне оралады. Бір кездегі балаң жігіт жай ғана оралмай, уақытты бағалауды, өмірді қадірлеуді, Отанды қастерлеуді үйреніп қайтады.

1948-1956 жылдар аралығында “Пионер” журналының поэзия бөлімін басқарып, өлеңсүйгіш жасөспірімдердің талап-тұлпарын қамшылап, қамқорлады. 1956-1958 жылдарда “Қазақ әдебиеті” газетінде басшылық бедерін қалдырады.

Ұстаздыққа бейім әрі балажанды мінез қазақтың жас жеткіншектерінің тілін сындырып-ұстартатын, туған тілімізге деген құрмет-құштарлығын арттыратын тәрбиелік бір басылым – құрал керегі туралы іштей ойлап, толғанып жүретін. Арманына 1958 жылы қолы жетті, шуақты шілдеде дүниеге келген «Балдырған» балалар журналы республика бүлдіршіндерінің – бірнеше буын ұрпақ өкілдері балалық шағының базары мен ажарына, киелі сөз өнері бастауларына баулитын байыпты – ұқыпты бағбанына, адамдық әліппесінің ережелеріне үйрететін үлкен мектепке айналды. «Балдырған» басылымының өзгелерге ойыншықтай оңай көрінетін ауыр жүгін жазушы Мұзафар Әлімбаев ширек ғасырдан астам уақыт арқалады. 1958-1986 жылдар аралығында журналға тапжылмастан редакторлық етті. Соғыстан кешігіп келген солдат әдебиеттің бейбіт майданына да кешігіп кірді. Алғашқы кітабы 29 жасында жарық көрді, құралыптас-құрдастарының бірқатары баяғыда-ақ бірді-екілі кітаптардың авторы болып үлгерген-ді. Алайда аз ұйықтап, азапты көбірек шексең, қалам сыбағасын толтыруға әбден болады екен. Бүгінде әдебиеттің әр түрлі жанрындағы (поэзия, әдеби зерттеу, фолклортану, халық тағылымы, эссе, очерк, естелік, ән өлеңдері) 50 төл туындының авторы. Абай атындағы мемлекеттік сыйлығын 1984 жылы «Аспандағы әпке» атты балалар жинағы үшін алды. М.Әлімбаевтың “Ана” деген тұңғыш өлеңі 1939 жылы облыстық “Қызыл ту” газетінде басылды. Ал алғашқы кітабы “Қарағанды жырлары” деген атпен 1952 жылы жарық көрді. Одан кейінгі лирикалық және азаматтық әуенге жазылған “Құрбыма” (1954), “Лирика”, “Жолдар жырлар”, “Жүрек лүпілі”, “Өшпес от” жинақтары шықты. “Менің Қазақстаным”, “Құрбымның күнделігі”, “Естай – Қорлан” лиро-эпикалық поэмалары – осы жанрды дамытуға қосылған елеулі туынды. Мұзафар Әлімбаев поэтикасының үш тағанды тірегі іспетті «Естай-Хорлан» ғашықнамасы, «Ту тіккен» және «Құрыш қазақ» ерлік – қаһармандық дастандары дүниеге келген тұсында қазақ поэзиясының ортақ жаңалық-жеңісі болды [10]. «...Нақтылық, ойлылық, жинақылық – Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі. Мұзафар – біздің із-өкшемізді басып келе жатқандардың ішіндегі ең бір ірі ақын. Оның өзіндік беті бар, қолтаңбасы бар. Әрбір өлеңін жарыққа шығарарда әрбір сөзі үшін күресетін, өзіне-өзі сыншылық жасайтын сарабдал ақын. Лирик ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінен заманның эпикалық зор тынысы, мол құлашы сезіледі» [11] – дейді Сырбай Мәуленов. Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ – олақ», «Шынықсаң – шымыр

боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал – мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын – зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған [11].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.-1993.-25 мамыр.- Б.8
2. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
5. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша.- Б.4
6. Қыдырбеков Ғ. Сарабал сөз сардары. – Егем. Қазақстан.-1993.-29 қазан.- Б.5
7. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық.- Алматы: Жазушы.-367 б.
8. Әлімбаев М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті.-2001.- 23 наурыз.- 7 б.
9. Достықтың төл перзенті – ұлы жеңіс!: [Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаевпен әңгіме] // Жас алаш.- 1999.- 8 мамыр.- Б. 3
10. Ахметов Ш. Мұзафар Әлімбаев.- Кітапта: Ахметов Ш. Қазақ Совет балалар әдебиеті: Жоғары оқу орындары мен педучилище студенттеріне арналған оқу құралы.- Алматы: Мектеп, 1976.- Б.210-215
11. Мәуленов С. Талғам таразысы: [Ақын М.Әлімбаев туралы] // Мәуленов С. Сыр мен жыр.- Алматы: Жалын, 1991.- Б. 221-230.

САБЫР АДАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӨРШІЛ РУХ

Асамадинов Нұржан Елубайұлы

Ш.Есенов атындағы КТИУ магистранты

Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова,

Ш.Есенов атындағы КТИУ профессоры, ф.ғ.к., Ақтау, Қазақстан

Қандай ұлттың болмасын ұлттық қасиеті тілі, діні, ділімен, мәдениетімен дараланады. Бұл қасиеттерінен айырылған ондаған ұлттардың басқа ұлттарға сіңіп, ұлт ретінде жойылып кеткені адамзат тарихынан баршаға белгілі трагедиялар екенін ұрпақтар білуі керек. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы еліміздегі барлық ұлттардың рухани дамуының, білім мен мәдениетіміздің, халықаралық экономикалық бәсекелестігіміздің қуаттылығының шынайы айқын, өміршең бағдарламасы екені сөзсіз. Мәңгілік Ел идеологиясын өмірінің берік арқауы еткен еліміздің ең көкейкесті мәселесі – экономикалық бәсекеге қабілетті болу. Ол үшін әуелі ең озық білім мен ғылымды, озық технологияларды меңгеруіміз ауадай қажет. Бұлар бәсекелестікке төтеп берудің, дамудың кілті екенін білуге тиіспіз және ондай жетістікке жету үшін халықаралық ғылым және экономика, қарым-қатынас тілі ағылшын тілін меңгерудің өмірлік маңызы зор. Бірақ, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп Қ.Мырзалиев айтқандай, ұлттық, мемлекеттік

тілді бірінші орынға қою мемлекетіміздің әрбір азаматының қасиеті борышы екенін ұмытпауымыз керек. Біздің қазақ бақытты ел. Себебі ол мынау ұлы даласын ғасырлар бойына қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен, зеңбіректің добымен, атом қаруымен емес, отты жырларымен, жалын сөздерімен қорғап келе жатқан халық. Сенсеңіз де, сенбесеңіз де, ақиқат осы. Қазақ сөз өнері кеткен күні жер бетінен жойылып кетуі әбден мүмкін. Әрине, оның бетін әрмен қылсын! Жаратушы ием, қай уақыт еншісінде болсын, отты жырларымен халқын қорғайтын, оған рух беретін, намысын қайрайтын алдаспан ақындарын дүниеге әкеліп отырған. Бұқар жырау, Махамбет, Қашаған... Сабыр Адайымыз осы құрметті сапқа тұра алатын тұлға десек, қателеспейміз.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың халқын рухани жаңғыруға шақырған ұранды мақаласындағы айтылған жайларды жандандыратын да, қолдайтын да осы Сабыр Адай сияқты ақындардың мінезді де отты жырлары. Ислам Жеменей, тарихшы, филология ғылымдарының докторы «Сабыр Адайдың шығармашылығын тәуелсіздік жылдарымен байланыстырамын. Сабыр Адай да елдің тәуелсіздігін сағынған сирек кездесетін ақындардың бірі. Оның жаны ұлттың жанымен, Отанның жанымен үндес. «Әр қазақ — менің жалғзым» деген сөзді айту үшін үлкен жүрек керек. Оған терең ой керек. Батылдық керек. Кез келген адам мұндай қанатты сөз айта алмайды. Сабырдың поэзиясы — жол көрсетуші поэзия. Сабырдың поэзиясында Махамбеттің батырлығы мен Абай Құнанбайұлының терең философиялық ой мектебі жатыр. Батылдық пен ойшылдықты қоса алып келе жатыр. Өжеттілік бар. Мінез бар» [1], - деп бағалайды.

Айта кететін тағы бір нәрсе – қазіргі қазақ лирикасындағы ұлттық мінез мәселесі. Ұлттық мінез – ұлттық менталитетіміздің көрінісі. «Орыс әдебиетінің ұлттық ерекшелігі» атты еңбегінде зерттеушісі Б.Бурсов ұлттық мінезді әдебиеттанудың маңызды мәселелерінің қатарына жатқызады [2, 24]. Қазақтың қандай кең, қандай көрікті болса, қазақтың рухани дүниесі де өз жеріндей бай да сұлу, дала мінез дархан. Сезімдік және рухан ойлау тәсіліміз, салт – санамыз тек қана өзімізге, қазаққа тән. Біздің менталитетіміз санамызбен тығыз байланыста. Ақын менталитеті де туған топырағына сәйкес қалыптаса отырып, рухани дүниені, ойлау жүйесі, мінез – құлқы, жалпы психологиясы ақынның өзіндік болмыс – бітімімен бірге тұрақталады. Сол тұрақтылық, ұлттық психологиямыз көрнекті ақын Сабыр Адайдың өлеңдерінен анық байқалады.

«Әр қазақ менің жалғзым» деген өлең жолы. Қандай әдемі айтылған! Бұл ұлттық тұтасуымызға қызмет ететін сөз» [3], - дейді белгілі ғалым Құлбек Ергөбек.

«Әр қазақ менің жалғзым» деген бір сөзімен-ақ жыр сүйер қауымның ғана емес, тұтас ұлттың жүрегіндегі дүниені дөп басқан Сабыр Адай қазақ поэзиясында пайымды орынға ие ақын. "Таңғы нөсер", "Кетемін көкке жұлдыз боп", «Серттесу» сынды бірқатар өлеңдер жинағының авторы. Сабыр Шеркешбайұлының шығармашылығы оқырман жүрегіне шынайылығымен жол тапқан туындылардан тұрады. Ақынның соңғы жарық көрген «Алтынзер» жинағы да – ұлттық поэзияға қорына қосылған қарымды дүние.

Алла, Алла,
Сен жаратқан, сенің ғана құлыңмын!
Тамшысымын нұрыңның,
Тағдырыңмын Мен
Өзің оған мөр басқан.
Жүрекпін Мен,
лүпілдеген ғұмырмын! [4, 201],

«Әр қазақ менің жалғзым» деген бір өлең жолы Алаштың ұранына айналған Сабыр Адай Бүкілодақтың II Халық шаруашылығы фестивалінің лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты, ЮНЕСКО аясында өткен халықаралық Махамбет сыйлығының иегері. Әр жылдары Қашаған ақынның, Есет батырдың, Әбубәкір Кердерінің, Асау-Барактың, Сырым батырдың, үш бидің, Абылай ханның тойларында және Орталық Азия — Қазақстан ақындарының айтыстарында

Сабыр Адай топ жарды. Ұлттық рухты жаңғыртуда талмай, тайсалмай еңбек етіп келе жатқан Сабыр Адай ақынның өлеңдері – ұрпағымыз үшін нағыз рухани азық.

Оның тепсеңнің топырағындай құнарлы тілі мен шұрайлы орамдары көпшілікті тәнті еткені сөзсіз. Әсіресе заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев Сабыр қаламынан туған «Әр қазақ – менің жалғызым» деген жолдарды тақырып етіп, ол туралы көлемді мақала жазғаннан кейін, оның есімі бүкіл елге кеңінен танымал болды. Ол сөз – жұрттың бәрі сүйіп айтар, сүйсініп қайталап сөзге айналды. Бәріміз де қазаққа ынта-ықыласпен құштарлыққа толы құшағын айқара ашып тастаған, әр қазақты маңдайындағы жалғзындай көрген ақынның мейірімге толы жүрегі мен көл-көсір пейіліне әбден риза болып едік. Көңілі қай қазақты да алалаудан ада мұндай іргелі ұлы сөзді қазақтың мұңы мен шерін бойына барынша сіңіріп алған ақын ғана айта алса керек. Мұндай ірі сөзді қарындас, құрсақтас қазақтың іргесі қаншама рет ханталапайға түсіп қалт-құлт етіп қайта түзелген тағдырын жан-тәнімен ұғатын тағдырлы ақын ғана жаза алмақ. Сондықтан да оның жаны әлі күнге дейін жұбана алмастай өксікке толы.

Шаттықтың мұңлы шұғыласын
Шарайна көзім ұрласын.
Маңдайым жібіп сәуледен
Таңдайым жырдан құрғасын.

Көр төгіп, қалқам, жырыңды,
Кеудеме өксік тығылды.
Сен болып сорлы найзағай,
Сорғалап келіп жығылды.
Түсінбес мұңсыз мұңымды,
Бұлдайсың кімге құныңды, –
Танауы талқан тағдыр мен
Тұлымы қан-қан ғұмырды! [5,495].

Өткенінді ойласаң, ғұмыр бойы басылмайтын өксік сияқты. Өмір – арпалыс. Өмір – жанталас! Егер сен елінді ойламайтын ет жүректі ез болмасаң, жан-жағыңа қара! Етек-жеңінді де, есінді де жи! Кең даланы еркін жайлаған қазақтыңның жан-жағынан сұқ көзін қадап, сұғанақ қолын созып тұрғандар бар. Егер сен өзіңмен-өзің абаласып, өзіңмен-өзің жағаласып жатсаң, біреуі таптап кеткісі, екіншісі қаптап кіргісі кеп тұр. Өзіңе өзің берік болмасаң, қапыда соғып қанқақсатып кетуі мүмкін. Мұндайда ешкімнің де етегіне оратылып елпілдеудің де, шалғайыңның шаңын қағып желпілдеудің де қажеті жоқ. Бірақ қанша қажеті жоқ десең де отаршылықтан қалған мінезбен ананың көңілін тапқысы, мынаның көңілінен шыққысы келіп жарамсақтанып, бірде басымызды иіп, бірде тіземізді бүгіп жатқанымыз өтірік емес. Егер сен біреуіне жарамсақтанып, екіншісіне жалтақтап бақтың ба, онда олар сені сахнадағы жіпке байлаулы қуыршаққа айналдырады. Қалай бұрса – солай бұрыласың. Билетем десе – билетеді. Ән салдырамын десе – ән салдырады. Бір сөзбен айтқанда терезенді тең ұстамасаң, күнің қараң. Ондай елдің бостандығымен бірге болашағы да болмайды. Осылардың бәрін көкірегінен өткізіп, ойына түйіп келе жатқан Сабыр ақын:

Өз елінде, өз жерінде күлмеген
Тенеседі терезесі кімменен.
Иіндерін илеп басқан заманы
Қоғамына сай болады адамы.

* * *

Енді біздің шыға қалмас үніміз
Жанда – ұлт жоқ,
қалды тоз-тоз түріміз!

Міне, солай, қоламтада күл қалды

Көктей солып бара жатыр гүл мәңгі.

Таң атты ма, күн батты ма керексіз,
Ер мұңаймас, ел жыламас себепсіз!..

* * *

Өз жеріңде, өз еліңде жетімсің,
Жетім көңіл енді қалай жетілсін?..

Алашымның жан-жүрегі шаршады...
Бұл да, міне, –
біздің Ұлттың Зар шағы.
Шаршады!
Шаршады! [4, 147], –

деп, айдалада қалып құлазығандай болып құмыға қамығады. Енді қайтсін? Жинала-
жинала жүрегін езген мұңын кімге айтсын, көкірегіне шөмен боп қатқан шерін кімге
тарқатсын? Әрине, мұңын айтқан, шерін тарқатпақ болған. Бірақ естуге құлақ табылмады,
пиғыл да болмады.

Анау елге де, мынау елге де жерін де, жерінің байлығын да алтын табаққа салып
беруге бейіл билігіңіз, өз еліне келгенде тоң-теріс. Оның шері мен мұңын құлаққа ілгісі
келмейді, жүре тыңдайды. Кесірлік пен кесапаттық көрсетіп кергіп сөйлейді. Шетінен паң,
шетінен тәкаппар. Өз халқын өздері, бөтен пиғылды адамдармен бірге, қараңғы, надан
көреді. Содан да олар сол надан халықтың көзін ашып, көкірегін оятқысы кеп әр нәрсені бір
әкеп таңады. Қазақ қоғамы, соның салдарынан беталды кеткен жүйесіздікке ұрынып, былық
пен шылыққа батты. Енді олардың одан шығар түрі жоқ. Ең сұмдығы, олардың шылбырына
жармасып, тізгінінен тартып «қой» дейтін жожа, «әй» дейтін ажа болмай тұр. Айта алатын
азаматтардың оларға аяғы да, қолы да жетпейді. Айналасына қару-жарақты адамнан жеті
қабат қорған салып қойған. Оны жарып өту мүмкін емес.

Міне, осындай адамды әбден қажытып, шаршатып-шалдықтыратын тіршіліктерді
көре-көре Сабыр ақынның бәрі- бір салы суға кетпейді. Қанша күйінсе де, күйреп
күйзелмейді. Айбарын шақырып, намысын жаниды. Тек бізді намысты рух қана алып
шығады деп шешеді.

Ай мүйізін асқар шыңға жаныған,
Сардар жігіт, сапқа тұр да сал ұран.
Намыс үшін,
Арың үшін от күре.
Ер Алаштың амандығын көп тіле.
Көк байрағы көрік алған аспаннан
Көк бөрім-ау, бәрі сенен басталған.
Намыс үшін,
Арың үшін от күре,
Ер Алаштың амандығын көп тіле.
Көтер басты!

Кеудеңізден күн шықсын, –
Көлеңкенде көк аттылар тұншықсын.
Намыс үшін,
Арың үшін от күре.
Ер Алаштың амандығын көп тіле.

Мандай термен атар алда көп таң бар,
Адам ба екен ар-ұятын сатқандар?!
Ойлан, Қазақ!

Арлан, Қазақ!

Өр Қазақ!

Арсыз болсаң –

Тірлік те азап, көр де азап! [5, 269].

«Өр қазақ – менің жалғызым» деп сөйлей алатын ақынның басқаша сөйлеуі мүмкін болмаса керек.

Сабыр ақынның рухты жырлары оқырман жүрегіне әлі талай нұр сыйлары анық. Ұлттық рух барда ақын жырлары мәңгі жасамақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ислам Жеменей. Отанды сүйсең, елді сүйсең, Сабырша сүй! 29.05.2017
<https://www.elana.kz/2664559884455-2/>
2. Бурсов Б. Национальное своеобразие русской литературы. – М.-Л.: Сов.писатель, 1964. – 395 с.
3. Ергөбек Қ. Сабыр Адайдың кітабынан бес-алты өлеңі ғана ұнады.
<https://qazaqtimes.com/article/1176>
4. Адай С. Қазақстан – жалғыз ұлы қазақтың. – Алматы, 2010. – 272 б.
5. Адай С. Алтынзер. – Алматы: Арыс, 2016. – 776 б.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Турсыналиева Алмагул Байназарқызы

Жаңаөзен қаласындағы №8 орта мектеп

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жаңаөзен, Қазақстан

Қастерлі, қасиетті, құдыретті Тіл бойымызға ана сүтімен беріліп қалыптасады. Алғашқы нәр – ана сүті арқылы дарыған қасиеттер де осы туған тілдің жетелеуімен дамиды, өзінді айналаға таныстырады, рухани, мәдени байлығына жетекші болады. Тағдыры талайлы болса да, ұлтына жауһар жырымен қоса, ұстаздықтың ұлы жолында тамаша із қалдырып үлгерген педагог, ақын Мағжан Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» деген еді. Айналада адамдарға, өзіннің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығы дамуының баға жетпес құралы.

Н.Назарбаев «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» деген жолдауындағы пафосқа толы, оқырманына ерекше күш-қайрат беретін жолдарындағы бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы – Тілге құрметімізді арттыра түсіп, сақтауға, аялауға үндейді.

Әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлейтін ұлт болғанымыз – мақтан, көздің қарашығындай сақтап, болашаққа таза жеткізу – міндет.

Тіл байлығын тереңдету арқылы ойынды өсіріп, өренді биіктететін басты көмекші құрал – кітап.

Кітап оқу мүмкіндігі – адамзатқа берілген сый, уақыт жылжыған сайын кемелдене толысатын ақыл-ойының жемісі, жүріп өткен жолымыздың шежірелі тарихы мен тәрбиетағылымының бай қазынасы жинақталған таусылмас, сарқылмас ілім көзін, баға жетпес құнды мұраны көзбен көріп, қолмен ұстап, рухани көкірек көзін ашуы.

Итальяндық ойшыл Антони Грамши зиялыларды қарапайым халықтың ортасынан шыққан көзі ашық азаматтар мен сауатты білімдар, кәсіби маман деңгейіне көтерілгендер

деп екі топқа бөлсе, орыс ұлтының зиялысы Достоевский оларды табаны жерге тиіп тұрғандар мен тимей тұрғандар деп саралайды. Ендеше, табаны жерге тиіп тұрған, ұлттық ділі бар, ұлттық рухына арқа сүйеп, ұлтын сүйетін сауатты да саналы жастар қатары көбейсін десек, «Әу баста не болғанын білмесек, бүгін оңбай қателесуіміз, ал ертең атымен айдалаға лағып кетуіміз ғажап емес. Ондай қатердің үрейлі бір белгісі – қазір көп сөз болып отырған кітап оқу дағдарысы. Жұрттың кітап оқуға немқұрайды қарауы – ең алдымен оқу тарихын ұмытудан басталып жатқандай.. Ал бұл бағзы бабалардың адал еңбегін аяқасты еткендік, өз болашағымызға өзіміз қалай болса, солай қарағандық болып шығады» [1, 4] деген Ә.Кекілбаев пікіріне сүйене отырып, адамзат мәдениетінің дамуы әлімсақтан-ақ оқу, жазу өнерімен тығыз байланысты болғандығын мықты ескергеніміз жөн.

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деп сақтандырған еді Ғабит Мүсірепов.

Зиялы жас буын – мемлекет үшін, ұлт үшін адал перзент болуы тиіс. Жас буынға ғана емес, жалпы адамзат атаулыға жаңалық арқылы жақсылық үйрету тәсілдері сөзден ғана тұрмаса керек. Жан-жақты саналы бағыт, сара жол, сапалы тәрбие, түзу қадамға сілтейтін қаншама көрнекілік сипаттағы құралдар бар.

Қазіргі таңда ақпарат алудың ең оңай, ең жеңіл, ең тиімді, ұтымды, уақыт үнемдейтін, әйтеуір артықшылығы көп делінетін интернет желісі көмегіне сүйену десек, Ә.Кекілбаев осы мәселені де назардан тыс қалдырмай, дәйекті деректермен: «...кітап оқу дағдарысы – біз сияқты аяусыз қатал экономикалық тұралауды жуық арада ғана бастан кешкен «жауыр» қоғамдарда ғана емес, көптен бері қоры отайып, қоңы сөгіліп көрмеген іргелі қоғамдарда да айта қаларлықтай мөлшерде орын алып отырған келеңсіздік. Ендеше, оның біздің бүгінгі ұлттық кеңістігімізден де тысқары әлемді қамтитын жаһандық себептері да аз болмаса керек. Оған бұл әңгіменің соңғы отыз-қырық жылды түгел қамтып келе жатқандығы да дәлел бола алады. Бұндай індеттің күшейгені сонша, өз дін, өз идеологиясын қалыптастырды. «жазба әдебиет дәурені өтті, ауыз әдебиет дәурені қайта келді», «Гутенберг (баспа өнімдері) галактикасын Маклюзи (аудиовизуалдық құралдар) галактикасын жұтып қояды» дейтін сәуегейлер де табылды. Сол тұста АҚШ-тың «Дженерал Электрик» компаниясы тәжірибе жасап, бір адамға бір мазмұнды хабарды текст, радиохабарлама, телебейне арқылы жеткізіп, әсерін жеке-жеке тексереді. Сонда адамның ми қабылдағыштарының қызметін тексеретін аппарат телебейне көрсетілген кезде атымен жайбарақат тұрса, радиохабар тұсында аздаған тітіреністі көрсетіп, ал тексті өз көзімен оқып танысу кезінде оның шкалалары үздіксіз қозғалыс үстінде болыпты» [1, 31] деп кітап оқу ерекшелігі адамның дүниетаным көкжиегінің жарқырай көрініп, өресі биіктей түсуіне айрықша ықпалды екендігін атап көрсетеді. Бұған қоса мәтін, радиохабарлама, телебейне арқылы жасалған тәжірибе арқылы нақты дәлелдерді ұсына білген. Аталмыш ақпарат құралдары бірін-бірі толықтыратын күшке ие болғанымен, қалай болған күнде де кітап арқылы әлем тану көзқарасы күн тәртібінен түспейтіндігін нақтылаған озық ойлы ойшылдың толымды толғамдарымен қалың көпшіліктің толық келісері анық.

Тарихымыздан дәулеті тасып, сәулеті аспандаған қаншама ел осынша берекеге рухани байлығының арқасында ие болып, даңқы жайылғандығын дәлелдейтін деректер бар. Ендеше, сол елді тарих бетінде атын қалдырмай жойып жіберудің тиімді тәсілі ілім-біліміне қол салу болғандығынан тұжырымдар дәйектеген абыз: «Бір мемлекеттің екінші мемлекеттің тарихына қиянат жасайтынын былай қойғанда бір билікші әулеттің екінші әулеттің тарихи мұраларына өш келетінін адамзат талай рет бастан кешкен. Б.ж.с.д. VII ғасырда эламдықтар Месопотамиядағы ежелгі білім көзі болып табылатын Ур-Намму Зикуратин көзапара жойып жіберді. Осыдан жиырма үш ғасыр бұрын Қытай императоры Цин Ши-Хуанди мажусилермен алысқан болып, өзінен бұрынғы кітаптардың бәрін өртетті. Біздің VII ғасырда арабтар атақты Александрия кітапханасын талқандады. XVI ғасырда католик иерархтары майя мұрағаттарын құрттырды. XII-XIV ғасырдағы католик иезуиттері ежелгі қолжазбалар мен антикалық әдебиетті құртып шығады. Ежелгі иезуиттер кітаппен алысса, кейінгі иезуиттер жазуды өзгерту арқылы қоғамды тарихи жадынан айырып отыруды әдетке

айналдырды. Қытай билікші династияларының осындай озбырлығына, басқаны қойып, конфуций мен даосизм мұраларының өздері аз ұшыраған жоқ. Тарихта болған төрт жүзден астам жазу түрі көбіне-көп бейбіт түрде емес, сондай күштеп өзгертуден азайды. Жазу мен оқуға монополия династиялық билік кезінде негізгі саяси күрес әдісі болды» [1, 19-20] деп жазуды, жазба мұраларды сақтап қалу өркениеттер өзектестігі мен ұрпақтар сабақтастығының басты кепіліне айнала бастағандығынан хабардар етеді.

Кітап оқу арқылы келетін рухани байлығыңды арттыратын әдемі әлемнің есігіне енуді біріміз түсініп, біріміз түсінбей жатамыз. Кейде бас қатырғымыз келмейтініміз де жасырын емес. Кітап оқу қай кезең талабында да кенже қалмауға тиісті. Кітап оқу арқылы келетін адами қасиеттердің қадірін түсіне, түйсіне білуіміз керек. Осы орайда әдебиеттанушы ғалым А.Кемелбаеваның «Сөз хикмет» еңбегінде: «Кітап – ұлы мағынаға ие, ол өркениеттің өзі мен көзі. Кітап – өте күрделі образ, оның құдіреті шексіз...Ұлы данышпандық кітапсыз тұл.

Кітапхана адамзатты қараңғы дүниенің қапасынан жарыққа, нұрлы әлемге алып шыққан рухани күштің символына айналды. Дүние жүзін мекендеген ұлттардың тағдырына осы бір кітапханалардың қасиеті мен әсері өз билігін жүргізбей қоймаған. Әсіресе, көктен түскен төрт кітапқа кенелген халықтардың ризығы ерекше екенін қазір толық ұғынсақ керек» [2, 100] деген пікірін айта отырып, Ұлы Абайдың данышпандық деңгейге жетуіне алтын көпір – кітаптың рөлі мықты болғандығына терең мән бергендігін атап өткен орынды.

Қымбат рухани қазынамыздың алтын кілті – кітап десек, адами құндылықтың асыл өзегін, әдеп-ибаны, ұятты, жанның әдемілігін, дүниенің ғажап сырларын ұқтырар ілім тек осы кітапта екендігін мойындағанмыз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Өркениет өзегі. Ақтау, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2010 ж. 35б.
2. Кемелбаева А. Сөз хикмет. – Алматы; Дәстүр, 2016. -382 б.
3. Massaget.kz сайты. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/47588/>

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

КІРІСПЕ СӨЗ	
Ахметов Б.Б.....	4
ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	
Отарова А.Н.....	5
ТҮРКІЛІК РУХТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҒЫ	
Манкеева Ж.А.....	12
КӨРНЕКТІ ТІЛШІ-ҒАЛЫМ ҺӘМ ТҮРКІТАНУШЫ (Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының белгісіз қыры)	
Ғарифолла Әнес.....	15
ПРОФЕССОР ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ	
Фазылжан Анар.....	22
ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ	
Нүрдәулетова Б.И.....	23
GUBAYDULLA AYDAROV JANE TYURKOLOGIYA	
Mustafa Öner.....	26
ESKİ TÜRK YAZITLARININ ÂLİMİ / BİLGESİ GUBEYDULLA AYDAROV	
Cengiz ALYILMAZ.....	29
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАСТАУЛАРЫ НЕМЕСЕ ПРОФЕССОР ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС	
Исаева Жанат.....	32
ПРОФЕССОР ҒҰБАЙДОЛЛА АЙДАРОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ МӘСЕЛЕСІ	
Сарекенова Қ.Қ.....	34
ТҮРКІТАНУШЫ ҒАЛЫМ ҒҰБАЙДУЛЛА АЙДАРОВ: КӨНЕ ТҮРКІ және ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ	
Сейітбекова А.А.....	39
ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТАРЛАНБОЗЫ	
Исаева Жанар.....	42

1-СЕКЦИЯ. БҮГІНГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘЛЕМДІК ТҮРКОЛОГИЯ АРЕНАСЫНАН ОРЫН АЛҒАН ТҮРКОЛОГ-ҒАЛЫМ Қаржаубай Сартқожаұлы.....	45
ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ Балтабай Д.Ә.....	48
КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ РУ-РУНА ТАҢБАЛАРЫ Ақмырзаев М.М., Ақбердыева Б.Қ.....	53
МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК ЭЛЕМЕНТТЕР Көшімова Б.Ә.....	58
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТҮЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ПСИХО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ Ермекбаева М.А.....	65
КӨНЕ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ РУНАЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ ОРТАҚ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ Ақмырзаев М., Ақбердыева Б.....	70
ТАРИХИ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ТҮРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ Бекмағамбетов Ш.....	75

2-СЕКЦИЯ.

Ғ.АЙДАРОВ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ, КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ, БҮГІНГІ ӘДЕБИЕТТАНУ МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ «МЕН» Қамарова Н.С.....	81
ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБАЙ ТАҚЫРЫБЫ Оралова Г.С.....	86
ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ Әбішева Ш.С.....	91
Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭМАЛАРЫНЫҢ СЮЖЕТТІК НЕГІЗДЕРІ Сәтбергенова А.....	94
ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ BIG DATA В СИСТЕМЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ СФЕРОЙ ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН Жилкишбаев А.А.....	99
МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНІҢ ЖЫРАУЛЫҚ-ЖЫРШЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ Жайықова Ф.....	100

ҰЛТТЫҚ СИПАТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ Жеткізгенова М.Т.....	103
М.ШОҚАЙДЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ Әлайдар М., Оралова Г.....	106
ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ ОБРАЗ ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ Қараманова Г.....	110
ПРИМЕНЕНИЕ БАЗ ДАННЫХ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ Жилкишбаева Г.С.....	114
ГҮЛНӨР САЛЫҚБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕЛЕР Симбаева Айгүл.....	116
ӘЛ-ФАРАБИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИ ТЕРМИНДЕР Жарылғасын З.А.....	120
СЕГІЗ (МҰХАМЕДҚАНАПИЯ) БАҒРАМУҰЛЫ ШАҚШАҚОВТЫҢ КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ БЕЙНЕСІ Жеткізгенова Ә.Т.....	123
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАЛАРЫ Қамзаева К.С.....	127
САТИРА МЕН ЮМОРДЫҢ ӘЗІЛ ӘНГІМЕЛЕР ЖАНРЫНДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ Жолымбекова А.Ж.....	132
РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАР Тәжіғұлова Ж.....	136
ӘДЕБИЕТТЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ МӘСЕЛЕСІ Нұхы Ж.....	139
МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫНЫҢ «ӘМІР ӘМЗЕ ДАСТАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ДІНИ ҚИССАЛАРЫ» Шакизада А.....	141
МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМЫТУШЫ Кульжанова А.....	147
САБЫР АДАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӨРШІЛ РУХ Асамадинов Н.....	152
ҰЛТТЫҚ ТІЛ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІ Тұрсыналиева А.Б.....	156

Пішімі 60x84 1/12

Көлемі 161 бет

Шартты баспа табағы 13,4

Таралымы 50 дана

Есенов университетінің

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а